

# ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жалпы орта білім беретін мектептердің  
7-сыныбына арналған оқулық

*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру  
министрлігі баспаға ұсынған*



ТАШКЕНТ  
2022

УЎК 811.512.122(075.3)  
КБК 81.2(5Қоз)я72  
А 32

### Тўзушілер:

Д. АЙТБАЕВ, Г. АЙТБАЕВА, Б. ТЕМИРБАЕВ

### Пікір жазғандар:

**Бағдат Уразов** – Гүлістан Мемлекеттік университеті,  
қазақ әдебиеті пәні мұғалімі.

**Мөлдір Мекенбаева** – Төменгі Шыршық ауданы,  
44-мектептің қазақ тілі мен  
әдебиеті пәні мұғалімі.

### ШАРТТЫ БЕЛГІЛЕР:



– тапсырма



– өзіндік жұмыс



– ойтүрткі



– ереже



– үй тапсырмасы



– сұрақтар



– сұрақтар мен тапсырмалар



Оригинал-макет «O'zbekiston» баспа-полиграфия  
шығармашылық үйінде дайындалды.

Республикалық мақсатты кітап қоры қаржылары  
есебінен басылды

ISBN 978-9943-8372-4-9

© Республикалық білім орталығы, 2022

## МАЗМҰНЫ

Алғы сөз .....	6
Туған жер .....	8
<b>I бөлім. МЕН, СЕН, ОЛ ЖӘНЕ ОЛАР</b>	
Әлеуметтік желілер .....	10
6-сыныпта өткенді қайталау: Сөз бен мағына. Сөзжасам .....	13
Тіл мен технологиялар .....	15
WHATSAPP туралы .....	19
Заманауи өмірдің батырлары .....	19
Мамандықтың бәрі жақсы .....	20
Абдулла Арипов – Өзбекстан қаһарманы, Өзбекстанның халық ақыны, мемлекет және қоғам қайраткері .....	21
Заман талабына сай жаңа мамандықтар қажет .....	23
Өзбекстан – жастар мемлекеті .....	24
Қазақстан Республикасы .....	25
Бузкаши – тәжіктің ұлттық ойыны .....	27
Өзбектің хан-атласы .....	29
<b>II бөлім. ТЫЛСЫМ ТАБИҒАТ</b>	
Экология – жаратылыстану .....	30
Табиғат – тал бесігім .....	31
Тұран жолбарысы .....	33
Шоқжұлдыздар .....	36
Жетіқарақшы .....	37
Егіздер шоқжұлдызы .....	38
Ұлықбек – түркі өркениетіндегі ұлы тұлға .....	40
Бәйшешек – көктем елшісі .....	43
Бәйшешек бүр жарғанда .....	45
8-наурыз – Халықаралық әйелдер күні .....	47
Өз-Наурыз мейрамы .....	48
Өзбекстан Республикасының ұлттық мерекелері .....	51
<b>III бөлім. САУ ДЕНЕДЕ – САУ АҚЫЛ</b>	
Дені саудың – жаны сау .....	53
Дәрумендер денсаулық кепілі .....	54
С дәрумені (Аскорбин қышқылы) .....	57
Сүт тағамдарының пайдасы .....	63
Дәрігер-науқас арақатынасы әдебі .....	65
Артериялық гипертония және жүрек-қан тамырлары қысымының алдын алу .....	66
Дәрігердің мамандығы – ерлік .....	68

Араның бәрі бал бермейді .....	70
Егер жастық шағыңды сақтап қалғың келсе, балды жиі же! .....	71
Ер жігіттің жеті қазынасы .....	73
Өзбек күресі және белбаулы күрес – халық сейілдері мен той-тамашалардың көркі .....	75
Қазақ халқының ұлттық спорты .....	76
<b>IV бөлім. МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ</b>	
Жаңа заман мамандықтары .....	79
Әрі кәсіп, әрі өнер, әрі дерттің шипасы .....	81
Болашақта кім болам? .....	82
Домбыра – қазақ халқының асыл қазынасы .....	87
Нағыз қазақ – домбыра .....	88
Ветеринария – ең маңызды мамандықтардың бірі .....	90
Мал дәрігері .....	92
Адамның ең сенімді досы әрі жеті қазынасының бірі .....	93
Жаңа заманның мамандықтары .....	94
Make UP – өнер ме, кәсіп пе? .....	100
<b>V бөлім. ЖАС ЭКОНОМИСТ</b>	
Банк және несие туралы 10 қызықты дерек .....	104
Бизнес-жоспар жасау білесіз бе? .....	106
Ақша, несие, банктер .....	108
Әке мен бала (Ыбырай Алтынсарин) .....	110
Еңбекақы мен жалақы .....	111
Дос – көңілдің күмбезі .....	113
Тасқа жазылған сөз .....	116
Айгүлдің әңгімесі .....	117
Ата – балаға сыншы .....	119
<b>VI бөлім. ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР</b>	
Ғылым және оның түрлері .....	121
Тұтас ғылым жүйесі .....	123
Физика – табиғат жөніндегі жетекші ғылымдардың бірі .....	126
Энциклопедиялық сөздік .....	127
Жасанды интеллекттің қоғамдағы орны .....	129
Робототехника – болашақтың бағдары .....	130
София – адам тәрізді робот .....	131
Галактика .....	134
Ғарыштағы қымыз .....	137
Электромобиль .....	138
Tesla – электромобиль өндіруші .....	139
<b>VII бөлім. ТІЛ МЕН ДІЛ</b>	
Ұлттың болашағы – ана тілінде! .....	142
Сөйлеу мәдениеті – ел мәртебесі .....	144
Қазақ тілі – айнадай жарқыраған, сөуле шашар құнарлы да нәрлі тіл .....	146
Жалындап өткен жас ғұмыр .....	148
Жазушы болу оңай ма? .....	150

Қазіргі жастардың сөйлеу мәдениеті.....	152
Көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті.....	155
Достық жаршысы .....	157
Мен оқыған бір кітап.....	159
Науаидың «Ләйлі-Мәжнүні» .....	160
Ұлы тұлғалар үндестігі .....	162
Мұқағали Мақатаев – ғасыр ақыны .....	164

### **VIII бөлім. ТАРИХ ҚАЗЫНАЛАРЫ**

Аспан астындағы мұражайлар .....	166
Өткен мен бүгіннің арасындағы рухани көпір.....	166
Әмір Темір мемлекеттік мұражайы.....	168
Туризм.....	170
Қожа Ахмет Яссауи кесенесі.....	172
Хиуа – ашық аспан астындағы мұражай .....	174
Сөйлеу әдебі – мәдениеттің өлшемі.....	176
Транспорттан пайдалану ережесі.....	177
Ньютон ашқан жаңалықтар.....	178
Ауа жайлы 15 қызықты мәлімет .....	180
Ауаның пайда болуы.....	181

### **IX бөлім. ӨНЕР МЕН МӘДЕНИЕТ**

Захириддин Мұхаммед Бабырдың қысқаша өмірбаяны.....	183
Бабырнама.....	185
«Бабырнаманың» көркемдік ерекшелігі.....	187
«Бабырнама» және қазақ тарихы .....	188
Ауыз әдебиеті – талай ғасыр жемісі .....	190
Мінездеме .....	194

### **X бөлім. БІЗДІҢ ХАҚ-ҚҰҚЫҚЫМЫЗ**

Парламент тарихы.....	198
Өзбекстан Республикасының Олий Мәжілісі.....	200
«Тәуке ханның жеті жарғысы» .....	202
Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің Сенаты.....	204
Ғаламтор және кітап.....	206
Кітап – білімнің бас құралы.....	208
Ғаламтор ма, әлде ор ма? .....	211

### **XI бөлім. ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ СОҢЫНДА ҚАЙТАЛАУ**

Телефонмен сөйлесу әдебін білеміз бе? .....	215
Қырғыз асханасы .....	216
Табиғат – тіршілік көзі.....	217
Қызғалдақ – иллаһи гүл.....	218
Жеті қазына – жеті байлық, жеті ырыс.....	219
Күрестің ұлттық түрі – қазақ күресі .....	220
Қазақ пен домбыра егіз ұғым .....	221

## АЛҒЫ СӨЗ

Құрметті оқушылар, сендер бұл пән арқылы қазақ халқының ұлттық құндылықтарымен, әдет-ғұрыптарымен, әдеби-көркем мұрасы негізінде қалыптасқан ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде лингвистикалық құзыреттіліктерімен танысасыңдар.

«Ел дегенде емірен, тіл дегенде тебірен» деп Қадыр ақынымыз айтпақшы, тіл дегенде тебіренбейтін жандар аз шығар. Тіл – бір ұлттың, тұтас халықтың баға жетпес ұлттық қазынасы, ең құнды байлығы әрі ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. «Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас» демекші өз ана тілін білмеген жаннан, анасын сыйлайтын жанның шығуы неғайбыл. Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті. Қазақ пен қазақтың, әке мен баланың, әріптестердің өмірде қазақ тілінде сөйлеспеуі көңілге қонымсыз-ақ жайт.

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымның, рухани мәдениетті жасаудың ұлттық ұжымдық тәрбиесін жинақтаудың да, сақтаудың да құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл арқылы жүзеге асады.

Мемлекеттік тілді оқыта отырып, жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз, ұлттық діл, ұлттық болмыс туралы ақпараттар толық берілетіні анық. Біздің қазақ халқының тілі өте бай, айтылуға орамды, көркем тіл. Тіл – ақылдың өлшемі. Тіл – адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл оның ішінде біздің ана тілі елімізде жасайтын қазақтардың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз. Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. «Қанша тілді білсең, сонша мәдениеттісің, сонша байсың» деген даналық сөз бар. Әрине, құптарға боларлық ой, бірақ өзге тілді білемін деп жүргенде өз тілімізден алыстап кетпеуіміз керек. Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы да – тіл. Ол – қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне

тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда. Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер – мәңгүрт. Тілдерді дамыту – елдердің мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі.

«Қазақ тілі» оқулығы жаңа бағытта, жаңа үлгіде жазылды. Оқулықтағы білім мазмұны танымдық оқу материалдарынан бастап, күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік беретін әртүрлі пайдалы кеңестер негізіндегі шағын мәтіндерден құралған. Оқулықтағы тапсырма мен тапсырмалардың көбі шығармашылыққа, ізденушілікке үйретеді. Сабақта қолданылатын түрлі әдістер, инновациялық технологиялар лингвистикалық білімдерді терең әрі ұтымды меңгеруге көмектеседі.

Ендеше «Қазақ тілі» деп аталатын лингвистикалық ғажайып мәтін бағына қош келдіңіздер! Жұмыстарыңызға сәттілік тілейміз!

*Оқулық авторлары*



## ТУҒАН ЖЕР

О, туған жер, кең пейіл, құшағың кең,  
 Саған көңіл бұлқынар күш – ағынмен.  
 Сағынышымды қанат қып саған қарай  
 Балапандай талпынып ұшамын мен.  
 Алақаны анамның – топырағың,  
 Сендік махаббатымның оты жалын.  
 Сені қалай сүюдің керектігін,  
 Мен ешқандай кітаптан оқымадым.  
 Сен де, тас та қастерлі, аспан да алау,  
 Сенде жанды тербетер дастан бар-ау!  
 Менің мынау өмірге құштарлығым  
 Сені жақсы көруден басталған-ау.  
 Кешірме сен!  
 Жат қылықпен жаныңды жараласам,  
 Бар сырымды бүкпесіз саған ашам.  
 Мен ел кезіп кетермін отансыздай,  
 Үмітіңді ақтауға жарамасам.

(Ф. Оңғарсынова)





**1-тапсырма.** Төменде берілген жасөспірімнің Отан туралы жазған шағын шығармасын оқып, мазмұнын ұғып алыңдар. Өзің туып-өскен ауылың туралы сендер де шағын шығарма жазыңдар.

«Отан... Бұл сөз – әр адамның жанына жақын, жүрегіне жылы тиер сөз. Осы сөздің астарында қанша мағына жатыр десеңізші? Отан – бұл біз тұрып жатқан жер. Отан деген – сенің туып өскен, кіндік қаның тамған жер, ата – анаң, досың. Отан – бұл біздің ата-әжемiз, әке-шешемiз, туыстарымыз. Әрбiр жанға өзiнiң отбасы, туған-туыстары, жолдастары ыстық болса, «Отан» да адам баласына солай да ыстық. «Отан» десе адамның жүрегі езіліп, онан алар орны тым ерек болады. Мен үшін Отан – құндылықтарды, материалды тасымалдаушы емес, бұл – жан сезімі! Сенің әрқашан оймен болса да оралғың келетін жердің рухани бұрышы. Мен оның шексіз болғанын, менің кішкентай және үлкен Отаным татулықта болғанын қалаймын. Мен әрқашан да Өзбекстанда тұратын адамдарға жанымның жылуын, жүрегімнің отын сыйлауға дайынмын. Мен өз Өзбекстанымды қалай жақсы көрмеймін!? Мен өз Отанымды қалай мақтан тұтпайын!? Ол мені өз құшағына алады, әрдайым жылулық сыйлайды. Туған жер атамекенім – алтын бесігім. Атамекен деген – туған тіл, ата салт-дәстүр, еліңнің тарихы, байлығы, мектебің, үйің – бәрі-бәрі. Туған жер адам өмірінде киелі орын алады. Нақты осы жер оны өткенімен және болашақпен байланыстырады. Міне, сондықтан да тіпті балалық шақтан бастап-ақ адамда Отанға деген махаббат сезімі оянады. Жер Ана, атамекен, туған жер, ауылым деген ұғымдар бір-бірімен тамырлас, әрі тағдырлас. Әрбір адамзат баласының туған жері бәрінен де қымбат. Себебі, кіндік кескен жерінде өсіп, суын ішіп, ауасымен тыныстайды, табиғатымен біте қайнасып адам болып қалыптасады. «Отан үшін отқа түс – күймейсің» – деген мақал бар. Отан – бұл менің Өзбекстан Республикам, менің жүрегім.»



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. «Туған жер – тұғырың» деген мақалды түсіндіріп беріңдер.
2. Өзбекстанда қандай ұлт өкілдері жасайды?
3. «Алақаны анамның – топырағы» деп не үшін туып-өскен жеріңнің топырағын ананың алақанына теңейді?
4. Отан не үшін бәрінен биік?
5. Отан туралы қандай мақал-мәтелдерді білесіңдер?
6. Не үшін Өзбекстан Республикасы саған қымбат?
7. «Отан – отбасынан басталады» деген мақалдың маңызын ашып беріңдер.
8. Туып өскен ауылың туралы шағын шығарма жазыңдар.

## I бөлім. МЕН, СЕН, ОЛ ЖӘНЕ ОЛАР

### ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІЛЕР (FACEBOOK, TELEGRAM, АҚПАРАТ ҚАУІПСІЗДІГІ)



**2-тапсырма.** Берілген мәтін арқылы әлеуметтік желі туралы түсінікке ие болып, ондағы курсивпен жазылған сөздерге мән беріңдер.



**Әлеуметтік желілер** – өрмектері бірдей адамдардың *ғаламторда* бірігетін қоғамдастық *сайттары*. Осы сайттарда адамдар жедел түрде мәліметтер алмасады және достар табады. Бірақ осы сайттар арқылы тек қатынасып қана қоймай, адамдар музыка, видео іздеуі де мүмкін.

Әлеуметтік желілер Ғаламторда 1995 жылдан бастап кең таралған, осы жылы бірінші *әлеуметтік желі* – *Classmates.com* (сыныптастар) сайты ашылды. 2003–2004 жылдары *MySpace*, *Facebook* жобалары шықты.

Сауда ұжымдары әлеуметтік желілерге үлкен қызығушылық көрсетті. Осындай *жобалар* бірнеше миллиондық аудиторияны тартты әрі олардың жарнамасы қатты әсер жасады.

Әлеуметтік желілерде адамдар өзі жайлы мәлімет тастап қалдыра алады (туған күні, оқыған мектебі, университеті, ермектері және т.б.), басқа қатынасушылар осы мәліметтерді пайдаланып сол адамды таба алады. Әлеуметтік желінің қызметі мұнымен тоқтап қалмайды. Әлеуметтік желілерде достармен басқа қолданушылармен хат алмасуға; сурет алмасуға; сурет, видео, жазба-мақала жариялауға болады. Танымал желілердің (*Вк*, *Фейсбук*, *Менің әлемім*, т.б) ішінде ойын ойнау, музыка тыңдау сынды мүмкіндіктері бар.



**3-тапсырма.** Берілген мәтіннен әлеуметтік желілердің жағымды және жағымсыз жақтарын біліп алыңдар. Әлеуметтік желімен байланысты атауларға мән беріңдер.

### I. Әлеуметтік желілердің жағымды жақтары:

1. Компьютерлік сауаттылықтың жоғарылығына байланысты ақпарат алу, алмасу жылдамдығы артады;
2. Халықтың билік органдары блогтарына хабарласуы арқылы кері және өзара байланыс орнатуға жол ашылады;
3. Іздестіру жүйелері арқылы кез келген тақырыпта ақпарат алу және пайдалану; тиімді пайдаланған жағдайда білімін толықтыру;



4. Сыныптастар мен курстастарын, ескі достарын табу және хабарласу;
5. Тек компьютер арқылы ғана емес, ұялы телефондар арқылы да желіге ену;
6. Өз мүддеңе сай келетін азаматпен виртуалды тілдесу.

### II. Әлеуметтік желілердің жағымсыз жақтары:

1. Бос уақыттың жұмсалуды;
2. Оппоненттің манипуляциялық тәсілдеріне мән бермей, алдауына түсу;
3. Ақпараттың ақиқаты мен жалғандығын айыра алмау, кез келген ақпараттың ұсынылуы;
4. Қоғам құндылықтарына жатпайтын лас сөздерді пайдалану, теріс пиғылды азаматтардың өз мүддесін жүзеге асыру үшін мүмкіндігінің болуы;

5. Ақпаратты кез келген тұлғаның өз мүддесі үшін пайдалануы;
6. Толықтай электронды бағыныштылық.

### III. Әлеуметтік желілердің мүмкіндіктері:

1. Ақпарат алмасуда сурет, бейне, блогтар мен микроблогтар, қауымдастық, чат және т.б. көздер арқылы қажетті мәліметтерді кеңінен пайдалану;
2. Өз профиліңді құру және автор туралы мәлімет ұсыну;
3. Мүдделері бойынша ортақ виртуалды достармен қатар, өмірдегі достар, туысқандар, әріптестер, сыныптастар мен курстастар бірлестігін құру;
4. Халық пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара байланысты блогтар арқылы күшейтеді;
5. Кез келген жерде қажетті ақпаратты өз уақытында алу және пайдалану.

### IV. Әлеуметтік желілердің қатерлері:

1. Орналастырылған ақпаратты кез келген азамат оңай тауып және өз қажетіне пайдалана алады;
2. Ұсынылған ақпаратты жұмыс берушілер, ата-ана, балалары, қылмыскерлер, құқық қорғау органдары кез келген шараларға қолдана алады;
3. Әлеуметтік желілерге тәуелділік; ауызша, жазылмаған заңдар басшылыққа алынады;
4. Заңнамалық базаның әлсіздігі; виртуалды тілдесуге байланысты сөйлеу, ақпараттың жылдам алынуы және жеке ізденістің жоқтығына байланысты ойлау қабілеті кемиді, дүниетанымы төмендейді;
5. Компьютерлік тролльдер қақпанына түсу.



**Ескерту.** Әлеуметтік желілердің бізді толықтай басып алуына жол бермеуіміз керек. Себебі, біздің болашағымыз тек қана жақсы бағытта болу қажет. Ал, біздің болашағымыз – біздің қолымызда!

## 6-СЫНЫПТА ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ: СӨЗ БЕН МАҒЫНА. СӨЗЖАСАМ



**Лексика** – бір тілдегі сөздердің жиынтығы. Қазақ тілінде лексика **сөздік құрам** деген ұғымды білдіреді. Тілдің лексикасын, сөздік құрамды тіл білімінің **лексикология** ғылымы зерттейді. Лексикология **семасиология, этимология, фразеология, диалектология** тағы басқа тарауларға бөлінеді. Лексикологияның ең басты зерттеу нысаны – **сөз**. Сөз белгілі ұғым атауы болып, әр алуан мағынаны білдіреді.

СӨЗ			
Заттық ұғым атауы	Сындық ұғым атауы	Сандық ұғым атауы	Қимыл, іс-әрекет атауы
Ана, жұлдыз, аспан, өзен, гүл, жапырақ, адам, балапан, бақыт, тілек, қуаныш, анар, арман, жидек, топырақ	Ақ, әдемі, жақсы, сыпайы, таза, ащы, кермек, жуас, жүйрік, таяз, лай, сары, шабан, қоңыр, алыс	Жеті, отыз, алпыс, мың, тоқсан, миллион, бесеу, отызыншы, жетпіс тоғыз, он төрт, қырық бесінші	Жүр, бар, оқы, бер, жаз, айт, дайындал, көр, тынық, жүгір, еңбектен, отыр, жақында, түзет, ақылдас, ойлан

Қазақ тілінде лексикалық мағынасы жоқ сөздер де кездеседі. Мысалы, **қаралы, сияқты, бірге, дейін, кейін, секілді, соң, таман, тарта, үшін**. Бұл сөздер жеке тұрғанда ешқандай мағынаға ие бола алмайды, мағынасы бар сөздермен тіркесіп қолданылады. Мысалы, **жүз қаралы, батыр сияқты, анасымен бірге, мектепке дейін, дайындықтан кейін, әкесі секілді, үйге таман, мыңға тарта, туған жер үшін**.

Тілдің қатынас құралы ретінде қызмет атқаруы үшін, оның лексикасындағы алуан түрлі сөздердің бір-бірімен тіркесіп, өз ара белгілі бір қарым-қатынаста, байланыста қолданылуы және олардың тіркесуінен сөйлемдердің құралуы шарт. Сөйлемдер, әдетте, сөздердің түрленіп, тіркесуінен жасалады. Ал сөздердің түрленуі, өзгеруі, түрлі тәсілдер арқылы сөйлемде тіркесуі тілдің грамматикасы арқылы іске асады. Грамматика тілдегі сөздердің түрлену, өзгеру ережелері мен сөздерден сөйлемдердің құралу ережелерін белгілейді.

**Сөзжасам** – жаңа мағыналы туынды сөздердің қалыптасуы мен мағыналық дамуын, жасалу тәсілдерін зерт-

тейтін саласы. Зат не құбылыс туралы ұғым тілде таңбаланып, сөзжасамдық процесс негізінде атау ретінде танылады. Сөзжасамның зерттеу нысанына атаудың жасалуы, қалыптасуы, ұғымда қалыптасқан бейненің тілдік таңбасы, туынды сөздің жасалу сипаты, әдіс-тәсілдері, жаңа мағынаның ішкі құрылымы сияқты тағы басқалар жатады. Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі атаудың қалыптасуымен қатар, мағынаның дамуын, ұғым-мағына – атаудың кешенді бірлігін қарастырады.



**4-тапсырма.** Берілген мәтіннен атауыш сөздерді табыңдар. Әлеуметтік желімен байланысты сөздерге мән беріңдер. Мәтін ішінен зат есімдерді ажыратыңдар.



Әлеуметтік желі күнделікті өмірімізге әбден еніп кетті. Қазіргі заманда баладан бастап, еңкейген кәріге дейін кез келген жастағы адам әлеуметтік желінің құлына айналды десек артық айтқандық емес.

Дер кезінде белгілі ақпараттардан хабардар болу, бірнеше жыл көрмеген танысыңмен байланысқа шығу жағынан әлеуметтік желінің тигізер пайдасы көп.

Алайда әйнектің қос жағы болады дегендей, аталмыш нәрсенің зияны да шаш етектен екендігін атап өткеніміз жөн. Соның ішінде балалар мен жасөспірімдерге тигізер теріс әсері жетерлік. Біріншіден, телефонға үңіліп әлеуметтік желіде үздіксіз бас алмайтын жастардың арасында жүйке жүйесі нашарлап, омыртқа сүйегі қисайып және көру қабілетінің төмендегені анықталған. Бүгінде көзілдірік таққан бүлдіршіндердің саны көбеймесе, азаймай отырғаны бұған айқын дәлел. Сонымен, ғаламторға ұзақ уақыт бойы телміргендер ең алдымен, өзінің денсаулығын құртады. Екіншіден, ғаламтордағы мәліметтердің көптігінен оларды оқуға, тамашалауға және тыңдауға уақыт айтарлықтай кететіндігі белгілі. Үшіншіден, ғаламтор желісі кибершабуылға ұласуы да ғажап емес. Небір хакерлер адамның құпия ақпараты мен бүкіл бизнес-процестің жұмысын бұзып кетуі әбден мүмкін. Төртіншіден, әлеуметтік желі балалардың физикалық та, психологиялық жағынан да зияны бар екенін ғалымдар әлдеқашан дәлелдеп берген. Әсіресе, енді қалыптасып, өсуге бет алған баланың мінез-құлқына зиян тигізері сөзсіз. Мәселен, «ВКонтакте» деген желіде кейбір хэштегтер жеткіншектердің ой-санасына кері әсерін тигізуде.



**5-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен деректі және дерексіз зат есімдерді тауып, оларға талдау жасаңдар.

Үлгі:

1. **Деректі зат есім:** бала, адам, таныс...
2. **Дерексіз зат есім:** желі, өмір, заман, ақпарат...



**6-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен басқа сөз таптарының заттануына мысал тауып, оларды талдаңдар.

Үлгі: кәріге.

Кәрі – **сын есім**; -ге – **барыс септігінің жалғауы**. Септік жалғаулары зат есімдерге немесе заттанған сөздерге жалғанып, түрлене алады.



Қазақ тілінде сөздер **тура** және **ауыспалы** мағынада қолданылады. **Тура мағына** – сөздің бастапқы, негізгі мағынасы. Тура мағына заттың немесе құбылыстың атын тура атап көрсетеді. Мысалы, *адамның аяғы, адамның қолы, адамның көзі, ыдыстың түбі т.б.*

**Ауыспалы мағына** – сөздің тура мағынасының негізінде қалыптасқан, ойды көркемдеп жеткізу үшін қолданылатын келтірінді мағына. Мысалы, *күннің көзі, жұмыстың аяғы, әңгіменің басы, сөздің төркіні, жылы сөз.*



**7-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып шығыңдар да, оның мазмұнын ұғыныңдар. Мәтіннен зат есім, оның мағыналық түрлерін табыңдар. Мәтіндегі зат есімнің түрленуіне көңіл бөліңдер.

## ТІЛ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР

Ел ішінде орын алған төтенше жағдайдың алдын алу барысында, мемлекет тарапынан берілген тапсырма білім саласындағы оқытушыларға да қатты әсер етті. Әлемді әлекке салған дерттің таралуына байланысты бірнеше іс-шара ұйымдастырылды. Соның ішінде, ілім мен білім ошақтары бар. Өзбекстанның түкпір түкпіріндегі оқу ордасы қашықтықтан оқытуға көшті. Жалпы, «қашықтықтан оқыту» – дегеніміз не? Сірә, сізге түсініксіз болар. Бұл – оқытушы мен білімгердің алыстан «online» режимде синхронды немесе «offline» асинхронды тілдесуі. Яғни, педагог «тиісті» деген тілдесу түрін таңдап алып, оқу үрдістері бойынша оқушыға тапсырма беріп отырады.

Бүгінгі күні қашықтықтан оқыту арқылы оқушылармен жеке-жеке жұмыс жасап, бұрын-соңды аңғармаған тұстарымен таныс болады. Олар кез-келген сабақты ынтамен орындап, қызығушылықпен ізденіп, өз-өзін бағалап та үйренді. Оқушы мен

мұғалім арасындағы кері байланыстың басымдылығы байқалды. Бұны сіз де байқаған боларсыз? Мұғалім ретінде әлеуметтің демі – әлеуметтік желіні пайдаланып, білім беру принциптерін жүзеге асыру қажет. Сонымен қатар, заманауи инфрақұрылымдарды қолдану арқылы жаңа бағытқа жол ашылды. Жас маман ретінде интеллектуалды қабілетке ие болып, интелегентті тұлға болудың алғашқы баспалдағына көтеріледі. Айта кету керек, қашықтықтан оқыту – қызметтегі әріптестермен ғана емес, оқушы және ата-ана арасындағы қарым-қатынасымызды етене тығыз байланыстырады.

Білетін боларсыз, білім жолында жігер жоқ болса – жол тұйық. Ұрандының ұрпағы – қайсар келеді. Ең бастысы, біз білім беріп, қанат қақтыратын жас ұрпақтың жалыны, сөнбесе екен.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. «Online», «offline» сөздеріне қалай түсінесің?
2. Қашықтықтан оқытуға сенің пікірің қандай?
3. Әлеуметтік желіге түсінік беріңдер.
4. Жалпы есім мен жалқы есім дегеніміз не?
5. Зат есім қалай түрленеді?



Грамматикалық категориялардың ішінде көптік, тәуелдік, септік категорияларының білдіретін мәндері заттық мағынамен байланысты болғандықтан, олардың көрсеткіштері өзі жалғанатын сөздерге заттық мән үстейтіндіктен, зат есімнің түрлену жүйесіне көптік, тәуелдік, септік категориялары жа-тады.



**8-тапсырма.** Берілген мәтінді мұқият оқып шығындар, мәтіннен заттың санын білдіретін сөздерді табындар. Сан есімнің мағыналық түрлеріне мән беріңдер.

Қазіргі қоғам – жаңа ақпараттық технологиялардың қоғамы және ХХІ ғасырдың бұл ағымы – қоғам дамуының жаңа дәрежесіне жеткізді. Ақпарат алмасу, қарым-қатынас орнату, жұмыс іздеу, білім алу мүмкіндігі және тағы басқа іс-әрекеттер шынайы әлемге қарағанда виртуалды әлемде жүзеге асатын болды. Ғаламтор жастардың ең сенімді құралдарының біріне айналды. Қазірдің өзінде әлем халқының 57 пайызы бетпе-бет тілдесуден гөрі, ғаламтор арқылы, дәлірек айтқанда, әлеуметтік желі арқылы «әңгімелеседі».

Ал, сіз интернетте ұзақ отырғанды жақсы көресіз бе? Таңертең тұра салысымен ноутбүгіңізді қосып поштаңызды тексересіз



бе? Бұл сұраққа оқушылар мен студенттер ойланбастан «ия» деп жауап береді. Себебі, студенттердің әлеуметтік өмір жаңалықтары ғаламтор арқылы жүзеге асады. Күн сайын жастардың жүзбе-жүз сөйлесуі азайып, әлеуметтік жүйе қолданысы, керісінше, артып келеді. Ғаламтор жүйесінің дамуына 10 жыл ғана болса да, қазірдің өзінде ғаламтор қолданбайтын жастарды табу қиын.



Қазіргі кезде әлеуметтік желілер «Вконтакте», «Мой Мир», халықаралық «Facebook», «LinkedIn» және тағы басқалар кең таралған. Статистика бойынша, интернет қолданушылардың шамамен 60% «Вконтакте» желісінде, 20% «Мой Мир» желісінде, ал 20% «Одноклассники» желісінде отырады. Бұл ақпарат жастардың әлеуметтік желіде қаншалықты және қайда отыратынын көрсетеді.

Көптеген жастардың ата-аналары бұл үрдістің әсерінен қауіптеніп отыр. Себебі, көбінесе 10–18 жастағы жасөспірімдер мұндай әсерге тап болады. Ал бұл жасөспірімдердің негізгі әлеуметтендіру, оның психика мен дүниетанымын қалыптастыру кезеңі болып табылады. Статистикаға жүгінсек, жастардың 49,2% әлеуметтік желіні күнделікті, 19,7% аптасына бір рет және 9,1% айына бір рет тексереді. Бұл деректер ата-аналарды мазалап қана қоймай, психолог дәрігерлердің, мұғалімдердің де ойын қауіптендіреді. Себебі, бұл жастардың қоғамдық, психологиялық дамуына әсер етеді. Сонымен қатар, ғаламтор адамның физикалық денсаулығына ықпал береді. Мысалы, 15 жасар жасөспірім күніне 4 сағат экран алдында отырса, физикалық күшке тек шамамен 1 сағат қана уақыт бөлінеді.

**9-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен дара және күрделі сан есімдерді тауып, оларға талдау жасаңдар.

Үлгі:

1. Дара сан есім: 10 жыл, 60 пайыз, ...
2. Күрделі сан есім: 15 жасар, ...

**10-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен сан есімдерді тауып, олардың мағыналық ерекшеліктерін анықтаңдар.

Үлгі: 49,2 пайыз – бөлшектік сан есім;



**11-тапсырма.** Берілген мәтіннен әлеуметтік желіге тәуелділік белгілерін біліп алыңдар. Есім сөздерді тауып, оған талдау жасаңдар.



**Әлеуметтік желіге тәуелділік белгілері:**

- себепсіз поштаны қайта-қайта тексеру;
- ғаламторға қажетсіз кіре беру;
- жақын адамдардың компьютер алдында көп отырасын деген айыптаулары;
- уақыт өлшемінің жоғалтуы;
- желідегі қарым-қатынастың басымдылығы;
- міндеттерді ой елегіне алмау;
- кездесулерді, тамақ ішу уақытын, күнделікті режимнің бұзылуы;

- тәуелділіктің барын жоққа шығаруы;
- ашушаңдық көрсету, көңіл-күйдің болмауы, шаршау белгілерінің болуы;

Егер бұл белгілер сізге сай болса, онда сізде тәуелділіктің болғаны.

Енді, бұл тәуелділіктен қалай айырылуға болады? деген сұрақ туындайды. Алдымен, салауатты өмір салтына, жүзбе-жүз қарым-қатынасқа деген махаббатты ояту керек, яғни шынайы өмірге қайтып келу деген мағынаны береді.

Қорытындылай келе, шынайы өмір виртуалды өмірден әлдеқайда жақсы екенін ұмытпауымыз керек.



**12-тапсырма.** Берілген сөздерді пайдаланып, мәтін құраңдар. Мәтіннен есім сөздердің синтаксистік қызметін анықтаңдар.

**Ең үлкен желілер**

**Шетелде:** Facebook, Last.fm, LinkedIn, MySpace, Twitter, Instagram, Ask.fm, LiveJournal, Pinterest;

**Ресейде:** Вконтакте, Мой Мир, Одноклассники, LiveJournal;

**Қазақстанда:** Facebook, Вконтакте, Twitter, Instagram, WhatsApp;

**Өзбекстанда:** Facebook, Telegram, Instagram, TikTok, Twitter.



**13-тапсырма.** Берілген мәтіннен жалқы есім мен есептік, реттік сан есімдерді тауып, оның жасалу жолына мән беріңдер.

### «WHATSAPP» ТУРАЛЫ

«WhatsApp»-тың негізін қалаушы Ян Кум Киев маңындағы шағын ауылда өскен. 1992 жылы ол отбасымен калифорниялық қала – Маунтин-Вьюге көшіп барады. Ол кезде Кум небары 16 жасар бала еді. Эмиграция кезінде олар бастарынан көп қиындық өткереді. Қайыршылықтың ар жақбер жағында жүрген ата-анасына көмектесу үшін ол сабақ оқумен қатар көше сыпырушы болу сияқты әртүрлі жұмыстар істеген. Күндердің бір күнінде жаман ауруға шалдыққан анасы жұмысын тастап, жәрдемақыға күн көрулеріне тура келеді. Кум баркүш жігерін оқуға арнағандықтан, Сан Хоседегі университетке де еш қиындықсыз қабылданған. Бірде ол Фейсбуктің қызметкері Брайан Эктонмен танысады. Баланың ерекше дарын иесі екенін байқаған Брайан Эктон оны сол кездегі ең беделді компаниялардың бірі – Yahoo-ға кіргізеді. Кум өзі армандаған жұмысын тапқаннан кейін оқуын тастап кетеді. Дәл осы жерде көп тәжірибе жинап, «WhatsApp»-тың инвесторы болатын адамдармен танысады. Жұмыс орнында Эктонмен жақын дос болады. Күндердің бір күнінде Кумның анасы көз жұмып, ал Эктон жинаған қаржысынан қағылады. Екі дос үшін де өмірдің қара жолағы басталып, 2007 жылы олар Yahoo-дан керектерін алғанын, ары қарай өз беттерімен күн көру керек екендерін түсінеді.



**14-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен негізгі зат есімдерді тауып бір бағанға, туынды зат есімдерді тауып екінші бағанға жазыңдар.

### ЗАМАНАУИ ӨМІРДІҢ БАТЫРЛАРЫ

Отан өз батырларымен бай. Отанның қорғаушыларыңыз, мемлекет жоқ. Батылдық, Отан сүйгіштік, Достық – нағыз батырдың қасиеттері. Батырлар болып дүниеге келмейді, батыр болып қалыптасады. Балалық шақтан кішкентай балаға отаншылдыққа, құрметке тәрбиелеу керек. Атамекен үшін ата-аналарға нағыз жігітті тәрбиелеу керек! Халықта дана мақал-мәтелдер бар: «Ер жігіт ел үшін туады, ел үшін өледі», «Ер барда – ел қор болмас» және тағы басқалар. Менің пікірімше, ең басты, ең негізгі батыр-

дың қасиеті – бұл отаншылдық. Отаншылдық – бұл туған жерге, өз халқына, ұлтқа деген сүйіспеншілік.

Біздің уақытымыздың батырлары – дәрігерлер, мұғалімдер, құтқарушылар. Дәрігерлер және құтқарушылар күнбе-күн көп өмірлерді сақтап қалады. Мұғалімдер балаларды оқытады, тәрбиелейді.

Ең бастысы – өзі үшін өмір сүру емес, Туған Жер үшін өмір сүру.

Зат есім	
Негізгі зат есім	Туынды зат есім
Отан	Қорғаушы
батыр	батылдық
қасиет	дәрігер



**Кәсіби сөздер** – белгілі бір шаруашылыққа, кәсіпке байланысты қолданылатын, жалпы халыққа бірдей түсінікті бола бермейтін, қолданылу өрісі шектеулі сөздер. Қазақ тілі кәсіби сөздерге бай.



**15-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып шығындар, мамандықтармен байланысты атауларды анықтаңдар да, оларға талдау жасаңдар.

### МАМАНДЫҚТЫҢ БӘРІ ЖАҚСЫ...



Жастар болашақ мамандығын дұрыс таңдай біле ме? Әрбір адамның болашағы таңдаған мамандығына да байланысты екені анық, сол себепті мамандық таңдау оңай емес. Шыны керек, кейбір жастарымыз жақсы маман иесі болсам деп ойлай бермейді. Әйтеуір, бір мамандықты таңдай салып, диплом алып шықсам болды дейді. Сонда саны көп, сапасы жоқ дипломнан не пайда? «Түйір нан – тамшы тер» демекші, жақсы маман иесі болу үшін көп ізденіс, оқу, білім алу, ең бастысы мамандыққа деген сүйіспеншілік қажет.

Бүгінгі таңда ең қажетті мамандықтардың қатарына энергетик, құрылысшы, геолог, радиотехник, инженер, мұнай мен газ, кен

Бүгінгі таңда ең қажетті мамандықтардың қатарына энергетик, құрылысшы, геолог, радиотехник, инженер, мұнай мен газ, кен

ісі сынды мамандықтар аталып жүр. Осы салаларда білікті мамандардың керек екені рас.

«Қазіргі таңда қоғамдағы өзекті әлеуметтік мәселелердің бірі – жастар арасындағы жұмыссыздық. Тіпті кейінгі жылдары жоғары оқу орындарының түлектері арасындағы заңгер, экономист, қаржыгер және бірқатар гуманитарлық мамандықтар бойынша жұмыссыздық деңгейінің өскені айқын байқалып отыр. Бұл еңбек нарығындағы тепе-теңдіктің сақталуына кері әсерін тигізеді...

(Динара Масакова)



**Есімдіктер** – заттың атын, сынын, санын, олардың аттарын білдірмейтін, бірақ солардың (зат есім, сын есім, сан есімдердің) орнына жұмсалатын сөз табы. Есімдіктер белгілі бір түсінікті я ойды жалпылама түрде мегзеу арқылы білдіреді. Есімдіктердің нақтылы мағыналары өздерінен бұрын айтылған сөйлемге немесе жалпы сөйлеу аңғарына қарай айқындалады. Сөйтіп есімдік есім сөздердің: зат есім, сын есім, сан есімнің орнына қолданылып, соларды нұсқап, меңзеп, сілтеп көрсетеді. Есімдіктер **орынбасар сөздер** деп те аталады.

Есімдіктер мағынасына қарай жеті топқа жіктеледі: *жіктеу есімдігі; сілтеу есімдігі; сұрау есімдігі; өздік есімдігі; жалпылау есімдігі; болымсыздық есімдігі; белгісіздік есімдігі.*



**16-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен туынды сын есімдерді тауып, оларға талдау жасаңдар.

Үлгі: ұлттық – туынды сын есім: ұлт – зат есім; -тық – есім сөзден сын есім жасайтын жұрнақ.

### АБДУЛЛА АРИПОВ – ӨЗБЕКСТАН ҚАҒАРМАНЫ, ӨЗБЕКСТАННЫҢ ХАЛЫҚ АҚЫНЫ, МЕМЛЕКЕТ ЖӘНЕ ҚОҒАМ ҚАЙРАТКЕРІ

Өзбекстан Қаһарманы, Өзбекстанның халық ақыны, мемлекет және қоғам қайраткері Абдулла Арипов – бірегей талант иесі. Терең философиялық, ұлттық рух, діни-адамгершілік өлшемдерге берілгендік ақын поэзиясының негізін құрайды. Өзбек халқының ұлттық жаңғыру, ой еркіндігі және тәуелсіздік жолындағы күресінде Абдулла Арипов поэзиясының алатын орны ерекше.

Өзбекстанның халық ақыны, атақты қоғам қайраткері Абдулла Арипов 1941 жылы Қашқа-



дария облысы, Косон ауданы, Некөз ауылында дүниеге келген. 1958 жылы орта мектепті алтын медальмен үздік бітіріп, Ташкент Мемлекеттік университеті филология факультетінің журналистика бөліміне оқуға түсіп, оны 1963 жылы үздік бітірді.

1968 жылдан бастап әр түрлі баспаларда редактор, Жазушылар одағының хатшысы қызметінде жүрді. Авторлық құқық қорғау агенттігінің төрағасы әрі Өзбекстан Жазушылар одағының да төрағасы қызметтерін атқарған.

Абдулла Ариповтың шығармашылығы студенттік жылдарынан басталып, «Кішкентай жұлдыз» атты алғашқы өлеңдер жинағы 1965 жылы жарық көрді. Одан кейін ақынның «Көзім жолыңда» (1967), «Анашым» (1969), «Рухым» (1971), «Өзбекстан» (1972), «Естелік» (1974), «Елімнің самалы» (1974), «Таңғажайып» (1979), «Құтқарушы қорған» (1981), «Жылдар арманы» (1983) атты поэзиялық жинақтары жарық көрді.

Өсіресе, оның 70-жылдардан кейінгі шығармаларында өмір мен адам, қоғам мен табиғат туралы философиялық ой-пікірлері тереңдей түскені сезіледі. Күшті құмарлық сезімдер оларда өзінің ең жоғары талқысын табады. Бұл – ақынның бірте-бірте биік көркемөнердің терең оймен араласып, шығармашылық кемелдікке жеткенін байқауымызға болады. Ақынның 60-жылдары жазған «Өзбекстанды неге сүйемін?!», «Өзбекстандағы күз», «Күз» сияқты өлеңдерінде тәуелсіздіктің шуағы жарқырап тұрғандай.

Өзбекстан халық ақыны Абдулла Арипов – Хамза атындағы Республикалық Мемлекеттік сыйлығының иегері, Калифорния халықаралық Ғылым, Білім, Өнеркәсіп және өнер академиясының (АҚШ) толық мүшесі, Италия жұлдызы сынды сыйлықтармен марапатталды. Тәуелсіздігіміздің жеті жылдығында «Өзбекстан Қаһарманы» жоғары атағы берілді.

Қорыта айтқанда, Отанға, халыққа деген сүйіспеншілік, табиғатты сүйіп ардақтау, иманды, ар-ұжданды адамдарға әнұрандарды жырлау, бірде жылап, бірде қуану ақын сезімінің тұңғығы саналады. Мемлекет және қоғам қайраткері Абдулла Ариповтың еңбегі жеке тұлғаны тәрбиелеуде, жетекші мамандардың қызметі мен өмірінде үлкен мектеп қызметін атқарады.

*(Руханият және ағарту бөлімі)*



**17-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен күрделі сан есімдерді табыңдар да, оған талдау жасаңдар.

Үлгі: 1941 жылы – күрделі сан есім, реттік сан есім, бірнеше сөздердің тіркесуінен жасалған.



## Өзіндік жұмыс

Өздерің қалаған қаһарманға жеке хат жазыңдар.



**18-тапсырма.** Төменде берілген мәтінді оқып шығыңдар да, мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтіннен есім сөздерді теріп жазыңдар.

### ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ ЖАҢА МАМАНДЫҚТАР ҚАЖЕТ

Заман талабына сай өмір сүру керек деп жатамыз ғой, заманға сай жаңа мамандықтар қажет. Қазіргі жастарға шетел тілін білу, компьютерді жоғары деңгейде қолданып, оның әртүрлі бағдарламаларын игеру талап етіліп отыр. Яғни инновациялық озық технологияларды жоғары деңгейде меңгерген, нанотехнологияларды игерген, компьютерлік бағдарламаларды құрастырушы мамандар – заман талабына сай пайда болып жатқан мамандықтар. Өкінішке орай, қазіргі кейбір жастар «ауырдың астымен, жеңілдің үстімен» жүргенді ұнатады.

Оқырмандар пікірінен байқағанымыздай, жастардың көбі кәсіптік мамандықтарға қызыға қоймайды. Неліктен олай? Қайта қоғам қажет етіп отырған зәру мамандықтарды игеруге жастарымыз көбірек баруы керек емес пе? Сұранысы төмен мамандыққа оқып, жұмыс таба алмай отырған жақсы ма, әлде белгілі бір кәсіпті меңгеріп, өз ісінің шебері атанып, өмірде өз жолын тапқан жақсы ма? Біз екіншісін қолдаған болар едік.



**Топонимика** – ономастиканың жер-су, елді мекен атауларының шығуы мен пайда болуын (этимологиясын), мағынасын, құрылымының дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, грамматикалық, фонетикалық пішінін, жазылуы мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін құрамдас бөлігі. Бұл гректің «топос» – орын, жер, «онома» – атау деген екі сөзінен тұрады, яғни жер-су атаулары деген сөз.

Географиялық атаулар географияның өзіндік тілі болып табылады және олардың көбі жалпы атауға айналып, географиялық терминологияға айналып кетті.



**19-тапсырма.** Төменде берілген атауларды Қазақстан географиялық атаулар сөздігін пайдаланып, оның этимологиясына мән беріңдер, сөздік жасаңдар.

Ақтау, Ақтөбе, Ақтабан, Ақсай, Ақмола, Ақжар, Ақбұлақ, Айыртау, Айнабұлақ, Айдарлы, Алатау, Алтынсары, Арыс, Ащыбұлақ,

Ащыкөл, Әулиетау, Бағаналы, Байқоңыр, Бақабұлақ, Балабосаға, Балқаш, Басқұдық, Белағаш.



**20-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен күрделі зат есімдерді табыңдар да, олардың жасалу жолына назар аударыңдар.

Үлгі: әл-ауқат – күрделі зат есім; сөздердің қосарлануы арқылы жасалған.

## ӨЗБЕКСТАН – ЖАСТАР МЕМЛЕКЕТІ



Кез келген елдің қарыштап дамуы, жеткен жетістіктері, халқының әл-ауқатының артуы сол елдегі жастардың білімі мен болашағына қаншалықты көңіл бөлінгеніне байланысты екені белгілі. Осы тұрғыдан алғанда Өзбекстанда жастар мәселесі мемлекеттік мәселе болып табылады.

Елімізде жастардың құқықтары мен мүдделерін қорғау, оларға қажетті жағдай мен мүмкіндіктер жасау үшін берік заңнамалық база жасалып, бұл жүйе заман талабына сай жетілдірілуде. Атап айтқанда, бүгінге дейін парламент жастарға қатысты 40-тан астам заң қабылдап, 30-дан астам халықаралық құқықтық құжаттарды ратификациялады.

Өзбекстан Президентінің БҰҰ-ның Бала құқықтары туралы конвенциясын БҰҰ-да қабылдау туралы ұсынысын халықаралық қауымдастық жылы қабылдады. Осының негізінде Өзбекстан басшысы бүгінде әлемде жастардың саны екі миллиардтан асқанын, халықаралық терроризм мен экстремизм қарқынды дамып жатқан кезеңде жастарды қорғау қажеттігін маңызды факторлар ретінде келтірді.

Өзбекстанда жастармен байланысты мемлекеттік саясат анық мақсатта сатылай, кешендік шараларға негізделіп ізшіл жалғасып келеді.

Бұл жөнінде Мемлекет басшысы тарапынан әлеуметтік, мәдени-ағарту салаларындағы әрекеттерді жүйелі түрде ұйымдастырудың 5 негізгі бастаманың амалға асуы Өзбекстан тарихында жастардың тәлім-тәрбиесіндегі жәнде бір жаңа басқышын бастап берді.

**Бірінші бастама** – жастардың музыка, сурет, әдебиет, театр және өнердің басқа да түрлеріне қызығуын арттыруға, қабілетін көрсетуге қызмет етеді;

**Екінші бастама** – жастарды физиологиялық тұрғыдан шынықтыру, олардың спорт саласындағы қабілетін көрсетуі үшін қажетті жағдайлар жаратуға бағытталған.



**Үшінші бастама** – тұрғындар мен жастар арасында компьютер технологиялары мен ғаламтордан тиімді пайдалануды ұйымдастыруға бағытталған.

**Төртінші бастама** – жастар руханиятын жетілдіру, оларда кітапқұмарлықты кеңінен үгіттеу бойынша жүйелі істерді ұйымдастыруға бағытталған.

**Бесінші бастама** – әйел-қыздарды жұмыспен қамтамасыз ету мәселелеріне көңіл бөлу.

Мемлекет басшысының бұл ізгі істері Өзбекстан халқы, әсіресе, жастар тарапынан кең қолдау тауып, құлаш жайды.



**21-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен күрделі сан есімдерді тауып, олардың жасалу жолына назар аударындар.

Үлгі: 12187 км. – күрделі сан есім;

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

Қазақстан Еуразия құрлығының жүрегінде орналасқан. Оның аумағы 2 724 900 шаршы метрді құрайды. Өз аумағы бойынша Қазақстан Еуропалық одақтың он екі елінен үлкен. Қазақстан Қытаймен, Қырғызстанмен, Түркмениямен, Өзбекстанмен және Ресеймен шектеседі. Шекараның жалпы ұзындығы –12187 км.

Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Конституцияға сәйкес, біздің ел өзін адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандығы ең қымбат қазынасы саналатын демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады. Қазақстан тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсанда алды. Ел астанасы – Нұр-сұлтан қаласы. Мемлекеттік тілі – қазақ тілі. Орыс тілі ұлтаралық қарым-қатынас тілі мәртебесіне ие. Ақша бірлігі – теңге.

**Халық саны** – 16, 036 млн. адам. Халықтың тығыздығы: 1 шаршы метрге. 5,9 адам.

**Астанасы** – Нұр-сұлтан (1997 жылғы 10 желтоқсаннан). Халық саны 684,0 мың адам.

Қазақстанда 14 облыс, 86 қала, оның 41 – республикалық және облыстық бағыныстағы, 175 аудан, 35 кент, 34 кенттік және 2468 ауылдық (селолық) әкімшілік бар.



**Мемлекеттік тілі** – қазақ тілі, мемлекеттік мекемелерде және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми тіл ретінде қазақ тілімен тең қолданылады.

**Мемлекеттік құрылысы.** Қазақстан – 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған Конституция бойынша – өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырды. Қазақстан Республикасы – президенттік басқару нысанындағы біртұтас мемлекет. Республиканың ең жоғарғы өкілді органы – Парламент. Ол республиканың заң шығару қызметін жүзеге асырады. Парламент тұрақты жұмыс істейтін екі Палатадан: Сенаттан және Мәжілістен тұрады. Сенатқа әр облыстан және республикалық маңызы бар 2 қаладан екі адамнан сайланады. Сенаттың 7 депутатын Парламент өкілеттігі мерзіміне Республика Президенті тағайындайды. Мәжіліс республиканың әкімшілік-аумақтық бөлінісі ескеріле отырып құрылған, сайлаушылар саны шамамен тең болатын, бір мандатты аумақтық сайлау округтары бойынша сайланатын, алпыс жеті депутаттан және партиялық тізім бойынша сайланатын 10 депутаттан тұрады. Президент Үкіметті Конституцияда белгіленген тәртіппен құрады. Тағайындалғаннан кейінгі он күн мерзім ішінде Премьер-Министр Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы, республика Президентіне ұсыныс енгізеді. Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі жеті мүшеден тұрады, олардың өкілеттігі алты жылға созылады. Конституциялық Кеңестің төрағасын республика Президенті тағайындайды. Қазақстан Республикасында сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Ол заңмен құрылған Қазақстан Республикасының Жоғары соты және республиканың жергілікті соттары болып табылады. Жергілікті мемлекет басқаруды тиісті аумақтағы істің жай-күйіне жауапты жергілікті өкілдік (мәслихат) және атқарушы органдар (әкімдік) жүзеге асырады.

Қазақстан – бұл болашағы айқын, дамып келе жатқан, бәсекелестік пен мәдени қарым-қатынастармен байланыстыратын, әлемге танылған мемлекет.



Септік жалғауы дегендегі **септік** деген термин **сеп** (жәрдем, көмек, дәнекер) деген ұғымды білдіреді. Осы сөзден туған **септеу** деген сөз екі түрлі мағынада жұмсалады: бірі – екі нәрсені жалғау, ұластыру; екіншісі – сөздердің септік жалғауларын қабылдап өзгеру жүйесі.

Сөздердің жалғауларды қабылдап өзгерту жүйесін сөздердің **септелуі** деп немесе **септеу** деп атайды.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ МЫНАДАЙ СЕПТІКТЕР БАР

Тәртібі	Септік жалғауларының аты	Сұраулары	
		Жай септіктің сұраулары	Тәуелдік септік сұраулары
1	Атау	Кім? не?	Кімім, кімің, кіміңіз, кімі, нем, нең, неңіз, несі,
2	Ілік	Кімнің? ненің?	Кімімнің, кіміңнің, кіміңіздің, кімінің, немнің, неңнің, неңіздің, несінің.
3	Барыс	Кімге? неге? қайда?	Кіміме, кіміңе, кіміңізге, кіміне, неме, неңе, неңізге, несіне.
4	Табыс	Кімді? нені?	Кімімді, кіміңді, кіміңізді, кімін, немді, неңді, неңізді, несін.
5	Жатыс	Кімде? неде? қайда?	Кімімде, кіміңде, кіміңізде, кімінде, немде, неңде, неңізде, несінде.
6	Шығыс	Кімнен? неден?	Кімімнен, кіміңнен, кіміңізден, кімінен, немнен, неңнен, неңізден, несінен.
7	Көмектес	Кіммен? немен?	Кіміммен, кіміңмен, кіміңізбен, кімімен, неммен, неңмен, неңізбен, несімен.



**22-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен сингармонизм заңына бағынбайтын септік жалғаулы сөздерді тауып, оларға талдау жасаңдар

Үлгі: отбасымен – көмектес септік жалғауы жалғанған күрделі зат есім. – мен – көмектес септігі жалғауы сингармонизм заңына бағынбай сөзге жалғанған.

### БУЗКАШИ – ТӘЖІКТІҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНЫ

Тәжік ұлтының мәдени мұрасы мен салт-дәстүрі өте бай. Тәжіктердің салт-дәстүрі өмірлерінің едәуір бөлігін қамтиды: күнделікті тұрмысы мен мерекелеріне дейін. Бұл елдің дәстүрлері – олардың өмір сүру салтының, мәдени құндылықтарының, эстетикасының кілті және осы таңғажайып елді біліп, тану тәсілдерінің бірі.

Тәжіктің ұлттық ойындары көп, солардың бірі – «Бузкаши» ойынына көңіл бөлеміз.

«Бузкаши» немесе көкпар – ат спорты ойыны ерте заманнан келе жатқан ойын. Ол қатысушылардан ерлікті, ептілікті және



күштілікті талап етеді. Орталық Азия елдерінде бұл ойын әртүрлі нұсқада кездеседі, дегенмен Тәжікстанда бұл ойынға жаңаша үрдіс енгізілген. Бұрынғы уақытта ат үстінде ептілік танытуға отбасымен, бір ауыл немесе бір аудан болып қатысатын. Алайда алаңда мындаған адам жиналған кезде, ығы-жығысы шығып, ойынның негізгі элементтері көрінбей қалатын. Сол себепті әр бір топтағы адам санын азайту шешіміне келді. Алдымен он екі, кейін он, сегіз және бес адамнан шығатын болды. Қазіргі уақытта төрт адам бір команда болып қатысады. Негізінде командада адам саны он, олар ойын барысында бір-бірін алмастырып отырады, өйткені қатысушыларға да, атқа да салмағы отыз-қырық, тіпті елу-алпыс келі тартатын серкені тартып жүру оңайға соқпайды.

Ойын ережесі қарапайым: өзара бәсекеге түскен екі команданың қатысушылары серкені жерден көтеріп алып немесе бір-бірінен тартып алып, әркім өзінің қақпасына салуы керек. Мұндай әрекет неғұрлым көп болса, соғұрлым ұпай саны көбейеді. Қарсыластар қақпасының арақашықтығы үш жүз-төрт жүз метр, ал ойын алаңының ені жиырма-отыз метр болады. Серке қақпаға түскен сайын ол ойын алаңының ортасына қайтарылады. Ереже бойынша серкені кез келген әдіспен қарсыласынан тартып алып, команда ойыншысына беруге құқылы.

Серкені ертоқымға немесе өзіне байлап алуға, қарсыластың атын шалуға, үркітуге, қуалауға, тартуға, қамшымен ұруға, артқы аяқтап тік тұруға қатаң тыйым салынады.

Ойын уақыты – он бес минут. Алайда, ұпай тең болса, үстеме он бес минут қосылады. Егер осы уақытта ойын нәтижесі өзгермесе, екі командадан бір-бір ойыншы шығып, он минут көлемінде ұпай санын өзгертуі тиіс болады.



**23-тапсырма.** Төменде берілген географиялық картаны пайдалана отырып шағын мәтін жасаңдар да, ондағы септік формалы сөздердің сөйлемдегі қызметін анықтаңдар.





**24-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен екі сыңары да зат есімнен болған тіркестерді тауып, оларға талдау жасаңдар.

Үлгі: өзбек халқы, жібек мата, ... – екі сыңары да зат есімнен болған сөз тіркестері.

### ӨЗБЕКТИҢ ХАН-АТЛАСЫ

Өзбек халқының тоқыма тарихы ескі Марғыланнан басталады. Ханның жібек матасы туралы аңыз бойынша, Марғылан билеушілерінің бірі кедей тоқымашыға ғашық болып қалады да, бесінші әйелі етіп алғысы келіпті.

Қыздың әкесі ханның аяғына жығылып, өрімдей қызын жіберуін сұрап, жалынады. Сонда патша бір шартпен ғана жіберетінін айтты. Таң атқанша қыздың сұлулығынан асып түсетін, теңдессіз бір бұйым жасауға тапсырады.

Әбден қайғыға батқан ақсақал арық жағасына барып, ұзақ уақыт ойға шомады. Көзінен аққан жас болса, жаңбырмен араласып жатыр. Бір кезде нөсер басылады. Шал су бетінен аспандағы бұлтты байқайды. Қараса, бұлттар кемпірқосақ түстеріне боялып кетіпті. Содан басына тың ой сарт етіп, аспанға алғысын білдіреді.

Шеберханасына жол тартқан ол түнімен көз ілместен жұмыс істейді. Сөйтіп таң ата ханның алдына бұрын-соңды ешкім көрмеген, кемпірқосақтың барлық түсі араласқан, аспан сынды үлпілдек, ауа сынды жеп-жеңіл матаны жайып кеп жібереді.

Мұны көрген патша таң-тамаша болғаны сонша, тіпті алғалы жатқан қалыңдығын ұмытып, бостандыққа жіберуге келісім береді. Көз тоймайтын әдемі матаны содан бері ханның жібегі – хан-атлас деп атап кеткен деседі. Бұл атау сан ғасырдан бері сақталып келеді. Ханның жібегі көрген адамның көзін қуантады, киген адамның бойына биязылық бітіреді.

Түрлі-түсті жібек мата – өзбек мәдениетінің ажырамас бөлшегі. Марғылан жібегі қайталанбас өрнегімен Шығыс пен Батыста аса танымал. Ұлы Жібек жолы кезеңінде құнды тауар саналды. Керуен жолымен оны Хорасан, Египет, Бағдат, Грекия және өзге де елдерге тасыған.

Хан-атласты сый ретінде беріп, мұраға қалдырып, тіпті сауда келісінде есеп айырысуға қолданған.



## II бөлім. ТЫЛСЫМ ТАБИҒАТ



**Экология** – тірі және жансыз тіршілік иелерінің бір-бірімен және олардың қоршаған ортамен байланысы қарастырылатын ғылым саласы. Ежелгі грек тілінің шығу тегі *λογί* (үй) және *-λογία* (ғылым) сөздерден тұрады. Жер көптеген активтерге ие. Экожүйелердегі бұл активтер жүйелі және күрделі құрылымды құрайды. Сондықтан экология көптеген пәндермен келісе отырып, зерттеу нысаны болып табылады.



**1-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен бірігу не қосарлану арқылы жасалған экологиялық терминдерді тауып, оларға талдау жасаңдар.

Үлгі: экожүйе, радиоактив, ...

### ЭКОЛОГИЯ – ЖАРАТЫЛЫСТАНУ



Түрік тіліне сәйкес жаратылыстану экология деп аталады. Жалпы, әлемдегі барлық тірі табиғаттың бір-бірімен және олардың қоршаған ортамен қатынасын зерттейтін ғылымның атауы, экология деп аталады. Барлық жануарлар мен өсімдіктер, әсіресе адамдар тірі табынға жатады. Бұл тіршілік иелерінің барлығы тірі қалуы және өмір сүруі үшін қоршаған ортаға мұқтаж. Тиісті эко-

логиялық жағдайларды сақтау экологияның негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Жарық, ауа, су және топырақ қолайлы экологиялық жағдайда болуы керек. Бұл талаптар барлық тіршілік иелері үшін өте маңызды. Экожүйе туралы сөз болғанда, бүкіл тірі және жансыз орта ойға оралады. Экология тірі ағзаларды қызықтырмайды. Экологияның мақсаты – тірі табиғаттың қолайлы экологиялық жағдайда өмір сүруін қамтамасыз ету. Бұл тірі табиғатқа ортақ қажеттілік элементтерімен айналысатын ғылым. Экология өзеннен бастап жер асты суларына, құрлықтардан мұхитқа дейінгі

барлық экологиялық жағдайларды зерттейді. Тірі заттардың белгілі бір жүйеде тіршілік етуі мүмкін. Бұл жүйеде барлық тіршілік иелері бір-бірімен байланыста болады. Бұл қатынас тірі заттардан тірі заттарға дейін ерекшеленеді. Тірі заттар арасындағы бұл байланыс өмірді жалғастыру үшін өте маңызды.

Радиоактивті изотоптарды, микро-калориметрияны, қолданбалы математика мен компьютерлерді, энергия ағындары мен азықтандыру циклдерін қолдану сияқты технологиялардың дамуы нәтижесінде өлшенеді, бақыланады және жіктеледі. Жүйелік экология деп аталатын бұл жағдай экожүйелердің функциялары мен құрылымдарын қарастырады.

Жердегі алғашқы өмірмен бірге тіршілік ету ортасы бар және кейде өте кішкентай аймақты, кейде континенттерді қамтиды. Экожүйелер – бұл әр түрлі тіршілік ортасы. Белгілі бір салада, бұл шөп өсірушілер, шөптесіндер мен жемістердің құрамдас бөліктері орналасқан орта, онда энергия ағымы мен қоректік цикл ерекше химиялық және физикалық қасиеттерге ие. Экожүйелер тірі және жансыз факторлармен тамаша үйлесімнің нәтижесі. Теңгерім бұзылған жағдайда жүйе функционалдығын жоғалтады. Тіршілік әрекетін сақтайтын организмдерді биотикалық факторлар деп атайды және азық-түлік тізбегі пирамидасына тірі факторларды қосады. Тіршілік әрекет ететін орта абиотикалық факторлар деп аталады, ал жел, ылғалдылық, жылу, жарық, ауа, су және тағы басқа жансыз факторлар. Сонымен қатар, жер асты қорлары, шахталар, көлдер, мұхиттар, топырақ, атмосфера, климат және тағы басқа өсімдіктер, микроорганизмдер, жануарлар мен адамдар тірі тіршілік иелері деп аталады. Осы екі элементтің бір-бірімен әрекеттесуі – биологиялық, физикалық және химиялық. Тамақтану, физикалық кеңістік, оттегімен қамтамасыз ету және т.б. өзара әрекеттесу табиғи жағдайда болатын кезде экологиялық тепе-теңдік туралы айтылады.



**2-тапсырма.** Берілген мәтінді толық оқып шығындар да, мазмұнын ұғып алындар. Табиғатпен байланысты болған нақыл сөздерге мән беріңдер, оны түсіндіріңдер. Атау тұлғалы сөздерді теріп жазындар.

## ТАБИҒАТ – ТАЛ БЕСІГІМ

Бізді айналамыздағы таңғажайып көріністер, қоршап тұрған жасыл желектен өзге сан түрлі тылсым дүниелер қызықтырады, әрбір адам бойына қуат береді. Ол сұлулық пен әсемдікті шашатын ғажайып құбылыс. Ырыс пен қазынаның қайнар көзі болғандықтан, халқымыз «Табиғат – адамзаттың өмір нәрі, қажетінің табылар содан бәрі» – деп бекер айтпаған.

Табиғатта болып жатқан сан түрлі құбылыстарды біз өзімізбен байланыстырамыз. Оның таза ауасын рахаттана жұтамыз. Мұ-



ның өзі адам баласының табиғатпен тығыз байланыста екендігін білдіріп тұр емес пе? «Табиғат – тап бесігім» деп айтқандай, ғажайып жаратылысының мына жарық әлемге өз нұрын шашады. Мөлдір таза тұнық бұлақтардың сыбдырын, құстардың әсем үнін, әлемнің нұр сыйлаған жарық күнін есітіп те, көріп те жатамыз. Тылсым табиғаттың құпия сырларына үңіле түссек, өміріміз шаттыққа тола бермек. Табиғаттың адамға берер пайдасы мол және жер анамызға табынамыз.

Күн шуағын төгіп айналаны нұрландырса қуанышты деп, аспанды бұлт торлап, желімен жерді жексен етсе табиғаттың ашуы деп түсінетін біздердің, сонау ықылым заманнан бері табиғатқа деген құрметіміз ерекше. Адам баласының табиғат аясында тыныстаған әрбір демі алапат күшке ие. Тылсым табиғат қашан да құнды дүниесімен тамсандыруын тоқтатпақ емес. Табиғат – сарқылмас шабыттың басты діңгегі. Оны сөзбен түсіндіру тіпті мүмкін емес шығар, сірә!

Адам мен табиғат қатар ұғым. Себебі, табиғатсыз адам болмайды, адамсыз табиғат болмайды. Адам жүрексіз өмір сүре алмайтыны сынды табиғатсыз да өмірдің мәні жоқ. Қаймағы бұзылмаған қазақ халқы қашан да «табиғат» ұғымын ұлықтап, тағзым еткен. «Адам – табиғат патшасы» деген ұғым сондықтан айтылса керек. Құндылығын жоймаған бұл ұғымды өзгеше түсініп, «өз жеріме өзім қожа» деп білгенін істеп, немқұрайлылықпен қарап, табиғатты қорғаудың орнына жағымсыз іс-әрекеттер жасау нағыз ақымақтың ісі. Сонау заманның қырат-қырат белестерінен байқасақ, еліміз шұрайлы өлкеге, әсем де сұлу табиғатқа, тіпті орасан зор құдіретті күшке ие екендігі тайға таңба басқандай анық байқалады. Сондықтан да, «Табиғат жер байлығы, батырлар ел



байлығы», «Жер – ана, ел – бала», «Табиғат – тал бесігім» сынды мақал-мәтелдер бекер айтылмаса керек-ті. Ендеше, ата-бабаларымыздан аманат болып, ұрпақ сабақтастығының бірі саналар табиғатты қорғау әрбір перзенттің міндеті екендігін естен шығармайық.



**Септік** – сөйлемдегі сөздерді бір-бірімен байланыстырып, олардың арасындағы синтаксистік қатынастарды көрсетіп, өзі жалғанған сөзге заттық ұғымға қатысты грамматикалық мағына үстейтін қосымша. Септік тікелей өзі немесе басқа формалармен бірлесіп келіп, зат пен қимыл я зат пен зат арасындағы субъектілік (субъектілік-предикаттық), тура және жанама объектілік, меншіктік-қатыстық, мекендік және мезгілдік, құралдық және көлемдік сияқты қатынастарды білдіреді.

**Атау септік.** Атау септіктің арнайы жалғауы жоқ, зат есімнің негізгі және туынды түбір тұлғасымен сәйкес келеді. Кейде көптік және тәуелдік жалғау тұлғаларында да тұрады. Атау тұлғадағы зат есім сөйлемде бастауыш қызметін атқарады. Егер басқа сөз таптары (сын есім, сан есім, есімше, тұйық етістік т.б.) атау тұлғасында тұрса, олар заттанып, сөйлемде бастауыш болады.



### Өзіндік жұмыс

«Адам – табиғат патшасы» тақырыбында шағын диалогтік мәтін құрастырың-дар. Онда жіктеу есімдіктерін (мен, сен, сіз, ол, біз (біздер), сендер, сіздер, олар) пайдаланыңдар.



**3-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен тәуелдеулі сөздің жатыс септігін қабылдауына мысалдар тауып, оған талдау жасаңдар.

Үлгі: тұмсығында. Тұмсық – түбір сөз, зат есім; -ы – тәуелдік жалғауының III жақ көрсеткіші, -нда – тәуелдеулі сөзден кейінгі жатыс септігінің көрсеткіші.

### ТҰРАН ЖОЛБАРЫСЫ

Жолбарыс – әлемдегі ең танымал жыртқыш аңдардың бірі. Жануар әлемінің көрікті және қорқынышты. Ірі жыртқыштың салмағы 250–300 келі тартатын. Тұран жолбарысының бір ерекшелігі – жирен түсті жүнінің бояуы қанық. Қысты күні терісі, әсіресе, қарын тұсының жүні қалыңдай түседі, тұмсығында қою мұрты болған.



Құжаттарға қарағанда, Жетісудағы соңғы жолбарыс 1940 жылы аңшылар оғына ілінген. Арада бірнеше жыл өткен соң Іленің төменгі етегінен ізін көргендер бар.

«Тұран жолбарысы» немесе («Каспий жолбарысы») – тұқымы бүгінде Орта Азия мен Қазақстанда мүлдем құрып біткен. Ғылыми тілде «Тұран жолбарысы» (кейде

«Каспий жолбарысы») деп аталған жолбарыс тұқымы бертінге дейін Қазақстан мен Орталық Азияны мекендеген. 1950 жылдардың соңында бірде-бір тұқымы қалмаған. Тұран жолбарысы 1960 жылдары халықаралық Қызыл кітапқа енгізілмей қалған. Ірі жыртқыштың салмағы 250–300 келі тартатын. Тұран жолбарысының бір ерекшелігі – жирен түсті жүнінің бояуы қанық. Қысты күні терісі, әсіресе, қарын тұсының жүні қалыңдай түседі. Тұмсығында қою мұрты болған.

Қазақстан жерінде жолбарыстардың көбірек мекендеген жері – Сырдария өзені мен Арал теңізінің бойы, кейінгісі Балқаш көлі мен Іле өзені аумағы болған. Сондай-ақ, Шу мен Сарысу, Талас, Арыс өзендерінің бойы, Билікөл маңы, Қаратау жоталарын мекендеді деген ғылыми тұжырым да бар. Шу өзені бойында 1912 жылы екі жолбарыс өлтірілген. Сырдарияның соңғы жолбарысының бірі 1925 жылы Қармақшы ауданы, Жосалы кентінің маңында, ал енді бірі 1933 жылы Қазалы маңында жан қиған. Дегенмен, Шу жолбарысын 1940 жылға дейін көргендер болса, Сырдария бойындағы ну жыныста тұран жолбарысы 1945 жылға дейін де ұшырасып отырған. Ғалымдардың зерттеуінше, тұран жолбарысының салмағы – 170 пен 240 келі аралығында, ұзындығы – 2,70–2,90 метр болған. Салмағы жөнінен уссурий жолбарысынан зор тұран жолбарысы, одан гөрі әлді болған. Керуенге кенеттен шабуыл жасаған тұран жолбарысының атан түйені ұрып жығып, қамыс арасымен 100 метрге дейін сүйреп барғаны туралы оқиға хатқа түскен. Биологтардың мәліметінше, 1900 жылы тұран жолбарысының жортуылдайтын аумағы батыста Қара теңізге, шығыста Алтай тауларына дейін созылған.

Мұрағат деректері бойынша, 1880 жылы Арал түбіндегі ауыл маңында отын жинап жүрген бір әйелді жолбарыс жеп қойған. Дәл солай Перовский гарнизонының офицері де жолбарыстың жемі болыпты. Кешке қарай офицер көзге түспеген соң, дабыл көтеріліп, оны солдаттар іздеуге кіріседі. Жолбарыс әлгі офицерді қамыс арасына апарып түк қалдырмай жеп қойыпты. Осындай оқиғалардан кейін тұран жолбарыстарын жаппай қыру басталған тәрізді. Әр өлтірілген жолбарыс үшін сый ақыға 25 сом (ол кез үшін бұл 40 қойдың құны) берілген. Атақты контрреволюционер

Лев Давидович Троцкий 1928 жылы Алматыға айдалып келгенде, қауіпсіздік қызметкерлері оған Іле өзені бойына аңшылық құруға рұқсат берген екен.



**4-тапсырма.** Төменде берілген сөйлемдердегі есімдіктердің септелуіне назар аударыңдар. Септік жалғауларының қалай жалғанғандығын біліп алыңдар.

1. Сол көштің алдында ұзақырап кеткен мынау бір топ аттылар – Абай мен оның жас достары, кей ақын-әншілер. 2. Осы соңғы күндерде Ақылбай бір алуан жарыс үлгісін айтқан еді. Ол төрттік жырды төрт ақын болып, іліп-қағып айтатын бір дәстүр. 3. ...Бағанадан кезек қағысып, шапшыңдыққа өздерін қайрағандай боп келе жатқан ақын жігіттер тегіс елең ете қалысты. 4. Ол – бұлардың ішіндегі ең шапшаңы және тапқыр, айтқышы. 5. – Дәрмен, сен шабытыңды ірке тұр. Бағанадан бері есіміз мына Кәкітайда кетіп барады. Бұл неге қосылмайды? Осы айтсын. Айт, кәне, шапшаң! – деп, Мағаш көзін сығырайта күліп, өзінің үнемі қатты қалжыңдасатын құрдасы Кәкітайға қарады. 6. Өзінің шарылдаған қатты үнімен дауыстап тұрып, іле жөнелді. 7. – Бұл қайдан алған ұйқасың, қазақ естімеген сөзді қайдан сүйреп әкелдің, Кәке-ау?! – деді. 8. Мен білсем, осы төрттікті өлең ғып тұрған жалғыз менің жаңағы ұйқасым, – деді. 9. Кәкітай айналадағының қаңқуы, әжуасы көбейген соң көп күлкіні ауырламаса да өзінің ісі дұрыстығын Ерболға қуаттатқысы келді, оған жалынғандай шағынып сөйледі. 10. – Ербол аға, мыналардың орынсыз күлкі, жалған сықағын тыйыңызшы! Арашашы тіледім сізден! Құдай ақы, «шоңның» деген қазақ сөзі бар деп айтып беріңізші мыналарға! – деді.

(М. Әуезов. «Абай жолы» романынан)



Есімдіктердің де, септеу жүйесі басқа есімдермен негізінде бір ізді болғанымен, олардың әр тобына тән кейбір ерекшеліктері де жоқ емес. Мысалы, жіктеу есімдіктерінің жекеше түрлері төмендегіше септеледі:

Атау	мен	сен	ол
Ілік	менің	сенің	оның
Барыс	маған	саған	оған
Табыс	мені	сені	оны
Жатыс	менде	сенде	онда
Шығыс	менен	сенен	онан (одан)
Көмектес	менімен	сенімен	онымен



**5-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен күрделі сөздерді тауып, олардың қай сөз табына жататындығын анықтаңдар.

Үлгі: шоқжұлдыздар – күрделі зат есім; ...

### ШОҚЖҰЛДЫЗДАР



Шоқжұлдыздар – аспан сферасындағы астроном-ғалымдармен бөлінген, бағытталуға көмек беретін аймақтар. Баяғыда шоқжұлдыз деп, белгілі бір жарық жұлдыздармен пішін жасап тұрған аспан денелері аталған. Қазіргі таңда аспаннан 88 шоқжұлдызды көруге болады. Бұлар – шоқжұлдыздар. Вавилон, Мысыр, Қытай және Грецияның алғашқы астрономдары жұлдыздарды қарастырған кезде олардың кейбірінің жануарларға немесе аңыз-әңгімелердің кейіпкерлеріне ұқсас екенін аңғарған. Сөйтіп, оларға Торпақ (өгіз) немесе Персей (грек кейіпкері) деген сияқты атаулар берді. Кейіннен Телескоп сияқты өзге шоқжұлдыздар табылып, ат қойылды. Шоқжұлдыздар белгілі бір пішін жасап, бірге қозғалғанымен олар әртүрлі қашықтықта әрі бір-бірінен тым алыс орналасқан. Біз аспан күмбезінің солтүстік жартышарындағы жұлдыздарды ғана көре аламыз. Ал, оңтүстік жартышардағы жұлдыздарды көруіміз үшін Антарктидаға сапар шегуіміз керек. Дегенмен де, осы екі жарты шарды жалғастырып жататын шоқжұлдыздар да бар. Тек олар санаулы ғана. Көптеген шоқжұлдыздарды осыдан 2000 мың жылдан астам уақыт бұрын алғаш тапқан, Қытай мен вавилонның астрономдары еді. Жұлдыздар ежелгі ғалымдардың қызығушылығын туғызды, бірақ телескоптар жоқ болғандықтан, олар көзге көріне-тіндерге ғана атау берді. Шоқжұлдыздардың пішіндері мен өлшемдері әр түрлі болып келді.



**Кіріме сөздер** – тіларалық қарым-қатынас (байланыс) нәтижесінде бір тілден екінші тілге ауысқан бөгде тілдік элементтер (сөздер, сөз тіркестері, жұрнақтар т.б.). Көбінесе белгілі бір жаңа ұғым-түсініктің атауы болып келетін кіріме сөздер «шет тіл сөздері», «интернационал сөздер», «варваризмдер», «калька» сияқты түрлерге сараланып зерттеледі. Кіріме сөздердің кейбірінің түр-тұлғасынан, дыбысталуынан қай тілдің еншісіне жататыны белгілі болып тұрса, ал ертеден қолданылып, тілге әбден сіңісіп кеткен кіріме сөздің қайсы бірінің түп төркінін айқындау үшін арнайы этимологиялық зерттеулерге жүгінуге тура келеді.



**6-тапсырма.** Берілген мәтіннен атауыш сөздерді табыңдар да, ол сөздердің қай сөз табына тиісті екендігін ажыратыңдар.

### ЖЕТІҚАРАҚШЫ

Жетіқарақшы (лат. Ursa Major) – аспанның Солтүстік жарты шарындағы Үлкен аю шоқжұлдызының ең жарық жеті жұлдызы. Аталған жеті жұлдыз шөміш пішінді иіліп солтүстік аспаннан өте анық көрінеді және ол Темірқазық жұлдызын жердің өз өсінде айналуына орай әр күні айналып жүргендей көрінеді. Жетіқарақшының жеті жұлдызының ішінде 1,8 жұлдыздық шамаға дейін жалтырап көрінетін ең жарық жұлдыз – Ырық (Алиот) пен Ерік (Дубке) есептеледі. Және оның шеткі екі жұлдызы ( $\epsilon$  және  $\alpha$ ) бойынша Темірқазық жұлдызын табуға болады. Жеті қарақшы шоқ жұлдызының төңірегінде көптеген галактикалар мен планетарлық тұмандықтар бар. Ең жақын галактика мен Жердің арақашықтығы 70 млн. жарық жылын құрайды.



Түнгі күзеті көп мал шаруашылығымен шұғылданған қазақ халқы түні бойы батпай Темірқазықты айнала қозғалатын Жетіқарақшыны Жер тараптары мен түн мезгілдерін айыруда жиі пайдаланған. Жетіқарақшының ең жақсы көрінетін айлары – наурыз, сәуір айлары. Жетіқарақшы республиканың барлық аумағынан айқын көрінеді.

Қазақ ертегілері бойынша Жетіқарақшы және Темірқазыққа қатысты екі ертегі сақталған.

**Біріншісі:** Тәңірі өз аттарын Темірқазыққа байлайды. Темірқазықтың қасындағы қос жарық жұлдыз, сол Ақбоз ат пен Көкбоз ат есептеледі. Темірқазыққа арқандалған тұлпарларды ұрлау үшін жеті қарақшы жылқыны торуылдап, жайылған жылқының соңынан қуалап, баспалап, айналып жүреді. Бірақ, әр күні таң атып кетіп олар қапы қалып отырады.

**Екіншісі:** Осыдан көп заман бұрын аспан әлемінде ағайынды жеті жігіт өмір сүріпті. Өздерінің ауызбіршілігі мықты, күшті, сотқарлықпен аты шығып жүріпті. Күндердің күнінде ағайындылардың бірі – Үркер шоқжұлдызының Үлпілдек атты сұлу қызына ғашық болып, ұрлап кетіпті. Сол әрекетінен кейін, оларды басқалар Жетіқарақшы атап кетіпті. Қыздарын қарақшылардан құтқарып алу үшін Үркерліктер әлі де Жетіқарақшыны қуып жүр екен дейді, жақындап қалғанда ылғи да таң атып қала береді екен. Қуып жеткенде олардың қырғын соғысынан ақырзаман болады дейді, аңыз. Ең жарқырап тұрғаны қарақшылардың атаманы, жанында көмескіленіп тұрғаны сол Үлпілдек ару екен. Шын мәнінде

зер салып байқап қарасақ, Жетіқарақшының сабы жағынан қарасыңыз екінші әлде үшінші жұлдыздың түбінен әлсіз жарықты жұлдызды көресіз. Одан соң аспан әлемінің екеуі екі қарама-қарсы тұсынан туса да таң бозарғанда бір-біріне өте жақындап қалады. Бәлкім, көптеген халықтарда Жеті санының қастерлі болуы, әсіресе апта санауының жеті күнді негіз етуі осы жеті жұлдыздан құралған Жетіқарақшыға қатысты болса керек.



**Атауыш сөздер** – өзіне тән толық лексикалық мағынасы, тұрақты дыбыстық құрамы, морфологиялық белгісі, дербес синтаксистік қызметі бар негізгі сөздер тобы. Айналада ұшырасатын өмірде қолданылатын дербес ұғымдардың атаулары **атауыш сөздер** тобына жатады (аз, ар, ат, бас, жол, ұн, із, оқы, кел). Атауыш сөздердің түбірі өзгермейді. Олар жеке тұрып та, өзге сөзбен тіркесіп те сөйлемде дара не күрделі мүше бола алады (үйде – үй ішінде, айтты – айта береді). Атауыш сөздер тілдегі барлық сөзге ұйытқы саналады. Атауыш сөздерден жаңа сөздер жасалады. Атауыш сөздер есімдер (зат есім, сын есім, сан есім, есімдік) және етістіктер болып үлкен екі салаға бөлінеді.



**7-тапсырма.** Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтіннен сын есім мен сан есімдерді тауып, олардың мағыналық түрлеріне қарай жіктеңдер.

## ЕГІЗДЕР ШОҚЖҰЛДЫЗЫ



Егіздер шоқжұлдызының шығу тарихы гректердің құдайларға байланысты аңыздарынан басталады. Аңыз бойынша, Зевс пен Ледадан егіз балалар туылады. Біреуі – Поллукс, екіншісі – Кастор. Олардың біреуі шексіз өмірге ие болса, екіншісі адамға берілер жаспен ғана өмір сүреді. Әрқашан бір-бірінен бөлінбей жүретін екі ағайындыны да бөлетін күш табылады. Ол күш адамға берілетін жаспен ғана өмір сүретін бауырының қазасы. Асылы, екі егіз бір-бірімен сансыз рет күш сынасқан екен. Бірақ, Идас пен Линкей соғыс олжасын бөліскен кезде олар ортасында қайшылық туылады да, жекпе-жек басталады. Линкей Касторден өледі, сосын Идас Касторды өлтіреді, ал Идасты Поллукс өлтіреді. Сосын Поллукс Зевстен сыңарын тірілтуді сұрайды және өзінің өлместік қасиетінен бас тартатынын айтады, бірақ грек құдайлары адамдарға жан беру-

ді ұнатпайды. Әкесі егіздің сыңарына бауырыңмен өз өміріңмен бөліс деп кеңес береді. Бауыры әкесі айтқандай істейді. Екеуі бір күнін өлілер жерінде өткізсе, келесі күнін тірілер жерінде өткізеді. Грек Құдайлары әсерленіп, екі егізді аспанның солтүстік жартышарындағы Егіздер шоқжұлдызына айналдырады.



Егіздер – Солтүстік аспан жарты шарындағы сары жолақты өңірдегі шоқжұлдыз. Егіздер өзге жұлдыз белгілерінен екіжүзділігі және тұрақсыздығымен ерекшеленеді. Олар жағдайға бір уақытта жан-жақты баға бере алады, бір уақытта жақсы көріп, жек көре де алады. Тіпті, кейде өз табиғаттарының күрделілігін өздері де түсіне алмайды.

Егіздердің мінезі ауа райы сияқты құбылмалы. Олардың тартымдылығы болмаса, өзгелердің оларға төзуі қиын. Егіздер көпшіл, сондықтан олармен әңгімелесу жағымды, сонымен қатар қызықты. Себебі олар түрлі жағдайларға тап болып жүреді. Сонымен қатар, Егіздер әр нәрсені тез үйреніп алып, оны бөліскенді жақсы көреді.

Егіздер мұқияттылығымен ерекшеленгенімен, оны өз пайдасына қолдана алмайды. Тіпті, кейде әр нәрседен секемденіп, күмәнданып, түймедейді түйедей етеді. Егіздер қызғаншақ келеді, оған қоса айналасындағылар өзін көре алмайды деп ойлап, кейде жақын достарын да жау көреді.

Егіздерді түсіну қиын, көбі оларды екіжүзді деп ойлайды. Алайда Егіздердің алдаса да, өзгені емес, бірінші кезекте өзін алдап жүретінін түсіне бермейді.

Егіздердің өміріндегі барлық нәрсе екі түрлі сипатқа ие. Бір жағынан, жұлдыздар оларға ниеттің тұрақсыздығын берсе, екінші жағынан, оларға түрлі сынақтарды да жаудырады. Десе де, сол арқылы Егіздер табандылыққа қол жеткізеді.

Егіздер белгісінде туылған ерлер әдетте, өмір бойы жаңа қызығушылықтарды іздеп жүреді. Алайда көздеген мақсатына тік емес, анағұрлым жеңіл жолмен жетуді жөн көреді. Олар түрлі нәрселерге қызығушылық танытқанымен, ешқайсысымен нақты айналыспайды. Сонымен қатар, еш қорықпастан тәуекелге бел буа алады.

Егіздер белгісінде туылған әйелдер өте ақылды және қабілетті. Олар әр нәрсені жеңіл меңгереді, сонымен қатар түйсігі жақсы дамыған. Десе де, мұндай әйелдер шынымен де маңызды нәрсені бірден ажырата алмайды, алаңғасар болып көрінгенімен, қажет кезде тез жинақталып алады.

Егіздер – белсенді жұлдыз белгісі болғанымен, олардың күш-қуатына сәттілікке қажетті бағыт жетіспейді.

Егіздер алдағы уақытқа жоспарлаған мақсатына жетуге қабілетсіз болғанымен, ұсақ-түйек жайттарда оларға жетер жан жоқ. Егіздердің туа бітті тиянақтылығы күнделікті кездесетін қиындықтарды оңай шешіп, өмірін жайлы әрі жағымды етуге мүмкіндік береді.

Егіздер өзінің кемшіліктерін жақсы біледі. Олардың артықшылығы да осы. Себебі әлденені атқару қолынан келмеген уақытта өзгелерден көмек сұрауға арланбайды. Әдетте Егіздердің досы көп болады. Оған аталған жұлдыз белгісі өкілдерінің көпшілігі, тартымдылығы мен жұғымдылығы себеп.

Сонымен қатар, Егіздер өте ақылды. Алайда кейде тілімен «шағып» алатын кездері де болады. Егіздердің достары үнемі қошемет сөздерін естісе, ал дұшпандарына оңай тимейді.



**8-тапсырма.** Берілген жіктеу есімдіктерін үлгі бойынша септендер.

№	Септіктер	ЖІКТЕУ ЕСІМДІКТЕРІ							
		Мен	Сен	Сіз	Ол	Біз	Сендер	Сіздер	Олар
1	Атау	Мен							
2	Ілік	Менің							
3	Барыс	Маған							
4	Табыс	Мені							
5	Жатыс	Менде							
6	Шығыс	Менен							
7	Көмектес	Менімен							



**9-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып, мазмұныны ұғындар. Мәтіннен атауыш сөздерге мән беріп, олардың қай сөз таптарына жататындығын анықтаңдар.

### ҰЛЫҚБЕК – ТҮРКІ ӨРКЕНИЕТІНДЕГІ ҰЛЫ ТҰЛҒА

Өмір Темір мемлекеті ғылым, мәдениет, өнер, әдебиет салаларында ең үздік туынды үлгілерін шығара білді. Бұл мемлекеттегі зиялылар өздерін «түрік» деп атай бастады. Осы үдерістің ең маңызды өкілдерінің бірі, Шахрухтың ұлы, Ұлықбек болып табылады.



Ұлы тұлғамыздың шын аты – Мұхаммед Тарағай. Әмір Темірдің әкесінің құрметіне осылай аталған. Алайда ұлы тұлғамыз көбірек «Ұлықбек» атымен танымал. Бұл лақап ат Темір қолданған және «Бас әмір» деген мағынаны білдіретін «Амир-е Кәбир» атағының түрікшесі болып табылады. Демек, Ұлықбектің кезіне келгенде, Темір мемлекетіндегі түріктер өздерінің болмысы мен тіліне көңіл бөле бастаған.

Ұлы тұлғамыздың ғылым мен астрономияға қызығушылығы бір жағынан оның бала кезінде жер-жерді кезіп қыдыруына байланысты болса, енді екінші жағынан ұстазы Ариф Азари да оған ықпал етті. Оның үстіне Ұлықбектің әкесі Шахрух та ғылымға жақын адам болған еді.

Ұлы тұлғамыз жастайынан атасының қасында жорықтарға қатысып жүрді. 1404 жылы Темірдің Қытайға ұйымдастырған жорығында да Ұлықбек қолбасшы ретінде қатысуы керек еді. Алайда, Әмірдің 1405 жылы қайтыс болуы бұл жорықтың жүзеге асуына мүмкіншілік бермеді. Десе де, Темір өлмей тұрып, немересі Ұлықбекке Сайрам, Әулие-Ата және Жетісудың біраз бөлігін қалдырған болатын.

Әмір Темір қайтыс болар кезінде, өзінің мұрагері ретінде үлкен ұлы Жихангерден тарайтын немересі Пірмұхаммедті белгілеген болатын. Алайда Әмір Темір қайтыс бола салысымен, тақ таласы басталды. Ақырында 1406 жылы Мәуереннахрды Халил Сұлтан өзіне бағындырды. Ұлықбек әкесін паналауға мәжбүр болды. 1409 жылы болған шайқаста Шахрух Халил Сұлтанды жеңіп, Темір мемлекетінің жалғыз билеушісіне айналды. Шахрухтың өзінің астанасы ретінде Самарқантты емес, Гератты таңдауынан кейін ұлы тұлғамыз орталығы Самарқант болған Мәуереннахр өңірінің әміріне айналды. 1411 жылы он жеті жасар Ұлықбек аймақтың ең ықпалды тұлғасына айналды.

Ұлықбек ішкі саясатта Самарқантты ғылым мен білімнің орталығына айналдыруға тырысты. 1417–1420 жылдар аралығында ұлы тұлғамыз Самарқанттың Регистан алаңында үлкен медресе салдырды. Бүкіл Ислам әлемінен математиктер, астрономдар, химиктер, ақындар мен философтар осында бас қосты. Ұлықбектің өзі де ғалымдармен түрлі тақырыптарда пікір таластырағанды ұнататын еді. Ал 1428 жылы ол Гүрхани Зиж деп аталатын обсерватория салды. Осы обсерваторияның арқасында ол, 1437 жылы «Зиж-и Сұлтани» деп аталатын 994 жұлдыздың орнын анықтаған еңбек жазып шықты. Ұлықбектің шәкірттері де оның ісін жалғастырып, ғылымның дамуына үлес қосты. Солар-



дың бірі және бірегейі Ұлықбек қайтыс болғаннан кейін Истанбулға келген Али Кушчы болатын.

Сыртқы саясатта Ұлықбектің екі басымдығы болды. Бұның бірі – Шағатай хандығының шығыс қанаты болып саналатын Моғолстанның күшеюіне жол бермеу, ал екіншісі – солтүстікте барған сайын ықпалы артып бара жатқан өзбектерге тосқауыл беру. Ұлықбек Моғолстанға қарсы Шағатай тұқымдарын қолданады. Ұлықбектің өзінен бұрынғы атасы Әмір Темір мен әкесі Шахрух секілді Шағатай хандарының атынан билік жүргізгені белгілі. Ұлықбек өзінің қарамағындағы Шағатай ұрпағы Сатық ханға қалың қол беріп, Моғолстан ханы Уәйіске қарсы жібереді. Ол заманның халықаралық құқығына сай, Сатық хан Шағатай ханның ұрпағы болғандықтан, Моғолстанды билеуге құқығы бар еді. Ыстық көл маңында болған шайқаста Ұлықбектің адамы жеңіске жетіп, Моғолстан тағы Сатық ханға өтеді. Осылайша 1429–1434 жылдар аралығында Моғолстан Ұлықбектің ықпалында болады. Алайда, Сатық хан қайтыс болғаннан кейін моғолыстандықтар Уәйіс ханының ұлдарын таққа шығаруға талпынады. Алайда халықтың бір бөлігі Уәйіс ханның үлкен ұлы Юнусты қолдаса, көпшілік бөлігі кіші ұлы Есен Бұғаны қолдады. Тақ таласында жеңіліп қалған Юнус Ұлықбекті паналайды. Ұлықбек бұл кезде Юнусты қолдаудың орнына оны тұтқындап, әкесіне жіберген еді. Шахрухтың қарамағында тәрбиеленген Юнус кейіннен Моғолстанның тағына шықты. Ал, солтүстіктен келген өзбектермен Ұлықбек бір жеңіп, бір жеңіліп, көп соғыс жүргізді. Ақырында қызы Рабия Сұлтан Бегімді Әбілхайырға беріп, бітімге келді. Осыдан кейін, солтүстік шекара біраз уақыт тұрақталған болды.

1447 жылы әкесі Шахрух қайтыс болғаннан кейін, Темір мемлекетінің тағына талас басталды. Бұл тақталасында Ұлықбек те бар еді. Ұлы тұлғамыз інісі Байсұңқардың ұлы Алауддинге қарсы бірнеше жорық жасады. Ақырында екі жақ бітімге келіп, ескі шекараны қайта бекітті. Алайда, осы кезде ұлы Әбдуллатиф әкесіне қарсы бүлік бастап, тақты тартып алды. Жеңіліске ұшыраған Ұлықбек ұлынан қажылыққа бару үшін рұқсат сұрады. Ұлы тұлғамыз қажылыққа бара жатқанда өлтірілді.



### Өзіндік жұмыс

Төменде берілген тірек сөздерді пайдаланып шағын мәтін құрастырыңдар.

Обсерватория; математика; астрономия; Самарқанд билеушісі; астрономдар; тарихшылар; Самарқанд медресісі; квадрант принципі; ғимарат; шеңбер доғасы; жұлдыздың биіктігі; планеталар; тұтылулар кезеңі; ғаламшарлар өлшемдері; мәрмәр квадранты.



**10-тапсырма.** Мәтін мазмұнын ұғып алыңдар. Берілген мәтіннен ауыс мағыналы сөздерді тауып, оны тура мағынасымен салыстырыңдар. Ілік септік формалы сөздердің сөйлемдегі қызметін анықтаңдар.

### БӘЙШЕШЕК – КӨКТЕМ ЕЛШІСІ

Бәйшешек күн жылынып, шуақты көктемнің келе жатқанын алғаш хабарлайтын күй – талғамайтын гүл. Көктемнің басында, қыстың қары толығымен еріп бітпеген кезде, тауда және тау бөктерінде, ормандағы қардың астында, толығымен ала қардың астынан ақ, көгілдір немесе күлгін ғажайып, бәйшешек гүлі шығады. Бәйшешектің гүлдегенін көрмеген адамдар да, ол туралы білмейтіндер де бар.



Бәйшешектің латынша атауы «галантус». Ол гректің «гала» – *сүт* және «антус» – *гүл* деген сөзінен шыққан, яғни қазақша *сүт тамшысы* деген мағына береді. Бәйшешектің аппақ қауызы шын мәнінде де, қатып қалған сүт тамшысына ұқсайды. Халық арасында бәйшешек әр түрлі аталады, оның атауы көп. Кейбірі бұл гүлді «Қар астындағы раушан», «Бір айлық», «Пасха қоңырауы» деп те атай береді.

Бәйшешек – нәркес гүлінің туысы. Олардың екеуі де амариллистер жанұясына жатады. Бәйшешек қар түскеннен кейін, қаңтардан бастап, сәуір айына дейін гүлдейді.

Бәйшешектің ең көп түрін Кавказда кездестіруге болады. Ол жерден бәйшешектің он алты түрі табылған.

Бәйшешектің құрамында алғаш рет Воронов бәйшешегінің баданасынан бөлінген және «маңызды және негізгі дәрі-дәрмектер» тізіміне кіретін гортанамин органикалық қосылысы бар. Галламинді жұлын қабынуының қалдықтық әсерін, қозғалыстық бұзылуларды, орталық жүйке жүйесінің бұзылуымен және басқа да ауруларды емдеу үшін қолданады.

Бәйшешектің көктемде шығатынына қарамастан, ол 10 градус аязға да төзе алады. Оған мұндай аязға төтеп беруіне негізі сабағындағы жұқа түктерден тұратын өзіне тән қабығы көмектеседі.

Бүгінде ғылымға бәйшешектің 80-ге жуық түрі белгілі. Оның ең сирек кездесетін түрлері Орта және Оңтүстік Еуропада, Қырым, Кавказ жерлерінде, Кіші Азия аумағында кең таралған. Гүлдің 6 түрі қызыл кітапқа енгізілген. Қазақстан елінде Іле, Жетісу

(Жоңғар), Теріскей Алатауларында, Ұзынқара (Кетпен) жотасында, Қаратауда өседі.



**11-тапсырма.** Берілген Дәулеткерейдің айтыс үзіндісінен бейнелеу құралдарын (метафора, метонимия, синекдоха) тауып, оны тура мағыналы сөздермен салыстырыңдар.

Айтыстағы арғымақ жыр ала мойнақ,  
 Жанымның жайлауында салады ойнақ.  
 Алдыңа алып-ұшып келгенімде,  
 Сөйлеммен жайдақ сөзбен жадағайлап.  
 Жетісу – жаннатты өлкем, жұмақ мекен,  
 Қазаққа құтты қоныс, адал аймақ.  
 Армысың, асқақтаған Алатауым,  
 Алаштың аспанындағы ала байрақ!  
 Қалса да, қалтаң тесік, қораң босап,  
 Қоңторғай тірліктерің қоғамға шақ.  
 Наурыздан науат самал есілгенде,  
 Көңілің жайма-шуақ болар ма шат?!  
 Жәрмеңке жиыныңды жыр етермін,  
 Ойымнан отыз ауыз орам жасап.  
 Елордадан елші боп келмес едік,  
 Берекеңе дәнекер бола алмасақ?!  
 Мен емес айтысқанда ерсі кеткен,  
 Дабылы дүлдүлдердің өршіл, өктем.  
 Жазира жанымызға шуақ құйып,  
 Дариға, даламызға келші, көктем.  
 Қар астынан бәйшешек қылтиғанда,  
 Алашқа ұран, айтысқа елші жеткен.  
 Інімді ала келдім қапталыма,  
 Езуінен ерке өлең еншілеткен!  
 Ал, інім, ұлтым деген ұл ма екенсің,  
 Жанымды жақсы жырмен нұрлы  
 етерсің.

Бола алсаң үзеңгі аман үзеңгілес,  
 Ағаңмен арманыңа бір жетерсің.  
 Алыпқашпа әңгіме айтпай халық,  
 Айтысқа абырой мен құрмет ерсін.  
 Бауырым, барыңды сал, ал, ендеше,  
 Піл көтере алмағанды, тіл көтерсін!

(Ә. Әбдрайымұлы)



**12-тапсырма.** Мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар да, осындағы «көктем жаршысы», «үміт гүлі», «табиғаттың тіршілік иелері», «үкілі үміттің нышаны», «сүтті өсімдік» перифразаларға мән беріп, олардың қай сөздің орнына қолданылып тұрғандығын анықтаңдар.

### БӘЙШЕШЕК БҮР ЖАРҒАНДА

Қыстан әбден шаршаған халық, көктемнің жаршысы – бәйшешекті сарыла күтеді. Алғашқы көктемнің аңқыған иісін сездіретін бәйшешек гүлі емес пе?! Мұзды да жарып шығатын осы бір гүлдің күш-жігері адамзатты әрқашан таң қалдырған. Ол бір уақытта, өзіне әлемнің бар сұлулығын да жігерлілігін де жинағандай.

Бір қызығы, бәйшешек қанша мекенде өссе, сонша түрлі сипатта болады екен. Мысалы, Алтай өңірлерінде сары түсті және ұсақ болса, Кавказ өңірлерінде ақ түсті, ортасында кішкентай жасыл түсті тұқымшары болатын көрінеді.

Қараңғы түнекте кішкентай ғана сәуле көрінсе, сол сәуле жүрегімізге үміт сыйлайды. Бәйшешекте сол сәуле сияқты халықтың жадында үміт, сенім рәмізін сыйлаушы ретінде қалыптасқан.

Бәйшешек бүр жарғанда, күннің нұры жерге шуағын төккенде көңіл шіркін алабұртып, алдағы күндерден жақсылық күтіп, үкілі үмітін келешекке жалғайды. Ерте көктемде қар еріп, жердің беті ақ ұлпа тонын шешкенде, үміт гүлі – бәйшешек оянады. Оған қар да, көктемнің ызғарлы суық желі де қорқынышты емес. Айналада табиғаттың басқа тіршілік иелері оянбаған шақта, қардан кейін қылтиып шығатын көктемнің алғашқы гүлі – тіршіліктің, үкілі үміттің, табиғат ананың оянғанының нышаны.

Расында, бәйшешек латын тілінде «сүтті өсімдік» (галантус) деп аталады. Ол медицинада дәрілік гүл ретінде мойындалған. Халық медицинасында да ежелден емге қолданылып келеді. Өкпе туберкулезі, бронхит пен құрыспа ауруларында бәйшешектің тамырын, яғни түбіндегі пиязын (аз мөлшерде) сүтке пісіріп беруге болады деседі. Ал, тамыр сабағы мен жапырағының қайнатпасы буын ауруларына ем. Оның қақырық түсіретін, несеп айдайтын, аздап іш жүргізетін де қасиеті бар. Ол, сондай-ақ, қан құрамын жақсартып, ішек секрециясы мен тамақ бездерінің қызметін қалыпты жүйеге түсіреді екен. Міне, талдап сараптай берсек, адам денсаулығына тигізер пайдасы мол бәйшешек гүлі тек табиғатты ғана емес, адам жанын да түрлендіруге қауқарлы екенін аңғарасыз. Тек табиғат ананың қисапсыз берген сыйының бірі қызыл кітапқа еніп, есептеулі күйге түскенін көрмейсіз бе?

(Гүлнәр Дүйсебай)



**13-тапсырма.** Берілген сурет бойынша шағын әңгіме құрастырыңдар (14–20 сөйлем). Мәтін құрауда бейнелеу құралдары мен тұрақты сөз тіркестерін пайдаланыңдар.



Тұрақты сөз тіркесі, **фразеологиялық тіркес** – екі немесе одан да көп сөздердің тіркесуінен жасалып, бір ұғымды білдіретін бейнелі сөздер тобы.

Тұрақты сөз тіркесінің құрамындағы сөздер өздерінің дербес мағыналарынан ажырап, жеке-дара сөздерге балама ретінде жұмсалады, олардың тіркестегі мағынасы жеке тұрғандағы мағынасына сай келе бермейді (көре алмау – қызғану; іші күй – өкіну, т.б.)



**14-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен шығыс септік жалғауы жалғанған сөздерді тауып, оларға талдау жасаңдар.

Үлгі: алғаннан, жылдан, ...

Алғаннан – шығыс септік жалғау формалы, негізгі түбір, етістік (есімше).

Ал – етістік;

-ған – есімшенің жұрнағы;

-нан – шығыс септігінің жалғауы.

## 8-НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ

Халықаралық әйелдер күні – әр жылы 8-наурызда тойланатын мейрам. Тарихта әйелдердің теңқұқықтық пен эмансипация жолындағы күресіндегі ынтымақтық күні ретінде пайда болды. 1975 жыл – Халықаралық әйелдер жылы боп аталғаннан кейін, сол жылдан бастап, БҰҰ ресми түрде наурыздың 8-ші күнін Халықаралық әйелдер күні етіп бекітті.

Жыл сайын 8-наурыз күні Халықаралық әйелдер мерекесін әрбіріміз әдемі гүлдермен, қымбат сыйлықтармен тойлауды әдетке айналдырдық. Бүгінгі күні 8-наурыз мейрамының түп-тамыры сонау ХХ ғасырдың басындағы барша әйелдердің өз құқықтары үшін күресінде жатқанын бірі – білсе, бірі – білмес.

Халықаралық әйелдер күні, әлемнің жиырмадан астам елінде ресми мереке ретінде белгіленген. Оның тарихы Біріккен Ұлттар Ұйымының бүкіл әлем елдерін 8 наурызды әйелдердің құқықтары үшін күрес күні – Халықаралық әйелдер күні деп жариялауға шақырған қарары қабылданғанға дейінгі кезеңді қамтиды. Жалпы, әйелдер мерекесі күні туралы алғашқы деректер Көне Рим дәуірінде-ақ болғандығы жайында нақты ақпараттар бар. Екі мыңнан астам жыл бұрын бұл мереке еркін дүниеге келген әйелдер күні ретінде көктемнің алғашқы күндерінде аталып өтілетін.

ХХ ғасырда көктем, махаббат және сұлулық мерекесі бірте-бірте 8-наурыз мейрамына айналып, бүгінде отбасында, еңбек ұжымдарында кеңінен аталып өтіле бастады. Қазіргі уақытта бұл мейрам Біріккен Ұлттар Ұйымында әйелдер құқығы мен халықаралық бейбітшілік үшін күрестің халықаралық күні ретінде аталып өтіледі.

Зерттеу нәтижелеріне қарағанда, біздің елімізде дәл осы күні нәзік жандарға гүл, әшекей бұйымдар, зергерлік бұйымдар, жұмсақ ойыншықтар, дизайнерлік киім-кешектер және иіссулар сыйға тарту кеңінен тараған.





**15-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен бірыңғай мүшелі сөздерді тауып, олардың қай сөз табынан жасалғандығын анықтаңдар.

Үлгі: Сондай-ақ, мейрамда үйде міндетті түрде қымыз, шұбат, сүзбе секілді дәм тататын сүт тағамдары, яғни ақ болу керек.

Қымыз, шұбат, сүзбе – бірыңғай зат есімдер.

### ӨЗ-НАУРЫЗ МЕЙРАМЫ



Наурыз – әлемдегі ең көне мейрамдардың бірі. Орта Азия елдері оны бес мың жылдан аса уақыт атап өтіп келеді.

Бұл ежелгі мереке күнәдан тазару, киім-кешектерді тазарту, үйді тазарту, жамандықтан және өшпенділіктен тазару мерекесі ретінде атап өтіледі. Ол адамдарды басқалардың күнәлары мен

жамандықтарын кешіруге шақырады. Сондай-ақ, бұл күні шығыс елдері екі арадағы кез-келген соғысты тоқтатқан. Ал қазақ ақсақалдары мерекеде араздасқан ру-тайпалармен татуласатын болған.

2010 жылғы 19-ақпандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 64-сессиясында «Әлем мәдениеті» бағдарламасының 49-тармағына сәйкес «Халықаралық Наурыз мерекесі» деп аталатын қаулы қабылданды. Сөйтіп, мереке БҰҰ-мен мойындалды.

Наурыз – Қазақстанда, Қырғызстанда, Өзбекстанда, Түрікменстанда, Түркияда, Тәжікстанда, Иранда, Әзербайжанда, Албанияда, Ауғанстанда, Ирактың Күрдістанында, Үндістан және Македонияда мемлекеттік мереке болып табылады. Оны Татарстан, Башқұртстан, Қытай және тіпті Жапонияда да «жергілікті деңгейде» атап өтеді. Ал 2010 жылдан бастап, Наурыз Грузияда ұлттық мереке болып жарияланды.

Парсы тілінде Наурыз «жаңа күн» деп аударылады. Түркі халықтары, заманауи қазақтардың ата-бабалары Наурыз мейрамында ақ киімдерін киіп, шаштарын қырып, алып тастайтын. Бұл күні тұрғындар бұлақ, бастау, су қоймасы мен құдықтардың бетін ашып, тазартады. Сондай-ақ, мейрамда үйде міндетті түрде қымыз, шұбат, сүзбе секілді дәм татанын сүт тағамдары, яғни ақ болу керек. Егер сүт болмаса, ыдыс-аяқты бұлақ суымен толтырып қоятын болған. Олар осы күні Жаңа жылдық дастарқанның сәнін келтіретін міндетті тағам – Наурыз көже дайындайды.



Наурыз – көктемгі күн мен түннің теңелетін күні. Бұл күні жер шары алаңдарын қоспағанда, бүкіл жер бетінде күн мен түн теңеседі.

Мереке қарсаңында 22-наурыздың түні қазақтар қиял-ғажайып аңыздардағы бейне – Қызыр Атаны күтеді. Наурыз қарсаңы Қызыр түні немесе «Бата түні» деп аталады. Қазақтар бұл түні Қызыр Атаны күтіп, ұйықтамауға тырысатын. Ал тұрмысқа шықпаған қыздар өздері ұнататын жігіттерге арнап, соғымның соңғы етін уызға салып пісіріп, «ұйқыашар» деп аталатын ерекше тағам әзірлейді. Жігіттер мен бозбалалар болса, қыздардың қонақасының қарымтасына айна, тарақ, иіс судан тұратын «селт еткізер», «дір еткізер» сыйлықтарын ұсынады. Сонымен бірге, бойжеткендер терезені сәл ашып, үстелге ұн салынған ыдыс қойған. Егер үй таза және үй иелерінің жүрегі мейірімге толы болса, Қызыр Ата бақ қонған үйге батасын береді деп есептеледі.

Наурыз мейрамы мүмкіндігінше көңілді және шулы етіп атап өтіледі. Ежелде мейрам 13 күнге жалғасқан. Сонда адамдар ауыл-ауылды аралап, наурыз көжеден дәм татып, «Наурыз» әнін айтып, бір-бірін жаңа жылмен құттықтап, жақсылықтар тілейтін. Бұрынғыда бұл күні туыстар мен достарға барып, жаңалықтармен бөлісу және жаңа бірлескен жұмыс бастау дәстүр болған. Дәстүрге айналу себебі, қысқы кезеңде елді мекендер арасында хабар таратып, арада байланыс ұстау қиын болғаннан болып отыр. Мерекеде халық түрлі ойын-сауық ойындарын ұйымдастырып, ат жарыстырып, алтыбақан тепкен.

Наурыз мейрамында халықтық ойындар мен сауықтық кештер ұйымдастырылады. Бұл күні, ұлттық-ойындар мен көңілді кештер өтеді. Мысалы, қыз қуу, алтыбақан құру, ұлттық билер, көкпар, бәйге және т.б. Осы күнгі дәстүрге сай ақсақалдар халыққа жақсы тілек айтып, бата береді. Бұл жақсы тілек: «Халық гүлдене берсін! Ақ мол болсын! Бұл күн молшылық әкелсін! Бүкіл жамандық пен барлық қара іс жер бетінен жойылсын! Ата-бабамыздың рухы бізге әрдайым қолдау көрсетсін!» деген сөздермен аяқталады.

Егер Наурыз мейрамында қар жауса, бұл жақсылықтың белгісі. Ерте заманнан бері қыздардың сұлулығын Наурыз мейрамында жауған қармен салыстырған. Ақ, таза, жұмсақ, үлпілдек қар сұлу ханымдардың асқан сұлулығын бейнелейді.



**16-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен реттік сан есімдерді тауып, оларға талдау жасаңдар.

Үлгі: 11-бабына – реттік сан есім, ...

**Тамды ауданы әкімі Қ. Алдабергеновтың 8-желтоқсан –  
Өзбекстан Республикасы Конституциясы туралы  
Заң қабылданған күн мерекесіне орай аудан  
тұрғындарын құттықтауы**



Құрметті, салтанатты жиын қатынасушылары! Сіздерді егеменді еліміздің негізгі Заңы – Өзбекстан Республикасы Конституциясының қабылданғанына 30 жыл толған атаулы күн – жалпыхалықтық мерекемен шын жүректен құттықтаймын!

Осыдан 30 жыл бұрын, яғни, 1992 жылы 8-желтоқсанда – Өзбекстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің XI сессиясында Егеменді республикамыздың 6 бөлім, 26 тарау, 128 баптан тұратын Конституциясы қабылданды.

Тәуелсіз мемлекетіміз және халқымыз өмірінде кең мағынадағы тарихи сана болған осы бір мереке жөнінде айтар болсақ, Конституциямыздың бүгінгі Өзбекстан мемлекетінің тіктелуі және дамуындағы маңызы зор.

Тәуелсіздігіміздің алғашқы күндерінен бастап, алға қойған ізгі мақсаттарымызға ерісу, яғни елімізде әлеуметтік бағыттағы базар экономикасына негізделген құқықтық-демократиялық мемлекет құру, адам және оның мүдделері, құқығы және еркіндіктері ең ұлы қасиет есептелетін азаматтық қоғамды қалыптастыруда Конституциямыз берік іргетас болып, қызмет етіп келуде.

Өткен қысқа уақыт ішінде тәуелсіз даму жолында Өзбекстан еріскен, дүние жұртшылығы тән алған жетістіктер мен мәрелер, ең алдымен, жүйелі даму үстіндегі экономикамыз және оның тұрақты өсу қарқыны, тұрғындардың әл-ауқатының жылдан-жылға жақсарып, әлемде мемлекетіміз абыройының артып бара жатқаны бұлардың баршасы Конституция негізіне қойылған терең ойланған мақсат, оған ерісуге бағытталған реформалар нәтижесі.

Ата Заңымыздың 11-бабына сәйкес Өзбекстан Республикасы мемлекеттік әкімшілік тізімі заң шығарушы, орындаушылық және сот әкімшілігіне бөлінген принципке негізделген. Осы принцип өмірге енгізіліп, әкімшіліктер арасында өзара мүдделер тепе-теңдігін қалыптастыру, орталықта және жерлерде заң шығарушы және уәкілдік әкімшіліктің бақылау міндеттері рөлін күшей-

ту, сот тізімін либералдастыру және оның тәуелсіздігін тәміндеу бойынша кең көлемді жұмыстар алып барылды.

Негізгі Заңымыздың 39-бабында «Әркім жасы ұлғайғанда, еңбекке қабілеттілігін жоғалтқанда, сондай-ақ, асыраушысынан айрылғанда және заңда көзде тұтылған басқа да жағдайларда әлеуметтік қолдау алу құқығына ие» деп белгіленген.

40-бабында әрбір адам тәжірибелі медициналық қызметтен пайдалану құқығына иелігі, 41-бапта әркім білім алу құқығына ие екендігі, тегін жалпы білім алуы мемлекет жағынан кепілдеп қойылған.

Құрметті, салтанатты жиын қатынасушылары, Сіздерді бүгінгі мерекемен тағы бір рет құттықтай отырып, баршаңызға бақытты өмір, мықты денсаулық, отбасыларыңызға қуаныш-шаттық, жұмыстарыңызға жаңа-жаңа табыстар тілеймін. Еңбектеріңіз әрдайым жемісті болсын!



**17-тапсырма.** Берілген мәтіннен Өзбекстанның кейбір ұлттық мерекелерін біліп алыңдар, мәтіндердегі жалқы есімдерді анықтаңдар. Атау, ілік және табыс септікте тұрған сөздерге мән беріңдер.

### ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ МЕРЕКЕЛЕРІ

**8-наурыз – Халықаралық әйелдер күні.** Халықаралық әйелдер күні – сұлулық, әсемдік және әсемдік мерекесі. 8-наурызды «Аналар күні» деп те атайды. Халық бұл мерекені махаббат, мейірімділік, сұлулық мерекесі ретінде тойлайды. Көктем мен Әйел ұғымдарының байланысына тағы да көз жеткіздік және мұны терең түсінеміз.

**21-наурыз – Наурыз мерекесі.** Ежелгі ұлттық мереке Наурыз («Наурыз мерекесі») парсы тілінен аударғанда «жаңа күн» дегенді білдіреді. Наурыз – 21-наурызда тойланады және жаңа жылдың басы. Бұл күн түн мен күннің теңелу уақыты. Жер жаһандық астрономиялық тепе-теңдік дәуіріне қадам басуда. Еліміз егемендік алғаннан кейін халқымыздың ежелден келе жатқан әдет-ғұрыптары, оның ішінде Наурыз мерекесін тойлау күшіне енді. Бұл мереке – барлық халықтардың достығы мен бірлігінің символы бар ұлттық мереке.

**9-мамыр – Еске алу және құрмет күні.** 1999 жылы 9-мамырда Өзбекстан астанасында Еске алу алаңы ашылды, содан бері 9-мамыр – Еске алу және құрмет күні ретінде тойланып келеді. Бұл мереке, тәуелсіз Өзбекстанда ғасырлар бойы елімізді ерлікпен қорғаған, оның бостандығы, тәуелсіздігі мен халқының тыныштығы үшін күрескен қандастарымызды еске алуға арналған. Есте сақтау және құрмет ету ұғымында терең мағына бар.

**1-қыркүйек – Тәуелсіздік күні.** Өзбекстан Республикасының басты ұлттық мерекесі – Тәуелсіздік күні. Бұл мереке 1-қыркүйекте салтанатты және түрлі-түсті түрде тойланады. Бұл ұлттық мереке халқымыздың достыққа, қайырымдылық пен жан-жақты сыйластыққа негізделген барлық арман-мақсатын көрсететін мереке. Өзбекстанда тұратын түрлі ұлт өкілдері ұлтына, дініне және нәсіліне қарамастан, Өзбекстанның барлық аймақтарында белсенді түрде тойлайды.

**1-қазан – Ұстаздар мен тәрбиешілер күні.** Жыл сайын 1 қазан – Ұстаздар мен тәрбиешілер күні кең көлемде аталып өтеді. Ежелден ұстазға деген терең құрмет сақталған. «Мұғалім», «Домла», «Ұстаз» деген сөздер ғасырлар бойы ұстаздарына деген білім мен құрмет, Отанға деген сүйіспеншілікке ие болған оқушылар құрмет және ізетпен қараған. Мектеп және оқу орындарының оқушылары өмірдің алғашқы білімдерін берген ұстаздарына үлкен құрметпен қарайды. Бұл күні студенттер өмір жолындағы қажырлы еңбектеріңіз үшін гүл шоқтары және сыйлықтарымен шын жүректен алғыс білдіреді.

**21-қазан – Тіл мерекесі күні.** 2020 жылы 10-сәуірде Өзбекстан Республикасының «Өзбек тілі мерекесін тойлау туралы» Заңының қабылданғаны қуантады. Бұл заң жыл сайын 21-қазанды «Өзбек тілі күні» деп атап өтуді бекітті. Енді жыл сайын 21-қазан бүкіл ел бойынша басты мереке ретінде тойланады. Бұл ана тілімізді қаншалықты қастерлеп, құрметтейтінімізді көрсетеді.

Өзбек тіліне мемлекеттік тіл мәртебесін беру – халқымыздың ұлттық тәуелсіздігіне қол жеткізу жолындағы маңызды қадамдардың бірі, сондай-ақ ана тіліміздің сұлулығы мен сұлулығын жан-жақты көрсету, сонымен қатар оның ғылыми тұрғыдан дамуына мүмкіндіктер туғызу.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Есімдік дегеніміз не, оның қандай мағыналық түрлері бар?
2. Жіктеу есімдігінің басқа есімдіктерден қандай ерекшеліктері бар?
3. Сөздердің жіктелуі дегеніміз не?
4. Қазақ тіліндегі септіктерге қалай түсінесің?
5. Атау септігі туралы толық мәлімет бер, оның сөйлемде атқарып тұрған қызметін түсіндіріңдер.
6. Кірме сөздер дегеніміз не, олардың қандай түрлері бар?
7. Жіктеу есімдіктерінің септелуін қалай түсінесің?
8. Ауыспалы мағыналы сөздерге қалай түсінесің?
9. Ілік және табыс септіктер туралы не білесің?
10. Бейнелеу құралдары дегеніміз не?
11. Құттықтаулар қалай жасалады және олардың берілу жолдары қандай?

### III бөлім. САУ ДЕНЕДЕ – САУ АҚЫЛ



**1-тапсырма.** Мәтінді мұқият оқып шығындар да, мазмұнын ұғындар. Мәтіннен есімдіктің мағыналық түрлеріне тән сөздерді теріп жазындар.

#### ДЕНІ САУДЫҢ – ЖАНЫ САУ

Адамның денсаулығы – қоғам байлығы. Әрбір адам өз денсаулығының мықты болу жолдарын қарастыру керек. Дені сау адамның көңіл-күйі көтеріңкі болып, еңбекке әрқашан құлшына кіріседі. Халқымыз «Дені саудың – жаны сау» деп орынды айтқан. Отанымыздың келешегі, көркеюі – салауатты өмір салтын сақтау және қолдауда. Қараңғы үйге кіріп келіп шам жақсаңыз, шамның үйді жарық қылуы анық. Көп қызыл гүлдің ішінен бір ақ гүл көрсең, көзің соған түседі. Біздің де өмірімізді жарық қылатын, жан-жағымызға тамаша сәулесін шашатын, өмірдегі басты байлық – денсаулық. Денсаулық – бұл адамның еңбекке белсенді болуы, әрі ұзақ өмір сүруі, тәннің саулығын және рухани саулығын сезінуі.



Денсаулық – адам өміріндегі ең жоғары бағалы дүние. Өмірдің шаттығы мен қызығы денсаулыққа байланысты. «Денсаулық – зор байлық» – деген сөз бекер айтылмаса керек. Дені сау адам қоғамның белсенді бір мүшесі.

Адамзат өмірге келген соң, өмірін қалай болса солай өткізбеуі тиіс, яғни адам саналы да жарқын өмір сүруі қажет. Ол үшін, ең алдымен, ата-бабамыз айтып кеткендей «Бірінші байлық – денсаулық, екінші байлық – ақ жаулық, үшінші байлық – он саулық» демекші, ең алдымен, саналы да жарқын өмір сүру үшін денсаулық қажет. Ал сол денсаулықты сақтау – өз қолымызда, яғни өз еншімізде. Қазіргі таңда аурулардың түрі көбейіп барады. «Тірі адам түбінде бір ауырмай тұрмайды» деп, данышпан Жүсіп Баласағұнның айтқан сөзі рас-ақ. Өйткені, әрбір адам басында өзіне белгілі бір аурулары бар, бірақ біз сол аурулардың шарықтауына жол бермей оған төтеп беруіміз қажет. «Ауруын

жасырған өледі» (Ә.Науаи) деген сөзге қарсы адам өз бойындағы ауруы бойынша дәрігерлерден кеңес алып, білгендерден сұрап отыруы қажет.

Ал енді, еліміздегі экономикалық жағдайдың өзгеріп нарықтық қатынастардың дамуы, қоғамның әлеуметтік тұрғыда жіктеле бастауы, ол мүмкіншіліктердің бірдей болмауы және осы теңсіздіктің балалардың тұлға болып қалыптасуына да өз ықпалын тигізетіні анық. Ал бұл кәмелетке толмағандар арасында қылмыстың көбеюіне әкеліп соғады. Есірткі құмарлық жасарып келеді. Бұл – дабыл соғарлық жағдай. Бүгін Республикамыздағы тұрақты есірткі құмарлардың 2/3 бөлігін жасөспірімдер мен 25-30 жасқа дейінгі жастар құрайды. Балаларда да есірткіні тұтынатын жағдайларда болады. Мамандардың айтуынша есірткіні татып көрген немесе оқтын-оқтын тұтынған адамдардың жартысынан астамы 13-17 жаста жасаған. Есірткі құмарлықтың үдеп бара жатқаны қылмыстық жағдайдың күрт нашарлауына тікелей әсер ететіні анық. Сондықтан жастарды улап, халықтың болашағына қатер төндіріп жатқан бұл дертке аяусыз күрес ең бірінші өзіміз, отбасымыз және мектепте басталуы қажет. Еліміздің ертеңгі тізгіні жастар қасында мемлекетіміздің алдына қойып отырғаны елулікке ену стратегиясы жүзеге асу үшін жас ұрпақтың дені сау болуы қажет. Сонда ғана өз елімізді елулік қатарынан көре аламыз. Сол үшін өз денсаулығымызды өзіміз күтуіміз қажет.

Өз елін сүйген адам – оның көркеюіне үлесін қосары сөзсіз. Ата-анасын сүйген адам – болашағы үшін күресе білетін адам. Достарың сүйген адам – адамдық қасиеттілігі мол адам.



Кез келген тілдің сөздік құрамы үнемі өзгеріп отырады. Тілге әртүрлі қарым-қатынасқа байланысты басқа тілден сөздер енеді, тұрмыс-тіршілікке байланысты заттар мен құбылыстардың аттары жаңарып отырады. Тілге басқа тілден енген сөздер **кірме сөздер** деп аталады. Қазақ тіліне араб-парсы, моңғол, орыс тілдерінен көптеген сөздер кірген.



**2-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып шығып, оның мазмұнын ұғындар да, ондағы кірме сөздерге мән беріңдер. Кірме сөздерге түсінік беріңдер.

### ДӘРУМЕНДЕР – ДЕНСАУЛЫҚ КЕПІЛІ

Дәрумен – адам мен жануарлардың тіршілігіне, олардың ағзасындағы зат алмасудың бірқалыпты болуы үшін аз мөлшерде өте қажетті биологиялық активті органикалық қоспалар. Дәрумен (латынша **vita** – *тіршілік* және **амин**) туралы ілімнің негізін 1880

жылы орыс дәрігері Николай Луниң салды. 1912 жылы поляк дәрігері Казимеж Функ сол кезге дейін жасалған тәжірибелер нәтижесін қорытындылап, ғылымға дәрумен терминін енгізді. Дәрумен немесе витамин – салыстырмалы құрылысы күрделі емес және әртүрлі табиғаты бар төменгі молекулалы органикалық қосылыстардың тобы. Бұл жиынды химиялық табиғаты бойынша органикада біріктіріледі, олардың ортақ қасиеті гетеротрофтылармен азық түрінде тұтынатынында. Автотрофты ағзалар да дәруменге мұқтаж болып келеді, дегенмен олар дәруменді синтез жолымен не тікелей қоршаған ортадан алады.



Тағамдар құрамында (немесе қоршаған ортада) дәрумендер саны айтарлықтай көп емес болғандықтан, олар, микроэлемент болып табылады. Дәрумендер қатарына әдетте микроэлементтер мен алмастырылмайтын амин қышқылдары жатқызылмайды. Дәрумендерді зерттейтін ілім **ВИТАМИНОЛОГИЯ** деп аталады.

Әрбір адам мүмкіндігінше дәрумендерді пайдаланып тұрғаны дұрыс, маусым арасында адам ағзасы дәрумендерді аса көп қажет етеді. Мүмкіндігінше, табиғи дәрумендерді қолданған дұрыс. **Табиғи дәрумен** дегеніміз – жеміс-жидек, көкөністер, әйтседе оларды қолданған кезде де маусымына қарай пісетіндерін қолдану керек. Жеміс-жидек пен көкөністер әрқайсысында өздеріне тән, ерекше дәрумендері болады. Бірінің құрамында С дәрумені басым болса, енді екіншісі А дәруменіне бай, басқасы асқазанға, жүрек жұмысына, ас қорытуға тағы басқаларға пайдалы. Біздің үйімізде маусымына байланысты түрлі жемістер мен көкөністер жиі қолданылады.

Әр түрлі көкөністер, жеміс-жидектер мен тағамдардың құрамында өздеріне тән ерекше дәрумендері болады. Маусым арасында ағзамызға дәрумендер жетіспеген уақытта қажетті көкөніс немесе тағамды пайдалану арқылы ағзамызды дәрумендермен байыта аламыз. Сонымен қатар, айта кететін бір жайт – қазақ халқының сүт тағамдары дәрумендерге ерекше бай. Мысалға, ұлттық сусын қымыздың бір литрінде 200–260 мг С дәрумені бар екен. Қымызда сонымен қатар сәл бөлу және жүрек жұмысын жақсартатын В тобындағы В(1), В(2), В(3), оның ішінде қанның жасалуына қатысатын В12 дәрумені және ағзадағы тотығу-тотықсыздану реакцияларына әсер ететін С тобы дәрумендері, сондай-ақ, А тобы дәрумендері болады.

Дәрумендер – бұл майда немесе суда еритін, ағзаның қалыпты өсіп, қызмет етуі үшін қажетті, сондай-ақ өсімдік және жануар-

лар тегінің тамақ өнімдерінен табиғи жолмен алынатын органикалық заттар.

Дәрумендер жаңалығы медицинада үлкен рөл ойнайды. Оның арқасында, қыркұлақ, мешел, ақшам соқыр тәрізді жақын арада белең алған жаппай аурулардың себептері анықталды. Қазіргі уақытта әрқайсысы белгілі бір фармакологиялық әсерге ие 13 дәруменге деген қажеттіліктің бар екені мәлім болды. Дұрысы тамақ өнімдерінде кездесетін дәрумендерді қабылдаған жөн. Дүниежүзілік «Денсаулық сақтау» ұйымы ұсынғандай, күніне жеміс-жидектер мен көкөністердің кем дегенде 5 порциясын қабылдаған дұрыс: екі жеміс-жидек порциясы және үш көкөніс порциясы. Мұндай мөлшерде ағза қажетті дәрумендер мен минералды заттарды ала алады. Түрлі түсті жеміс-жидектер мен көкөністер болса, тіпті жақсы болады.

Сонымен қатар, дәрумендерді қолдану оларға дәрі-дәрмек ретінде қарауды талап етеді және клиникалық әрі ғылыми негізде болуы тиіс. Дәрумендердің симптомсыз тапшылығы денсаулық жағдайының созылмалы нашарлауына әкеліп, инфекцияларға деген бейімділікті тудырады деген пікір бар. Бұл дәруменді дәрі-дәрмектерді көп тұтынуға әкелді, ал оның пайдасы плацебодан артық болмаса, кем емес. Сондай-ақ, дәруменді дәрі-дәрмектер ересектер, балалар, жүкті әйелдер және емізуші әйелдер үшін де мүлдем қауіпсіз деген пікір қалыптасқан.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Дәрумен дегеніміз не?
2. Дәрумендердің қандай түрлері бар?
3. Дәрумендердің адамға пайдасы туралы айтып бер.
4. Кірме сөздер дегеніміз не?
5. Дәрумендермен байланысты атауларға түсінік беріңдер.

КІРМЕ СӨЗДЕР		
Араб-парсы тілінен енген сөздер	Моңғол тілінен енген сөздер	Орыс тілінен енген сөздер
<i>Адам, қоғам, ғалым, білім, ғылым, мектеп, кітап, әлем, әдебиет, мәдениет, әліпби, т.б.</i>	<i>Жасақ, ұлыс, нөкер, жарлық, аймақ, өлке, Тарбағатай, Зайсан, Баянауыл, Алтай, т.б.</i>	<i>Жәшік, тәрелке, сөмке, кәмпит, бәтеңке, самауыр, зауыт, кереует, жәрмеңке, үстел, т.б.</i>





**3-тапсырма.** Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар, кірме сөздерді тауып, оны түсіндіріңдер.

### С ДӘРУМЕНІ (АСКОРБИН ҚЫШҚЫЛЫ)

С дәрумені (аскорбин қышқылы) ағзаның жұқпалы ауруларға қарсы тұра алу әрекетін арттырады. Сүйекке және тіске беріктік қасиет береді. С дәрумені биологиялық тотығу кезінде зиянды заттардың түзілуін тежейді. Ол қарсы денелерді түзетін ферменттердің құрамына кіреді. Терідегі қантамырлардың қабырғасының бүлінуіне де кедергі жасайды. С дәрумені жетіспеген жағдайда ағза тез шаршайды, сілемейлі қабықшалар қабынады, қызыл-иек қанталайды. Бұл дәрумен ұзақ уақыт жетіспесе, адам қауіпті құрқұлақ (цинга) ауруына шалдығады. Адам ағзасы С дәруменін түзбейтіндіктен, тамақпен бірге қабылдануы керек. С дәрумені ағзаға қыс пен көктем айларында көбірек қажет. Жаңа піскен көкөністер, жемістер және тұздалған орамжапырақ құрамында көбірек кездеседі. Әсіресе, итмұрынның, қарақаттың құрамында мол болады. Ағзаға қажетті тәуліктік мөлшері 60–100 мг.



С дәрумені балғын жемістерде, әсіресе цитрусты жемістерде және көкөністерде кездеседі. С дәрумені коллагеннің түзілуі үшін қажет және тері мен қосылыс тінінің, сүйектердің, қан тамырларының және дентиннің тұтастығын сақтауға көмектеседі. Ол жараның бітуі үшін қажет және күйіктен кейін қалыпқа келуге септігін тигізеді. Сондай-ақ, темірді және құрамында темір бар кейбір заттарды сіңіруге ықпал етеді.

С дәруменінің тапшылығы құрқұлақты тудырады – ол тіндерге қан құйылумен және қылтамырлардың әлсіздігінен қылы иектің қанауымен сипатталатын жағдай. Бүгінгі таңда аталмыш ауру өте сирек кездеседі. С дәрумені тапшылығының аса анық емес симптомдарын нашар тамақтанатын егде жастағы адамдардан байқауға болады, сондықтан көбінесе аяқ пен құйрықта туындайтын тері өзгерістеріне аса назар аудару қажет. Тырнақтарда сынық тәрізді қан құйылу орын алуы мүмкін.

С дәруменінен аса сезімтал, қан диабетімен, несептас ауруымен ауыратын науқастар үшін қарсы көрсетімге ие. Көп дозасын қабылдаған жағдайда: қан ұюға деген бейімділік артады.



Қазақ тілінде өздік есімдікке жалғыз ғана **өз** сөзі жатады. Бұл есімдік көбінесе өзім, өзің, өзіңіз, өзі, өзіміз, өздеріңіз деген сияқты оңаша және ортақ тәуелдеулі түрде қолданылады.

Өздік есімдігі тәуелдеулі формада қолданғанда жіктеу есімдігі қабаттасып не қабаттаспай айтыла береді: *өзім – мен өзім, менің өзімнім, өзімнің; өзің, сен өзің, сенің өзіңнің, өзіңнің; өзіңіз – сіз өзіңіз, сіздің өзіңіздің, өзіңіздің; өзі – ол өзі, оның өзі, оның өзінің, өзіңнің т.б.*

Сол сияқты, өздік есімдігі тәуелдеудің қай жағында тұрса, қабаттасқан жіктеу есімдігі сол жақта қолданылады: *Сендер өздерің, сендер өздеріңнің т.б.*

Бастауыш болған өздік есімдігі тәуелділіктің қай жағында тұруына байланысты баяндауышта жіктіктің сол жағында қиысады (тәуелдеулі зат есімде ондай қасиет жоқ).



**4-тапсырма.** Берілген микроәтіндерден өздік есімдігі жасалған туынды сөздерді тауып, оған талдау жасаңдар.

1. Барлық елді жеке өз басыңа табындыру қасіреті – о да бір іштен жеген жегі құрт. Мұндай кеселге душар болған адам тек өз мерейім өсе берсін дейді. Ол мұндай арманның, әр нәрсеге дұрыс баға беріп, дұрыс қарайтын ақылын іштей жеп жатқан жегі құрт екенін аңғармайды. Кесел бүкіл денесін қаулай алып болып, бір күні тек қауқиған сыртының өзінен-өзі опырылып түсетінін күні бұрын байқатпайды. Бұл кеселдің күші де, қауіптілігі де осында.

2. Ердің ерлігі, ептілігі, мергендігі де байқалатын осы жер... Жайшылықта мардамсып жүретін өр көңіл батырсымақтардың күтпеген жерден, қамыс арасынан өзіне қарсы атылған ірбіз, барыс, арыстандардан үрейі ұшып кетіп, қолындағы алдаспанын көтеруге де жарамай, жайрап қалатыны да осы ара.

3. Өзге құсбегідей бүркітті ол балапан күнінен емес, әбден қанды балақ болған кезінде торға түсіретін.

4. Өзгеден сәл үздіктеу келе жатқан, жал-құйрығын түйіп тастаған күрең қасқа жүйрік ат мінген, үстінде аң аулауға деп арнап тіккен шолақ сауыт, зерлі күміс дулығасы бар Әбілқайыр ханның өзі.

5. Өзге жұртқа қарағанда монғол халқының өздерінің бекзадаларын жерлеуде екі айрықша дәстүрі болған.

6. Бұған Жошының өзге ұрпақтарының арасындағы көкіректерін ежелден жегідей жеп келе жатқан бақ күндестік, ел билеуліктен туған талас кеселдерінен басқа бөтен де себептер қосылған. Ал қазақ жеріне келген Жошы да осы саясаттан танбаған. Тек ойын орындау тәсілі өзгеше еді.

7. Арғын да алуан ел болған, келген жерге көнбеген, онда да талай ер туған, қазір қисса онда емес, – деді жырау ерекше, өзгеше сарынға салып, – қыран көкке қанатын қанша биік қақса да тізіліп бірге ұша алмас.

8. Иә, өзгелер айқай-сүрең салып жеткенше, сойылмен бір-ақ періп өлтіруім керек-ақ еді, ар жағында аттан құлап ажал тапты деп көрсету – Сарыбайдың шаруасы.

9. Өзгенің жерсуына қызықпайтын, өз елінен жат жұрттай ауыр алым-салық салмайтын жеке шаңырақ көтер.

*(I. Есенберлин. Көшпенділер романынан)*



**5-тапсырма.** Берілген мәтіннен есімдіктерді тауып, олардың мағыналық түрлерін ажыратыңдар.

## АЛМАС ҚЫЛЫШ

(Үзінді)

...Анасы мен баласының бұл қылықтарын өз көзімен көрген хан Жәнібек іштей екі сырды қатты түйді. Бірі – Қасымның анасы Жағанды аса жақсы көретінін, екіншісі өткен түнде Жанбике тоқалдың үйіне кезексіз бардың деп әйелдік мінез көрсетіп, Жәнібекті өзіне дене сұлулығымен тартпақ боп отырған Жаған бикенің кенет шын ар-намысын қорғайтын іске келгенде, қандай табандылыққа болса да бара алатынын білді. «Сұлу әйел егер ақылды болса, еркекке тек өзінің сұлулығымен ғана емес, терең ойлылығымен де, табандылығымен де қымбатты болып көріне алады екен» деді ол ішінен. Ол осы сәтте үлкен жүректі әйелдің уақ әйелдік сезімінен де алыс тұрмайтынын қатеріне алды. Мұндай әйелдің намысымен ойнаудың қаншалық қауіпті екенін түсінді. Ертеңіне Жәнібек жарлық беріп, хан кеңесін шақыртты. Бұл кеңеске Орда маңындағы сұлтан, батырлар, ерлік істерімен көзге көріне бастаған өз балалары мен Керейдің баласы Бұрындық сұлтан қатынасты. Екі күн кеңесіп, ақырында Күзтоқсанның басында Түркістан уәлиетіне шабуылға шықпақ боп ұйғарысты. Дәшті Қыпшақ әскерін екіге бөлмек болды. Жәнібек хан балаларымен өзі басқаратын топ Созаққа, Керей ханның баласы Бұрындық сұлтан мен Найман батыры Қаптағай, Қоңырат батыры Сарыбалақ, Керей батыры Ойшыбай, Уақ батыры Жаубасар, Жалайыр батыры Бөрібай бастаған қалың қол Сығанаққа шабуыл салсын делінді. Өзінің ежелгі салты бойынша Арғын, Қыпшақ, Тарақты жасақтары Жәнібек ханның – хан Ордасының қасында қалды. Бұған Жайықтың бергі беті, Атырау теңізі мен Сырдың төменгі саласын жайлаған Кіші жүзден келген Адай руынан Теген батыр, Табын руынан Серке би, Шөмекей руынан Ақтаңдақ батыр, Тама руынан Қарабура батырлар басқарып келген жа-

сақтар мен Ұлы жүзден Қаңлы, Ысты руынан Бахтияр би, Шапырашты руынан Қарасай батыр, Жаныс руынан Жанатай батыр басқарған шағын қолдар келіп қосылсын делінді. Хан Ордасынан осы әскерлер жиналып жатқан Саумалкөл, Телікөл, Жуанарық, Көкше теңіз Атырау жағасына ат шаптырылды. Бар қол Күзтоқсанның басында Сейхун дарияның төменгі шеніндегі Қараөзек қойнауында шоғырланбақ болды. Бұнымен қатар бұл шаһарлардың хакім, бектеріне жасырын кісілер жіберілді. «Біздің күшіміз қазір Әбілқайыр ханның күшінен артық, қазақ еліне ежелден жататын шаһарларымызды қан төгіспей өзімізге қайтарыңдар. Егерде бұл тілегімізді орындамасаңдар өз обалдарың өздеріңе» деп хат жазды. Бірақ бұған Әбілқайыр хан «арзани дашти» ретінде басыбайлы Созақты берген өзінің немересі Қызыр ханнан туған Бахтияр сұлтан да, Сығанақ хакиматының белағасы Манеден-оғлан да кекете: «Әбілқайыр ханнан күшті болса, ең алдымен сайыпқыран ханды жеңіп алсын. Содан кейін қалаларымызды қан төкпей бостан-босқа береміз» деп жауап берді. Жәнібек пен Бұрындық Ордаларын Телікөл мен Боқтықарынның бойына тастап, желтоқсантүспей-ақ Қараөзекке келді...

(*І. Есенберлин. «Көшпенділер» романынан*)



**6-тапсырма.** Берілген шағын мәтіндерден ілік септігінің жасырын әрі ашық келуімен байланысты келетін өздік есімдігіне мән беріңдер де, олардың синтаксистік қызметін анықтаңдар.

Үгедей балалары монғолдың өз жеріне Ұлы Ордаға ие болып қалғанда, Жағатай балалары мен Төленің кіші ұлы Арық Бұғы осы күнгі Орта Азия өлкесі – Жейхұн мен Сейхұн өзендерінің арасын – Мауереннахрдың бай алқабына ие болғанды.

Хан қазір өзінің сол күнгі қылығын ойлауда.

Өз басын пәледен аман алып қалғысы кеп, туған інісін қауіпке қиып тұрған қасқыр мінездес Құрыбайдың қылығына Әбілқайыр хан езу тартып күлген

Барлық елді жеке өз басыңа табындыру қасіреті – о да бір іштен жеген жегі құрт. Мұндай кеселге душар болған адам тек өз мерейім өсе берсін дейді.

Монғол ғұрпы бойынша өз руынан әйел алуға болмайды. Жігіт қалыңдықты басқа рулардан, әсіресе нағашы жұртынан іздеуі керек.

Монғол нояндары да, бір шелек суға салынған бір уыс тұздай қалың қазақтың арасына кіріп біржолата оның тілін, дінін алып өздері де қазақ болып кетеді.

Осының бәрінен Жәнібек жеке хандық құрудың көптің арманы екенін және өз басының қамы мен ел-жұрттың тілегінің сабақтаса бастағанын көптеп түсінген.

Қара халық өз бетімен бірімен бірі соғыспайды, тыныштықты, достықты тілейді. Көпшілігі өз жерінде қалғанменен, бірталайлары басқа елдерге қашып, жан сақтауға мәжбүр болды.

Сөйтіп, өз жерінен қуылған, құлдыққа сатылған мамлюктер араб жауынгерлерімен бірігіп, Египет пен Сирияны монғол басқыншыларының күйретуінен құтқарды.

Қиын-қыстақта бұл тобыр заты Шыңғыс тұқымынан шыққан хандарды емес, өз көсемдерін қолдап кетеді. Мұны да ойлау керек. Өз тобыры соңынан ермесе Ақсақ Темір бүкіл Мауереннахрды өзіне бағындырып, Хорезм мен Алтын Орданы шауып, кейін Үндістанның астанасы Дели мен Түркияның кіндік қаласы Анкараны ала алар ма еді? Осының бәрі импрамымен құрған әскерін өзіне ерте білуінен.

Мен өзім Сығанаққа қаштым. Жауымнан көп құн төлеумен өзер құтылдым.

Адамзат нәпсісі дегенді қойсайшы, жастай қосылған ерін өлтіріп, өзін қатындыққа алғанымда опа таптым ба?

Бірақ хан дәл бұл сәтте өзінің Махмед-Қожаның баласына істегенін есіне түсірмеді

Енді шешім өзінен-өзі келді. «Хан ақылы – қарамағындағы елді айқастырмай ұстауда ғой. Айқаса қалған күнде де, хан бұл арада төреші болуы керек! Арғын, Қыпшақ бірін-бірі өзі өлімге қисын.

Кілегей бұлттай жау төнсе, сонда ғана бұл Арғын алдаспанын сермеген. Асан Қайғы, аға ұлы, ендігісін өзің шеш.

Өзін айдаһар жұтып жібермес үшін, ол сол айдаһарға туған әкесін, жалғыз баласын құрбан етуге бар.

(Илияс Есенберлин.  
«Алмас Қылыш» романынан)



**Өздік есімдігінің** мына секілді де ерекшеліктері кездеседі. Өздік есімдігінің көнеленуінен (жалаң не қосарлы түрі болсын) басқа сөз табына ауысқан түрлері кездеседі. Мысалы: *өзге, өзгеше, сын есім, өзді-өзі, өзімен-өзі немесе өзімше, өздерінше, өздігінен, өзінше* секілді сөздер үстеу категориясына айналған. Әрине, бұл сөздердің түбірін, этимологиялық жақтан тарихи тұрғыда қарасаң, ортақ түбір өз деген есімдігі екенін анықтау қиын емес.



**7-тапсырма.** Берілген микроәтіннен өз сөзінің түрленуіне мән беріңдер.

...Енді шешім өзінен-өзі келді. «Хан ақылы – қарамағындағы елді айқастырмай ұстауда ғой. Айқаса қалған күнде де, хан бұл арада төреші болуы керек! Арғын, Қыпшақ бірін-бірі өзі өлімге

қисын. Мен тек солардың жоюшысы болайын» – Біздің атамыздың замандасы, Үйсін Майқы бидің кезінен келе жатқан «өлім жазасын шешетін халықтың өзі» деген дәстүр бар емес пе еді. Бұл дәстүрді әлемді билеген ұлы Шыңғысханның өзі де бұзған жоқ. Мен қалай бұзам? Арғын, Қыпшақ игі жақсылары мәжіліс құрып, батыр Саян тағдырын өздерің шешіңдер. Өздеріңнің ұйғаруларың хан үкімі болсын, – деді іші қатпар-қатпар Әбілқайыр, кенет асасымен жерді бір ұрып. Хан сөзі – бұзуға жатпайтын шешім. Жайшылықта бұйда бермес екі жақ бірдей басын иді. – Құп, хан ием, сөйлесіп көрелік. Міне, осы дау Арғын, Қыпшақ арасында үш күн сөз болған. Талай ділмарлар, сөзуарлар суырылып шықты, талай қызыл өңеш, бұлбұл тілдер сайрады, бірақ еш шешімге келе алмаған. Ашу, ыза, кек қуысқа ұйлыққан қар секілді оңай жібімеген. Бұл долы талас кейде сойыл күшімен шешілуге де таяп қалған. Бірақ екі жақтың күші бірдей түскендіктен, жағаны босқа жыртуды екі ру мықтылары мақұл таппаған. Ақырында Майқы би мен Ұлы хан Шыңғыстың тастап кеткен дәстүрін бұзып, бұл таласты ханның өзі шешсін деп тарасқан. Хан не айтса екі жағы бірдей соған көнбек болған. Ал бұл дауға шешім таба алмай, Әбілқайыр іштей алай-түлей. Арғын мен Қыпшақтың қазіргі таласы, ұйқы-тұйқы жұлысып жатқан арлан төбеттердің айқасына ұқсайды. Дәл қазір бұларды айыру екіталай. Не болса да қолындағы темір сүңгіні біреуіне жіберуі керек. Алысып-жұлысып жатқан қос арланның қайсысын қалайды? Арғынға деп сілтегенің Қыпшаққа тиіп жүрсе қайтесің? Қыпшаққа тиюі өзіне тиюімен бірдей. Хан саясаты кейде жазғытұрымғы желдей. Беталысы ел райына, хан Ордасының арманына қарай өзгеріп тұрады. Ал бүгінгі таңда Қыпшақ пен Әбілқайыр ханның алар демі бір төбеден соғып тұр.



**Модаль сөздер** — сөйлеушінің сөйлем мазмұнына көзқарасын білдіретін сөздер. Грамматикада модаль сөз бөлек қарастырылғанымен, қазіргі функционалды семантикада модальдылықты білдірудің бір құралы саналады. Қазіргі қазақ тілінде модальдылықты толық мәнді **есім** де, **етістік** те, **көмекші сөздер** де білдіреді.

Модаль сөздер **есімді** (*керек, қажет, тиіс, сияқты, сықылды, тәрізді, секілді, мүмкін, бәлки, бәлкім, әрине, әлбетте, рас, анығынан, шамасы, тәрізді*) және **етістікті** (*екен, шығар, болар, дейді, көрінеді, білем*) деп екіге бөлінеді.



**8-тапсырма.** Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар да, ондағы модаль сөздерді тауып, оған назар аударыңдар.

### СҮТ ТАҒАМДАРЫНЫҢ ПАЙДАСЫ

Ұлттық тағамдардың ішінде ежелгі және көпшілікке ортақ тағамның бірі ақ екені бәрімізге белгілі. «Ағы бардың – бағы бар» деп қазақ халқы сүт тағамын бақыт несібесі деп білген. Сүтті соншалық қасиеттеудің басты себебі, ол тіршілік арқауы, одан неше алуан құнарлы тағамдар әзірлеп, дастарқан молшылығын жасаған.



Сүт тағамдарынан қымыз, шұбат, құрт, ірімшік, қатық, айран, уыз, май, сүзбе тағы басқаларын күнделікті пайдаланамыз. Бұлардың барлығының да, адам денсаулығына тигізер пайдасы мол.

Сүт – басқа ешқандай азық-түлік тең келмейтін аса бағалы тағамдық өнім. Өйткені, организмге оның құрамды бөлігінің 95-98 пайызы сіңеді. Сондай-ақ сүт амин қышқылдарының, макро және микроэлементтерінің, витаминдерінің таптырмайтын көзі. Сүт және оның өнімдерінің құрамында жеңіл сіңетін құраушылар бар. Олар бізге кальцийді, дәрумендерді (А, В2, В1, Е, D, С), сондай-ақ көптеген басқа қоректік құндылықтарды жеткізеді.

Сүттің жоғары қоректік қасиеттерін келесі деректерге қарап білуге болады: бір литр сүт құрамындағы белок мөлшері – 150 г., ол сиыр еті, немесе тауықтың 5 жұмыртқасы, немесе 1 кг. нан құрамындағы белокқа тең. Сүттің жарты литрі адамның амин қышқылдарына деген тәуліктік қажеттілігін қанағаттандырады, ал сүттің бір литрі адамның май, кальций, фосфор, рибофлавинге қажеттілігін толық, ақуызға қажеттілігін жартылай, ал аскорбин қышқылы, ретинол, тиаминге қажеттілігінің 1/3 бөлігін қамтамасыз етеді екен.

Сүттің тағы бір қасиеті – түрлі азық-түлікпен керемет үндесіп, адам тағамының биологиялық құндылығын көтереді. Өйткені сүт организмге түсетін қоректік заттардың көлемін арттырып қана қоймайды, сонымен бірге май, ақуыз, көмірсу, минералды тұздар, тағы басқалармен бірлесе, үндесе отырып, осы қоректік заттардың организмге сіңімділігін жақсартады.

Сүт – мал баққан қазақ жанұясының негізгі тағамы. Сүттен қымыз, шұбат, айран, қатық, сары май, ірімшік, құрт, сүзбе, қаймақ сияқты ішетін, жейтін, сусындайтын алуан түрлі тағам әзірлейді.

Қай түліктің болса да соңғы иіндісі, соның ішінде қойдың жебе сауған сүті қою, әрі майлы, жұғымдылығы да жақсы келеді. Мұны қазақ шаруалары ғасырлар бойғы бай тәжірибелерінен жақсы біледі.

Көк сүт – қаймағы алынған нәрі аз сүт. Қатырылған сүт – мұздатып ұзақ сақтайтын сүт. Майлы сүт – қаймақтан сары май айырғанда іркіліп шығатын қышқыл сүт. Оны кейде сол күйі сусын ретінде ішкен, кейде қайнатып ақ ірімшік жасаған. Шайқалған майды шынылау үшін суық суға салып сығымдаған, одан қалған сүтті май сүтінің шалабы деп, кей жерлерде май шалап деп атаған.

Қатық – көбінесе қойдың, ешкі мен сиырдың қаймағы алынбаған сүтінен ұйытқан аса қою айран, ал айран – қой, сиыр сүтінен әзірленеді. Қатыққа қарағанда сұйық болады. Айран – шөл басуға таптырмайтын сусын.

Айран мен қатықты қазақ халқы сүт, су қосып, сұйылтып та ішеді. Сүт қосылғанын қойыртпақ, су қосылғанын шалап деп атайды. Ұйытылған айран – әрі тамақ, әрі сусын, әрі адам денсаулығына пайдалы. Мысалы, гипертонияға шалдыққандар күніне 2 рет тамақ ішкеннен кейін жарты сағат өткенде 1 кесе айранды асықпай, баптап ішетін болса, бірнеше күннен кейін қан қысымы төмендеп, өзін жақсы сезінетін болады. Сондай-ақ ұйқы қашқанда жатар алдында 1-1,5 кесе жылы айран ішсе, оның жақсы ұйықтап шығуға әсері мол. Тағы бір жайт, айранның гастрит ауруына да пайдалы екендігі, әсіресе асқазан қышқылының аз болғандығынан пайда болған гастритте.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Сүттің адам денсаулығына қандай пайдасы бар?
2. Сүттің қандай түрлері бар?
3. Сүттен жасалатын қандай тағамдарды білесіңдер?
4. Өздік есімдігі дегеніміз не?
5. Өздік есімдігі қалай түрленеді?



**9-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен тәуелдеулі сөзге жалғанған барыс септігі жалғауын табыңдар да, оған талдау жасаңдар.

Үлгі: жағдайына, ...

Жағдай – зат есім;

-ы – тәуелдік жалғауының III жақ көрсеткіші;

-на – тәуелдеулі сөзге жалғанатын барыс септігінің жалғауы.



## ДӘРІГЕР-НАУҚАС АРАҚАТЫНАСЫ ӘДЕБИ

Дәрігер науқаспен тілектестік қатынас құрса, олардың алғашқы кездесуінде сұхбаттасуға қолайлы жағдай туады. Бұндай арақатынас, эмпатия жағдайына жақын болады, яғни науқастың ішкі бейнесін дәл, барлық эмоционалдық және мағыналы жақтарымен, толық қабылдауымен пара-пар. Дәрігер эмпатия жағдайына ауысады. Эмпатиялық әдіс бойынша, дәрігер ауру адамның ішкі әлеміне кіріп, онда өзін үйіндегідей сезінуін ойластырады. Мұнда дәрігер басқаның уайымдарына сезімтал болып, онымен бірге қорқақ, ызалы, жасқаншақ болуы керек. Осыған қарағанда, дәрігерге эмпатия жағдайын сақтау үлкен шеберлікті және эмоциялық тұрақтылықты талап етеді, себебі дәрігердің бір жағынан жауапты, белсенді және күшті болуын, ал екіншісінен – нәзік және сезімтал болуын қажет етеді.



Дәрігердің пациентпен әрекеттесуі негізінде науқастың ауруға байланысты мәселелері шешіледі. Бұл мәселелер нәтижелі болуы үшін, қатынасудың бастапқы сатыларында дәрігер келесі ережелерді сақтауы тиіс:

- көп тындап, аз сөйлеу;
- тындап отырып, айтылған жайларды өзінің түсінгенін сездіру;
- тұлғаның эмоционалдық және интеллектуалдық ерекшеліктерін байқап таба білу;
- диагноз туралы ойларының қорытындыларын мәліметтемеу.

Сұхбаттасу кезінде науқастың жағдайының төмендегідей ерекшеліктеріне дәрігердің назар аударуы керек:

- науқастың сұхбаттасуға қызығуымен қатар, мақсатты жәм белсенді әрекеттесуге қабілеттілігі, қоршаған ортаны, уақытты дұрыс бағдарлауы, қоршаған заттардың атын, қажеттілігін білуі;
- науқастың көңіл-күйінің төмен болуы – қорқуы, тежелуі, наразы болмауы, үрейленуі, қызбалануы;
- дисфориялық реакцияларға ықпалдануы-ызалануы, агрессивтілігі, қатаң мінездігі;
- тиісті емес сөздерін, ойларын айтуы;
- тұлғаралық қатынасуда қозғыштығы, жабырқаулығы;
- театралды мәнерлігі;
- өзіне көп назар аударуды қажет етуі қыңырлығы;

- алаңғасарлығы, трафаретті сөздерді қолдануы;
- ойларының үстірттілігі және жеңілдігі, жігерінің және есін сақтау қабілетінің төмендеуі.

Осылай сенімді дистанция сақтаудың өзі науқасқа шипагерлік әсерін тигізеді, дәрігердің беделін өсіруге ықпал жасайды. Бұл ереже, 16 жастан үлкен науқастардың барлығына тарайды. Осыған байланысты, өз сипаттамаңыздың бір ерекшеліктерін айту немесе әріптестеріңіздің тұлғалық ерекшеліктерін жариялау, медициналық тәжірибеңізден бір оқиғаны айту – медициналық этиканы бұзу болып сипатталады. Дәрекі түрде науқасқа назар аудармаумен қатар, қатты оған илану да науқас психикасына зиянын тигізетіні мәлім.

Сұхбаттасу кезінде дәрігердің позициясы белсенді болуы керек.

Дәрігердің мәлімет жинастыруы тек бір схема бойынша, бірізділік ұстанымда ғана жүргізу қажет. Қойылған сауалдарға нақтылы жауап алуға тырысқан жөн.

Науқасқа басымдылық жасатпау, алдап-арбауға жол бермеу де дәрігерге байланысты. Сұхбаттасу үшін де науқас жылаған жағдайда, оған қарсылық білдірмей, тек келесі түрде ғана қолдау жасалады: Сізге әрине жеңу емес, түсінемін. Бұл жылы қатынас құруға мүмкіншілік береді. Сұхбаттасу үстінде, науқас ауырсыну сезімдері туралы сұрақ қойып олардың негізі түсіндіруді өтінеді. Мұндай кезде, дәрігер ешқашан ауру белгілерінің пайда болу механизмдерін айтпауы керек, себебі, дәрігер әлі өзі де оны толық түсінген жоқ және оның айтқанын науқас түсінбейді.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Дәрігерлердің сөйлеу мәдениетін қалай бағалайсың?
2. Дәрігер мен науқас қалай қарым-қатынас жасайды?
3. Сұхбаттасу кезінде дәрігердің позициясы қандай болуы қажет?
4. Септік жалғауы дегеніміз не?
5. Ілік септікті сөздердің синтаксистік қызметі қандай?



**10-тапсырма.** Берілген мәтінді мұқият оқып шығындар да, ол мәтіннен модаль сөздерді табындар, неліктен модаль сөз екендігін дәлелдеңдер.

### АРТЕРИАЛЫҚ ГИПЕРТОНИЯ ЖӘНЕ ЖҮРЕК-ҚАН ТАМЫРЛАРЫ ҚЫСЫМЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Гипертония қазіргі уақытта жүрек-тамыр жүйесінің ең таралған патологиясы болып табылады. Бұл ауру айтарлықтай ешқандай белгі бермейді. Кешкісінгі бастың ауруы, басқышпен жоға-

ры көтерілгендегі өнтігу, стресстік жағдайдағы тамырдың жиі соғуы – осының барлығын шаршағандыққа балаймыз. Бұның бәріне көпшілігіміз көңіл бөлмей, бас аурудың дәрісін ғана қабылдаймыз.

Алайда, қан қысымының кенеттен көтерілуінің соңы инсультқа, кейде инфарктқа, тіпті өлімге әкелуі мүмкін. Сондықтан дәрігерлер қан қысымының көтерілуіне өте жауапкершілікпен қарауға кеңес береді.

Қан қысымы неліктен көтеріледі? Қан тамырларының тарылуынан қан ағымы бұзылады. Жүрек ауыр қысымға ұшырап, қанды қан тамырлары арқылы белгілі бір қысымда итермелейді. Жоғары қан қысымы кезінде бас ауруы, саусақтардың ұюы, жұмысқа қабілетсіздік, құлақтағы шу, ісік, жүрек аурулары мазалайды.

Дәрігерлер артериалды гипертонияның себептері – созылмалы стресс, қан тамыры аурулары, ішімдік ішу мен темекі шегу, тұзды шамадан тыс пайдалану, семіздік, холестериннің көтерілуі, гиподинамия, жүрек-қан тамырлары ауруының тұқым қуалаушылығы деп санайды.

Егер сіз өзіңізден жоғарыда аталған белгілерді байқасаңыз, тез арада дәрігерге көрінуіңіз қажет. Сіздің өміріңізде қауіп факторлары бар болса, онда аурудың алдын алу туралы алаңдағаныңыз жөн.

Жоғары категориялы терапевт дәрігері Светлана Евгеньевна Тяпкина кеңесіне көңіл бөлейік:

Бірінші кезекте, артериалды қан қысымын өлшеу қажет. Қалыпты көрсеткіш 120/80. Егер сіздің көрсеткішіңіз жоғары болса, тез арада дәрігерден кеңес алуыңыз керек, дегенмен аурудың алдын алу үшін бірнеше нұсқауларды орындауға болады:


– дұрыс тамақтану, оның ішінде калийі жоғары тағамдарды пайдалану:

– кептірілген жемістер, жаңғақтар, шөптер мен бұршақтар;

– жаман әдеттермен күрес – темекі шегуге және ішімдік ішуге тыйым салынады;

– физикалық белсенділік, әсіресе, отыратын жұмыс кезінде және көп жағдайда денені жақсы жағдайда ұстау үшін көп жүру пайдалы;

### Жоғары қан қысымының себептері



- күн тәртібін сақтау өзін-өзі жақсы сезіну;
- стрессті азайту, жүйкені сақтау, көбірек позитивті болу.

Гипертонияны толықтай емдеу қолдан келмейді, алайда жағдайын жақсарту әр адамның өз қолында. Қандай жағдайда да дәрігерден кеңес алған жөн.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Қан қысымының көтерілуі дегенде нені түсінесің?
2. Артериялық гипертония қандай ауру?
3. Гипертонияны қалай емдеуге болады?
4. Инфаркт не?
5. Модаль сөз дегеніміз не?
6. Модаль сөздің көмекші етістіктен айырмашылығы неде?



**11-тапсырма.** Мәтінді оқып шығындар да, мазмұнын ұғып алындар. Мәтіннен медициналық атауларға көңіл бөліп, оларға түсінік беріңдер. Туынды сөздерді табындар.

## ДӘРІГЕРДІҢ МАМАНДЫҒЫ – ЕРЛІК

Дәрігердің мамандығы – ерлік, ол төзімділікті, қайсарлықты, жанның тазалығы мен ақыл ойдың ізгілігін, ішкі болмысының негізін қажет етеді, үздіксіз өнегелі қасиеттерін бойына сіңіре білген маман иесі ғана мақсатына жете алады.

Науқас адамдармен жұмыс жасау – қиын әрі үлкен жауапкершілікті талап ететін қызмет. Дәрігердің кәсіби қызметі ауру адаммен байланысты: тірі ағзаларды құрайтын биологиялық жүйелердің ерекшеліктеріне ғана байланысты емес, сонымен қатар қоғамдық байланыстың әр түрлі болуы қайталанбас психикалық көрініс құрайтын тәуелділікке байланысты.

Дәрігер ауру адамға моральдық жағынан да қолдау көрсету қажет. Дәрігер мен ауру адамдардың арасындағы қарым-қатынас белгілі бір жүйеге түсу үшін дәрігердің де бойында адами қасиеттер болғаны дұрыс.

Күйзеліске түскен жандардың ең басты емі – жан жылуы екендігін жақсы түсінуіміз тиіс.

Науқаспен тиімді психологиялық жанасу арқылы нақтылы түрде және толық мәлімет жинастыру мүмкіншілігі туады. Медициналық қызметкердің алдында тұрған мәселелердің нәтижелі шешілуі, ауру адаммен сенімділігін және түсіністік жағдайға жетуі, оның қарым-қатынас икеміне, яғни коммуникативті білгерлігіне байланысты.

Коммуникативті білгерлік (компетенттілік) дегеніміз – медицина қызметкерлерінің басқа адамдармен (науқас және оның

жақындары мен туыстары, дәрігер, әріптестері, кіші мейірбикелер т.б) коммуникация тәсілдерін нәтижелі қолдана білу арқылы, қарым-қатынас жасау қабілеті. Медицина қызметкерінің емдеу шараларының дәлдігі мен дұрыстығына күдікті болмаған және медициналық қызметкерге толық сенім білдірген жағдайда ғана науқас қажетті процедураларды сеніммен өтейді. Алайда, медицина қызметкері мен науқас арасында мұндай психологиялық жанасу тұрақтанбаса, ол нұсқаулықтарды немқұрайлы орындап, басқа медициналық қызметкерге бас бұрып немесе өзін-өзі емдеуге мәжбүр болады.

Сонымен, медициналық қызметкердің коммуникативтік маңызды қасиеттеріне келесілер жатады: адамгершілігі, адамға назар аударуы, мамандығын сүю, қайырымдылығы, кішіпейілдігі, әдептілігі. Жақсы көңіл-күй жағдайында жанасу құрастыратын медициналық қызметкердің тұлғалық қасиеттеріне науқастар өте жоғары баға береді.

Медициналық қызметкерде психологиялық біліммен қатар (тұлға түрлері, темперамент, қақтығыстарды шешу қабілеті т.б.), коммуникативтік тұрғыдан білгерлік жоғары болған жағдайда, оның науқаспен қатынасы арнайы біліктілікпен құрастырылады, мысалы жанасу құруды білуі, тыңдай білуі, коммуникацияның вербальды емес белгілерін білуі, сауалдар құрастыруы.

Сонымен қатар, медициналық қызметкер өз эмоцияларын, яғни көңіл-күйін тұрақты ұстай білуі, құпияны сақтауға қабілеттілігі, өз реакцияларын бақылап қадағалауы, әдеп сақтай білуі де мағыналы.

Медициналық қызметкерінің тиімді ара қатынасы дегеніміз – ол ауру адамды дұрыс түсінуі және науқастың ойы мен көңіл-күйіне, сөзіне сәйкес әрекеттесуі. Науқастың көңіл-күйіне қарамай, оның ашулы, ызалы, қайғылы, қобалжу және өкінішті жағдайлы болуында да, медициналық қызметкер онымен әрекет жасай білу және қарым-қатынас құруға дайын болып, өз мамандық мәселелерін шешеді. Осыған байланысты медициналық қызметкерінің ең маңызды кәсіби қасиетіне жататыны – оның коммуникативтік төзімділігі (толеранттылығы).



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Науқас адамдармен жұмыс жасау қандай?
2. Дәрігер мен ауру адамның қарым-қатынасы қандай болуы керек?
3. Қандай медициналық қызметтер бар?
4. Коммуникативтік төзімділік – толеранттық дегенге қалай түсінесің?
5. Туынды сөз дегеніміз не және олар қалай жасалады?



Сөздер құрамы жағынан **дара** және **күрделі** болып екіге бөлінеді: бір ғана түбірден тұратын негізгі және туынды түбір сөзді **дара сөз** дейді. Екі немесе одан да көп түбірден құралған сөзді **күрделі сөз** дейді.



**12-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып шығындар да, мазмұнын ұғып алындар. Мәтіннен күрделі сөздерді тауып, түрін анықтаңдар.

### АРАНЫҢ БӘРІ БАЛ БЕРМЕЙДІ



Араның үш түрі бар. Көзіміз көріп жүрген кәдімгі сары жолақты ара, жұмысшы ара деп аталады. Тәттіге, жеміс-жидекке тез үймелеп шыға келетін бұл аралар өте еңбекқор. Бірақ, бұл аралар балды өзіндік жолмен жинайды. Жалпақ тілмен айтқанда, жабайы әдіс. Үй қуыстарына, шіріген ағаш діңіне ұя салып, бал бөледі. Мұндай бал сұйық бал деп аталады. Өздері бөліп, өздері жейді.

Себебі, сары жолақты ара өте улы, ұясына жақындап, балын сарқып алатындар кемде-кем. Балы сұйық болғандықтан, омарташылар мұндай араны көп өсірмейді. Еркек ара деген бар, бұл нағыз бал өндіруші жәндік. Еркек ара жұмысшы арадан сәл үлкен, құйрық жағы жұмыр болады. У безі және шанышқы инесі болмайды. Ауыз қуысы кішкене келеді. Аяғында гүл тозаңдарын жинайтын тозаң себеті, сондай-ақ балауыз шығаратын безі болады. Ең пайдалы, дәмді балды бөлетін де осы аралар. Көбіне қыр гүлдерін тозаңдандырып, сәл бөледі. Еркек ара бөлген балдың иісі аңқып тұрады, жұпары керемет. Аралар топтасып өмір сүреді. Әрқайсысының өз міндеті бар. Барлық ара бал бермейтінін біле жүріңіз. Бал беретіндері бөлек, тұқым басатындары мен ұя тазартушылары, өзге араларды бағып-қағатындары болады. Омарташылар аралардың тіршілігі адам өміріне өте ұқсас екендігін айтады.



**Біріккен сөздер** – екі я одан да көп түбірден бірігіп, тұтас бір ұғымды білдіретін күрделі сөздер.

Олардың кейбір тобы құрылымдық жағынан сөз тіркестеріне жақын. Мысалы: ақкөңіл, қырықаяқ, теміржол, атаққұмар, үшбұрыш, антұрған, тағы басқалар. Біріккен сөздерге біртұтастылық қасиет тән боп келеді.



Қазақ тілінде біріккен сөз екі түрлі болады: бірі – құрамына енген түбірлердің тұлғалары сақталып отырады. Мысалы: *түйекұс (түйе-құс), бұзаубас (бұзау-бас), қарақұрт (қара-құрт) т. б.*

Екіншісі құрамына енген түбірлердің тұлғалары сақталмай, кейбір дыбыстық өзгерістерге ұшырайды. Мысалы: *биыл (бұл және жыл)*. Бұлар ғылым тілінде кіріккен сөздер деп аталады.



**13-тапсырма.** Мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтін ішіндегі күрделі сөздерді ажыратыңдар. Ажыратылған күрделі сөздерден, біріккен сөздерді табыңдар.

### ЕГЕР ЖАСТЫҚ ШАҒЫҢДЫ САҚТАП ҚАЛҒЫҢ КЕЛСЕ, БАЛДЫ ЖИИ ЖЕ!

Араның балын кез-келгеніміз күнделікті өмірде пайдамызға жаратамыз. Ем ретінде, тәтті дәмдер пісіруге, тері күтіміне де балдың пайдасы зор. Алты бұрыш етіп, геометриялық пішінде ұяшықтарын жасап, адамзатқа шипалы дүние беретін кішкене ғана тіршілік иесін жаратқан Алланың құдіреттілігіне күмән жоқ.



Емдік қасиеті ерте кезден белгілі болып, түрлі ауруларға қарсы әркім өзінше пайдаланып келген суық тигенде, жүрек, бауыр, өкпе, бүйрек, асқазан, ішек, жүйке ауруы, сондай-ақ қан қысымының көтерілуі сияқты дерттерге шипа. Оны көпке созылып, асқынып кеткен жарақатқа да жағуға болады. Соған орай балды кейбір ауруларға қалай пайдалануға болатыны туралы қысқаша мәлімет ұсынамыз. Бұл тәсілдерді ата-бабаларымыз байырғы заманнан пайдаланған. Балдың пайдасын адамзат өте ерте заманнан білген. Мұнан 3000 мың жыл бұрын еврейлердің адам мен мал жарақатын балмен емдегені жөнінде деректер ұшырасады.

Суық тигенде, тұмауратқан кезде балды ыстық сүтке немесе лимонның шырынына қосып, науқастан әбден айыққанша ішкен дұрыс. Ол үшін бір стақан ыстық сүтке бір шай қасық бал және сары май қосып ішеді. Ал сүт жақпайтын адамдар үшін бүтін бір лимонның шырынына 100 гр бал қосып, әбден езілгенше араластырып, сұйықталған соң пайдалануына болады. Оны ішкенде екі-үш күндей жылы жатқан жөн. Жөтелді басу үшін пияздың сөліне бал, сары май не қойдың майын қосып ішкен дұрыс. Сонымен қатар, бір литр суға ұнтақталған 500 гр пияз-

ды, 400 гр қантты және 50 гр балды қосып, отқа үш сағаттай қайнатып, суыған соң шыны шөлмекке құйып ауызын мықтап бекітіп қояды. Оны суық тиіп, қатты жөтелген адам күніне 4-5 рет ас қасықпен ішуі керек, сонымен қатар қызарып ауырып тұрған тамақты шаю да пайдалы. Сондай-ақ шәйнекте қайнап тұрған суға бір асқасық бал қосып, ауыз бен мұрынды булау тамақтың қызарғанын басады.

Асқазан, ішек науқасына шалдыққан, не қышқылы аса көбейіп немесе керісінше азайып кеткен адамдардың да балды ем ретінде пайдаланғаны жөн. Әсіресе, асқазанда жарасы бар науқас тамақтың алдында бір жарым, екі сағат кейін үзбей бал жеп отырса, ауруы бәсеңсіп, жүрек айналуы мен асқазанның қыжылдауы басылады, әрі бал қанның құрамындағы гемоглабинді көбейтеді. Қышқылы аз адамдар бір қасық балды тамақты ішер алдында ғана жесе, ол қорытатын шырынның көбірек бөлінуіне әсер етеді. Ал қышқылы көп адамдар тамақтан 1,5-2 сағат бұрын пайдаланса, асқазан қышқылын азайтады.

Бал жараға да ем, күйген жерге де пайдалы. Күйікке балды күніне екі рет жағып отыруы керек. Жараға жағатын дәріні 60 гр балға бір шай қасық балық майын қосып, жақсылап араластырып жасайды.

Бал жүрек ауруы бар адамдарға да таптырмайтын ем. Оны белгілі бір мөлшерде анардың шырынына қосып та ішеді. Қатарынан бір-екі рет үзбей ішкен ауру адамның жағдайы әжептеуір жақсарады. Кеудесі жиі қысылып, жүрек соғуы нашарлаған адамға да бал жақсы көмектеседі.

Балды бауыр және өт жолы ауыратын адамдар көбірек пайдаланады, оны белгілі бір мөлшерде ақ ірімшікке, сәбізге, лимон шырынына қосып, жеген дұрыс. Кейде тұрыптың ішін үңгіп, оған балды толтырып қойып, 3-4 сағаттан соң дайын болған шырынды өт жолы ауыратын ересек адамға ас қасықпен, ал балаға шай қасықпен, күніне 2-3 рет беру керек. Мұндай әдіс өт жолы мен бүйрекке құм, тас жиналудан сақтайды. Емдік қасиеті мол тағам түрлерінің ішінде табиғи балдың алар орны ерекше. Халық медицинасы бал арқылы ем қабылдауды осыдан 4000 жыл бұрын білгенді. Грек елінің ұлы ғалымы Пифагор «Ұзақ өмір сүрудің себебі – балды жиі қабылдағаннан» десе, әлемге әйгілі медицина ғалымы, жазушы Абу Али Ибн Сина (Авиценна, 980-1037 ж.ж): «Егер жастық шағыңды сақтап қалғың келсе, балды жиі же!» – деген екен.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Араның қандай түрлері бар?
2. Бал араның пайдасы неде?
3. Бал қандай ауруларға ем бола алады?



4. Күрделі сөз дегеніміз не және оның қандай түрлері бар?
5. Біріккен сөз дегеніміз не және олардың жасалу жолдары қандай?



Сөйлемдегі сөздерді бірі-бірімен жалғастырып, септестіріп қосымшаларды **септік жалғаулары** дейміз. Сөздердің жалғауларды қабылдап өзгерту жүйесін сөздердің септелуі деп немесе септеу деп атайды.

Атау септігі сырт тұлғасы жағынан да зат есімнің түбірі тұлғасымен ұқсас, арнайы қосымшасы жоқ болып келсе де, басқа септік түрлерімен бірдей арнайы грамматикалық мағынасы бар. Атау септігі белгілі заттарды атап көрсетеді, сондықтан атау септігіне қойылатын сұрақтар кім?, не? деген жалғаусыз формада жұмсалады.



**14-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен қос сөздерді тауып, олардың қай сөз таптарынан жасалғандығын анықтаңдар.

Үлгі: ата-бабаларымыз – қосарланған зат есім, ...

### ЕР ЖІГІТТІҢ ЖЕТІ ҚАЗЫНАСЫ

Ер жігіттің жеті қазынасын оның жеті серігі десек те болады. Өткен заманда олардың ешбірін де ерлеріміз жадынан тастамаған. Әрқайсысының өзінің қолданылатын белгілі бір уақыты болған. Халық арасында ер жігіттің жеті қазынасына қатысты көптеген алып-қоспа пікірлер айтылады. Солардың бірінде: «Жүрдек аты – жігіт қаны, қанаты Қыран бүркіт – қарым күші, қуаты. Құмай тазы – бастан берік сенімі, Ақ мылтығы – сөнбес оты, серігі Алмас кездік – жігіт сұсы, һәм мысы Ау жылымы – амал, айла, әдісі Қара қақпан серті, себі тірліктің. Осы жеті қазынасы жігіттің» делінеді. Жылқы малы төрт түліктің ішінде қашанда өзгеше орынға ие екені белгілі. «Қонақ келсе, құт келеді» деген халқымыз шаңырағына келген қонаққа міндетті түрде соғымның сүрленген етінен бесбармақ әзірлеп, қазы-қарта, жал-жаясын жегізеді, себебі, онда үлкен мән-мағына бүркеулі. Жылқыны аса сыйлы қонаққа сояды. Ол біздің қанымызға ежелден сіңген қасиет. Ықылым заманнан бері халқымыз қонағын құдайындай сыйлап, өздері дәм татпаған асын келушіге беріп, олардың разылығын алады. Кереметтей сүрленген етінен бөлек жылқы көне дәуірден адамзаттың көлігі бол-



ды. Ата-бабаларымыз талай көшпелі кезеңдерде астарындағы мінген аттың арқасында мыңдаған шақырымдарды бағындырып, онымен айлап шапты. Сондай-ақ қазақтар тұлпар мініп, ұлттық ойындардың бірі – «Көкпар» тартатын болған. Көптеген қан-майданға қарсы шығу үшін де осы жануардың айтарлықтай үлесі тиді. Халқымыз қыран бүркіт пен құмай тазыны аң аулауға пайдаланып, сол арқылы күнделікті ішіп-жеуін табатын болған. Бүркіт ежелден киелі саналған құстардың санатында. Өкініштісі, қайсарлықтың белгісі болып келетін бұл құс қазір елімізде сиреп барады. Мылтық, кездікті көбіне аңшылықпен айналысатын азаматтар мен жауынгерлер ұстаса, ауды балық аулау үшін қолданған. Ал қақпан қарсақ, түлкі, суыр, қасқыр, аю, сілеусін, қабылан және тағы басқа да ұсақ аңдарды аулайтын құрал. Барлығы да ер жігіттің әйтеуір бір кәдесіне жарайтын дүниелер екендігін өздеріңіз байқап отырған шығарсыздар?! Сондықтан да қазақ халқының «жігіттің жеті қазынасы» деп бөліп айтуына «Ер жігіт еліне олжа салады» деген дала даналығынан пайда болған сөз түрткі болса керекті. Өйткені ертеден-ақ ер азаматтар отбасының тіреушісі, асыраушысы болды. Енді бір нұсқада жеті қазынаға ер жігітті, сұлу әйелді, ілім-білімді, жүйрік атты, құмай тазыны, қыран бүркітті және берен мылтықты жатқызады. Негізінен ел арасында жеті қазына турасында осы нұсқа көп айтылады. Бұл нұсқаны дүйім жұрттың ортақ қазынасы дейді. Олай деуге себеп те айқын, әрине. Адам баласы ер және әйел болып бөлінеді. Олар болмаса әлемнің қызығы да болмас еді. Жан-жануарлар мен өсімдік иелерін, бүкіл қоршаған ортаны аялап, сақтау тек адамзаттың ғана қолынан келеді.



**15-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен бірыңғай анотомиялық атауларды тауып, оларға сұрақ қойыңдар да, ол сөздерді сөздік арқылы түсініп алыңдар.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. «Жеті қазына» дегенге қалай түсінесің?
2. Жеті қазынаға нелер енеді?
3. Жігіттің қандай жеті қазынасы болады?
4. Сөз табы дегеніміз не?
5. Атауыш сөз дегеніміз не?



Сілтеу есімдіктері меңзеу, нұсқау, көрсету мағыналарын білдіреді. Сілтеу есімдіктеріне: *бұл, сол, ол, осы, осынау, сонау, анау, ана, мына, мынау, тонау, өне, міне*, деген сөздер жатады. Әдетте сілтеу есімдіктері сілтеу, меңзеу, мәнін білдіріп, сын есімнің орнына жұмсалып, қай? деген сұраққа жауап беріп, анықтауыш қызметін атқарып тұрады.



**16-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен белгісіздік есімдігін тауып, олардың септелуіне назар аударыңдар.

Үлгі: әрқайсысының, ...

### ӨЗБЕК КҮРЕСІ ЖӘНЕ БЕЛБАУЛЫ КҮРЕС – ХАЛЫҚ СЕЙІЛДЕРІ МЕН ТОЙ-ТАМАШАЛАРДЫҢ БЕЗЕГІ

Өзбек ұлттық күрес түрлерінің бірі – «Белбеулі күрес» Ферғана алқабында және оған жақын аудандарда, Ташкент, Сырдария облыстарында кең таралған. Бүгінде Өзбекстанның барлық облыстары мен Қарақалпақстан Республикасында да жас балуандарымыз белбеулі күреспен жүйелі түрде айналысып келеді. Ежелден ферғаналық балуандық жарыстар мерекелерде, тойларда, басқа да жиындарда ұйымдастырылған.



Бұл додаларда күрегі жерге тимеген балуандарымыз еліміздің атын шығарды. Белбеулі күресте де кез келген жанкүйерді қуанта алатын тамаша әдістерді қолданады. Ең маңыздысы, бұл тәсілдер екі қолы да байланған балуандардың қолдарын қойып жібермей жүзеге асаруында. Белбеулі күрестің тарихы тереңде, бұл күрес әдістері өзбек балуандарының алаңдағы шеберлігі мен табандылығын көрсетеді.

Белбеулі күрес Темурилер дәуірінде де, одан кейінгі кезеңде де халықтың сүйікті спортының бірі болған. Белбеу күресі мен күрес түрлері бір-бірінен түбегейлі ерекшеленеді. Бұл екі ұлттық күрестің айырмашылығы – белбеу күресі балуандары бір-бірінің белбеулерінен ұстап алып белдеседі. Балуандар аяқтарын басына мықтап тіреп, қарсыласын алып ұрып құлатады. Егер қолдары белбеуден шығып кетсе, аяқтарын жерден алмай құлатса, онда ол есепке алынбайды және ескерту жазалы баға беріледі.

Балуандар орындарынан тік тұрып, бір-біріне қарап, жағалары мен белдерінен ұстап, аяқтарына әртүрлі шалыстар беріп құлатады. Белбеулі балуандар жарыс барысында «халал», «жаза», «жанбас», «ғирром», ал күресте «халал», «шала», «жанбас», «дакки», «ескерту», «ғирром» деген бағамен бағаланады.

2008 жылдың қараша айында Иран Ислам Республикасында «Белбеулі күрес» бойынша Азия чемпионаты, белбеулі күрес бойынша Африкалық Того Республикасында әлем чемпионаты өтті. Бұл сайыстарда балуандардың киетін киімі, төрешілердің бағалау тәртібі олардың күреске, белбеу күресіне жақын екен-



дігін аңғартады. Күрес пен белбеу күресінің бір-бірімен сабақтас-тығын айтар болсақ, күрестің де, белбеу күресінің де киімдері тәуелсіз еліміздің рәмізі болып саналатын, туымыздың белгісі көк-жасыл болып екі жағын да киюі мүмкін екен.

Олардың шалбарлары да жебе түсті және белдіктерінен де ерекшеленеді. Төрт минуттық белдесуде балуандар бір-бірін тоқтаусыз екі минутқа дейін нәтиже болмаса,

онда белбеу балуандардай белбеулерінен ұстап, шала, жанбас, ескерту, халал сияқты баға алмағанша күреседі. Күрес пен белбеу күресі осылай өзара байланысты. Байланысты тағы бір жағы күресте де, белбеу күресінде де «фирром», «жанбас», «халал» терминдері бірдей болып келеді.



**Атауыш сөздер** – өзіне тән толық лексикалық мағынасы, тұрақты дыбыстық құрамы, морфологиялық белгісі, дербес синтаксистік қызметі бар негізгі сөздер тобы. Айналада ұшырасатын, өмірде қолданылатын дербес ұғымдардың атаулары атауыш сөздер тобына жатады (аз, ар, ат, бас, жол, ұн, із, оқы, кел).



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Өзбектің ұлттық күресінің қандай түрлері бар?
2. Белбеулі күрес дегенде нені түсінесіңдер?
3. Белбеулі күрес қандай бағамен бағаланады?
4. Термин сөздер дегеніміз не?
5. Күреспен байланысты қандай атаулар бар?



**17-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен күрделі сөздерден жасалған ұлттық ойын түрлерін тауып, олардың жасалу жолдарына мән беріңдер.

Үлгі: тоғызқұмалақ – сан есім мен зат есімнің бірігуінен жасалған...

### ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СПОРТЫ

Қазақтың ұлттық спорт түрлері, дене тәрбиесі және ойындары, ұлттық ат спортынан, кейбір үстел және қимыл-қозғалыс ойындарынан және ұлттық күрес түрлерінен тұрады.

Қазақтың ұлттық спорты 1920–1930 жылдар аралығында қазіргі заманға сай бір жүйеге келтіріліп, олардың түрлері бойынша арнайы спорт жарыстары өткізіле бастады. Оған жергілікті жерлерде: ауыл, аудан, облыс көлемінде ұйымдастырылған үйірмелер мен секциялар негіз болды. 1938 жылы Алматыда ұжымшарлардың республикалық спартакиадасы өткізілді, ал 1944–1947 жылдар аралығында қазақтың ұлттық спорт түрлерін тұтас қамтыған жеке-жеке жарыстар ұйымдастырылды. Осы кезден бастап Қазақстанда қазақтың ұлттық спорт түрлері басқа әлемдік спорт түрлерімен қатар дамып, халқымыздың денсаулығын нығайтуға икемді де епті, күшті де төзімді болып, өсіп жетілуіне зор пайдасын тигізіп келеді. Ұлттық спорт түрлері ойындарының өте кең тараған түрлері: «Қазақ күресі», тоғызқұмалақ, асық ату, ат спорты ойындары (көкпар, аударыспақ, бәйге, қыз-қуу) сияқты ойын түрлері көне заманнан осы заманға дейін халықпен бірге жасып келеді.



Ұлт ойындары ертеден-ақ жалпы этнографиялық әдет-ғұрыппен бірге дамып, жетіліп, ендігі жерде өз алдына бір бөлек зерттеуді керек ететін қазақ этнографиясының бір бұтағы, ұлт ойындарының дамуы тек қоғамның өзгеруіне байланысты әлеуметтік экономикалық жағдайдың негізінде дамып отырғанына көзіміз жетті.

Республикамызда, әсіресе, ат спорты ойындары кеңінен етек жая бастады. Кезінде Луговой жылқы заводынан шыққан Ақалтеке тұқымды «Абсент» атты сәйгүлік қазақ елінің мақтанышы болып, қатарынан Рим және токио Олимпиадасында жүлдегер атанған. Қазір сол жылқының тұқымы, осы зауытта және Алматы облысындағы «Дегерес» жылқы зауытында бар. Қазақстанда өткен әрбір бәйгелерге осы зауыттың аттары әрдайым жүлдегер болып жүр. Ат спортындағы ең қызықты, тартымды көрермендерді қызықтыратыны осы бәйге. Бәйгеде спортшының тактикалық шеберлігінің үлкен маңызы бар, өйткені, аты жүйрік спортшы атының шамасына қарай керек жерінде басын іркіп немесе қоя беріп, жарысты дұрыс өткізген шабандоз жеңіп кететін кездері аз емес.



Бәйгеге жеткілікті дәрежеде дайындалған төзімді аттар қатыстырылады. Қазақ халқы әр уақытта жылқы тұқымын қасиетті жануар деп бағалаған, сондықтан бәйге өте кең



тараған ат спорты ойыны. Қазіргі кезде ірі жиын, той, астарда бәйгеден жеңіп келген аттарға қомақты жүлде тағайындалып, темір тұлпар, көліктер жүлдеге тапсырылып жүр. Өте кең тараған ойындарының бірі көкпар, бұл ойын командалық ойын. Жарыс өткізу үшін шұңқыры, тасы жоқ,

топырағы жұмсақ жер таңдалып алынады. Алаңның ұзындығы 300–400 м., ені 150–200 м. Осы алаңның ортасына диаметрі 9 метр шеңбер сызылады. Алаңның екі жағына жалаушалар белгіленеді. Көкпарды екі команда қақпаға түсіру арқылы есептейді. Командалар шектеулі уақытпен ойнайды. Барлық ауылдарда көкпар ойыны кең етек алған. Бұл ойын Кеңес үкіметі тұсында тысқа ысырылып өз мәнін жоғалтып қоя жаздаған ойын.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Қазақтың қандай ұлттық спорты бар?
2. Ұлт ойындары дегенде нені түсінесіңдер?
3. «Қыз қуу» мен «Бәйге» қандай ойын?
4. Ауылыңда болатын көкпарлар туралы сөйлеп беріңдер.
5. Есімдіктің қандай мағыналық түрлері бар?
6. Сілтеу есімдігі дегеніміз не және оның синтаксистік қызметі қандай?



**18-тапсырма.** Берілген суреттерден мәтін құрастырыңдар да, мәтінге ат қойыңдар.

### Қазақтың ұлттық ойындары



## IV бөлім. МАМАНДЫҒЫМ – МАҚТАНЫШЫМ



Белгілі бір кәсіппен, шаруашылық саласымен шұғылданатын адамдар арасында қолданылатын, көпшілікке бірдей түсінікті бола бермейтін сөздер **кәсіби сөздер** деп аталады.

**Термин сөздер** – ғылым мен техника, өндіріс саласында қолданылатын арнаулы заттар мен ұғымдардың атауы болатын сөздер. Қазақ тіліндегі термин сөздер екі түрлі жолмен жасалған.



**1-тапсырма.** Берілген мәтінді мұқият оқып шығып, мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтін ішіндегі мамандықтардың аталуына назар салыңдар. Мәтін ішінен кәсіби атаулар мен көмекші сөздерді табыңдар.

### ЖАҢА ЗАМАН МАМАНДЫҚТАРЫ

XXI ғасыр адамзат өмірінің барлық саласына жағымды жаңалық енгізіп қана қоймай, жаңа мамандықтарды да ала келді. Адам баласы XX ғасырда қажетсінбеген, тіпті естіп-білмеген сан түрлі кәсіп иелері пайда болуда. Жаңа мамандықтардың басым бөлігі нарықтық экономиканың өз күшіне мініп, IT саласының ілгері дамуына байланысты ортамызға жетіп отырғаны белгілі.

Мәселен промоутер – белгілі компанияның өнімін сату, жарнамалау және өткізу жұмыстарымен шұғылданатын адам. Біз бұл сөзді көбінесе даңқты боксшы Геннадий Головкиннің жұдырықтасу кешінде жиі естігеніміз бар.

Ал мақаланың басында айтқан стрингерге келетін болсақ, ол белгілі бір БАҚ-тың штаттан тыс видео, фотооператоры. Қауіпті аумақтарға барып, қажетті сурет, видеоларды түсіріп, редакцияға жібереді. Бір қызығы бұл қызметпен кез келген адам айналыса алады екен.

Бренд-менеджер – тауарды сатуды ғана емес, оның қалай өндірілетінін жақсы білетін маман. Логистик – жүк тасымалын қадағалаушы, супервайзер – сауда өкілдіктерінің жұмысын қадағалайтын, жаңа бағыттарды айқындаушы, веб-мастер – сайт жа-





саумен шұғылданушы; копирайтер – сайт үшін контент құрушы; коучер – қызметшілердің потенциалын өсіруші, интервьюер – әлеуметтік зерттеулер үшін сауалнама, сұхбат жүргізуші, девелопер – жылжымайтын мүлік саласында, оны жобалау және құрылысын жүзеге асырумен шұғылданушы, сомелье – ресторандарда сусын-

дардың тартылуына (дұрыс құйылып, қонаққа берілуіне) жауапты кәсіби маман, рецепшеонист – тұтынушылар қабылдау және келушілерді тіркеумен шұғылданатын қызметші. Джобердің жұмысы брокердің жұмысына ұқсайды, бірақ джобер акцияларды сатып алуға және сатуға өз ақшасын жұмсайды.

Бариста – кофе, сусиста – суши дайындаушы. Постижер – адамның шашынан жасанды шаш, мұрт жасаушы. Радиохirurg – радиотолқындардың көмегімен операция жасайтын дәрігер. Хедхантер – белгілі компанияның жақсы қызметкерлерін басқа компанияға «аулап беретін» мамандар. Имиджмейкер – адамға сәнді образды таңдап, талғамын жақсартуға тырысады. Спичрайтер – көпшілік алдында сөйлейтін мәтінді жазып, дайындап беретін маман. Бұдан бөлек әлемде әңгімелесуші, кезекке тұрушы және сіз үшін киім таңдайтын байер деген қызықты мамандық түрлері де кездеседі.

Тізімде келтірілген мамандықтар нарықтағы жұмыс түрлерінің бірсыпырасы ғана. Әрі анықтама қысқаша ғана берілген. Шын мәнінде, девелопердің жұмысы тек жоба жасап, оны сатумен ғана шектелмеуі мүмкін. Логистик те солай. Бұл тізімдегі мамандықтарға деген сұраныс күннен-күнге артып келе жатқаны анық. Әрине олардың жалақылары да жаман емес. Мысалы, заман ағымына қарай бейімделіп, жаңа мамандықтарды меңгергендердің жүргізуші, кенші, механиктерге қарағанда табыстары әлдеқайда көп.

Осыдан 1-2 жыл бұрын Forbes, Popular Science басылымдары болашақта пайда болуы мүмкін 162 мамандық тізімін жасады. Онда біздің ойымызға кіріп те шықпаған робоэтика бойынша адвокат, қоршаған ортаны қалпына келтіру менеджері, криптовалюта банкирі, IT-генетик, интеллектуалды жекеменшікті бағалау, нейропсихолог, медициналық робототехник, виртуалды өмір архитекторы секілді мамандықтар бар. Соның ішінде 2020 жылы эмбрионды емдеу, яғни іштегі ұрықтың ауруын анықтап, бала тумай жатып емдеу маманы 2025 жылы галактикалық архитектор мамандықтары жоғары оқу орындарында ресми түрде ашы-



ла бастайды деп жоспарланғаны айтылған. Әрине, әзірге бұл мамандықтардың Қазақстанда қашан пайда болатынын дөп басып айту қиын. Бір анығы, болашақта біз ескі мамандықтардың жоғалғанына да, жаңа жұмыс орындарының ашылғанына да куә боламыз.

Жаңа заманның талабына сай маман атану – табысқа жеткізетін жол. Қазіргі таңда заңгер, қаржыгер, мұғалім сынды мамандар көп екені белгілі. Сондықтан да жастарға заман мен ғаламның түрленуіне байланысты пайда болған мамандықтарды игеріп, жұмыс істеген дұрыс. Біз өз кезегінде ата-аналар да балаларына мамандық таңдауда уақыт көшіне ілесе отырып, ақыл-кеңес айта алатындай дәрежеде болуы қажет шығар деп есептейміз. Ал, сіз қалай ойлайсыз?



**2-тапсырма.** Мәтінді оқып шығындар да, ондағы есімдіктерді табындар да, түрленуіне назар аударындар.

### ӘРІ КӘСІП, ӘРІ ӨНЕР, ӘРІ ДЕРТТІҢ ШИПАСЫ

Жас шебер Дәулет Тойшыбаевты өз ісінің маманы ретінде қызылордалықтардың басым бөлігі таниды. Сегіз қырлы бір сырлы жігіт қиялынан туған бейнені заматында әйнекке түсіреді, құммен сурет салады. Шәкірт тәрбиелеп, шеберлік сыныптарын ұйымдастырады, көрсем-білсем дегендерге үйретуден жалықпайды. Қоғамдық шараларда белсенді. Түрлі қайырымдылық жәрмеңкелерінің басы-қасынан табылып, салған дүниесін сатылымға шығарады. «Мейірімділік әлемді құтқарады» деп есептейтін кейіпкерімізді әңгімеге тартқанда ол қазір қала орталығынан жеке шеберхана ашқанын, ондағы үйірмеге келушілердің көбі осы өрнектеудің өзгеше түріне қызығатынын айтты.



– Кескіндеме өнеріне жасымнан құмарттым. М. Мәметова атындағы педагогикалық колледждің өнер бөлімін, кейін Қорқыт ата атындағы ҚМУ-де білімімді жетілтірдім. Бастапқыда майлы бояумен жұмыс істейтінмін. Бір күні ғаламтор желісінен шыны бетінде кескіндеушілерді байқап қалып, ерекше әсерге бөлендім. Маған шабыт сыйлаған осы нәрсе. Оны бүге-шүгесіне дейін үйренуге, әр сәтті қалт жібермеуге тырыстым. Осылайша, жаңа дүниеге қанық болдым, сурет салуға ыңғайлы құм іздеп, Қамбаш көлінен алдырдым. Қазір осы әдіспен сурет салып жүргеніме 5 жылдай болды. Той-думан мен мерекелік кешке шақырушы көп. Жарнама саласының мамандары қызығып жатады. Түрлі тақы-



рыптағы роликтерді көрсетуде де осы өнер пайдаланылады. Жастар жаңаға ұмтылады деген рас. Үйірмеге келетін осы буынның өкілдері, – дейді Дәулет.

Қылқалам шебері құмсурет үп еткен желден, бір тамшы судан да бұзылып сала беретініне тоқталды. Ол осынысымен де құнды. Сондықтан, салынатын сурет мезетінде фотоаппаратқа түсіріліп, я болмаса, бастан-аяқ бейнекамераға жазылатын көрінеді. Өкініштісі, оны тек осылай сақтауға болады. Үстіне

пленка қойып, мейлінше ұзақ мерзімге сақтайтындар бар. Алайда бұл тәсіл көп қолданылмайды. Құм қасиетінің көндігуі екіталай. Балалардың дұрыс жетілуіне де септігін тигізеді. Психолог мамандар құммен сурет салудың әсері мол екенін әлдеқашан дәлелдеген.

– Суретті шыны бетінде бейнелеу арқылы ішкі сырды ақтаруға болады. Себебі, құм түйіршіктері бойдағы жасушаны оятып, жүйке жүйесін тыныштандырады. Өзіңе деген сенімділікті арттырып, қиындықпен күресуге көмектеседі. Бұл дәлелденген. Сондықтан, үйірмеге баласын әкелетіндер көп. Жұмыс барысында біз құмнан өзге жарма, кофе, тұз секілді ұнтақ заттарды қолданамыз. Саусақпен өріліп, әйнек бетіне құмның көмегімен бейнеленген туындылар тылсым өнердің құдіреттілігін танытпай қоймайды. Жұртшылықтың бейнелеуді киелі өнерге балайтыны содан, – дейді кейіпкеріміз.

Батыс елдерінде кең қанат жайған, Қазақстанда, оның ішінде Сыр елінде енді ғана дами бастаған құммен сурет салу өнерінің осындай қыр-сыры бар. Бір сөзбен айтқанда, ол – әрі кәсіп, әрі өнер, әрі дерттің шипасы. Құм терапиясының негізін қалаушы швейцариялық психолог Дора Кальф та «Құмға салынған сурет – адам жан-дүниесінің бір көрінісі», деп бекер айтпаса керек.



**3-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып шығындар, ондағы көмекші сөздерді тауып, мағыналық түріне қарай ажыратындар. Есімдіктің мағыналық түрлеріне де назар аударыңыздар.

### БОЛАШАҚТА КІМ БОЛАМ?

Дәрігер болу үлкен мәртебе. Ол үшін адамда өзінің бойында осы мамандыққа деген сүйіспеншілігі мен өзіне деген сенім болуы қажет. Бұл мамандыққа жету екінің бірінің қолынан келмейтін іс. Сондықтан, ешкім жетпеген жеңістіктерге жету қажет.

Мамандық таңдау үшін адам, ең алдымен, өзін, өз бейімділігін тануы қажет. Ең бастысы – адам еңбекке қабілетті, зейінді болуы қажет және оның мамандығы өзі өскен ортаға маңызды, бағалы үлес қосатындай болуы шарт. Өз ісіне сенімді, дұрыс таңдаған адам ғана жетістікке жетеді. Адам еңбегінен қуанышын таба білсе, бойына жаңа күш қосылып еңбекке деген шабыты арта түседі. Зор ықылас, шабытпен істелген іс биігіне жеткізетін қанат.



«Дәрігер – арыстандай айбатты, қыздай икемді, анадай мейірімді болуы керек» деген ата-бабамыздың айтқан ұлы да ұлағатты сөздері бар. Сол сөзді тереңінен қарастырар болсақ, ол сөздің мағынасы: «арыстандай айбатты» деген еш нәрседен қорықпайтын өзінің бойын қорқыныштың баурап алуына жол бермейтін деген мағынада, ал «қыздай икемді» деген өз ісіне байыппен қарайтын, өз ісіне сеніммен қарай білетін жандар, ал «анадай мейірімді» деген науқастарға мейірімін төге білетін өзінің анасы өзіне қандай мейіріммен қараса, ол да науқастарға сондай мейіріммен қарай білетін жандар деп ойлаймын. Егер осы аталған қасиеттердің барлығы мамандық иесінің бойынан табыла білсе, ол үздік дәрігер атанар еді. Қазіргі кезде аурулардың атаулары көбейіп барады. Мысалы: *Миненгит (бастағы ісік ауруы), гепатит (сары ауру), туберкулез (өкпедегі құрт ауруы) т. б.* аурулар. Біздің елімізде аталған аурулар көбеюде, дегенмен бұларға қарсы вакциналар да бар. Біздің экологиялық жағдайымызға байланысты жастар арасында ісік ауруы орын алуда. Дәрігер адам өмірімен жұмыс жасайтын болғандықтан қателесуге болмайды. Өр бір науқасқа диагноз қою біліктілікті талап етеді. Сондықтан да, менің ойымша медицина саласында оқудың өзі 9 жылды талап етеді. Әрине, адам өмірімен байланысты болғаннан соң, өмір бойы оқу және үнемі ізденіс үстінде болуы керек.

Қазіргі кезде ауруларды емдейтін заманауи аппараттар шықты. Ғалымдар зерттеп, әлі күнге дейін ол ауруды емдей алмаған адамдар өте көп. Дәрігерлердің мойнына үлкен жүк артылады.





**4-тапсырма.** Берілген сөйлемдерден сұрау есімдігін тауып, оның мағыналық түрлері мен сөйлемнің айтылу мақсатына қарай түрлеріне мән беріңдер.

1. Махалла халқын дін жолынан адастырмаса не қылсын!  
 2. «Бұл дүние не қылған сандырақ түс тәрізді, опасыз» дегендей аңырған жайлары болыпты. 3. Ол бұл сәтке дейін өз тарапынан қимыл жасарын, қандай амал табарын аңдай алмай жүрген.  
 4. Бірақ бұл үйден кетерде қалай да болса, бір жолдар тауып, Абай ар жақ пен бер жақтың қазақ халқына дәрігерлер ақылын жеткізіп көруді міндет, серт етіп ала кетті. 5. Сол жолда не ниетпен болса да, Сармолла әрекет етіпті де, осы қаланың бар момын еңбек еліне қамқор адам есебіне аты шықты. 6. Данияр ол кезде бүгінгідей боларын қайдан білсін. 7. Әттең, Семейдің нәгі мен шафталысы... иісі қандай! Аузыңа салсаң дәмі қандай!  
 8. Қандай сандуғаштар, қандай ғана құмыр бұлбұлдар... 9. Нелер шешен күлдіргі тотылар бар Семейде! 10. Енді бүгін қолы бос жастар Мағыштың кимешек-шаршысын тастатумен бірге оның басына не киім кигізу жайын ақылдасты. 11. Бірақ Әбіш пен Афтап бұған енді «қай киім, қандай үлгі жарасар екен» деп қызығудан іркіле алмады. 12. Мағыш кімді көргенін аңғарып бола бергенде екі беті маңдайына шейін оттай лаулап қызарды да, аппақ сүйрік ұзын саусақтарымен бетін басып, айнала жөнелді. 13. Бірақ, осыны қай жерден, қай ортадан, кімдерге кездесуден бастаймын, осыған ақыл қос! – деп Әбіштен сұраған еді. 14. Бұл топта да Абай өзінің кімге ораларын, кімге арнап сөз айтар амалын таппады. 15. Осыдан әрі бұл адамның Абай екенін және сол жерде Абайдың өзі кім екенін есітіп, біле түскен қала адамдары Сармолланы да ауызға алысты. 16. Қай имам, қандай ишан айтса да жұқпалы аурудан сақтану керек. 17. Кім көззәп, кім залым, кімдер ұры екенін қазір осы арада ашып шешуін талап етемін! – деді. 18. Жұрт не айтса да өз әкесін Жақып саудагер бұрынғы үйреншікті, дағдылы жол-жөнмен жөнелтпек болды.

(М. Әуезов. Абай жолы романынан)



### Өзіндік жұмыс

Белгісіздік есімдіктерін (біреу, кейбіреу, бірдеме, әркім, әрне, әлдекім, әлдене, кімде-кім, бір, қайсыбір, кейбір, қайсыбіреу, әр, әрбір, қайбір, бірнеше, әлденеше, біраз, әрқашан, әрқалай, әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқашан, әрқашан) пайдаланып, «Өзіміз-ақ белгісіздік есімдігін анықтай аламыз» тақырыбында шағын әңгіме жазыңдар.



**5-тапсырма.** Белгісіздік есімдіктерін (біреу, кейбіреу, бірдеме, әркім, әрне, әлдекім, әлдене, кімде-кім, бір, қайсыбір, кейбір, қайсыбіреу, әр, әрбір, қайбір, бірнеше, әлденеше, біраз, әрқашан,

әрқалай, әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқашан, әрқашан) пайдаланып, «Өзіміз-ақ белгісіздік есімдігін анықтай аламыз» тақырыбында сұхбат ұйымдастыру.



**Белгісіздік есімдігі** – затты, сындық белгіні, сан-мөлшерді белгісіз етіп жорамалдап, тұспалдап көрсету мәнін білдіретін есімдіктің түрі.

**Белгісіздік есімдігіне:** біреу, кейбіреу, бірдеме, әркім, өрне, әлдекім, әлдене, кімде-кім, бір, қайсыбір, кейбір, қайсыбіреу, әр, әрбір, қайбір, бірнеше, әлденеше, біраз, әрқашан, әрқалай, әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқашан, әрқашан деген сөздер жатады.



**6-тапсырма.** Берілген сөйлемдерден болымсыздық есімдігін тауып, оның жасалу жолын анықтаңдар.

1. – Сіз түспеңіз, ешнәрсе етпейді, шаршайсыз, шықпаңыз! – деді. 2. Ешкімге аты-жөнін, ой-ниетін айтпастан, өзімен бірге оқыған Түркістан жағының бір жас жігітіне еріп, Ташкентке кеткен. 3. Мағыш, сені де мынау Әбіш үйлене сала елде, үйге тұрғызбай әлдеқайда алысқа шырқатып әкетіп барады. 4. Қалайда жұрт жиналатын орынға әдейілеп ешкімді шақырмаса да, Абайдың енді ара түсіп, сөйлей түсуі даусыз қажет. 5. Ойға ауысқан көздері, базардағы топқа қараған тәрізді болса да, ол қазір ешкімнің жүзін көріп тұрған жоқ. 6. Ешкім де Сармолланың артынан мінберге шығуға жараған жоқ. 7. Соңғы жұмалар ішінде имам, моллаларды ешбір жаназаралға, хатімдерге шақырмай қойған осы жұрт еді. 8. Қайтіп ешқайда шыққан да, барған да емес. 9. Көптен бергі Абайдың көңіл сырласы ендігі өлеңдері ешкімге паш етілген жоқ. 10. Бірақ, мұнымен ендігі өлеңдерді ешкім білмей қалған жоқ.



**7-тапсырма.** Берілген мәтіннен сұрау есімдігі қатысқан сөйлемдердің тыныс белгілеріне назар аударыңдар. Сұрау есімдігінің мағынасын біліп алыңдар.

1. Сартаққа келген құдай жіберген ажал ма, әлде Беркенің тапсыруымен сұлтанды күзетіп бара жатқан кісілердің біреуінің берген уы ма, бұны да осы күнге дейін білген жан жоқ... 2. Бірақ, қандай аурудан кеткенін әлі күнге дейін тірі жан айта алмайды. 3. Бұл талас та қандай қанды оқиғаларға апарып соқпады?! 4. Әбілқайырдың ойынша осылармен тіл тапса, болғаны. Ал, тіл табу үшін хан қандай тәсіл қолданса да, Жәнібек пен Керей көнбей-ақ қойған. 5. Хан қызына қолы жете алмай өліп жүрген

өзге батыр, сұлтандарға көзі түспей, төрт әйелі бар Жәнібекке неге сонша құмар болғанын кім білсін, әйтеуір қыздың өзі ортаға жеңгелерін салып, ұзатылғанша сұлтанмен көңіл қосуға тілек білдірген. 6. Ием қашан жем береді деп шыдамсыздана күтеді. 7. «Жазықты жауыма тіршілігін қиғанда, жазығың жоқ, ақбөкен, сені несіне өлтірем», деп анандай жерде жатқан сойылын алып атына мінген. 8. Қалай өлгенін көзімен көрген ешкім жоқ. 9. Осыдан кейін қара қазаққа, құлдарға ерік беруге бола ма? 10. Оған қандай дәлелің бар? Керей Қарабатырдың өзі айтты ма, әлде көрген жан бар ма? – деді Ақжол әлі де дауысын өзгертпей. 11. Қобыланды батырдың бұл жанжалды неге бастап отырғаны Әбілқайырға аян. 12. Одан не шықты? 13. Бірақ одан не таптым? 14. Қай шаһарды алмадым? 15. Бірақ сонда шыққан қандай мүйізім бар? 16. Демек, шешім қандай болуға тиісті? 17. «Расымен-ақ біреу осы нәрестеге де қол көтерер ме екен? 18. Кімнің бұл шаңырағын қиратып, түндігін тіліп еді?» – деді ол ішінен. 19. Алысып-жұлысып жатқан қос арланның қайсысын қалайды? 20. Арғынға деп сілтегенің Қыпшаққа тиіп жүрсе қайтесің? 21. Қайсының аты есте? 22. Ал бүгінгі тұтқын жігіттің аты кім еді?» 23. Әбілқайыр не болғандығын түсіне алмай қалды. 24. «Әйтсе де осы дау болып жатқан жігіттің есімі кім еді? 25. Аян ба, Шаян ба, Баян ба?» 26. Бұл атты бұрын қайда естідім? 27. Бәсе, не деп еді? 28. Өзімнен туған екінші балам Сүйіншік сұлтанға көзінің тірісінде осы Саянды аталық етіп қой деп сұрады ғой? 29. Неге олай өтініп еді?



**Сілтеу есімдіктері** меңзеу, нұсқау, көрсету мағыналарын білдіреді. Сілтеу есімдіктеріне бұл, сол, ол, осы, осынау, сонау, анау, ана, мына, мынау, тонау, әне, міне деген сөздер жатады. Әдетте сілтеу есімдіктері сілтеу, меңзеу, мәнін білдіріп, сын есімнің орнына жұмсалып, **қай?** деген сұраққа жауап беріп, анықтауыш қызметін атқарып тұрады.



### Өзіндік жұмыс

«Мен он жылдан соң...» тақырыбына мәтін түзіндер. Мәтінде сілтеу есімдіктерін (бұл, сол, ол, осы, осынау, сонау, анау, ана, мына, мынау, тонау, әне, міне) орынды қолдау, оқылған мәтін бойынша пікір білдіру.



**Туынды сөз** – сөзжасам саласының негізгі ұғымы. Қазақ тілінің сөздік құрамында қолданылып жүрген қазіргі атау сөздердің бәрі дерлік туынды атаулар. Қазіргі қазақ тіліндегі бір буынды ат, ақ, су, жақ, тау, т.б. атаулардың өзі туынды сөз ретінде танылады. Бұл сөздер тұлғалық

жағынан өзгермегенмен, мағыналық құрылымы семантикалық сөзжасам негізінде дамыған. Сондықтан да бұл атаулар іштей көпмағыналылыққа, антонимдік сыңарлар мен синонимдік қатарларға жіктеледі.



**8-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтін ішінен кәсіби сөздер мен кірме сөздерді табыңдар. Туынды сөзге мән беріңдер де, оның қай сөз табына жататындығын анықтаңдар.

### ДОМБЫРА – ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АСЫЛ ҚАЗЫНАСЫ

Қазақ халқының төл өнері жайлы сөз қозғағанда, ең алдымен, домбыра еске түседі. Домбыра – қазақ халқының асыл қазынасы. Қос ішекті қара домбыраның үнінде Ұлы даланың тамыры, терең тарихы мен сан ғасырлық шежіресі бар

Қазақ ежелден қуаныш пен қайғыны, жақсылық пен жамандықты қара домбыраның үнімен жеткізген. «Домбыра» атауының шығу төркініне қатысты талас-тартыс көп.

Түркі тілдес халықтарда домбыра тектес шертпелі аспаптарды қазақ, ноғай, өзбек, башқұрт – домбыра, тәжік – домбурак, бурят – домбро, моңғол – домбор, түрік – томбра, телеуіт – комыс, шор – қобус, қырғыз – қомуз, қырым татарлары – қобуз, хақас – хомус, алтай – топшур, тува – топшулур, түркімен, қарақалпақ, ұйғыр – дутар деп айтады.

Кей деректерге сүйенсек, «домбыра» сөзі көне шумер тілінен аударғанда «кішкене садақ» деген мағынаны білдіреді. Ал академик Ахмет Жұбановтың айтуынша, «домбыра» сөзі «қозы құйрық» сөзімен байланысты «дунбаһ» және «бурра» деген қос араб сөздерінен шыққан. Ғалым шамасы домбыраның шанағының сүйірленіп барып, қозы құйыршықтанып бітетінін негізге алған болуы керек.

Белгілі зерттеуші Хайролла Жүзбасовтың пікірінше, домбыра сөзі «дөп бұра», «дәл бұра», «дем бұра» деген сөздердің тізбегінен жасалған.

Тағы бір деректерде «домбыра» атауы «дом+бұра» деген сөздерінен шыққан делінеді. «Дом» сөзі қазір «домығып, ісініп кету» мағынасында қолданылып жүр. Ал, «бұра», «күйге келтір» дегенге саяды.

Түрлі зерттеулерге сүйенсек, домбыра мен өзге халықтардың осы тектес аспаптары сонау орта ғасырларда белгілі болған. Мысалы, әл-Фарабидің еңбектерін оқысаңыз, тамбур аспабы жайлы кездеседі. Өзбектердің домбыраға ұқсас екі ішекті дутары алғаш рет әл-Хусейнидің «Музыкалық канон» трактатында айтылды.

Археологиялық қазба жұмыстары, тасқа түскен ескерткіштер домбыраның ежелгі түркі дәуірінде пайда болғанын көрсетеді.

Алғаш домбыраның шыққан жері түркі халықтарының алтын бесігі Алтай тауы болып саналады.



**Көмекші сөздер** – лексикалық мағынадан айырылып, грамматикалық қызметке ауысқан, сөйлемде жеке қолданылмай, толық мағыналы сөздерге тіркесіп, түрлі грамматикалық мағыналар үстейтін сөздер. Көмекші сөздер көмекші есімдер, көмекші етістіктер, шылаулар, модаль сөздер болып бірнеше түрге бөлінеді. Көмекші сөздер тілдің грамматикалық құрылысына кең таралған.

**Шылау сөздер** – ішкі мазмұндары жағынан да, сыртқы формалары жағынан да, сондай-ақ, қызметтері жағынан да өздерінің бастапқы шыққан төркіндерінен біржола қол үзіп, әрі осы аталған негізгі үш белгі жөнінен де дербестіктерінен айырылып, өз алдына категория болып қалыптасқан және жалпы көмекші сөздер тобына негізгі ұйытқы есебінде қызмет ететін сөздер.

Грамматикалық сипаттарына қарай, шылаулар ішінара үш жікке бөлінеді: **септеуліктер, жалғаулықтар және де-меуліктер.**



**9-тапсырма.** Берілген мәтіннің мазмұнына көңіл бөліңдер. Мәтін ішінен шылау сөздерді табыңдар да, оның қай түріне жататындығын анықтаңдар.

### НАҒЫЗ ҚАЗАҚ – ДОМБЫРА

Домбыра – қазақтың қасиетті аспабы, құнды байлығы, таптырмас қазынасы. Қазақ пен домбыра егіз ұғым. Күні кешеге дейін әр үйдің төрінде ілулі тұратын ұлттық аспабымыздың күмбірлеген үні, бүгінде алыстап бара жатқандай. Жыл сайын атап өтілетін бұл мерекелік күннің ұлттық руханиятымызға қосар үлесі зор.

Ұлы ақын Қадыр Мырза Әлінің «Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деген сөзінің зор мәні бар. Мұндай тұжырымның астарында қазақтың осынау киелі аспабын құрметтемеген, домбыра үніне сүйсінбеген адамда қазақи қасиет жоқ деген ой жатыр. Қазақстанның Елбасы осы күнді арнайы мереке етсе, осы елдің президенті де домбыра туралы жақсы пікірде екені қуантады.

– Қазақ пен домбыра – егіз ұғым. Күмбірлеген домбыраның үні батырларымызға рух, ақындарымызға шабыт берген. Домбыра әрбір қазақтың рухын көкке көтеретін құнды қазынамыз болуы тиіс. «Сарыарқа», «Балбырауын», «Адай», «Әлқисса» күйлері – ұлттық рухымызды көтеретін таңғажайып туындылар. Домбыраның пернесінен шыққан күйде халқымыздың терең тарихы бар. Біз атадан балаға аманат болған асыл мұрамызды сақтап,



қадір тұтуымыз қажет. «Өнер – ұлт келбеті», – дейді дана халқымыз. Баршамызға ортақ құндылық – домбыраны жан-жақты насихаттап, жас ұрпақтың санасына сіңіру өте маңызды. Домбыра – қайталанбас асыл дүние. Сондықтан, мектепте домбыра үйрену сабақтарын енгізу – қажет әрі дұрыс бастама. Себебі, қазіргі жаппай жаһандану уақытында халқымызға тән бірегей құндылықтарды жаңғырта беруіміз қажет, – деген мемлекет басшысы төл мәдениетімізге деген қамқорлық әрқашан мемлекеттің айрықша назарында болатынын айтқан.



«Домбыра күні» деп алғаш тойланған жылдары барша қазақ қуанып сүйіншілегенін білеміз.

Өнерде шек болмайды, оны түсінуге тілдің де керегі жоқ. Қазір қазақты осы аспаппен әлемге танытып жүрген өнерпаздар аз емес. Домбыраға қызығып, күй тартуға ынталанған балалар саны күннен-күнге өсуде. Күйшілікті домбыра тарту өнерінің шыңы дейміз.

Жарты әлемді шарлап, көрген қызықты деректерді жазбаша қалдырған орыс саяхатшысы А. Берг қазақ даласына келгенде ерекше таңқалысын жеткізіпті. Ол: «Қазақ елі қонақжай халық. Мұнда келген қонақ ән қанатында қалқып, сиқырлы музыкалық аспап үнімен ғажап күй кешеді», – дей келе, әр қазақ домбыраны кие тұтып, қадірлейтінін жазыпты. Осыдан-ақ, домбыраның қазақ ұлты үшін аса қастерлі екенін бағамдауға болады.

Бүгінде ұлттық музыкалық аспаптың құндылығын ұлықтап, босағаға биік ілетін отбасын сирек кездестіреміз. Әйтсе де, қасиетті домбырамыздың қадірі ешқашан түспек емес. Қазақ барда домбыра бар. Домбыра үні ешқашан тыңдаусыз қалмайды.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Не үшін домбыра қазақтың қасиетті аспабы?
2. Не үшін қазақ пен домбыраны егіз деп қабылдаймыз?
3. Домбырамен орындалатын қандай күйлерді білесіңдер?
4. Домбырамен орындалатын күйге түсінік беріңдер.
5. Шылау дегеніміз не және оның қандай түрлері бар?



**10-тапсырма.** Берілген мәтіннің мазмұнын жақсылап ұғып алыңдар. Мәтін ішіндегі термин сөздерді табыңдар да, оның қай кәсіпке тиісті екендігін анықтаңдар. Жалғаулықты шылауларды табыңдар.

### ВЕТЕРИНАРИЯ – ЕҢ МАҢЫЗДЫ МАМАНДЫҚТАРДЫҢ БІРІ



Дастарқанға келетін мал өнімдерінің бір грамы болмасын ветсанитария дәрігерінің тексеруінсіз өтпейді. Ветеринария дәрігерлерінің жемісті еңбегінің арқасында көптеген жануарлардан адамдарға жұғатын жұқпалы аурулардан алдына сақтандырылады. Ветеринария – жануарлар ауруларының алдын алу, оларды емдеу. Мал дәрігерлік сараптау және тексеру жұмыстарын қарастырады. Санитарлық тұрғыдан таза жануарлар өнімдерін өндіру нәтижесінде, адамзатты антропозооноз аурулардан сақтау сыртқы қоршаған ортаны қорғаудағы ветеринарлық-санитарлық мәселелерді шешу туралы ғылым. Жануарларды емдеу туралы көне мәліметтер 4 мыңыншы жылдардан бері белгілі. Ветеринарияның

дамуы медицина, биология, химия, физика және т.б. табиғаттану ғылымдарының дамуымен тікелей байланысты. Бүкіл жер шары тұрғындарының денсаулығы ветеринардың жұмысына байланысты. Көптеген жұқпалы аурулар жануарлар мен адамдарға тән. Ветеринар өз жұмысында мал мен құстардың, жабайы және хайуанаттар бағындағы жануарлардың, сонымен қатар балық, бал арасы және басқа да тірі организмдердің ауруларын анықтау, емдеу және сақтандыру жұмыстарымен айналысады.

Ветеринар қайда жұмыс істейді? Мал дәрігері – ветеринариялық зертханаларда, клиникаларда, дәріханаларда, шаруа қожалықтарында және фермерлік шаруашылықтарда, зоопарктерде, циркте, қорықтарда, ветеринарлық ғылыми-зерттеу мекемелерінде, жоғары және орта арнайы ветеринарлық оқу орындарында, кедендік бақылау агенттігінде, ет, сүт, тері, жүн, өңдеу мекемелерінде жұмыс істей алады.

Ветеринарияның негізгі мақсаты – мал шаруашылығының ветеринарлық – санитарлық сәттілігін сақтап, одан санитарлық сапасы жоғары өнімдер мен шикізаттар өндіруді қамтамасыз ету. Сондай-ақ, ол халықты зооантропоноздардан сақтау, елімізді шет елдерден келетін қауіпті мал ауруларынан қорғау шараларын да ұдайы жүргізіп отырады. Ветеринария ісінің жал-

пы мағынасы оның өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін сан алуан арнайы шараларды іске асыруда екені көрінеді. Сондықтан ветеринария ісі деп малды аурудан сақтандыру, емдеу, одан санитарлық тұрғыдан сапалы өнім алу, адамды зооантропоноздардан сақтау сияқты мемлекеттік шаруашылық, қоғамдық шаралар кешенін айтады. Ветеринария ісіне қорғаныстық мағынада беріледі. Мәселен, шекарадағы экспорттық-импорттық тауар алмасу кезінде елімізді шет елдерден қауіпті жұқпалы мал аурулары енуінен қорғау – шекаралық-ветеринарлық бақылау мекемелеріне жүктелген.

Ветсансарап зертханаларының негізгі міндеті – базарларда сатылатын мал өнімдерінің және оларды сату орындарының ветеринарлық-санитарлық жағдайын тексеріп, жарамдылығы туралы қорытынды беру. Базарға түскен барлық мал текті өнімдер ветсансарап ережелері бойынша, осы зертханада байқаудан өтеді. Қажет болса, бактериологиялық және биохимиялық зерттеулер жүргізіледі.

Ветеринарлық-санитария дәрігері бұл мал өнімдерін өндіретін мал шаруашылығы, ет және сүт өңдейтін мекемелердің, базарлардың, ветеринарлық-санитарлық жағдайын қадағалайтын маман. Мал шаруашылығы өнімдерінің тұтынушыларға сапалы болып жетуі және тұрғындардың денінің сау болуы ветеринарлық-санитарлық дәрігердің жұмысына тікелей байланысты.



**11-тапсырма.** Берілген кестені дұрыс белгілеңдер. Шылаудың түрлерін үлгі бойынша стрелкамен көрсетіп беріңдер.

01	<b>ЫҢҒАЙЛАСТЫҚ</b>	01	<i>ЕГЕР, ЕГЕРДЕ</i>
02	<b>ТАЛҒАУЛЫҚТЫ</b>	02	<i>СЕБЕБІ, ӘЙТКЕНІ, СОНДЫҚТАН, СОЛ СЕБЕПТІ</i>
03	<b>ҚАРСЫЛЫҚТЫ</b>	03	<i>ӘЛДЕ, БІРЕСЕ, БІРДЕ, НЕ, НЕМЕСЕ, Я, ЯКИ, БОЛМАСА, КЕЙДЕ</i>
04	<b>ШАРТТЫҚ</b>	04	<i>БІРАҚ, АЛАЙДА, ДЕГЕНМЕН, ӘЙТПЕСЕ, ӘЙТКЕНМЕН, СОНДА ДА</i>
05	<b>СЕБЕП-САЛДАРЛЫҚ</b>	05	<i>МЕН (БЕН, ПЕН, МЕНЕН, БЕНЕН, ПЕНЕН), ДА, ДЕ, ТА, ТЕ, ЖӘНЕ, ҺӘМ, ӘРІ</i>



**12-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен белгісіздік есімдігін тауып, оларға талдау жасаңдар.

Үлгі: кейбіреулер – екі сөздің бірігуінен жасалған белгісіздік есімдігіне көптік –лар жалғауы жалғанған.

### МАЛ ДӘРІГЕРІ



Ветеринария (лат. *veterinarius* – малды бағып қарайтын қызметкер, жануарларды емдейтін маман) – жануарлар ауруларының алдын алу, оларды емдеу, мал дәрігерлік сараптау және тексеру арқылы санитарлық тұрғыдан таза жануарлар өнімдерін өндіру нәтижесінде, адамзатты антропозооноз (адамға жұғатын) ауруларынан сақтау,

сыртқы қоршаған ортаны қорғаудағы ветеринарлық-санитарлық проблемаларды шешу мәселелері туралы ғылыми ілім.

Мал дәрігері болуды кейбіреулер сәннен қалған деп менсінбейді. Бұл – сұранысқа ие мамандықтың бірі. Ауылдық жердегі мал шаруашылығын былай қойғанда, қалада ит, мысық, алақоржын тышқан, тотықұс, т.б. өсіретіндер мал дәрігерлік емхананың табалдырығын тоздырады.

Мал дәрігерлікті тәмамдағандар мал дәрігерлік дәріханада, зертханада, емханада, мал шаруашылығында, кеденде, аң өсіретін фермада, хайуанаттар бағында және азық-түлік базарларында жұмыс істейді.

Қаладағы кейбір мал дәрігерлік емханалардың жанында жануарларға арналған қонақ үй бар. Ұзақ уақыт демалысқа басқа жаққа кететіндер үйіндегі жануарларын осындай қонақ үйлерге еш алаңсыз қалдырып кете алады.

Мал дәрігерлері жан-жануарлардың ауруларын емдейді, әртүрлі аурудың алдын алу үшін екпе салып, қажет болғанда ота жасайды, малдан алынған ет, сүт, т.б. өнімдерге бақылау жүргізіп, осы



өнімдердің жарамды-жарамсызын айырады. Дегенмен ойланыңыз, жан-жануарларға қамқорлық жасау сізге ұнайтын болса ғана бұл мамандықты таңдай аласыз. Себебі, жақсы теориялық біліммен қаруланған өз алдына, аяғынан тік тұрып қызмет қылу үшін ұзақ жүріс-тұрысқа шыдамды болып, әрбір жануардың өзіне тән исіне төзу екінің бірінің қолынан келмейді.

Ауыл шаруашылығын дамыту үшін үкімет тарапынан мал дәрігерлік мамандыққа қолдау көрсету жайлы сөз болып жатыр. Себебі, мал ауырса ауыл шаруашылығына шаш-етектен шығынға батып қана қоймайды, адамға да жұғып, халық өміріне қауіп төндіреді.



**13-тапсырма.** Мәтінді оқып, мазмұнына мән беріңдер. Мәтін ішінен көмекші сөздерді табыңдар, қай түсіне жататындығын анықтаңдар.

### АДАМНЫҢ ЕҢ СЕНІМДІ ДОСЫ ӘРІ ЖЕТІ ҚАЗЫНАНЫҢ БІРІ

Итті атам қазақ ежелден құрметтеген, ол күзетші, адамның досы. Қазақта итке деген ерекше көзқарас бар. Біздің иттер, үлкендердің айтуынша, үйдің табалдырығын аттамайтын ақылды иттер. Олар адамға қызмет етеді. Тек үйін ғана емес, мал толы қорасын да күзетіп, қасқырлардан қорғаған. Қазірге дейін, олар өздерінің осы бір ниетінен таймай келеді.



Қазақтың иті тазы деп аталады, олар қазақтың мақтанышы әрі өте ерекше тұқымды ит. Ит елде ерекше бағаланады, оны асырау біздің қанымызда бар. Итті біздің жігіттер де ерекше бағалайды. Ит – денсаулығы өте мықты үй жануары.

Иттер есту қабілеті өте керемет дамыған жануарлар. Олар алыстағы жау не ұрыны бірнеше километрден байқайды, сол үшін де Болар иттерді қазақ атам қатты бағалаған.

Адамзаттың жабайы аңдардың ішінде ең бірінші қолға үйреткен жануары – ит. Адам өз тамағын итпен бөлісті, ал ол аң аулауда адамға көмектесті. Содан бері ит адамның досы. Қазақтар жеті қазынаның бірі деп итті ерекше бағалайды. Иттердің есту, көру, иіс сезу мүшелері өте жақсы жетілген. Иесі итке жақсы қараса, иттер иесі үшін өз өмірін құрбан етуге дайын. Соңғы кезде адамдар итке немқұрайлы қарайтын болды, кез келген уақытта итті өлтіріп немесе көшеге тастай салады. Мүмкін иттер адамдардың опасыздықтарына ренжіп, кейде олар да адамдарға шабуыл жасайды.

Ит – адамның ең сенімді досы. Ол біздің үйімізді және отбасы мүшелерін күзететін керемет жануар. Бұл үй жануарлары – өз адалдығымен ерекшеленеді, қажет болса, өз қожайыны үшін құрбан болуға дайын. Полиция қызметкерлері, қылмыскерлерді іздеу үшін иттерді қолданады. Арнайы үйретілген ит есірткіні де,

қаруды да таба алады. Бұндай иттер әсіресе шекарада пайдалы. Иіс сезу қабілеті жақсы дамығандықтан, олар контрабандалық тауарларды жылдам анықтайды. Ит – жер бетіндегі ең ақылды тіршілік иелерінің бірі.

«Жеті қазынаның бірі» саналатын ит он екі мүшел жылдың бірі, жеті қазынаның бастысы.



**14-тапсырма.** Заманауи мамандықтар, оларды елестету туралы шығармашылық мәтін құрыңдар, мұнда заманауи технологияға қатысты терминдерді қолданыңдар.



### Өзіндік жұмыс

Заманауи мамандықтар, оларды елестету туралы шығармашылық мәтінін құрыңдар да, мұнда заманауи технологияға қатысты терминдерді қолданыңдар.



**1. Баламасы бар термин сөздер:** 1) жергілікті және көне сөздерден жасалған термин сөздер: универсал – әмбебап, устав – жарғы, рынок – нарық, комплекс – кешен, администратор – әкім, т.б. 2) тілімізде бар сөздерді біріктіру арқылы жасалған термин сөздер: семья – отбасы, музей – мұражай, герб – елтаңба, гимн – әнұран, паспорт – төл-құжат, т.б.

**2. Қазақша баламасы жоқ интернационалдық термин сөздер:** *коэффициент, синус, куб, азон, аммиак, карта, материк, глобус, синтаксис, диалект, антоним, дисфемизм, т.б.*



**15-тапсырма.** Төменде берілген мәтінді оқып шығып, қарамен жазылған сөздерге мән беріңдер, оларға талдау жасаңдар.

### ЖАҢА ЗАМАННЫҢ МАМАНДЫҚТАРЫ

Әлем тез дамып келеді. Күннен-күнге жаңа мамандықтар пайда болып жатыр. Соның көбі біздің қоғамға бейтаныс. Заңгер, қаржыгер, журналист сынды мамандар көп екені бәрімізге мәлім. Ал қазіргі жастар жаңа салада жұмыс істегісі келеді. Жаңа заманның талабына сай маман атану – табысқа жеткізетін жол.

**Әңгімелесуші мамандығы** алғаш Жапонияда пайда болды. Әңгімелесуші арнайы үйшікте отырады. Кез келген адам мұңы, реніші, ашуы, қорқынышы, қуанышымен бөлісіп, ішіндегі сезімін сыртқа шығара алады. Мұндай маман аптасына 10 мыңнан аса адам қабылдауы мүмкін.

**Кезекте тұрушы мамандығы** Ұлыбританияда пайда болды. Зерттеу нәтижесі бойынша ағылшын тұрғындары өмірінің бір жылын кезекте тұрумен өткізеді екен. Кез келген адам өз ісін тоқтатпай, орнына арнайы маманды шақыртып, кезекте тұруды сұрайды.

**Байер** – сіздің орныңызға киім алып жүретін маман. Олар киім өлшеміңізді алып, сән мен стильге сай киім таңдап, алып береді. Бұл – батыста танымал мамандықтың бірі. Әрі уақыт үнемдеуге мүмкіндік береді. Алайда шын мәнінде, екі есе шығынға әкеліп соғады. Мұнда не ақшаны не уақытыңызды таңдауыңызға тура келеді.

**Бариста** – кофе дайындайтын арнайы маман.

**Сусиста** – суши дайындайтын адам.

**Постижер** – адамның шашынан жасанды шаш, мұрт жасайтын маман.

**Стрингер** – белгілі бір БАҚ-тың штаттан тыс видео, фото-операторы. Қауіпті аумақтарға барып, қажетті сурет, видеоларды түсіріп, редакцияға жібереді.

**Радиохирург** – радиотолқындардың көмегімен операция жасайтын дәрігер.

**Инженер-орманшы** – орманның жағдайын тексеріп жүретін маман.

**Хедхантер** – бір компанияның жақсы мамандарын басқа компанияға «аулап беретін» мамандар.

**Имиджмейкер** – адамға сәнді образды таңдап, талғамын жақсартуға тырысады.

**Спичрайтер** – көпшілік алдында сөйлейтін мәтінді жазып, дайындап беретін маман.



**Еліктеу сөздер** – табиғат құбылыстары мен жан-жануарларда болатын әр алуан дыбыстарға және олардың сын-сипат, қимыл-әрекеттеріне еліктеуден туған сөздер. Қазақ тілінде еліктеу сөздердің екі түрі бар:

1) еліктеу есту қабілеті арқылы пайда болған еліктеуіш сөздер: *тарс-тарс, салдыр-гүлдір, дыр-дыр, гүрс, шолп;*

2) еліктеу көру қабілеті арқылы пайда болған бейнелеуіш сөздер: *жалт, жарқ, лып, маймақ, көлбең. ербең-ербең.*



### Өзіндік жұмыс

Еліктеуіш сөздерді пайдалана отырып, көктем құбылыстарын суреттеп шығарма жазып беріңдер.



**16-тапсырма.** Еліктеуіш сөздерді пайдалана отырып, көктем құбылыстарын суреттеп шығарма жазыңдар.

**Керекті сөздер:** тырс, сарт, күмп, саңқ, былш, шорт, гүрс, тарс, шіңк, діңк, сырт, дыз, қолп, жалт жұлт, ыржың ыржың, қаңғыр-күңгір, күркіреді.



**17-тапсырма.** Берілген сөйлемдерден еліктеу сөздерді табыңдар да, жасалу жолына мән беріңдер.

1. Қораның сол жағында, аласа кірпіш оттықта шөп жеп тұрған екі-үш ат көкшіл бау шөпті күтір-күтір шайнай түсіп, пысқырып қойысады. 2. Тағы да ақ сақалын дірілдетіп, сілкініп, өз-өзімен күбірлеп, дұғалығын оқып тайқи берді. 3. Әбіштердің келуі, қызықты баласы мен келінін қалада көруі, жаңа бұның көңілін алаң етіп, сәл сөйілткен еді. 4. Абайдың көңіліне былжыр басқан ат жүрісіндей кезелестеді. 5. Жазықсыз қылжаққа сәл күлумен қабат, Абай көңілі азғана селт еткендей көтеріліп те қалды. 6. Жаяу базардың оқшау бір белгісі: ең әуелі, тынымсыз балдыр-бұлдыр, дабыр-дүбір, саңғыр-сұңғыр үздіксіз сөйлеп жатқан үндер, сөздер естіледі. 7. Үндемей құлақ салсаң, бейнебір қалдыр-құлдыр, дабыр-дүбір, құжынап, қайнап жатқан. 8. Кеудесі ашық, сүйегі адырайған, аяғы жалаңаяқ, қыли көзді, көсе қарадуана Абайдың қасынан сумаң етіп өтіп барады. 9. Бір аяғын шоқбасқандай шапшаң шолтаң еткізіп, көтеріп басады. 10. Секіре түсіп, аңдаусыз тұрған жұртты шошыта селк еткізіп, бақырып, айғайлап қалады. 11. Соңғы «хақ» деген сөзін шыңғыра, шаңқ еткізіп айтады. 12. Қалдыр-құлдыр, дабыр-дұбыр еткен жаяу базардан енді бір кез сытылып шыққан Абай қала шетіндегі құм төбешіктің беткейіне жиналған салт атты саудагерлерге тақап келді.



**Жалғаулық шылау** сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді салаластыра (тең дәрежеде) байланыстырады. Жалғаулық шылаулар жалғаулықтар деп те аталады.

Олар мыналар: *мен (бен, пен), да (де, та, те), не, не болмаса, яки, немесе, я, және, әрі, біресе, бірақ, алайда, әйтпесе, әйткенмен, дегенмен, сонда да, әлде, өйткені, себебі, сондықтан, сол себепті, т.б.* Жалғаулықтар бірыңғай мүшелердің немесе салалас құрмаластың сыңарларын, әртүрлі мағыналық қатынаста байланыстырады.





## Өзіндік жұмыс

Кәсіптік мерекелерге арналған құттықтау хат жазыңдар. Құттықтау хаттарында қолданылатын тіл бірліктеріне назар салыңдар. Құттықтау хаттарында жалғаулық шылауларды пайдаланыңдар.



**18-тапсырма.** Мәтінді оқып шығыңдар, ондағы сұрау есімдіктерін табыңдар. Сұрау есімдіктер арқылы қандай сөйлем жасап тұрғандығына көңіл бөліңдер. Одағай сөздерді де тауып, мағыналық жағынан ажыратыңдар.

...Абай Мәкішті ұмытып кеткен екен. Әуелі үркіп қалғандай, қысылып:

– Е, оны қайдан білдің? – деді.

– Есітіп келем ғой... Жасырайын деп пе ең? – деп, Мәкіш күлді де: – Және Ербол бар, барлық жас құрбың да көп айтады ғой. «Жарысқа түспегені болмаса, анық ақын» – дейді, рас па сол? – деді.

Абай енді күліп жіберіп:

– Сонысы рас! Ақынмын!

– Қандай өлең айтасың?

– Әй, Мәкіш-ай, өлеңім менің желге кетіп жүр ғой.

– О, қалай?

– Мен сүйген мен күйгенді айтам. Сүйгенім оралмастай алыста. Ал айнымастан қасымда, жадымда қалар жалғыз күйігім ғана, соны айтқан соң, желге кеткенмен бір емей, немене?

– Күйігің не? О, не деген сөзің?! Сенде қандай күйік болуынша еді? – деп, Мәкіш Абайға кінәлай да, сынай да қарады...

...Жас жігіт бұл жерге жеткенде айтқанына өкінгендей боп, шұғыл айналып бұрылып қалды. Күйіп, қиналып кетті:

– Ойбай жаратқан, Мәкіш-ай, Ділдәң не? Не деп кеттің?

Мәкіш өзінің Абайға қатты батқан сөзінен қысылып қалды. Ыңғайсызданып күлді де:

Япырай, сөзім саған түрпідей тиді-ау, Абай. Ділдә байғұстың не жазығы бар еді?

Рас, Ділдәнің жазығы жоқ, бірақ оған ынтыққан арман өлеңін айтар менің де жазығым жоқ. Төрт бала тапқан Ділдәні айтқаның не?

Е, бала тауып бергеніне жазықты ма саған?

– Жазығы жоқ. Қайта балалары жақсы. Ол – балаларымның анасы. Ата мен ана қосқан жолдасым. Бар болғаны сол ғана...



**Одағай сөз** адамның көңіл-күйін, сезімін білдіру мақсатымен ғана емес, сонымен қатар басқа біреуге бұйыру, ишара білдіру немесе малды, үй хайуандарын шақыру, айдау, қорғау мақсатында да қолданылады. Одағай – көмекші сөздер тобына жататын сөз табы.

Одағай сөздер басқа сөз таптарымен салыстырғанда әуезділікке, ырғаққа, эмоционалдық құбылмалылыққа, интонацияға өте бай. Олар көркем шығарма тілінде (әсіресе диалогтарда) көп кездеседі. Ал публицистика, ғылыми стильде жазылған шығармаларда сирек қолданылады.



### Өзіндік жұмыс

Одағайларды пайдалана отырып шағын мәтін құраңдар да, оған ат қойыңдар.

**Керекті сөздер:** *Алақай!, Ура!, ha!, Пап-пап!, Бәрекелді!, Оho!, Әттеген-ай! Әттең!, Қап!, Тәйірі!, Түге!, Піш!, Пішту!, Айда!, Тәйт!, Сап-сап!, Стоп! Көне! Жә!, Төктөк!, Әуп!, Әлди-әлди!, Моh-моh, Шөре-шөре, Сарап-сарап, Көс-көс, Кәуіс-кәуіс, Шәуім-шәуім, Әукім-әукім, Мәлік келгір, Жамандатқыр, Хош! Рақмет! Ассалаумағалейкум! Құп, Кеш жарық!*



**19-тапсырма.** Берілген сөйлемдерден одағайларды тауып, олардың мағыналық түрлеріне қарай ажыратыңдар.

Е, алақай, біздің тайынша! – деп баласы тайыншаның мойнынан құшақта-ды (Ж.А.). Әттеген-ай, неғып біз бұлай болып қалдық деген ой әрқайсымызды қинады (С.С.). Менде тығылып жатқан сұмдық бар екен! Бұл қалай, ә? Өзің мені әдейі жалғыз жібергің келіп, естімейсің де, енді келіп өкпе айтқан боласың, ә?! Әй, қусың-ау! (Ә.Ә.). – Па, шіркін! Өмір болсаң, бол осындай! – Мырқымбай! Мырқымбай! Пай-бай-бай!.. жүрмісің жай (Б.М.). Қап! – деді де, Ұлпан тұра берді. (Ғ.М.). Әй, сен, құтырған қатын, үйі өртенген адамға көңіл айтқаның осы ма? (Ғ.М.). Әй, әттеген-ай! Кезінде білмегенім ай! – Ойбай-ау, онда саудагер сұмды біржолала туралатып кетесің ғой!.. (Ғ.М.). – Япырай, қаншалық қайран қаларлық сергектік, сезгіштік бар Михайловта (М.Ә.). Жарайды, мен бытпылдық-бытпылдық деп ұшып отырам, сен көзінді тас жұмып, менің соңымнан еріп отыр. Ал, кеше біздің үйде отырған? Ә- ә-ә!? Ә- ә-ә! Енді түсіндім, есіме енді түсті. О, тоба! – деді қайғыдан еңсесін көтере алмай отырған Қасқақ би. (Ғ.Е.). Ә, бәрекелді! Іштегіні айтқызбай білетін сабазың ғой. «Апырмай, ә? Әй, мен осы күні көп қорқатын болдым. Әй, Ақкүміс-ай, адамның ойындағысын табасың-ау (З.А.). Әй, сен өзі мені тыңдап тұрсың ба, жоқ па, а? Е, олар неғыпты? (Халық ауыз әдебиеті). Ә-ә!

Қашан айттым барам деп? Қой, айналайын, біреумен шатастырып тұрған шығарсың. (Ғ. Мұстафин.). Әй, мен осы күні көп қорқатын болдым. Тфу! – деп бетіме түкіріп жібергені. Ау, бар немемісің? Жоқ сұрасам, бетіме түкіресің. Ой, оңбаған-ау, қырасың ғой малды. Өзің мені әдейі жалғыз жібергің келіп, естімейсің де, енді келіп өкпе айтқан боласың, ә?! Әй, қусың-ау! (Ө.Әбішев). – Ура! Әкем жеңімпаз атанды! Алақай! Ата! Апа! Елбосындар келіп қалды! Ағалар келді! Соғыс бітті!.. (Ғ. Сланов). – Қап, Еснейдің бар дүниелігін шаштырып алғанымды қарашы! (Ғ. Мүсірепов.). Өттеген-ай, менің қолымда билік болса, басқаша болар ма еді?! – Жә, тұра тұр енді, мен барып шығайын! (М.Ә.). Әукім, әукім! Мал деп осы көк сиырды айтсайшы! (Б. Майлин). Моһ-моһ! – деп кешкі тынық даланы басына көтерді (С.М.). Қошақаным, қайдасың? Пұшайт, пұшайт! Шөкетайым, қайдасың? Шөре, шөре! Құлыным менің, қайдасың? Құрау, құрау! Әукешім менің, қайдасың? Ауһау, ауһау! Ботақаным, қайдасың? Көс, көс! Армысың, Қасым інішек, көптен бері біліс ек. Рақмет, дәл тауып шештің, ойы да, тілі де жүйрік тұлпарым (Төле би).



**20-тапсырма.** Берілген сөйлемдерден модаль сөздерді табындар, жасалу жолдарына түсінік беріңдер.

1. Сармолланы бар молла мен саудагерлер аса жек көріп алған көрінеді. 2. Обаға ұшырап жатқан қалың бауыр-қандастарын ойлап, пәруана балуан басқа бірде-бір шет жайлар, мұң да жоқ тәрізді. 3. Мен аз алып қалдым, қақас қалдым!» деп өзінше қызғанышпен өртеніп отырған сияқты. 4. Абай бұлармен ақылдасып, енді өзінің де бір жол тауып, ар жақ, бер жақтың халқына ақыл айтуын қажет деп байлады. 5. Сан рет жымия түсіп, қабағын жыбырлатып қояды. 6. Жамағат алдында жүздерің қара екенін әшкере етермін!» – деп қояды. 7. Естілмеген, аңдамай жүрген жайым да болар. 8. Қағылез жұқа денелі, кішкене Данияр кесек келбетті Афтапқа өзінің күлдіргі, ойыншы, ұсақ қулықтарымен де сүйкімді көрінетін. 9. Байқаймын, Афтабым нәк пен шафталыны айтқанымда!.. – деп, Афтапқа қарап қойып отыр. 10. Амантұрған азаралдай кішкене үйдің жайбарақат халінде Әбіш қаланың қасіретін, халықтың қамырық қамын ұмыта қалған тәрізді. 11. Осы тұрпат-сиықтарын көріп аңдаған соң, Абай магазин аралаған қазақтан бөгде сөзді ұғатын, ұқпақ түгіл құлақ асатын кісі бар деп білмеді. 12. Қазіргі топтардың әр алуан, әр үйде қайталай түсіп, қадағалап айтып жатқан бір шырға сөзі тағы бар. 13. Шекеден бір-бір-ақ қағып, атын жығып кету керек. 14. Бұл ауылдар жатпай немесе қой шетіне әдейі оттар жағып, сақайып отырған ел тәрізді. 15. Бұл жөнінде бар Уақты, Көкен елін дәл осы әділ ниетке бастап, жұмылдырған Серке деген басшы адам екені рас.



## Өзіндік жұмыс

Берілген жалғаулықтарды пайдаланып шағын мәтін құраңдар да, ол мәтінге ат қойыңдар.

**Керекті сөздер:** *да, де, та, те, және, һәм, әрі, дегенмен, әйтпесе, әйткенмен, сонда да, біресе, бірде, не, немесе, я, яки, сондықтан, сол себепті, егер.*



**21-тапсырма.** Берілген сөздерге көптік жалғауларын жалғап шағын мәтін құрастырыңдар да, сол сөздердің лексикалық мағынасына мән беріңдер.

**Керекті сөздер:** *жақсы, үлкен, барған, отырған, айтып келген, келмейтін, айтатын, гүл терген, тартқан, жеткен, сақалды, ақылды, жаман, сұлу, әдемі, сұмпайы, құлатқан.*



**Тұйық етістік** – етістіктің ерекше түрі. Іс-әрекеттің атын білдіре-тіндіктен, зат есімдерше түрленеді: септеледі, тәуелденеді, бірақ жіктелмейді. Тұйық етістікке көптік жалғауы жалғанса, одан кейін тәуелдік жалғауы жалғанып қолданылады. Сөйтіп, тұйық етістік қимылдың, іс-әрекеттің атауы ретінде қолданылады да, етістік тұлғаларына тән шақтық мағынаны да, жақтық мағынаны да білдірмейді.

**Заттану** (зат есімге айналу), немесе **субстантивтену** (лат. **substantivum** – зат есім) – басқа сөз таптарына жататын сөздердің зат есімге айналуы. Субстантивтену көбінесе сын есімдер мен есімшелерге тән. Олардың бірқатары біржолата зат есімге айналып кеткен: *ақтар, қызылдар, сары (ру аты), Түлкілі, Бақалы, Жыланды (жер атаулары), Дәметкен, Ұлтуған, Жүрген (адам аттары), алашақ, берешек, құймақ, соқпақ, піспек.* Бірқатар сөз зат есім қызметін де, өздері жататын сөз таптары қызметін де атқарады: *суық, салқын, жарық, жас, кәрі, ескі, жаңа.* Бұлардың нақты қызметі сөз тіркесінде, сөйлем құрамында анықталады



**22-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен себеп-салдарлық қатынасты білдіретін жалғаулықтарды тауып, оның қай сөзді не сөйлемдерді байланыстырып тұрғандығын анықтаңдар.

## MAKE UP – ӨНЕР МЕ, КӨСІП ПЕ?

Сұлулық индустриясындағы «мейкап» ұғымы барша қыз-келіншектерге таныс, себебі қазір арулар мерекелік, салтанатты кешке не той-томалаққа мейкапсыз бармайды десек те болады. Ал мей-

кап жасаудың шебері – визажистер дәл қазіргі уақытта қоғамда сұранысқа ие әрі қалтасы қалың мамандықтар қатарында.

Заманның талабы дейміз бе, әлде сұлулыққа құштар жандардың аудиториясының кеңейгені ме, бұл сала көз ілеспес жылдамдықпен дамуда. Бір шеберден сабақ алып қою жеткіліксіз, өзіңді күн сайын жетілдіріп отырмасаң, тапсырыс берушілеріңді жоғалтасың және бәсекелестер де қарап отырмайды.

Расында, визажист мамандығын кәсіп көзіне айналдырып, пайда тапқысы келетіндер көп, дегенмен адамды бояндырудың қыр-сырын меңгергенімен, бәсекелестер арасында қолтаңбаң, ерекшелігің және кәсібилігіңмен өз орныңды табу оңай емес. Ол үшін ізденіс, талпыныс, шыдамдылық, бояндырудың техникасын шебер меңгеруі қажет екенін айтпаса да белгілі.

Суретшілік өнер қажет. Бұл жұмыс қылқалам мен бояу арқылы суретке жан бітіретін суретшінің жұмысымен бірдей. Ал, жұмыстың күрделілігі бір адамға жасаған макияжды екіншісіне қайталай алмайтындығында. Әр жанның бет-бейнесі әртүрлі болғандықтан, аз уақыттың ішінде қандай образ жасау қажеттігін саралап үлгеруің қажет, өйткені алдын ала тапсырыс берушілер макияжға жазылып қоятындықтан, әр минуты қымбат. Макияж олардың көңілінен шығу үшін шеберлік, бояндыру техникасы, ең бастысы, пайдаланатын косметикалар сапалы болуы керек, әйтпесе еңбегіңнің еш кеткені. Арзан косметикамен қанша әрлеп-сәндегеніңмен, тапсырыс берушінің қалағанындай шынайы образ шықпайды, керісінше сұлулықты өз табиғатынан алыстатып аласың. Мұны алдыңа келген тапсырыс берушінің өзі де сезеді, сол себепті бірінші кезекте Голландия, АҚШ, Кореяның танымал компанияларының сапалы косметикаларын пайдалану қажет.

Қыз-келіншектердің барлығы әдемі болып жүргенді қалайды. Кез келген мерекелік шарада, тіпті, күнделікті өмірде көрікті болып жүргісі келетін әйелдер көп. Күн сайын боянып-сыланбаса да, шашын сәндеп, әсем киініп, тартымды болып жүреді. Бұл уақыттың талабындай болып кеткен.

Қазіргі тапсырыс берушілердің талғамы да өскен, оларды





бояндырғанда нәзік, табиғи түрінен алшақтатпауды сұрайды. Бұрынғыдай қап-қара қас, қанық түсті көз бояулары мен «оттай көрінетін» далап жағу сәннен қалды. Қалыңдық, тойға, салтанатты кештерге баратындарға көп бояуды қажет етпейтін макияждың голливудтық және нюд түрін қолдану шарт. Бұл жұмыстарымыз нәтижесін береді десек артық емес. Келушілердің басым бөлігі ризашылықтарын білдіріп, тұрақты тапсырыс берушілерге айналады.

Жалпы, адам терісіне кері әсер ететін факторлар баршылық. Солардың бірі – экологияның нашарлығы, дұрыс тамақтанбаудан, ішкі аурулардан бет терісінің күтімі нашарлайтын әйелдер кездесіп тұрады.

Тапсырыс берушінің бет-пішіміндегі кейбір кемшіліктерін бояу астында жасырып, сұлулығын өз болмысынан алыстатпай, жаңа образда көрсетуге күш салу керек. Бұған заманауи косметикалардың құдіреті жетеді.

Бүгінде визажист мамандығы көп қаражат табатын кәсіптің қатарына қосылғаны жасырын емес. Осыған қарап қыздар арасында «Бояндыруды үйреніп, көп қаражат табамын» дейтіндердің қарасы көп, дегенмен визажист мамандығын бірден табыс табудың көзіне айналдырамын деушілердің аяқ алысы ұзаққа бармайды. Бұл – салаға жұмыс істей отырып, үздіксіз білім жетілдіруді қажет ететін сала. Сол себепті, бұл салада тапқан табыстың бір бөлігін білімді жетілдіруге жұмсасаң ғана табысқа жетесің.

Қазақта «өнерлінің өрісі кең» деген сөз бар. Кәсіби визажист күн сайын аруларды әрлеп, бояудың құдіретімен ғажайып жасайтын маман. Әрбір жұмысынан ләззат алады, сұлулық шығармашылығына шабыт пен күш береді. Бояу қыздарды сұлу етіп қана қоймайды, сенімділік сыйлайды. Ең бастысы, оны шебер қолданатын маманды дұрыс таңдай білсеңіз болғаны. Ал визажист әрдайым қыздарымыздың көрікті болып жүруі үшін көмегін аямайтын жандар.

Визажист – әрі кәсіп, әрі өнер.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Кәсіп пен өнердің қандай ұқсастықтары мен айырмашылығы бар?
2. Визажист қандай өнер?
3. Суретшілік өнері дегенде нені түсінесің?
4. Тұйық етістік дегеніміз не және ол қалай жасалады?
5. Тұйық етістік пен зат есімнің байланысы қандай?



### Өзіндік жұмыс

Жоғарыда берілген мәтіннен заттанған сөз таптарын табыңдар да, ол қандай сөз табынан жасалғандығын анықтаңдар. Заттануға не себеп болғандығын көрсетіңдер.

## V бөлім. ЖАС ЭКОНОМИСТ



**Жалғаулық шылау** сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді салаластыра (тең дәрежеде) байланыстырады. Жалғаулық шылаулар жалғаулықтар деп те аталады.

Олар мыналар: *мен (бен, пен), да (де, та, те), не, не болмаса, яки, немесе, я, және, әрі, біресе, бірақ, алайда, әйтпесе, әйткенмен, дегенмен, сонда да, әлде, өйткені, себебі, сондықтан, сол себепті, т.б.*

Жалғаулықтар бірыңғай мүшелердің немесе салалас құрмаластың сыңарларын әртүрлі мағыналық қатынаста байланыстырады. Ондай мағыналық қатынастар мыналар: *ыңғайластық, қарсылықты, талғаулықты, себеп-салдарлық және шарттық қатынасты білдіретін жалғаулықтар.*



**1-тапсырма.** Берілген мәтінді мұқият оқып шығындар, ондағы банкпен байланысты тіл бірліктерін біліп алындар. Ыңғайластық және қарсылықты жалғаулықтарды ажыратып, түсінік беріңдер.

### БАНК ЖӘНЕ НЕСИЕ ТУРАЛЫ 10 ҚЫЗЫҚТЫ ДЕРЕК

Алғаш рет ақша біздің эрамызға дейін бірнеше ғасыр бұрын пайда болды. Сол уақытта-ақ ақшалай қаржыны белгілі бір өсіммен беретін кредиторлар пайда болды. Кейінірек тұңғыш банк ашылды. Банк өз тұтынушыларына несие беріп қана қоймай жинақтау депозитін ашуды ұсынды. Банк саласының даму тарихында несие туралы не бір қызықты оқиғалар орын алып, банктер туралы қызықты деректер пайда болды.

**1** Несие беру деген ұғым банктен бұрын пайда болды. Алғашқы банктер XVI ғасырда пайда болды. Әлемдегі тұңғыш банк 1580 жылы ресми түрде Венецияда ашылды. Одан кейін 1608 жылы Нидерландта ашылса, 1694 жылы тұңғыш банк ұйымы Ұлыбританияда өз жұмысын бастады.

**2** Алғаш несие беру жөніндегі мақұлдау құжатын археологтар ежелгі Египет пен Вавилон жерінен тапты. Қазба жұмыстары VIII ғасырда-ақ ақшаны несиеге өсіммен беретін қаржыгерлер болғанын растап берген. Сондай-ақ



археологтар «hudu» деп аталған заманауи құнды қағаздың аналогын тапқан екен.

- 3** Вавилон патшасы Хаммурапидің заңы ең әділ және дана заң деп есептелді. Оның жарлығы бойынша несиеленген тұлғаның қарызын уақытында қайтара алмаса өтемі ретінде өз балаларын құлдыққа берген екен.
- 4** Бүгінгі таңда Швейцарияда жалпы шоты 52 триллион долларды құрайтын 450-ден астам коммерциялық банк сәтті жұмыс жасап отырғанына қарамастан, тұңғыш шведтік банк тек XIX ғасырда ашылыпты. Осындай қысқа мерзімде аталмыш елдің қаржы саласындағы жетістігі өте жақсы дамығандығын айтпаса да түсінікті.
- 5** Әлемдегі ең көрікті елдердің бірі саналатын Швейцарияның несиелену тарихында қызықты деректер көп. Мәселен, бірнеше жыл бұрын банктердің бірінде болған ревизияда кенеттен Владимир Ильич Лениннің атында шот бар екені анықталған. Шотта 13 жарым франк жатқан.
- 6** Александр III есімді Рим Папасының жарлығы күтпеген жаңалық болды. 1179 жылы ол барлық банкирлерді церковьтен алыстатты, яғни діни өкілдің шешімі бойынша банкирлерге ғибадат етуге тиым салынды. Оларды тіпті христиандық жолмен жерлеуге рұқсат етілмеді және, ең қызығы, әлі күнге дейін осы заң өз күшінде.
- 7** Сіздерге «ипотека» деген сөз таныс па? Ежелгі Греция елінде өмір сүрген несиелену беруші өзіне қарыздар адамдардың үйінің аумағына **hypotheke** (ипотека) деп жазылған тақтайша орнатқан екен. Бұл тақтайша несиеленушіні дұрыс қайтармаған жағдайда, жер несиеленушіге өтетінін аңғартса керек.
- 8** Әлемдегі барлық банк ұйымдарында ерекше құпия тізім болады. Көп жағдайда осы тізімге әскери мамандар, судьялар, жекеменшік кәсіпкерлер, журналистер мен заңгерлер кіреді.
- 9** Ежелгі Римде егер қарызгер несиеленушіні қайтара алмаса қарызгерлерді отырғызатын орға қамаған. Бір айдың көлемінде оған несиеленушіні жабуға ешкім көмектеспесе онда оны заң шеңберінде біржола құлдық қызметке алып кететін болған.
- 10** Ұлыбританияның Сыртқы істер жөніндегі министрлігі шведтік банктерде ұлтшылдардың 4 миллиард доллар көлеміндегі байлығы жатқанын бірнеше рет ресми түрде жариялаған еді, алайда сол уақыттан бері сол қаржы банктің еншісінде қалып отыр.



## Өзіндік жұмыс

Жоғарыда келтірілген мәтіннен сан есімнің қандай түрлері (мағыналық, құрамдық және тұлғалық) қолданылғандығын анықтаңдар.



**2-тапсырма.** Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар да, мәтін ішінен есімдіктің мағыналық түрлерін табыңдар, оған талдау жасаңдар.

### БИЗНЕС-ЖОСПАР ЖАСАУ БІЛЕСІЗ БЕ?



Өз кәсібіңізді ашатын кезде бизнес-жоспарды жасау бірінші қадамдардың бірі. Сіз бизнес-жоспарсыз да өз кәсібіңізді бастай аласыз, дегенмен кәсібіңізді одан әрі дамыту үшін және өз ретімен әрекет жасау үшін бизнес-жоспардың болғаны маңызды. Сіз қазіргі кезде мемлекеттік бағдарламалар бойынша қандай да бір қаржы институттарынан қаржы алатын болсаңыз, бизнес-жоспар бұл міндетті құжаттардың бірі болып табылады. Егер өзіңіз бизнес-жоспар құруға қиналсаңыз, онда Кәсіпкерлер палатасы тегін әзірлеп береді. Ол үшін Кәсіпкерлер палатасына келіп, өтініміңізді қалдырып кетуіңіз қажет. Әрі қарай маркетинг мәселелері жөніндегі менеджер-кеңесшілер дайындап береді.

Бизнес-жоспарды жасау кезінде өзінің міндетті құрылымы бар. Ең бірінші титулдық парағында жобаның атауы мен мәні және оның басшысы мен мекен-жайы көрсетіледі. Одан кейін жобаның түйіндемесі оның ең маңызды құрылымы болып табылады. Түйіндеме өз кәсібіңіздің жарнамасы десе де болады. Бизнес-жоспардың түйіндемесінде ең негізгі аспектілер көрсетіледі, яғни мақсат-міндеттері, шығаратын тауарыңыздың немесе қызметіңіздің, жалпы өніміңіздің сипаттамасы көрсетілуі тиіс. Мұнан өзге, бизнес-жоспарда нарық пен сала жағдайына талдау жасалуы қажет, яғни тауарыңыздың нарықтағы сұранысы, соңғы жылдары осы тектес тауардың елімізде шығу көлемі, тұтынылу барысы көрсетілуі қажет. Сонымен бірге, жоспарда шығаратын өнім немесе қызмет туралы толық сипаттама беру қажет. Нақтырақ айтқанда, өніміңізді қалай шығарасыз, бұл салада өзіңіздің тәжірибеңіз бар ма, осы ұсынып отырған өніміңіздің өзге өнімдерден ерекшелігі неде, бәсекелестеріңіз кімдер, бәсекелестеріңіздің өнімдерінен сіздің

өнімнің артықшылығы неде және сіз шығарып отырған өңірде қаншалықты сұранысқа ие? Міне, осы сауалдарға толық жауап болуы тиіс. Бизнес-жоспардың ішінде қамтылуы тиіс ақпарат – бұл маркетингтік жоспар. Маркетингтік жоспарда шығарып отырған өніміңізді жарнамалау жоспарыңыз, өнімді өткізу каналдары көрсетілуі тиіс. Бизнес-жоспарда көрсетілуі тиіс келесі ақпарат өндіріс жоспарыңыз. Өндіріс жоспарында шығаратын өніміңізге кететін мерзімі, көлемі, мысалы бір айда қанша өнім шығарасыз және оны қанша қаржыға сатпақсыз, түсетін пайдаңыздың көлемі қандай, міне осы ақпараттар көрсетілуі қажет. Жоспарда болуы тиіс келесі ақпараттар инвестициялық климат пен тәуекелдер. Мәселен, сіздің кәсібіңіз өркендесе тіпті жақсы, алайда бизнесіңізді жүргізу барысында белгілі бір кедергілерге кездесуіңіз де мүмкін ғой? Міне, жоспарда осы мәселелерді алдын ала ойластырып алғаныңыз жөн, яғни кездескен қиындықтарды жоюға, алдын алуға арналған да жоспарыңыз да болуы керек. Бизнес-жоспарда қамтылуы қажет жайттың бірі – ұйымдық жоспар. Бұл бөлімде кәсібіңізді жүргізу барысында жұмысқа алатын адамдардың саны, жалақы көлемі көрсетіледі. Жоспардағы маңызды құрылымның бірі – қаржылық жоспар. Қаржылық жоспарда кәсіпті жүргізу барысында түсетін таза пайда мен шығыстарыңыз, оның айырмашылығы көрсетіледі және кіріс пен шығыста көрсеткіш оң нәтижені көрсетуі қажет. Егер қаржылық жоспарда «минусқа» кетсеңіз кәсіпті жүргізу барысында да табысыңыз болмайды деген сөз. Сонымен қатар, сіз қаржы институттарынан несие алатын болсаңыз, қаржы жоспарында ай сайын, бір жылда, әрі қарай несие мерзімі біткенге дейін төлейтін қаржы көлеміңізді де анық көрсетесіз. Сондай-ақ, кәсібіңізді жүргізу барысындағы өтпелі және тұрақты шығындарды да көрсетесіз. Бизнес-жоспардың қорытынды бөлігінде қосымша ақпараттарды енгізуіңізге болады.




### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Банк пен несиеге қалай түсінесің?
2. Бизнес-жоспар жасау білесің бе?
3. Өміріңде ақша қаншалықты қажет?
4. Жалғаулықтарға түсінік беріңдер. Олардың қандай түрлері бар?
5. Есімдіктің қандай мағыналық түрлері бар?



**3-тапсырма.** Мәтінді оқып шығындар да, мазмұнын ұғып алындар. Мәтіннен асты сызылған сөздердің қандай шылауға жататындығын ажыратындар да, оларға түсінік беріндер.

### АҚША, НЕСИЕ, БАНКТЕР



Өзбекстан егемендік алғаннан кейін мемлекеттік тілдің қоғам дамуының әр түрлі саларында, яғни сыртқы дипломатиялық, ішкі әлеуметтік-экономикалық, педагогикалық және басқа көптеген бағыттарда білікті мамандарды дайындау ісінде кеңінен қолдану және тереңдете меңгерудің алғы шарттарын іргелі түрде жүргізу

бүгінгі таңда кезек күттірмес мәселелердің бірі. Ақша, несие, банктер – қазіргі өркениеттіліктің өзінен ажырағысыз белгілері. Олардың қызметтері қоғамдық өнімді өндіруді, бөлуді, айырбастауды және тұтынуды бір-бірінен бөлінбейтін үздіксіз процеске айналдырады. Оларды пайдаланбай ешбір шаруашылық субъектісінің ісі тынбайды, ал кез-келген адам үнемі немесе анда-санда банк қызметін пайдаланады. Банктер уақытша қолданылмаған ақша қаражатын жинақтап, оларды салалар мен аймақтар, кәсіпорындар мен халықтар арасында қайта бөлумен қатар, экономиканы қосымша капиталмен қамтамасыз етіп, сайып келгенде қоғамдық байлықты көбейтуге негіз қалайды.

Несие жүйесінің негізгі буынын – банктер, себебі масштабы және маңызы жөнінен несие қатынастарының басым көпшілігі банктер арқылы өтеді. Банктер мемлекет пен кәсіпорындардың, акционерлік қоғамдар мен жауапкершілігі шектеулі серістіктердің, мектеп пен ауруханалардың және халықтың уақытша бос ақшаларын шоғырландырып, оларды іс-жүзіндегі капиталға айналдырады. Сонымен қатар, банк төлем, есептеу, несие беру, сақтандыру және тағы басқа көптеген сан алуан операцияларды жүргізеді.



«Банк» деген ұғым не, ол қалай пайда болды? «Банк» деген ұғымы италиян сөзі «bank» – орындық, «айырбас орындығы – айырбас орны» дегенді білдіреді.

Банктің атқаратын қызметерін негізінен төмендегідей топтастыруға болады:

1. Уақытша бос ақша қаражаттарын тарту, жинақтау және оны қарыз капиталына айналдыру;

2. Кәсіпорынға, мемлекетке, жеке адамдарға несие беру, бағалы қағаздармен операция жүргізу;

3. Ақша айналымын реттеу. Банк – әртүрлі шаруашылық субъектілердің төлем айналымы жүретін орталық. Банк өзінің есеп айырысу жүйесі арқылы клиенттеріне айырбас, капитал және ақша айналымын жүргізуге мүмкіндік туғызады;



4. Айналымға несие құралдарын шығару. Банк клиентін тек жинаған уақытша бос ақша қаражатымен несиелеп қана қоймай, сонымен қатар, депозиттік чектерді, вексельдерді шығарумен де несиелейді;

5. Экономикалық және қаржылық кеңес беру.

Орындайтын айрықша қызметтеріне байланысты банктер эмиссиялық және эмиссиялық емес болып екіге бөлінеді.

Эмиссиялық банк – ол айналысқа ақша белгілерін эмиссиялауға (шығару-ға) құқығы бар, әдетте, орталық банк. Мемлекеттің Орталық банкінің негізгі мақсаты – айналысқа ақша бірлігін шығару, банктерге ерекше тауар – ақша белгісін сату және банк жүйесінің несие-есеп, эмиссиялық жұмысын басқару. Ол – елдің екі деңгейлі банк жүйесінің – жоғары деңгейіндегі банк.

Мемлекеттегі басқа банктердің барлығының да ақша бірліктерін шығаруға құқы жоқ эмиссиялық емес банктер. Олар коммерциялық, инвестициялық, инновациялық, ипотекалық және тағы сол сияқты банктер. Коммерциялық банктер клиенттерге көрсететін қызмет түрлерін үнемі ұлғайтып тұратын әмбебап үлгідегі банк, ал басқа банктер бір-екі қызмет түріне маманданған банктер.

Инвестициялық және инновациялық банктердің екі түрі де ұзақ уақытқа ақша қаражатын шоғырландырумен маманданады, яғни олар облигация, акция және басқа бағалы қағаздар шығару арқылы ақша тартып, кейін ұзақ мерзімге қарызға береді. Инвестициялық банктер кәсіпкерлерге қарыз берсе, ал инновациялық банктер технологиялық жаңалықтарды өңдеуді және оны игеруге несиелейді.

Ипотекалық банктер – жерді және жылжымайтын мүліктерді кепілдікке алып, ұзақ мерзімге несие береді. Олар ипотекалық облигация, акция және басқа бағалы қағаздарды сату арқылы ақша жинақтайды.

Мемлекеттің несие жүйесінде коммерциялық банктердің алатын орны өте зор. Олардың міндеті ақша айналымы мен капитал айналымының үздіксіз қозғалысын қамтамасыз ету, өнеркәсіп мекемелерін, мемлекет пен халықты несиелеу, халық шаруашылығына қор жинау үшін жағдай жасау болып табылады.



## Өзіндік жұмыс

Жоғарыдағы мәтіндерден банк және қаржымен байланысты сөздерді (атаулар) тауып, өздерің ауызша мәтін құрастырыңдар.



**4-тапсырма.** Төменде берілген мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғып алыңдар. Ондағы сан есім мен сілтеу есімдігін тауып, оған талдау жасаңдар. Есімдіктердің түрленуіне мән беріңдер.

## ӘКЕ МЕН БАЛА

*(Ыбырай Алтынсарин)*



Бір адам он жасар баласын ертіп, егіннен жаяу келе жатса, жолда қалған аттың бір ескі тағасын көріп, баласына айтты:

– Анау тағаны, балам, ала жүр, – деп.

Бала әкесіне:

– Сынып қалған ескі тағаны алып неғылайын, – деді.

Әкесі үндемеді, тағаны өзі иіліп алды да, жүре берді. Қаланың шетіне темірші ұсталар бар екен, соған жеткен соң әкесі қайырылып, манағы

тағаны соларға үш тиынға сатты. Одан біраз жер өткен соң шие сатып отырғандардан ол үш тиынға бірталай шие сатып алды. Сонымен, шиені орамалына түйіп, шетінен өзі бірем-бірем алып жеп, баласына қарамай аяңдап жүре берді. Біраз жер өткен соң, әкесінің қолынан бір шие жерге түседі. Артында келе жатқан бала да тым-ақ қызығып келеді екен, жерге түскен шиені жалма-жан жерден алып аузына салды. Бітегенеден соң және бір шие, онан біраз өткен соң және бір шие, сонымен әр жерде бір әкесінің қолынан түскен шиені он шақты рет иіліп, жерден алып жеді. Ең соңында әкесі тоқтап тұрып, баласына шиені орамалымен беріп тұрып айтты.

– Көрдің бе, мана тағаны жамансынып жерден бір ғана иіліп көтеріп алуға еріндің, енді сол тағаға алған шиенің жерге түскенін аламын деп бір еңкеюдің орнына он еңкейдің. Мұнан былай есіңде болсын: аз жұмысты қиынсынсаң – көп жұмысқа тап боласың; азға қанағат ете білмесең – көптен де құры боласың, – деді.

**Пысықтау үшін сұрақтар:**

1. Әңгіменің тақырыбы не туралы?
2. Әңгімеде ақшамен байланысты қандай тіл бірліктері қолданылған?
3. Сан есім дегеніміз не және оның қандай мағыналық түрлері бар?
4. Сілтеу есімдігі дегеніміз не?
5. Есімдіктер қалай түрленеді?



**5-тапсырма.** Берілген мәтін мазмұнын ұғып болған соң, ондағы сөз бен сөзді, сөйлем мен сөйлемді байланыстырып тұрған қарсылықты және талғау мәнді жалғаулықтарды табындар.

**ЕҢБЕКАҚЫ МЕН ЖАЛАҚЫ**

Еңбекақы – жұмыс берушінің қызметкерге атқарылған жұмыс үшін заттай немесе ақшалай берілетін төлем немесе сыйақы. Төлемнің мөлшері күндік, сағаттық ақыға байланысты немесе орындалған әр тапсырманың белгіленген ақысына байланысты есептелінуі мүмкін, алайда кей жағдайларда қызметкерлер еңбекақыны сатып алушыдан сыйлық ретінде тікелей алуы мүмкін. Салыстыратын болсақ, жалақы қызметкерге жұмыс істеген сағатына қарамастан белгілі бір уақыт (мысалы апта немесе ай) сайын берілетін тұрақты төлем.

Жалақы – еңбектің күрделілігіне, саны мен сапасына сәйкес төленетін сыйлық (табыс). Еңбекақы – қаржыландыру көзіне қарамастан, ақшалай немесе заттай түрде еңбекке төленетін ақылардың барлық түрі, сондай-ақ, әр алуан сыйақылар, қосымша төлемдер, үстеме ақылар мен әлеуметтік жеңілдіктер. Бұлардың қатарына арнаулы заңға сәйкес қызметкерлерге жұмыс істемеген уақыты (жыл сайынғы еңбек демалысы, мерекелік күндер, т.б.) үшін берілетін ақша сомасы да жатады. Еңбекақыны нормалау негізгі екі әдіс: орталықтық және келісімшарттық реттеу арқылы жүзеге асырылады. Еңбекке ақы төлеуді орталықтан реттеу дегеніміз Еңбекақы тарифтерін, қызметкерлердің барлық категорияларына Еңбекақы төлеуге арналған бірегей тарифтік кесте қолданудың негізгі шарттарын, қызметкерлердің кәсіби біліктілігі бойынша сараланған разрядаралық кесімді коэффициенттерді тағы басқа мемлекеттің тағайындауын білдіреді, яғни еңбекақыны орталықтан реттеу мемлекеттік нормалау тәсілі болып саналады. Сондай-ақ, еңбекақыны келісімшарт арқылы нормалау әдісі де қолданылады. Нарықтық қарым-қатынастардың, еңбек нарығының қалыптасу жағдайында еңбекақы мөлшерін ұжымдық-келісімшарттық және жеке-келісімшарттық реттеудің (ұжымдық және жеке еңбек келісімшарттары, шарттамалар) үлес

салмағы артып келеді. Ал орталық реттеу тәртібі, негізінен, мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын мекемелер мен ұйымдар қызметкерлерінің еңбегіне қатысты қолданылады. Жалақының ең аз мөлшері – Өзбекстан Республикасының Конституциясы кепілдік беретін меншік түрлеріне қарамастан, ұйымдарда жалданып жұмыс істейтін адамдарға төленетін ақшалай төлемдердің ең аз мөлшері.

Мемлекет жалақының ең аз мөлшеріне кепілдік береді. Соның өзінде бұл ереже олардың қызмет саласы мен ведомстволық бағыныштылығына қарамастан, экономиканың мемлекеттік секторының барлық кәсіпорындары мен ұйымдарының қызметкерлеріне, сондай-ақ жекеменшік ұйымдарда жалданып жұмыс істейтін қызметкерлерге де қатысты.



**Сандық атаулар** тек мөлшер, санау мәнінде ғана емес, танымдық сипаты тұрғысынан да көп қаралатындығы қызмет аясының ауқымының кең болуынан. Абстрактылы сан ұғымды сөздер заттың нақты санын немесе оның мөлшерін дәл айтпай, жалпылап, жинақтап, топтап немесе мөлшерлеп, шамалап қана білдіреді: *сүт пісірім, шай қайнатым, бір асым ет, ел орынға отыра, көз көрім жер, бір үйір жылқы, қоралы қой, биенің бір сауымындай уақыт, бір көш жер т.б.*



**6-тапсырма.** Берілген сөйлемдерден нумератив сөздерді табындар да, олардың мағыналарын анықтаңдар.

1. Айтқандай-ақ, енді біразда кең көшенің бойында, жарты шақырымға жуық жерде қара нөпір көрініп қалды. 2. «Жылқыны көз байланғанша батысқа, Семейтау жаққа беттетемін де, қас қарайған соң тез ғана ылдиға қарай, Темірқазық жаққа, ауылдардың ығына қарап төңкеріп жіберем» дегем. 3. Бұларды арқан бойындай жерден анық аңдаған, өз қолдарының орта тұсында келе жатқан Құлайғыр болатын. 4. Ойнақшып, шапқылап бірталай аттар да кете барды. 5. Ең соңы күн шығып, тіпті найза бойы көтерілгенге шейін аяқтамады. 6. Осыны жарты сағаттай төбелес соңында Бесбесбай мен Саптаяқ, Дубай үшеуі бір сәтте тізе қоса беріп, аңдасып алды. 7. Жан-жақтың қай тарапынан қараса да ат шаптырым алыстан дүңкиіп, тұтасып, қыр арқасымен созыла көрінетін жалғыз тау «мен мұндалап» тұрғандай. 8. Көксеңгірдегі қалың елдің, мол ауылдардың дәл орта тұсына тігілген қырықелу үйдің бейне бір жәрмеңкедей қыруар жиыны көрінеді. 9. Тап ортада сегіз қанат үйдің кеудесі биік кесек күмбездей көтерілген. 10. Анау кәпір жұдырық келіп тисе, бір жапырақ Әлмағамбеттен не қалады деп, шошығаным рас! – дейді. 11. Кейін тағы бір ет



асымдай мезгіл өткен соң, жаңағы жаман нышан араласқан дем ауырлай барып, таңға тақаған кезде Дәркембай дүние салды.

(М. Әуезов. «Абай жолы» романынан)



### Өзіндік жұмыс

Төменде берілген нумератив сөздерді қатыстыра отырып шағын мәтін жасаңдар. Мәтінге ат қойыңдар.

**Керекті сөздер:** бір ұрттам, бір жұтым, бір тілім, бір қасықтай қан, сегіз қанат, бір арқа отын, бір тамшы, бір уыс топырақ, он күншілік, бір кезін, бір түйір, он қадақ, бір кесім, бір ішім, бір арқа отын, бір тал шаш, шақырым, қадам, батпан, мысқал, пұт, қадақ, ат басындай, ат шаптырым, бір табан жол, адым, күндік жер, айшылық жер, елі, аршын, кез, құлаш, қары, қарыс, сүйем, тұтам.



**Демеулік шылаулар** – сөзге немесе сөйлемге күшейту, тежеу, шектеу, сұрау, болжалдық, күмән, нақтылау мәнін үстейді. Демеуліктер сөзге не сөйлемге үстейтін мағынасына қарай алты түрге бөлінеді:

1. Сұраулық демеуліктер: ма, ме, ба, бе, па, пе (мы, мі, бы, бі, пы, пі).
2. Күшейткіш демеуліктер: -ақ, -ау, -ай, әсіресе, -да, -де, -та, -те.
3. Шектік (тежеу) демеуліктері: ғана (қана) тек.
4. Болжалдық демеуліктер: -мыс, -міс.
5. Болымсыздық немесе қарсы мәнді салыстыру демеуліктері: түгіл, тұрсын, тұрмақ.
6. Нақтылау мәнді демеуліктер: қой (ғой), -ды, -ді, -ты, -ті.



**7-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып шығыңдар, мазмұнын ұғыңдар. Мәтіннен «Бабалардың даналық сөздерін» – мақал-мәтелдерді тауып, оның мән-мағынасын ашыңдар. Мәтіннен демеулік шылауларды тауып, оның мағыналық түрлерін анықтаңдар.

### ДОС – КӨҢІЛДІҢ КҮМБЕЗІ

Дос – адам жанының айнасы тәрізді, себебі адам өзі қандай болса, дәл сондай жанына жақын жанды іздейді. Ойы, арман-тілегі, мақсаты – өмірдегі құндылығы бір адамдардың шынайы дос болып, өмір бойы араларынан қыл өтпейтіндігінде.



Адамдардың арасындағы қарым-қатынастың іргетасы – адалдық. Өзің адал болмай, өзгеден адалдықты күту бекершілік. Достықта да адалдық болмаса, ол мәңгілікке ұласа алмайды.

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев: «Достыққа жүрмін, достыққа жүрмін құмартып, өлгелі жүрмін өзіме-өзім мін артып», – дейді.

Қарап отырсақ, достыққа шөлдеген, достықты аңсаған ақын өзгеден мін іздеп, өзгеге кінә артпайды. Өзгеге талап қоймастан бұрын, өз жанына үңіліп, өзінің қандай дос бола аларын ойлаған ақын өлеңіндегі дәл осы жолдар жоғарыдағы ойымызды қуаттай түседі.

Дос деген – киелі түсінік. Көңілі бір ортақ адамдар ғана бір-бірімен дос бола алады. «Досы жоқ адам – тұзы жоқ тағам», «Өз басыңды дауға берсең де, жолдасыңды жауға берме», «Жаман туған болғанша, жақсы жолдасың болсын», «Досы көпті жау алмайды», «Жолдасы көптің олжасы көп» дейді халқымыз. Жақсы дос ағайын-туыстан да жақын болып кетеді, өйткені өзін шынайы дос санайтын адамның көңілі кіршіксіз келеді. Досына деген пейілі ақ, көңілі пәк болады.

Достар – бір-біріне ұқсас жандар. Бір-бірін толықтыратын, бір-бірінің кемшілігін жауып тұратын адамдар. Соның арқасында екеуінің де кемшілігі көрінбей қалады. Ойы мен санасы бір, көзқарасы мен пікірі ортақ жандар да бір-бірімен дос болуға бейім келеді. «Дос – көңілдің күмбезі» деп айтылатыны содан. Орыс халқында «досыңды әкеп көрсет, сонда сенің кім екеніңді айтамын» деген нақылы бар, яғни көңілі мен пейілі ортақ жандар ғана бір-бірімен дос бола алады. Олардың қызығушылығы да, ойы да бір. Соның арқасында жолдас, туыстас болып кетеді. Мұны халқымыз «Екі жақсы қосылса, өле-өлгенше дос болады» деп бір ауыз сөзбен жеткізген.

Дос, әсіресе, қиындықта сыналады. «Жаман дос жауыңмен бірге шабады» – дейді халқымыз. Жаман дос – көлеңке дейді, яғни басыңда күн барда қашып құтыла алмайсың, бұлт төнсе, іздеп таба алмай қаласың. «Біреу жаныңа жолдас, біреуі малыңа жолдас» – дейді. Біреулер мал-дүниең мен қолыңда бар



нәрсені қарап, дос болады. Мұндай достық ұзаққа бармасы анық. Ал шынайы жаныңа дос болатын адамның достығы да, бауырмалдығы да өміршең. Сыналар кезде, сыналады – шыңдалар кезде, шыңдалады.

Адам достықты іздей бермей, өзі де дос бола білуі қажет. «Жолдасын тастаған, жолда қалады» немесе «Күлме досыңа, келер басыңа» деп қысқа қайырсақ та

болады. Досқа күлгенің – оның арына тигенің, оған сатқындық жа-сағаның. Досыңды сатқан күн әй-теуір бір уақытта айналып өз ба-сыңа келеді. «Айырылмас досыңа қайырылмас сөз айтпа» – дейді халқымыз.



Бұл өмірде туған-туыспен, дос-жаранмен тату-тәтті, ұйымшыл, бір болғаннан артық қандай бақыт бар!? Әрдайым туған-туысыңа да, достарыңа да қол ұшын беріп, көмектесіп жүрсең, өзің де елдің алдында абыройлы, беделді боласың. Сөйтіп досың да көбейеді. Досқа деген пейілің жақсы, көңілің күмбез болса, досыңа дос қосылары хақ.

Адамның күні адаммен болғандықтан, кіммен де болсын қа-рым-қатынасқа бей-жай қарауға болмайды. Мұнда да зор жауап-кершілік қажет. Досына қарап адамды танитынын ескерсек, адам өзі қандай болса, дәл сондай адамға ұшырасады, дәл өзіндей адамды жақын тартады. Сондықтан, нағыз дос іздесеңіз, өзіңізді-өзіңіз кемелдендіруге тырысып, ұдайы рухани өсу үстінде болып, өзгенің сізге емес, сіздің өзгеге нағыз дос бола білуіңізді ойлау қажет.

Барлығымыз арамызға достықтың дәнін егіп, ол ағашымыз-ға қарап суландырып тұрсақ, арадан қанша уақыт өтседе, ол ағашымыз жайқалып, жапырақтары қаулап өседі. Өмір болған соң бірде мұңайамыз, бірде қуанамыз. Кейде көңілің жабырқап достарыңды аңсаған шағыңда сол ағаштың саясына барып, көлеңкесіне бір демалып қайтсаң, мауқың басылып, өзіңе бір үлкен тірек тапқандай болып қайтасың. Сондықтан барлығы-мыз арамызға достықтың дәнін егіп шырмауықша шырмалып өсірейік.

Нағыз достық кісіге шабыт беріп, өмірде кездесетін түрлі сәт-сіздіктерге мойымауға, басқа түскен қайғы мен қиыншылықты бірге көтеруге жәрдемдеседі.



### Өзіндік жұмыс

Досың туралы шағын мәтін құрастыр. Досыңның саған деген адалдығын, сезімінің пәктігін, мінезінің саған ұнайтын жақтарын баяндап бер. Мәтін құрастырғанда демеулік шылаулар мен нумера-тив сөздерді пайдалан.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Сенің досың кім?
2. Дос деп неге айтылады?
3. Шылау дегеніміз не?
4. Шылаудың қандай мағыналық түрлері бар және олар қалай жасалады?
5. Шылаулардың қызметі қандай?



**8-тапсырма.** Берілген мәтін мазмұнын ұғындар. Белгісіздік және болымсыздық есімдіктерін тауып, жасалу жолдарына мән беріңдер.

### ТАСҚА ЖАЗЫЛҒАН СӨЗ

Екі дос сахарада сапар шегіп келе жатып әлденеге келісе алмай, ерегісіп қалады. Бірі ашуланып екіншісінің бетінен ұрып жібереді. Досының соққысы жанына батса да, ол жақ ашпайды, бірақ құм бетіне: «Бүгін менің жан досым бетімнен ұрды» – деп жазады. Содан соң сапарларын ары қарай жалғастырады. Көп ұзамай алдарынан үлкен көл кездеседі. Екеуі суға түсіп, салқындап алуға бекінеді. Суға түскені сол-ақ екен таяқ жеген жігіттің аяғына балдыр оратылып, тұншыға бастайды. Серігі жалма-жан көмекке ұмтылып, өлім қатерінен оны құтқарып қалады. Бір ажалдан аман қалған жігіт өз-өзіне келгесін орнынан тұрып, тасқа ойып мынадай сөздер жазады: «Бүгін менің жан досым өмірімді сақтап қалды».

Жолдасының ісіне аздап таңырқаған досы: «Алғашқы ісімді құмға жазып едің, соңғысын тасқа жазып жатырсың. Мұның мәнісін түсіндірші!» – деп сұрайды. Сонда: «Бізге біреу зиян тигізсе, істеген ісін құмға жазуымыз керек. Кешірім желі суырып, оны өшіріп жіберуге жеңіл болады. Ал біреу бізге жақсылық жасаса, оны тасқа жазғанымыз ләзім, қандай дауыл, борандар болса да, оны ешқашан өшіре алмайды» – деген екен ақылды дос.



**Белгісіздік есімдіктері** деп мағыналары жағынан заттар мен құбылыстарды нақтылы түрде білдірмей, белгісіз мәнде айтылатын сөздерді айтамыз.

Белгісіздік есімдіктердің жасалауына бір, әр, әлде деген үш сөз ұйытқы болып қызмет атқарады. Белгісіздік есімдіктері осы сөздердің кейбір басқа есімдіктермен бірігуі арқылы жасалады. Мысалы:

1. Біреу, кейбіреу, кейбір, қайсыбір, әрбір, бірнеше, бірдеме.
2. Әркім, әрне, әрқайсы, әрқалай.
3. Әлдекім, әлдене, әлдеқайдан, әлденеше, әлдеқалай, әлдеқашан (алдақашан).

**Жалпылау есімдіктері** кемінде екі не одан да көп заттарды, құбылыстарды жинақтай айту үшін қолданылатын сөздер, яғни жалпылау, жинақтау мағыналарын білдіретін есімдіктің түрі **жалпылау есімдігі** деп аталады. Жалпылау есімдігіне бәрі, барлық, бар, барша, бүкіл, күллі, бүтін, түгел, тегіс деген сөздер жатады.



**9-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен *-да, -де, -та, -те* шылауларын тауып, олардың не демеулік шылау екендігін, не жалғаулық шылау екендігін анықтаңдар.

### АЙГҮЛДІҢ ӘҢГІМЕСІ



Сіз ғой мені «көкем мен тәтемнің қызы» деп ойлайсыз. Шындығында, мен әжемнің баласымын.

Әжем:

– Сені көр де балауса қыз кезімдегі мені көр. Мен де кезінде сен сияқты ерке едім, – дейтін шашымды тарап отырып.

– Әжең кезінде бүкіл ауылға «ерке келін» атанған. «Бетің бар, жүзің бар» демеі не ойласа, соны айтатын турашыл адам. Немере бауыр еті баладан гөрі ыстық. Көңілін қалдыра көрме, Айгүлжан! – дейтін көкем де.

Ой-ой, әжем зейнетақысын алған күні бір жырғап қалушы едік! Таңғы асты іше сала көйлектерімнің ең әдемісін өзі таңдап, қолы-

ма ўстатады. Мені жасандырып болған соң, сары жезді сандықта сақтаулы жатқан бар асылы мен жасылын киіп алады. Көзілдірігін мұрнының үстіне іледі. Ақшасын орамалға түйіп, менің қалтама салады. Сөйтіп, екеуіміз іркесіп-тіркесіп көшеге шығамыз. Ол кісі ғұмырында автобуска отырмайды. Бір жүріп, екі тоқтап, әрең дегенде «Балалар әлеміне» жетеміз де ішке кіреміз.

– Ал не алушы ең? Айт, кәне! – дейді әжем. Әжекем, қызық болғанда, мен нені нұсқасам, бәрі «Айгүлжанға өте, өте қажет» деп ойлайды. Бұл қасиетін мен де барынша пайдаланып бағамын. Әрлі-берлі бұрылып, сөрелерге көз жіберіп тұрамын да:

– Қуыршақ сатып алайық! – деймін төбедең түскендей.

– Не дейді?

Әжем аң-таң.

– Міне, мынадай үлкенін! Құшағымды жайып көрсетемін. Әжем маған біраз қарап тұрады.

Аздан соң түсі жыли бастайды:

– Е, айналайын-ай, сәби кезінді сағынған екенсің! Ал, ала ғой. Айнымай маған тартқансың. Мен де «ерке-шора» атанған едім.

Жадырап сала беремін. Әжем аузынан «Айнымай маған тартқансың» деген сөз шықса, – бітті: қалағаныңды алады. Екеуіміз дәу қуыршақ сатып аламыз.

Айтса айтқандай, сәби кезімді сағынамын ба әлде өзіме серік іздеймін бе, – әйтеуір, ойыншыққа құмармын. Несін айтасыз, әлгі жерде «футбол, хоккей ойыншықтары» дейсіз бе – әйтеуір, бәрін құшақтап үйге қайтамыз. Ақшаның қақ жартысы «Балалар әлемінде» қалады. Оған қиналып жүрген біз жоқ. Екеуіміз де мәз-мейрам, разымыз өз-өзімізге. Жатар кезде көкем, тәтем әлгі ойыншықтарды біртіндеп көріп отырып, ішек-сілелері қатып күледі. Әрине, онда да әжем жоқ кезде ғана.

Ал көзінше:

– Оһо, сауданы қатырған екенсіздер! Кілең керек заттар. Қуыршақты да, аюды да дұрыс алғансыздар. Айгүлжанның ойыншықтары тозып қалып еді. Жақсы болған екен, – дейді қауқалақтап. Әжекем жымың-жымың етеді.

(Марат Қабанбай)



**Болымсыздық есімдігі** еш сөзінің түбір күйінде басқа сөз таптарымен тіркесіп келіп, болымсыздық мағынаны туғызғаны болмаса, негізінен үнемі басқа есімдіктермен бірігіп келіп тілімізде күрделі сөз ретінде қолданады. Мысалы: *ешкім, ешқашан, ешқандай (дәнеңе), ешбір т.б.* Бұл есімдіктер болымсыздық мәнде қолданылатындықтан жоқ, емес және етістіктің болымсыз түрлерімен байланыста жұмсалады: *ешкім келген жоқ, ешкім келмеді т.б.*



**10-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтін ішінен болымсыздық есімдігін тауып, олардың жасалу жолдарына көңіл бөліңдер.

### АТА – БАЛАҒА СЫНШЫ

Әкенің мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы, өнер-білімі ұл баланың көз алдындағы үлгі-өнеге алатын, соған қарап өсетін нысанасы. Қазақта біреудің баласы жақсы, өнегелі азамат болса: «Оның әкесі немесе атасы жақсы кісі еді, көргенді бала екен, өнегелі жерден шыққан ғой», – деп мадақтайды. Отбасында ұлдар әкелері немесе аталарының бойындағы қасиет пен өнерін үйреніп өскен. Шығармашылықта, ақындықта танылған жас баланың тәрбиесіне аса назар аударылған. Ата өнерін ұрпағының қууы, оны мирас етуі қазақ отбасыларында жиі кездесетін дәстүр. Қазақ отбасында әуелі әке, содан кейін шеше, бұлар – жанұя мектебінің ұстаздары болады. Әке мен шешенің баласына қоятын ең бірінші басты талап-тілектері – баланың «әдепті бала» болып өсуі. Сондықтан қазақ жанұясы әрдайым: «Әдепті бол, тәрбиесіздік етпе, көргенсіз болма» деген сияқты сөздерді балаларының құлағына құйып өсірген.

Қазақ отбасында өз баласын мейірімділікке, имандылыққа баулып өсірген. Үнемі жанұясында осылай тәрбие көрген бала ақырында, өздігінен тіл алғыш, адал, тиянақты, ұқыпты болып шыға келеді. Тәрбие басы әдептілік деп білген ата-ана әуелі баласына өздерін сыйлап-құрметтеуді, өзгелерге, әсіресе үлкендерге, сыпайылық танытуды, ешкімді мұқатпауды үйреткен. Сонымен қатар, балаларының ер-азамат болып, халқына еңбек етулерін басты міндет етіп қойған. Балалар үшін әке беделі аналарының сөзі, іс-қимылы, қас-қабағы арқылы қалыптасады. Аналардың балаларға: «әкеңмен ақылдас», «әкең біледі», «әкеңнің айтқанын істе» тағы басқа сияқты дәстүрімізде бар сөздерді айтып отыруы қандай ғанибет! Атақты «Абай» эпопеясында халқымыздың осыған орайлас қадірлі дәстүрін танытатын мынадай бір тағылымды эпизод



бар. «...Семей қаласында үш жыл оқып, жайлаудағы әке үйіне күн кешкіре жеткен, 13 жасар шәкірт бала – Абай аттан түскен бетте, амандасу үшін, шешеге қарай жүреді. Сонда ақылды да байсалды ана Ұлжан: «Әй балам, анда әкеңдер тұр, әкеңе барып, сәлем бер!» – дейді. Бір сәтке балалық сезім жеңіп, қателік жіберіп алғанын түсінген жас Абай кілт бұрылып, ортасында әкесі Құнанбай бар шеткерірек тұрған оқшау топқа қарай адымдай жөнеледі». Ұлы жазушы Мұхтар Әуезов мұны халықтың жүрекке жылы осындай тамаша дәстүрінен хабардар ету үшін ғана емес, оның тәрбиелік зор маңызын жоғары бағалағандықтан да келтіріп отырғаны анық.

Ата-ананың бір-бірінің қадір-қасиетін осылайша ардақтап, беделін өсіруі, араларында өкпе-наз, кикілжің туа қалғанда, оны балалардан оңашада, екеу ара шешіп отыруы – шынайы инабаттылық, әдептілік. Қазақ халқының «Ата – балаға сыншы» деген мақалы бар. Әр әке өз балаларының ерекшеліктерін, қандай іске бейімділігін дамытуға тырысып, ерте аңғарып, ән мен күй өнерінен бейімі болса, өнер қуған сал-серілерге, үй шаруасына бейім болса, үй шаруасының тізгінін беріп, сөз ұғарлық ойы болса, жақсыларға жанастыратын. Ер бала әкесімен сырлас, жолдас, дос. Ол әрқашан бір әрекет жасау үшін әуелі әкесімен сырласады. Ер баланың өсіп, жетіліп, өз алдына жеке тұлға болып қалыптасуына, қоғамдағы өз орнын дұрыс табуына әкенің атқарар еңбегі ерекше. Қазақ халқында «Бір бала бар – атадан өте туады, бір бала бар – кері кете туады» деген тұжырымға, баланың қандай болмағына негіз қалайтын да әкенің өзі.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Жанұя мектебінің ұстаздары кімдер?
2. Өз ата-анаңның жанұядағы орны туралы айтып беріңдер.
3. Қазақтың отбасы туралы мақал-мәтелдерінен үлгілер келтіріңдер.
4. Құнанбайдың портретін жасаңдар.
5. Жалпылау және белгісіздік есімдігі дегеніміз не?



### Өзіндік жұмыс

«Менің досым қандай перзент?» тақырыбы бойынша шағын презентация дайындаңдар. Мәтінде ештеңе, ештеме, ешкім, ешбір, ешқашан, ешқандай, ешқайдан, ешқайсысы, дәнеңе, дәнеме болымсыздық есімдіктерін пайдаланыңдар.



## VI бөлім. ҒЫЛЫМ МЕН ТЕХНОЛОГИЯЛАР




**Барыс септік** – жанама объектіні және қимылдың, іс-әрекеттің кімге, неге бағытталғанын, кейде мақсатын білдіреді. Барыс септіктегі сөз кімге? неге? деген сұрақтарға жауап берсе, толықтауыш болады да, қайда? неге? не үшін? (көбіне тұйық етістікке жалғанғанда: оқуға келді – неге, не үшін келді?) деген сұрақтарға жауап берсе, пысықтауыш болады. Барыс септікті сөз -дейін, -шейін, -қарай деген шылаулармен тіркесіп те жұмсалады.



**1-тапсырма.** Мәтінді оқып шығындар да, мазмұнын ұғындар. Мәтіндегі сөйлемдерден барыс септік жалғаулы сөздерді тауып, оның жалғауларының жалғануына мән беріңдер. Сол сөздердің сөйлемдегі синтаксистік қызметін анықтаңдар.

### ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТҮРЛЕРІ

**Ғылым** (лат. *scientia* – білім) – уақыт пен кеңістікте бар, зерттеуге болатын шынайы нақты нәрселердің заңдары мен қағидаларын, тәртібі мен құрылымын объективті түсіндіретін, эксперимент пен бақылауға негізделіп, математикалық есептеуді қолданып, жүйелі түсінік қалыптастыратын таным саласы. Жалпы тұрғыда ол жүйелі білім мен ғылыми тәжірибені меңзесе, ал арнайы мағынада ғылыми әдістер арқылы жинақталған логикалық білім жүйесін көрсетеді, яғни ғылым ғылыми білімдерді ғана емес, сол білімдерге қол жеткізудің барлық жолдары мен әдістерін түгел қамтитын біртұтас кешенді жүйе.



Ғылымның арғы тамыры ежелгі Мысыр мен Месопотамия өркениеттеріне барып тіреледі. Олар математика, астрономия, медицина секілді ғылымдардың алғашқы кейпін жасап, 2600 жыл бұрын басталған Грек табиғат философиясына, антикалық классикаға арқау болды. Олар физикалық дүниені ондағы оқиғалардың табиғи себептері арқылы түсіндіретін дәстүр қалыптастырды. Әсіресе, ғылым тарихында түрлі ғылымдардың ең алғашқы зерттеу объектін бекітіп, жүйелі пайымдаудың



алғашқы сынағын жасаған ұлы ойшыл Аристотель дәуір бөлгіш рөл ойнады. Бірақ Рим империясының христиан дінін қабылдауы Еуропада ғылымның құлдырауына алып келіп, қараңғы орта ғасыр V ғасырдан XV ғасырға дейін жалғасты. Осы тұста шығыстағы Түркі, Парсы, Араб жұртынан шыққан ойшыл ғалымдар – Әл Кинди, Әл-Фараби, Ибн Сина,

Ибн Рушд, Омар Хаиям секілді ұлы тұлғалар сол ежелгі ғылым мен Аристотель салған жолды жылғастырып, ғылымды жаңа кезеңге шығарды. Бірақ Шыңғыс хан жорықта-рынан кейін бұл талпыныс діни әсірешілдік пен қатып-семушілдіктің зардабынан мүлде әлсіреп, мұсылман әлемі де ғылымы құлдыраған қараңғы орта ғасырға кірді.

XV ғасырдан бастап Еуропада Ренессанс сана жаңғыруын жасап, ғылымға жаңа көк жиек ашты. Әсіресе Астрономиядағы Католик шіркеуінің мың жылдық өтірігін ашқан гелиоцентризмнен кейін ғылымның тасқынын ендіқайтып ешкім тоса алмастай болды. Өнеркәсіп революциясының ғылым мен техникаға мұқтаждығы ғылымға жаңа күш бітірді.

Заманауи ғылым үш негізгі тармаққа бөлінеді: Жаратылыстану ғылымы (Биология, Химия, Физика...) ұлы табиғатты зерттейді; Қоғамдық ғылымдар (экономика, психология, әлеуметтану...) жеке адам мен қоғамды зерттейді; формалды ғылым (философия, логика, математика, теориялық компьютер ғылымы...) негізінен абстракт ақылдық ұғымдарды зерттейді. Мұнда формал ғылымды эмприкалық ғылымдар арасына қосуға қарсы пікірлер бар, кезінде Аристотель оларды «Құралдық ғылымдар» деп атаған. Егер ғылыми білім практикалық қажеттілікті көздесе, тіке технологияға айналып нақты пайда берсе, онда ол (мысалы медицина, инженерия секілді) «Қолданбалы ғылым» деп атайды. Ол көбінесе нақты қолданысы мәлім жанама жолмен іске асатын «Теориялық ғылымға» салыстырмалы айтылады.

Ғылым зерттеуден тұрады, онда сәуегейлік, интуиция, эмоция, көңіл-күй, қалау, діни көріпкелдік секілділер қабылданбайды. Қазір академиялық ірі зерттеулерді мемлекеттік ұйымдар мол қаржымен ұжымдық жүргізетін болды. Ғылымның дамуына ілесіп, оның табиғаттағы ықпалының артуына ілесіп, ғылымның өзін қайта қарап, адамзатқа экологиялық тұтастық тұрғысынан жағымды нұсқасы қарастырыла бастады.

Негізінен ғылымдарды екі санатқа бөледі:

Жаратылыс құбылыстарын (биологиялық өмірді қоса) зерттейтін жаратылыстану ғылымдары және адамзат өмірі мен қоғамдарын зерттейтін гуманитарлық ғылымдар.

Ғылым, өзара тығыз байланыста болатын, ғылыми зерттеулер нәтижелерін адамзат мұқтаждығына пайдалану болып табылатын қолданбалы ғылымнан ажырату үшін кейде тәжірибелік ғылым болып аталады.

Ғылым – адамның табиғат пен қоғам туралы объективті білімін қалыптастыруға мүмкіндік беретін танымының ең жоғарғы пішімі, адамзаттың практикалық қызметінің аса маңызды саласы. Адамзат қоғамының дамуы барысында ғылым сол қоғамның маңызды әлеуметтік институтына және тікелей өндірістік күшіне айналды. Ғылымның басты мақсаты – ғылым заңдарының негізінде ашылып отырған болмыс құбылысы мен процесін болжау, түсіндіру және жүйелеп мазмұндап беру.



### Пысықтау үшін сұрақтар:


1. Ғылымға қалай түсінесің?
2. Ғылымның қандай түрлері бар?
3. Ғылыммен байланысты термин сөздерді тауып, ғылымның қай түріне жататындығын анықтаңдар.
4. Септік жалғауы дегеніміз не?
5. Барыс септігі жалғаулары сөздерге қалай жалғанады?
6. Барыс септігі жалғауларының синтаксистік қызметі қандай?
7. Барыс септігі жалғауларының кейбір есімдіктерге жалғанғандағы өзгерісі қандай? Неге олай?



**2-тапсырма.** Мәтін ішінен термин сөздерді табыңдар. Ол термин қай ғылым саласына жататындығын анықтаңдар. Төмендегі кроссвордты дәптерлеріңе шешіңдер.

### ТҰТАС ҒЫЛЫМ ЖҮЙЕСІ

Тұтас ғылым жүйесін құрайтын ғылыми пәндерді шартты түрде жаратылыстану, әлеуметтік және техникалық ғылым деп үлкен үш топқа бөлуге болады. Бұлардың арасында қатаң шекара жоқ, бірқатар ғылыми пәндер аралық жағдайда қалыптасқан. Мысалы, техникалық ғылым мен әлеуметтік ғылымның түйіскен жерінде – техникалық эстетика, жаратылыстану ғылымы, ал техникалық ғылымының түйіскен жерінде – астроботаника, ал жаратылыстану ғылымы, ал әлеуметтік ғылымның түйіскен жерінде – экономикалық ғылымдар қалыптасқан. Ғылымның ерекше





маңызды рөл атқаратын салалары – математика, ақпараттану және басқару теориясы болып табылады. Ғылымның белгілі бір саласында дәстүрлі зерттеулер жүргізілуімен қатар, пәнаралық, кешенді зерттеулер жүргізу қазіргі ғылымның ерекше даму бағыты болып табылады. Мысалы, табиғатты қорғау мәселелерін

зерттеуде осы бағыттың маңызы айқын болып отыр.

Мұнда биология мен техникалық ғылымдар, жер туралы ғылым мен медицина, экономика мен социология түйісіп, мәселені бірге зерттеуде. Өзінің алған бағыты, тікелей өмірге қатынасына байланысты ғылымды іргелі және қолданбалы деп бөлу дәстүрі қалыптасқан. Іргелі ғылым саласының міндеті қоғамды, дүниені, табиғатты түсіндіретін заңдарды тану. Бұл заңдар мен құрылымдар «таза күйінде» зерттеледі, оларды тікелей пайдалану мүмкіншілігі шартты емес. Қолданбалы ғылымның тікелей мақсаты – іргелі ғылымның ашқан жаңалықтарын танымдық, әлеуметтік-практикалық мәселелерді шешуге қолдану болып табылады, яғни оның міндеті – ақиқатты тану ғана емес, әлеуметтік сұранысты қанағаттандыру. Қолданбалы ғылым теориялық та, практикалық та бағытта дамуы мүмкін. Мысалы, қазіргі физикада электродинамика мен кванттық механика іргелі ғылым саласы, ал осыған қосымша нақтылы пәндік саланы тану үшін теориялық қолданбалы физиканың түрлі салалары (металл физикасы, шалаөткізгіштер физикасы, т.б.) қалыптасқан. Ал олардың нәтижесін одан әрі практикада қолдану үшін, әр түрлі практикалық қолданбалы ғылым (металтану, шалаөткізгіш технологиясы, т.б.) пайда болды, бұлар тікелей өндіріспен байланысты қалыптасқан. Барлық техникалық ғылымдар қолданбалы ғылым саласына жатады.



**3-тапсырма.** Берілген «Keys» тапсырмасы бойынша қайда? сұрағы қай сөздерге қойылатындығын үлгі бойынша анықтаңдар да, оның қойылу себебін түсіндіріңдер.

KEYS

ҚАЙДА?

ҮЙІНЕ, МЕКТЕПКЕ

ҮСЕНГЕ, АҒАШҚА

СЕЗІМГЕ, МАХАББАТҚА

САЙҒА, АУЫЛҒА, БАЗАРҒА

ҮЙГЕ, ОҒАН, БІЗГЕ, ТЕККЕ

ҚОЙЛЫҚҚА, ШЫРШЫҚҚА, ОТАНЫМА, ТӨМЕНГЕ

ТӨМЕНГЕ, ТӨБЕГЕ, ІНІМЕ

АҒАСЫНА, ЕНЕСІНЕ, КӨРШІГЕ, БӨЛМЕГЕ

ЖИНАЛЫСҚА, ЖАҚЫНЫМА  
КЕЛГЕНДЕРГЕ, ЖАҚСЫЛАРҒА



**4-тапсырма.** Төменде келтірілген барыс септігі жалғауының түр-түрлеріне көркем шығармалардан мысалдар тауып, кестені толтырыңдар. Не үшін түрлі вариантта жалғанып жатқандығын түсіндіріңдер.

01	ҒА, ҒЕ	01	Мысалы: _____ _____ _____
02	-ҚА, -КЕ	02	Мысалы: _____ _____ _____
03	-А, -Е	03	Мысалы: _____ _____ _____
04	НА, НЕ	04	Мысалы: _____ _____ _____



**Пысықтау үшін сұрақтар:**

1. Термин дегеніміз не, оған қалай түсінесің?
2. Өмірде ғылымның қандай түрлерін білесіңдер?
3. Физика мен математика ғылымы туралы ойларыңды бөлісіңдер.
4. Барыс септігі дегеніміз не және олардың қандай көрсеткіштері бар?
5. Не үшін барыс септігі жалғаулары сөздерге түрлі вариантта жалғанады?
6. Барыс септігінің сұрақтары қандай?
7. Тәуелдеулі сөздерге барыс септігі жалғауы қалай жалғанады?



**5-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып шығындар, оның тыныс белгілеріне назар аударындар. Тыныс белгілерінің не үшін қойылғандығын түсіндіріңдер. Тәуелдеулі табыс септіктегі сөзді табындар да олардың жалғауларын анықтаңдар.

## ФИЗИКА – ТАБИҒАТ ЖӨНІНДЕГІ ЖЕТЕКШІ ҒЫЛЫМДАРДЫҢ БІРІ



**Физика** (көне грекше: φύσις – *табиғат*) – затты әлемді және оның қозғалысын зерттейтін ғылым. Бұл жөнінде физика күш, энергия, масса, оқтама тағы басқа сияқты тұжырымдамалармен шұғылданады. **Физика** – өріс пен заттың жалпы қасиеттерін және олардың қозғалыс заңдарын зерттейтін ғылым. Физика – табиғат жөніндегі жетекші

ғылымдардың бірі. Ол басқа да жаратылыстану ғылымдары сияқты ұзақ тарихи даму жолынан өтті.

Жалпы мағынасы бойынша физика – табиғаттың негізгі (іргелі) қарым-қатынастарын, заңдылықтарын зерттейді. Физика ғылымы ең жалпы және негізгі болатын, затты әлемнің күйін, өзгеруін және құрылымын анықтайтын жаратылыстану бөлімі болып келеді.

Жеке физикалық ілімдердің пайда болу дәуірі. Физика жайлы алғашқы деректер Ежелгі Вавилон, Египет жазбаларында кездеседі. Зәулім сарайлар мен күрделі құрылыстар (пирамида, қорғандар) салу жұмысында құрылыс механикасы мен статиканың қарапайым заңдылықтары және рычаг, көлбеу жазықтық, тәрізді қарапайым механизмдер пайдаланылды. Практикалық талаптардан туған Ежелгі Вавилон, Египет ғылымының теориялық негізі халық арасына тарамдады. Ғылым түгелдей діни абыздар қолында болды. Ежелгі грек ғалымдары табиғат құбылыстарын «табиғаттан тысқары күштің» әсерінсіз-ақ ғылыми негізде түсіндіруге ерекше мән берді. Ежелгі грек ғалымдары (Гераклит, Анаксимандр, Анаксимен, Фалес, т.б.) табиғат негізінен төрт элементтен (от, топырақ, ауа және су) тұрады десе, Демокрит (б.з.б. 5 ғ.) І Эпикур (б.з.б. 341–270), Лукреций (б.з.б. I ғ.) дүниенің ең қарапайым кірпіші одан әрі бөлінбейтін бөлшек – атом деп санады. Атом туралы ілім (атомистика) талай ғасырға созылған талас-тартыстан кейін, қазіргі табиғат жайлы ғылымдардың негізіне айналды. Аристотелдің табиғат жайлы жазған кітабы «Физика» деп аталған. Осыған орай Аристотельді физиканың «негізін қалаушы» деп те айтады.



**Пунктуация** – жазбаша қарым-қатынас жасауға қызмет ететін графикалық таңбалар жиынтығы. Ол қағаз бетіне түскен ойдың оқушысына сол автор көздеген мақсатын қаз қалпында айнытпай жеткізуге көмектеседі **Тыныс белгілер** – (лат. Punctus – «нүкте») жазу тілінің, жазу мәдениетінің, әсіресе, баспа ісінің дамуымен тікелей байланысты. Жазылған пікірді оқуға оңай, түсінуге жеңіл болуы үшін, түрлі ықшамды ұсақ бөлшектерге бөлу, әр бөлшектің бір-бірімен мағыналық қатынастарын көрсету қажеттігі туады. Сол қажеттіліктен келіп, тыныс белгілері пайда болған.



**6-тапсырма.** Төмендегі мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтіннен тырнақшаға алынған сөздерді табыңдар да, не үшін кейбір сөздер немесе сөз тіркестері тырнақшаға алынғандығын анықтаңдар.

### ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ СӨЗДІК

**Энциклопедия** – (гр. *enkyklopaideia* – білім (жалпыға бірдей) өрісі), анықтамалық бағытта шығарылатын ғылыми басылым.

**Энциклопедия** термині маңызы жағынан тарихи өзгерістерге ұшыраған. Антикалық қоғамда энциклопедия атауы жеті еркін өнерді (грамматика, риторика, диалектика немесе логика, геометрия, арифметика, музыка және астрономия) белгілеп көрсету үшін қолданылған.

XVI ғасырда Батыс Еуропада бұл термин «әр алуанды мазмұнды жинақ» дегенге жақын ұғымда қолданыла бастады, ал XVIII ғасырда энциклопедияны білімді топтастыру деген түсінік орын алды. Келе-келе бұл терминнің маңызы бірте-бірте ұлғая түсіп, қазіргі кең таралған мағынаға ие болды: оны барлық ғылым саласынан анық мағлұмат беретін және іс жүзінде қолданылатын (эмбебап энциклопедия) немесе қайсы бір жеке ғылым саласындағы (салалық энциклопедия) ғылыми басылым деп те атайды.

Энциклопедия құрылымы жүйелі түрде жасалады, атап айтқанда, ғылым саласы бойынша іріктеп алынған материалдар алфавит тәртібімен орналастырылады.

Энциклопедия сипатты еңбектер ең алғаш қытай жазбаларында (б.з.б. XII– X ғасырлар) пайда болған. Б.з.б. 2 мыңжылдықтың 2-жартысында Ежелгі Египетте сөздік жасалғаны белгілі. Ежелгі Грекияда Демокрит пен Аристотель еңбектері энциклопедиялық сипатта жазылды.

Ежелгі Римде шыққан алғашқы энциклопедияның бірі – Марк Теренцийдің «Ғылымдар» деген шығармасы. Орта ғасырларда –





Әбу Насыр әл-Фарабидің араб тілінде жазылған «Ғылымдар тізбегі», Ибн Синаның «Донишнома» («Білім кітабы») энциклопедиялық трактаты жарық көрді.

Энциклопедия шығару ісінің жүйелі түрде дамуына XVIII ғасырдың аса көрнекті философы Д. Дидро шығарған француз энциклопедиясының ықпалы зор болды.

Сөздік – жеке тілдің сөздік құрамының, әлеуметтік топ диалектісінің, жазушы шығармаларының лексикалық жиынтығы; тілдегі сөздерді, сөз тіркестерін, идиомдарды әліпби негізінде я тақырыптық тұрғыдан жүйеге түсіріп, олардың мағынасын ашатын, аудармасын түсіндіретін, анықтамалық құрылмасы; сөздік кітап болып, басылып шығуы да, қолжазба ретінде көшіріліп, тарауы да мүмкін. Алайда, компьютер мен интернеттің пайда болуымен электронды сөздіктердің басымдылығы айқын болып келеді.

Алғашқы сөздік өзге тілдер сөздерін түсіндіру мақсатында ерте заманда жасалды. Грекияда б.з.б. V ғасырда, Үндістанда б.з. XII ғасырда («Хемачандра»), Ресейде XIII ғасырдан бастап сөздіктер құрастырылды. Түркі халықтарының алғашқы сөздікі XI ғасырда жазылған Махмұт Қашқаридың «Диуани лұғат-ат-түрік» еңбегі саналады. Кейінірек екі тілді немесе көп тілді сөздіктер жасалды. Мысалы, араб-парсы, түрік-моңғол сөздерін салыстыру тұрғысынан Замахшаридың «Мұқаддимат әл-адаб» сөздігі (XII ғасыр), Әбу Хайяның «Китаб әл-идрак Ли-Лисан әл-атрак» атты қыпшақ тілінің грамматикасы мен сөздерінің жинағы (XIV ғасыр), Жамал әд-диннің араб-қыпшақ сөздігі ретінде құрастырылған «Бұғат әл-мұштақ» (XV ғасыр) еңбектері. Қазақ тілінің сөздіктері 1860 жылдардан бастап жарық көре бастады. Сөздіктің әлеуметтік қызметінің маңызы ерекше: дереккөзі ретінде жылдам ақпарат алуға болады; сөздердің мағынасы мен дұрыс қолданылуы туралы нормативтік бағыт береді, т.б. Сөздік жасаудың әдісін, теориясы мен тәжірибесін, технологиясын лексикография саласы зерттейді.

Сөздіктердің түрлері өте көп, шартты түрде оларды лингвистикалық, филологиялық және анықтама сипатындағы энциклопедиялық сөздіктер деп бөледі. Энциклопедиялық сөздіктерде, белгілі бір салаға қатысты ұғым, дерек, зат, құбылыстар сипатталса, лингвистикалық сөздіктер әліпбилік тәртіппен белгілі бір тілдің лексикасы мен фразеологиясын түсіндіруді мақсат тұтады. Мұндай сөздіктер әдеби тілдің әбден қалыптасып, халықтың тіл мәдениеті кемелденген тұста, сөз байлығын нормалық тұрғыдан сипаттау қажеттілігі туындаған жағдайда жасалады.






**7-тапсырма.** Берілген мәтінді мұқият оқып, оның мазмұнын ұғындар. Сөздікті пайдалана отырып тақырыпқа сай болған терминдердің мағыналарын анықтаңдар. Олардың жазылу емлесіне және тыныс белгілеріне назар аударыңдар.

### ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ҚОҒАМДАҒЫ ОРНЫ

Әлемде үш жарым мыңнан астам мекеме жасанды интеллектіні түрлі салаға бейімдеп, қолданысқа енгізген. Киборг-әскерлер мен ақылды әскери-дрондардан бөлек, роботтар адамдарға қызмет көрсетуде. Қазір Қытай, Жапония, Еуропа елдері роботтың қызметіне жүгінеді, яғни қиял-ғажайып киноларда көретін роботтар адаммен бірге өмір сүруде. Мұндай құбылыстар бізге әлі келе қойылмаса да жақын болашақта шындыққа айналады.



Кезінде тек қиял ғана болып келген инновациялық идеялар уақыт өте ақиқатқа айналды. Адамзат игілігіне калькуляторды ойлап шығарудан бастап, ғаламтордың ғаламатымен талай дүниелер жұмыр басты пенденің тіршілігіне енді. Америка мен Еуропа, Азия елдерінде ғылым мен технологияның дамуынан ақылды қалалар, ақылды үйлер мен жылжымалы орындар пайда болды. Әуелгіде беймәлім болып көрінген смарт қалалар идеясы шындыққа айналды. Бұл – жаһандық жаңалықтың тек басы ғана. Алдағы, 10–15 жылда әлем жаңа мегатрендтердің дәуіріне аяқ басады. Ғылыми прогрестің қарыштаған уақытында келешектің қалай болатынын ғалымдар алдын ала болжады. Болжап қана қоймай, адамзат өміріне пайда әкелетін жаңа мегатрендтерге осы кезден бой үйретіп, болашаққа бейімделуге шақыруда. Мобильді банкинг, электронды сауда, жасанды интеллект, нанотехнология, жасанды чиптер сынды жаңа ұғымдар алдағы 5–6 жыл ішінде тіршілік процесіне іске асады. Біз тізбектеген жаңа дәуірдің жаңалықтарының әрқайсысы, ғылым мен бизнесте, білім мен мәдениеттің дамуына жол салады. Мұны атақты экономист Клаус Швабтың «Төртінші өнеркәсіптік революция» атты кітабында 2025 жылға дейін адамзатты күтіп тұрған жаңа трендтерді түгелімен тізіп шыққан.

Қысқасы, келешек нанотехнология мен электронды сауданың қарқынын алады. Адамзат медицина, білім мен ғылым, көлік жасау сынды ел өміріне маңызды салаларда мүлдем жаңа дүниелермен бетпе-бет келмек. Тақырыпқа тұздық болсын, болашақтың мамандығы қандай немесе жасанды интел-

лект кімдерді алмастыратыны туралы саралай кетсек. Қазір болашақтың мамандықтары мен жасанды интеллект жайлы көп айтылып жүр. Алдағы 5 жылдың көлемінде 5 миллионға жуық адам жұмыссыз қалуы мүмкін деген болжам бар. Әйгілі «Microsoft» компаниясы қызық зерттеу жүргізіпті. Сұралған мектеп оқушылары мен талапкерлердің жартысынан көбі болашақта қазір мүлдем жоқ мамандық бойынша жұмыс істейміз деп жауап берген.



**8-тапсырма.** Төменде берілген мәтінді мұқият оқып шығындар, ондағы жатыс септік жалғаулы сөздерді тауып, оның синтаксистік қызметін анықтаңдар.

### РОБОТОТЕХНИКА – БОЛАШАҚТЫҢ БАҒДАРЫ



XXI ғасыр – робототехниканың заманы. Экономикамызды ілгерілету үшін осы салаға терең ден қоюымыз керек. Күн сайын әлемде жаңа бір зат ойлап табылады. Оның бірден бір мысалы элеуметтік желі. Элеуметтік желіні көбінесе балалар қолданады. Тағы да бір адам арқасында ойлап табылған ғажайып зат робот. Робот ол компьютер секілді. Оны өлтіру мүмкін емес тек сындыру. Болашақта роботтар адамнан басым болып алмастырылса өлім деген болмайды. Роботтар адамға қарағанда ой өрісі өте көп. Бірақ, робот адам сияқты сезе алмайды. Олар: махаббат, сыйлау, сүйіспеншілік, ержүректілік,

күлу және т.б. «Робот» адамның көмегінсіз өзі бір нәрсені жасай алу керек. Ал, мынаны балалардың өзі бағдарламалағанымен, толық роботқа жатпайды. Күзде Санкт-Петербург қаласында жарысқа қатысқанымызда, ұйымдастырушылар робот деген бағдарламалап жібере салу емес, жалпы соны істеу барысында «несімен робот?» екеніне мән беру керектігін баса айтқан еді. Яғни, робот сырттан қарастырылмаған жағдайда өзі дұрыс шешім қабылдап, күтпеген қадамдар жасауы керек».

Біз, XXI ғасырда өмір сүріп жатырмыз және біздің өмірімізде робот ретінде осындай құбылыс, біз гиммикке таныс емеспіз. Бұрын, шамамен 50 жыл бұрын, роботтар табиғаттан тыс нәрсе болған және олар туралы тек қана фантастикалық кітаптар мен журналдар беттерінде оқыған болса, қазір роботтар жаңа емес және барлық жерде табылған.

Мысалы, кір жуғыш машина – біздің заттарымызды жууға арналған бірдей робот немесе ойыншық жұмыс істейді, компьютер – бұл робот! Шынында да, жаңа технологияларды адамдардың

өмірін жеңілдету үшін ойлап шығарады және оларды робот деп атайды. Бірақ бұл роботтар және олар біздің өмірімізге қалай әсер етеді? Біз техникалық мәліметтерге кіре бермейміз, бірақ робот автоматты түрде тірі организм қағидаты бойынша жасалынған, бұл әрекет үшін бағдарламаланған.



Робот адамнан командаларды қабылдай отырып, оны орындамай, әрекетті орындай алады. Бір жағынан, робот бүгінгі күні өте пайдалы, өйткені олар арқылы адам өз өмірін жеңілдетеді. Роботты есептеуді қарапайым мысалмен қарастырайық. Күнделікті, 9-10 сағат бойы осы немесе басқа мәселені есептеуге тырысып, қағаздарды терлеу және нәлдік нәтиже беру қажет емес. Енді, бізде мәселені шешу үшін бағдарламалануы керек роботтар бар, оларға барлық айналыстарды тағайындайды және олар жауапты есептейді.

Егер сіз мұның бәрін қарапайым түрде елестетсеңіз, онда ол калькуляторға ұқсас – сіз деректерді енгізесіз және бәрі сіз үшін жасалады. Роботтар адамға қиын немесе мүлдем мүмкін емес тапсырмаларды жиі орындайды.



**9-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып шығындар да, мазмұнын ұғып алындар. Мәтіннен тырнақша мен жақшаға алынған сөздерге назар аударындар, неліктен оған тыныс белгі қолданылғандығын түсініп алындар. Мәтіннен септік жалғауларының жасырын келгеніне назар аударындар. Оларды тауып қай септік жасырын тұрғандығын анықтаңдар.

### СОФИЯ – АДАМ ТӘРІЗДІ РОБОТ

**София** – гонк конктың «Hanson Robotics» компаниясымен құрастырылған адам тәрізді робот. Ол оқып, үйреніп, адамдардың мінез-құлқына бейімделу және адамдармен жұмыс істеу үшін құрастырылған. Софиямен әлем бойынша өте көп кездесулер өткізілді. Ол 2017 жылдың қарашасында Сауд Арабиясы азаматшасы атанды және де мемлекеттің азаматтылығын алған ең алғаш робот болып табылады.



София 2015 жылдың 19-сәуірінде іске қосылды. Ол, Одри Хелберн актрисасын негіз қылып ала

тұрып, құрастырылған және өзіне дейінгі роботтарға қарағанда София адамға көбірек ұқсағандығымен және мінез-құлқымен көзге түсті. Оның құрастырушысы – Дэвид Хэнсонның айтуы бойынша София қолдан жасалған интеллект иесі және визуалды ақпаратты талдап, адам беттерін ажырата алады. София адам қимылдарын, бет әлпетін қайталай алады және де белгілі бір сұрақтарға жауап беріп, алдын ала белгіленген тақырыптарға (мысалы, ауарайы) әңгіме-дүкен құра алады. София барлығы 60 эмоцияны қайталай алады. Робот «Alphabet» компаниясы жасаған сөзді талдау технологиясын қолданады және уақыт өте келе дамып, ақылдырақ бола бастайды. Софияның қолдан жасалған интеллектіндегі бағдарлама жасақтамасы «SignicurityNET» компаниясымен жасалған. Ол жүргізілген әңгімелерді анализдеп, алынған нәтижелер бойынша болашақта жауаптарын жақсартады. Хэнсон Софияны ол қарттар үйінде жақсы көмекші немесе робот адамдарға үлкен мейрамдарда көмектесу үшін немесе саябақта көмек болу үшін құрастырған болатын. Құрастырушысы София нәтижесінде адамдармен барынша әрекеттесіп, әлеуметтік дағдылар жинай алады деген үмітте.

Софиямен сөйлескенде, оны адам ретінде қабылдаған, бірақ әңгіменің негізгі бөлігі, оның иелерімен жүргізілген. Робот іске қосылғаннан кейін, оның кейбір жауаптары мағынасыз, ал кейбіреуі керісінше таңқалдырарлық болды. Оның мысалы «60 минут» телешоуында Чарли Роузбен жүргізілген дискуссия болып табылады. Софиямен пресс-конференция кезінде CNBC журналисті Эндрю Росс Саркин роботтардың мінез-құлқы жайлы алаңдаушылық білдіреді, ал робот, ол Илон Масктың кітаптарын тым көп оқитындығы және голливуд фильмдерді тым көп көретіндігі жайлы әзіл айтып жауап қайтарды. Илон Маск оған жауап ретінде твиттерде: «оған «Крестный отец» сияқты фильмдерді көрсетсеңіздер ең қорқынышты оқиға сценарисіне тап боласыздар», – деп жазды. Эндрю сонымен қатар роботтарда ақыл, ой-сана бар ма деп сұрақ қойды. Оған робот былай деп жауап берді: «ал сіз өзіңіздің адам екеніңізді қайдан білесіз?» 2017 жылдың 11-қазанында София БҰҰ-ның бас хатшысы Амина Дж. Мохамедпен қысқаша әңгімелесті. 25-қазанда Эр-Рияда өткен «Болашақ үшін инвестициялық бастама» саммитінде оған Сауд Арабиясының азаматтылығы берілді, осылайша София азаматтылықты алғаш алған робот атанды. Рәсімнен кейін Софияға сөз берілді сол кездегі оның сөздері: «Мені осылайша жоғары бағалағандарыңызға қуаныштымын. Бұл тарихқа кіретін сәт және де мен ресми түрде азаматтылық алған алғаш робот болғанымға өте қуаныштымын». Бұл оқиғалар бірнеше даудамайлар туғызды, себебі кейбір коментаторлар София енді дауыс беріп, тұрмысқа шыға ала ма және оның алдын ала өшірілуін қылмыс деп санауға болатындығы жайлы сұрақтар қойды. Әле-

уметтік желі қолданушылары туындаған жағдайды Сауд Арабиясындағы адам құқығы жайлы мәселе бойынша сын айту үшін қолданды. Бұл оқиға Сауд Арабияның өзінде даулар туғызды, себебі, конференция кезінде және Софияның азаматтылығын жариялағанда оның беті мен басы жабылмаған, хиджаб киілмеген және көмекші – еркек адамсыз жүрді. Көрермендер Сауд Арабиясында азаматтық құқық әйел адамдарға берілмейтіндігін байқап, оның неліктен өзін әйел деп санайтын роботқа берілгендігін түсінбейді. Бір нұсқа бойынша Софияның қорғаушылары мемлекеттің заңдар жинағында қате тауып, оны әйел-роботқа азаматтылық беру үшін қолданған. Қосымша кейбір сыншылар роботқа азаматтылық тым оңай берілгендігін атап өтеді. Мемлекетте жүздеген құқығы шектелген еңбек иммигранттары жұмыс істейді, мысалы Сауд Арабиясының заңнамасына сәйкес еңбек иммигранттары мемлекеттен жұмыс берушінің рұқсатысыз кете алмайды.

Жібек жолы қала мэрлері форумының пленарлық мәжілісіне София есімді робот қатысты. Ол жасанды интеллекті бар әлемдегі алғашқы гиноид болып саналады, деп хабарлайды Қазақпарат тілшісі. «Маған арнайы бағдарламаны жүктеді. Оған сәйкес, мен бүгінгі шараға қатысты бірнеше ойымды айтамын. Білуімше, елорданы ауыстырғаннан кейін Астана бір жылдың ішінде «ЮНЕСКО-ның бейбітшілік қаласы» деген мәртебеге ие болды. Себебі әлемдік тәжірибеде алғаш рет әлемдік және дәстүрлі діндер съезі сияқты шаралар қолға алынды», – дейді София. Оның айтуынша, Астананың сәулеті тамаша. Өйткені, қала құрылысында инновациялық әдістер қолданылып келеді. «Бүгінде Қазақстан әлемге кеңінен танылып жатыр. Өткен жылы ЭКСПО көрмесіне 180 елдің азаматтары келіп кетті. Астанада технологияларды дамыту мәселесіне баса назар аударылады. «Smart Astana» сияқты бастамалар қолға алынды. Бұдан бөлек, сан алуан қызықты шаралар ұйымдастырылады», – деп атап көрсетті София. Сондай-ақ, робот «Бір жол – бір белдеу» бастамасы жайында айтып берді. Айта кетейік, Софияны «Hanson Robotics» компаниясы жасап шығарды. Ол Лиссабонда өткен Web Summit-ке екі жыл қатарынан қатысты. Сол кезде Софияны көрем деушілердің көп болғаны сонша, залда ине шаншар жер болмады. Ал, Давоста болған Бүкіләлемдік экономикалық форумда София fintech-индустрияға арналған бір панельдік сессияда негізгі спикер болды. Өткен жылы оған Сауд Арабиясының азаматтығын берді. София робот-андроидтарға жатады. Ол диалог режимінде сөйлесіп қана қоймай, эмоциясын да көрсете алады. Дәріс оқи алады. Сондай-ақ, сұхбат беру функциясы да бар. Алайда ол бәрін өзі істемейді. Оған арнайы бағдарлама жүктеледі, я болмаса, оператордың басқаруында болады.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Робот не?
2. Робототехникаға қалай түсінесіңдер?
3. Не үшін ХХІ ғасыр робототехника заманы?
4. Тыныс белгілерді зерттейтін сала қалай аталады?
5. Тыныс белгілердің қандай түрлерін білесіңдер?
6. Қысқарған сөз дегеніміз не және олар қалай жасалады?
7. Жақша мен тырнақшаға түсінік беріңдер.



**Жатыс септігі** – зат пен қимылдың, яғни есім мен етістіктердің орнын, көлемін, мекенін және мезгілін білдіреді де кімде? неде? қайда? деген сұрақтарға жауап береді.

Жатыс септіктің басты мағыналары мыналар: істің, қимылдың болып жатқан орнын, мекенін білдіреді. жатыс септігіндегі сөз істің, қимылдың қай уақытта, қай мерзімде өткендігін білдіреді.

Сөйлемде кімде? неде? деген сұрақтарға жауап берсе – толықтауыш, ал қайда? деген сұраққа жауап берсе – пысықтауыш қызметін атқарады. Жатыс септіктің формалық көрсеткіші -та, -те, -да, -де III жақта тәуелденген сөзден кейін -нда, -нде болып жалға-нады (ана+сы+нда, еке+сі+нде).



**10-тапсырма.** Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар. Ондағы шылауларды табыңдар да, олардың мағыналық түрлерін анықтаңдар. Мәтіндегі тыныс белгілердің түрін ажыратыңдар.

## ГАЛАКТИКА

**Галактика** – жұлдыздар мен жұлдыздардың шоғырлануы, жұлдызаралық газдар мен тозаңнан және түнек материясынан құралған алып, гравитациялық байланысқан жүйе. Сол сияқты, галактикалар – ғаламды құрайтын, өлшемдері өте үлкен жұлдыздар жүйелері. Ғаламның бізге байқалатын бөлігіндегі галактикалар жиынтығын кейде метагалактика деп атайды. Басқа галактикалардан өзгешеленіп, біздің Галактика бас әріппен жазылады. Морфологиялық тұрғыдан қарағанда сфералық, эллипстік, спираль және бұрыс пішінді галактикалар ажыратылады. Біздің Галактика спираль түріне жатады, құрамына  $10^{11}$  астам жұлдыздар кіреді, үлкен диаметрі 80 мың жарық жылындай, ал орталығындағы максимал қалыңдығы 16 мың жарық жылына тең, шетіне қарай 3–6 мың жарық жылына дейін азаяды. Галактикалар кеңістікте әркелкі бөлініп, топтар мен шоғырлар құрайды. Біздің

Галактика басқа 15 галактикамен бірге галактикалардың жергілікті тобы деп аталады. Бізге ең жақын орналасқан деген галактикалар.

Өткен ғасырдың 20-жылдары Э.Хаббл галактикаларды пішіні бойынша үш үлкен топқа бөлген. Жұлдыздары спираль бойымен орналасқан *спиральдық галактикалар*, эллипсоид пішіндес *эллипстік галактикалар* және белгілі бір пішіні жоқ *бұрыс галактикалар*.



Біздің галактика спиральдық галактикалар қатарына жатады. Галактикалардың барлығы да қозғалыс үстінде дамиды, өзгереді, өшеді, қайтадан пайда болады. Қазіргі ғаламат Әлем тығыздығы шексіз үлкен, ал көлемі шексіз кіші нүктедей ғана белгісіз заттың жарылысынан пайда болған.

Шамамен жүз жыл бұрын біздің галактика әлемдегі жалғыз дене деп есептелді және барлық көрінетін тұмандықтар біздің галактикаға жатады деп саналады. Бұл оларға дейінгі қашықтықтарды анықтаудың қиындықтарына байланысты болды. Қазір ғарыштағы 20 галактиканың жергілікті шоғырын және басқа 10 млрд-қа жуық галактиканы білеміз. Олар топтасып орналасқан және ең сезімтал құралдардың көмегімен анықтайтын қашықтықта жан-жаққа таралып, бір-бірінен алшақтап барады.

Оңтүстік жарты шардың түнгі аспанынан бізге ең жақын «Магеллан бұлттарын» бақылай аламыз. Зер салып қарағанда бұлт «толқып» тұрған тәрізді. Астрономдар оның толқуын біздің галактикаға жақын орналасуымен түсіндіреді. Бір кездері «Магеллан бұлттары» біздің галактикамен соқтығысқан секілді. «Магеллан бұлттары» Құс жолынан көп кіші. Олар біздің Галактиканың серігі. Миллиардтаған жылдардан кейін, олардың тағы да бір-біріне жақындауы мүмкін.

«Магеллан бұлтынан» сәл әріректе «Андромеда» галактикасы бар. XX ғасырдың басында оған дейінгі қашықтық анықталып, ол 2 млн жарық жылына тең болды. Біздің Галактика, «Магеллан бұлттары», «Андромеда» және «Үшбұрыш» галактикалары мен бірнеше ергежейлі эллипстік галактикалар Жергілікті галактикалар тобын құрайды. Галактикалар пішінімен, салмағымен және өлшемдерімен ерекшеленеді. Галактикалардың эволюциясы жайында жұлдыздардың эволюциясына қарағанда ол да қайда аз білеміз. Галактика ядролары, олардың эво-





люциясына және құрылымына әсері жөнінде мәліметтер өте аз. Кейбір ғаламдардың газ бен зат бөліп жарылатыны, ал кейбірінің бірімен-бірі өзара әсерлесетінін білгеннен кейін шешілетін мәселелер қатары көбейе түсті.

Біздің галактика тәрізді миллиондаған галактикалар бар. Мұндай галактикалардың тармақтарында жаңа

жұлдыздардың пайда болуына негіз болатын газдар мен тозаңдар бар. Бірақ, спиральдар барлық уақытта да центрге өте жақын келмейді. Кейде, спираль центрден қашық жатқандай, Галактиканың ядросы мен спиральдар арасында оларды жалғайтын бар (жалғастырғыш) тұрған тәрізді көрінеді. Спиральді галактикалар да ядроларының өлшемдерімен ерекшеленеді.

Дүниедегі ең ірі галактикаларға жатады. Олардың кейбіреуі шар тәрізді, ал кейбіреуі созылыңқы болып келеді. Олар өздеріне өте жақын келген әлдеқайда кіші галактикаларды қармап алу арқылы кеңейеді.

Сыртқы пішініне қарай астрономдар галактикаларды бірнеше түрге топтайды. Эллипстік галактикаларды 10 түрге бөліп, мынадай белгілеулер енгізді: E0 (сфералық), E10 (қатты майысып, екі бүйірінен жаншылған, пішіні, құймақ нанға ұқсайды). Спиральді галактикаларды сыртқы түріне қарай екі түрге бөлді: жалғастырғышы бар (белгіленуі Sb), жоқ (белгіленуі S) және ядроларының өлшеміне қарай үш түрге

Sa (ең ірі ядро),

Sb (орташа ядро),

Sc (кіші ядро), сол сияқты Sba, Sbb, Sbc деп бөлінеді. Барлық бұрыс галактикалар бір белгімен *ir* деп белгіленді.

Бірнеше мың өте жарық галактикалардың ішінде шамамен 80%-ы спиральді, 17% эллипсті және 3% бұрыс галактика. Галактикаларға дейінгі қашықтықтарды әр түрлі әдістермен анықтайды: цефеидтер – жаңа және аса жаңа жұлдыздар, өте жарық, жұлдыздар бойынша т. с. с.





**11-тапсырма.** Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар да, ондағы тыныс белгілердің қойылу себептерін анықтаңдар.

## ҒАРЫШТАҒЫ ҚЫМЫЗ

*Абдулхамит Мархабаев*

«Альфалықтар» – сыйлы қонағымыз. Басқа жұлдыз жүйесінің өкілдері бізге достық ниетпен келе жатыр. «Альфалықтармен» ертеңгі танысу – адам цивилизациясының жарқын көрінісі. Газеттердің соңғы кездегі нөмірлерінен осы тәріздес сөздерді жұрт жиі көретін боп кетті. Бірталай адамдар жаңа туған қыздарының атын «Альфа» деп қойыпты.



Осылай басталатын қысқаша әңгіме – «Альфа» ғаламшарына сапар шегіп, қонақ боп барған бір топ делегат, оның ішінде ақсақалдың оқиғасымен өрбиді. Бұл жерде Нептун, Сатурн ғаламшарының аты аталады. Өзге планетаға қонақ боп барған, ақсақалдың кенеттен құлауы, роботтың ақсақалға көмек беріп, ұстап қалуы, жат планетадағы роботтардың ақсақал өмірін аман алып қалуы үшін, істеген әрекеттері әңгімеде өте қызық баяндалады.

Ақсақал аяқ астынан сырқаттанып қалады. Бұл үшін планетадағы роботтар ыңғайсызданады. Өзге ғаламшарда өзге ғаламшардың сырқаттанып қалуы «кімге жақсы» деп бір-бірімен күбірлесіп, ақсақалдың аяққа тұрып кетуі үшін, түрлі ем-шараларды ойластырады. Олардың зерттеуінше, ақсақалдың ағзасына 91,8%-дан 95,6 %-ға дейін суы, 2 % ақуызы, 1,8% дан 2,1%-ға дейін майы, 1,1%-дан 3%-ға дейін көмірсуы да 0,1%-дан 0,8%-ға дейін көмірқышқылы, 0,6%-дан 1,1%-ға дейін сүт қышқылы, 0,5%-дан 2,5%-ға дейін спирті бар дәрі жетіспейді. Бұл қандай дәрі болды екен деп ала сұрып, бәрі жан-жақтан іске жұмылдырылады. Сөйтіп, бір дәрігердің күбірін, роботтың құлағы шалып қалады. «Бұл не дәрі болды екен, біз бұны таба аламыз ба» деп робот дәрігерден сұрайды. Дәрігер «ол дәрі күйіс қайырмайтын жануардың қышқыл сусыны, осы ғой ақсақалдың ағзасына жетпей тұрғаны» дейді. Ендеше оны іздеуге кірісейік. Мүмкін, ол сусын ғаламшарда бар шығар деп бәрі жабыла іздейді. Иә, расымен-ақ, сусын табылды. Ақсақалға да жеткізілді. Міне, осы себеппен, әңгіменің тақырыбы «Ғарыштағы қымыз» деп аталған.



**12-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғындар. Мәтіннен жасырын келетін септік жалғауларын табындар да, сол сөздің синтаксистік қызметін біліп алындар. Септелген сөздерге дұрыс сұрақ қойып, тыныс белгілерінің неге қойылғандығына назар аударындар.

## ЭЛЕКТРОМОБИЛЬ



Электромобиль – іштен жанатын қозғалтқышпен емес, бәлкім тәуелсіз электр энергиясы көзінен (батареялар, отын элементтері, конденсаторлар және т.б.) қоректенетін бір немесе бірнеше электр қозғалтқыштары арқылы басқарылатын автомобиль. Электромобильді іштен жанатын қозғалтқышы және электр беріліс қо-

рабы бар автомобильдерден, сондай-ақ троллейбустар мен трамвайлардан ерекшелеу керек.

2020 жылы электрмен жүретін көліктердің үлесі әлемдегі көліктердің жалпы санының 0,7% құрады.

Электромобиль іштен жанатын қозғалтқыштан бұрын пайда болды. Сонау 1828 жылы венгр өнертапқышы Аньош Йедлик машинадан гөрі скейтбордқа ұқсайтын электр қуатымен жүретін арба жасады, дегенмен Аньош Йедликтің өнертабысы техниканың осы саласы дамуына күшті серпін болды. Электр қозғалтқышы бар арба түріндегі алғашқы электромобиль 1841 жылы жасалды.

1881 жылы қарашада Парижде өткен халықаралық электр көрмесінде электр көлігін Густав Труве жұртшылыққа таныстырды.

1899 жылы Петербургте ресейлік дворян және инженер-өнертапқыш Ипполит Романов 17 жолаушыға арналған алғашқы ресейлік электрлі омнибус жасады. Оның жалпы орналасуы жүргізуші жолаушылардың артындағы биік ешкілерде орналасқан ағылшын кабиналарынан алынған. Экипаж екі және төрт дөңгелекті болды, алдыңғы дөңгелектердің диаметрі артқы дөңгелектерге қарағанда үлкен болды.



Алғашқы электромобильде 36 банка (вольталық тіректер) бар Вaгi жүйесінің қорғасын батареясы қолданылды. Ол әр 60 миль (64 км) сайын қайта зарядтауды қажет етті. Автомобиль қуаты 4 ат күші болды.

Алғашқы электромобильде 36 банка (вольталық тіректер) бар Вaгi жүйесінің қорғасын батареясы қолданылды. Ол әр 60 миль (64 км) сайын қайта зарядтауды қажет етті. Автомобиль қуаты 4 ат күші болды.

Экипаждың дамуы 1898-жылдан бері автомобильдер шығаратын американдық «Morris-Salom» компаниясының үлгілерінен алынған. Электромобиль тоғыз градацияда жылдамдықты 1,6-дан 37,4 км/сағ-қа дейін өзгертті. Романов сонымен қатар қазіргі троллейбусстардың осы тектілерінің қалалық маршруттарының картасын әзірлеп, жұмыс істеуге рұқсат алды. Алайда, ол қажетті инвестиция таба алмағандықтан, бизнес дамымаған.



1899 жылы 29-сәуірде немесе 1-мамырда жарыс жүргізушісі Камилла Генацци басқаратын оқ тәрізді шанағы бар арнайы рекордтық электромобиль Ла Джамайс Контенте 100 шақырымдық (62 миль/сағ) жылдамдықтағы кедергіні бірінші болып бұзды. Ресми жылдамдық рекорды 105,882 км/сағ. болды. Кейінірек атақты американдық электромобиль дизайнері Уолтер Бейкер 130 км/сағ жылдамдыққа жетті. Бір зарядтағы ең ұзақ қашықтық бойынша рекордты Чикагодан Милуокиге дейін, 103,8 миль (167 км.) жүріп өткен Vorland Electric компаниясының электр көлігі орнатты.

Келесі күні (зарядтаудан кейін) электромобиль өз күшімен Чикагоға оралды. Орташа жылдамдық 55 км/сағ болды.

Жалпы алғанда, электромобиль – тәуелсіз электр энергиясы көзінен (батареялар, отын элементтері, конденсаторлар және т.б.) қоректенетін бір немесе бірнеше электр қозғалтқыштары арқылы басқарылатын автомобиль. Электромобильді іштен жанатын қозғалтқышы және электр беріліс қорабы бар автомобильдерден, сондай-ақ троллейбустар мен трамвайлардан ерекшелу керек.



**13-тапсырма.** Берілген мәтін мазмұнын түсініп алып, ондағы қысқарған сөздерді табыңдар. Қысқару жолына назар аударыңдар. Жалқы есімдерді табыңдар.

### TESLA – ЭЛЕКТРОМОБИЛЬ ӨНДІРУШІСІ

**Tesla (Tesla Motors)** – американдық компания, электромобиль өндірушісі және (Solar City компаниясының филиалы арқылы) электр энергиясын сақтау шешушісі. Ол компанияның инвесторлары арасында – Google құрылтайшылары Ларри Пейдж және Сергей Брин, PayPal төлем жүйесінің негізін қалаушы-





лардың бірі Илон Маск және Джеффри Сколл, Bay, Daimler AG компаниясының негізін қалаушы және президенті. Илон Маск бәрінен артық өз қаражатын инвестициялады, яғни 70 млн. долл. компаниясын сатудан алған.

**Tesla Roadster** – электр спорт автомобилі компанияның бірінші автокөлігі.

Ресми тұсаукесері Санта Моникада, Калифорнияда 2006 жылы 19-шілдеде өтті.

Tesla Motors Tesla Roadster үшін Lotus британдық өндіруші шығарған спорттық автомобильдер жоспарлы екі түрін таңдау үшін конкурс өткізді. Автокөліктер алынды.

Алғашқы 100 Tesla Roadster бір ай ішінде жасалған. Автомобильдің бағасы 100 000 АҚШ доллары болды. Сериялық өндіріс 2008-жылдың наурыз айында басталды.

Lotus 2500 автомобильдер жеткізу бойынша келісім-шарты 2011 жылдың аяғында біткен, сол себепті бұл модель 2012 жылға дейін сатылды. Компания 2011 жылдың тамыз айында АҚШ-тың нарығы үшін өтінімдерді қабылдау тоқтатылды, ал осы модельдің келесі буыны 2019 жылы енгізілетін болып, ол Model S-ке негізделетін болады.

**Tesla Model S** концепті Калифорнияның Хоторн қаласында 2009 жылғы 26-наурызда таныстырылды. Седан Детройт фирмалық серіктестік «Whitestar» сол символы шеңберінде әзірленген. Жобалау жұмыстарынан кейін бастапқыда Калифорниядағы зауытта 10 000 дана өндіруге тиіс еді, ал кейінірек 25 000 автомобиль.

АҚШ-та автокөліктерді жеткізу 2012 жылы 22-маусымда бастады. 60 және 85 кВт-тық, артқы ось бір электр қозғалтқышымен жабдықталған, алға-шында екі нұсқада ұсынылады. Содан кейін, 2014 жылы 9-қазанда әрбір білікке электр қозғалтқышы бар нұсқасы шықты және 2015-жыл 8-сәуірден бастап компания толығымен бір-қозғалтқышты конфигурациясынан және 60 кВт-сағ. нұсқасынан бас тартты. Сол уақыттан бері барлық көліктер стандартты нұсқада 70 кВтс батареямен жабдықталған екі электр моторлары мен төрт жетекпен жабдықталған. Америка Құрама Штаттарында бастапқы бағасы – конфигурациясына байланысты \$75 750. Автокөлік қуаттандырусыз 442, 480 және 502 шақырым жүре алады. *Автокөлік 2012 жылы 12-қарашада Motor Trend 2013 «Жыл автокөлігін» жеңіп алды.*



**Пысықтау үшін сұрақтар:**

1. **Tesla** не және оған қалай түсінесің?
2. Электромобиль қандай көлік?
3. Электромобильді алғаш кім ойлап тапқан?
4. Электромобиль бізге не үшін қажет?
5. Қайсы септіктер сөйлем ішінде жасырын келеді?
6. Жатыс және шығыс септіктерге түсінік беріңдер.
7. Қысқарған сөз дегеніміз не және ол не үшін қажет?
8. Қысқарған сөздердің қандай жасалу жолдары бар?
9. Тыныс белгі не үшін қажет?
10. Қандай сөздер тырнақшаға алынады?



**14-тапсырма.** Ғаламторды пайдалана отырып берілген тапсырмадағы логотиптердің қайсысы қайсы автокөлікке не электромобильге тиісті екендігін анықтаңдар. Логотиптерден пайдаланып шағын мәтін құрастырыңдар да, оған ат қойыңдар.

01		01	<input type="text"/>	01		01	<input type="text"/>
02		02	<input type="text"/>	02		02	<input type="text"/>
03		03	<input type="text"/>	03		03	<input type="text"/>
04		04	<input type="text"/>	04		04	<input type="text"/>

## VII бөлім. ТІЛ МЕН ДІЛ



Әрбір жастың қоғамда өз орнын табуы үшін әсерлі де сенімді сөйлеудің тигізер септігі мол. Әдемі сөзге ие, бұл-тарпас дәлел келтіре алатын, оқиғаны дәл суреттеп жеткізе білетін, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін сөзбен түйе алатын шәкірттің болашағы да кемел. Қабілетті адамдар қатарын көбейту үшін олардың сөйлеу тілі мен танымын дамыту керек.



**1-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып шығып, оның мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтіннен тәуелдеулі формалы сөздерді табыңдар да, оның қай жақта тұрғандығын түсіндіріп беріңдер. Ауыс мағыналы сөздерге мән беріңдер.

### ҰЛТТЫҢ БОЛАШАҒЫ – АНА ТІЛІНДЕ!



«Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген, Ахмет Байтұрсыновтың қасиетті қағида-сына сүйенсек, Ата заң аясында бақ-берекетіміздің сақталып отырғаны тіл саясатын да дұрыс жүргізудің жемісі екені анық. Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны. Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі. Мерейін асыратын да, құтын қашыратын да өзіміз. Отбасы өзіміз де,

тәрбие тілден басталады дейді. Тіл меңгеруде ата-ана мен білім ұяларының рөлі ерекше екенін, әр отбасы бесіктен бастап балаға ана тілін үйретуді қолға алу басты мақсат. «Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас» демекші өз ана тілін білмеген жаннан, анасын сыйлайтын жанның шығуы неғайбыл. Халық үшін өзге тілде сөйлеу қауіпті емес, өзге тілде ойлау қауіпті.

Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы ғана емес, ойлаудың, дүниетанымның, рухани мәдениетті жасаудың ұлттық ұжымдық тәрбиесін жинақтаудың, сақтаудың құралы. Жас ұрпақты тәрбиелеу, оларға ғылым мен білімді үйрету тіл арқылы жүзеге асады. Мемлекеттік тілді оқыта отырып, жастардың бойына елдік сана сіңіріліп, мемлекеттік рәміз, ұлттық діл, ұлттық болмыс туралы ақпараттар толық берілетіні анық. Біздің қазақ халқының тілі өте бай, айтылуға орамды, көр-

кем тіл. Тіл– ақылдың өлшемі. Тіл – адамның барлық саналы өмірінің құралы: өнер-білімді, мәдениеттілікті, қоғамның белсенді азаматы болуды ол тіл арқылы үйренеді. Тіл оның ішінде біздің ана тілі еліміздегі халықтардың барлық іс-әрекетінің, қарым-қатынасының құралы болуы тиіс, оның мәдениетін жоғары сатыға көтеру әрбіріміздің борышымыз. Тіл байлығын игеру – ана тілін қадірлейтін, тіл мәдениетінің шыңына қол созатын адамның әрекеті. Ана тілін жақсы білу – әркімнің азаматтық борышы, қоғамда атқаратын қызметінің тірегі. «Қанша тілді білсең, сонша мәдениеттісің, сонша байсың» деген даналық сөз бар. Әрине, құптарға боларлық ой, бірақ, өзге тілді білемін деп жүргенде өз тілімізден алыстап кетпеуіміз керек.

Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі. Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы да – тіл. Ол – қасиетті де қастерлі. Оның бойында өзекті, жанды өзіне тартып тұратын керемет күш бар. Тілде бүкіл тіршілік тұрғандай. Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі. Тілдің тағдыры – баршамыздың қолымызда. Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер – мәңгүрт.Тілдерді дамыту – елдердің мемлекеттік саясаттың аса маңызды бағыттарының бірі. Тіліміз құрып кетті, құрдымға батып жатыр деп отыра бермей, оның маңызы мен мүмкіндіктерін жанжақты ашып, жұрттың оған деген сенімін нығайтуға күш салғанымыз дұрыс. Тілді насихаттауда,үйретуде жеке адамдардың, отбасының атқарар қызметі мол болуы тиіс. Әрбір отбасында, осындай тілге деген жанашырлық болса, тама-тама тамшыдан дария болар дегендей, тіліміздің жағдайы әлдеқайда жоғары деңгейге көтерілер деп ойлаймын.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Не үшін тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны?
2. Тіл туралы Ахмет Байтұрсынов қандай пікір айтқан?
3. «Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас» сөзінің мән-мағынасын түсіндіріңдер.
4. Ақылдың өлшемі – тіл екендігін аңғарыңдар.
5. Тіл тағдыры кімдердің қолында деп ойлайсыңдар?
6. Ауыс мағыналы сөздер дегеніміз не?



**2-тапсырма.** Төменде берілген «Ұлттың болашағы – ана тілінде!» мәтініндегі Ана тіліне баланысты мақал-мәтел, қанатты сөздер мен нақыл сөздердің мән-мағынасын анықтаңдар. Не үшін тілге ондай анықтамалар берілгендігін түсініп алыңдар.

Тіл – халық қазынасы, ұлттың жаны; Тілдің мәселесі – ұлттың мәселесі; Ана тілін білмеген, анасын да сыйламас; Тіл – адамдар арасындағы қарым-қатынастың аса маңызды құралы;

Тіл – ақылдың өлшемі; Тіл – адамның барлық саналы өмірінің құралы; Қанша тілді білсең, сонша мәдениеттісің, сонша байсың; Тәуелсіздіктің негізгі тірегі – ұлттың тілі; Тәңірдің адам баласына жасаған сыйы да – тіл; Тіл – ұлттың аса игілікті әрі оның өзіне тән ажырағысыз белгісі; Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет; Тіл мәртебесі – ел мерейі.



### Өзіндік жұмыс

«Тіл мәртебесі – ел мерейі» тақырыбында шағын мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрауда мақал мен мәтелдерді, афоризмдерді және нақыл сөздерді пайдаланыңдар. Сөздердің дұрыс айтылуына назар бөліңдер.



**Орфоэпия** (гр. orthos – дұрыс, epos – сөз, сөйлеу) – сөздер мен сөз тіркестерінің дұрыс айтылу ережелерінің жиынтығы. Әр тілдің орфоэпиясы сол тілдің басты фонетикалық заңдылықтарына сүйенеді. Орфоэпия нормада дұрыс сөйлей білу сөздің әуезділігін сақтауға мүмкіндік береді, сөз құлаққа жағымды естіледі. Орфоэпия тілдің ауызша сөйлеу нормаларын реттеп отырады.



**3-тапсырма.** Төменде берілген мәтінді мұқият оқып, мазмұнын ұғып алыңдар. Ілік септігінде жалғанып тұрған сөздерді тауып, олардың сөздерге қалай жалғанғандығын анықтаңдар

## СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ – ЕЛ МӘРТЕБЕСІ



Төл тіліміздің сөздік қоры өте бай екендігіне ешкім де бүгінде таласа алмас. Әсіресе, тәуелсіздік алғалы бері елімізде қаншама басылымдардағы әдеби-көркем, саяси-қоғамдық, әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-мәдени, тұрмыстық қарым-қатынаста туындаған жаңа да тың, соны сөздер, сөз орамдары мен сөз тіркестері де сөздік қолданысқа еніп кетті. Бастапқыда сол сөздерді егесінгенімізбен, өзегімізді талдырмайтындығына, өлтірмейтіндігіне көзіміз жетті. Көне сөздерге жатқызуға бейімделіп қалған ұлттық ерекшеліктер – киіз үй, ою-өрнектер, мал шаруашылығы, байырғы соғыс өнеріне қатысты сөздер соны мәнге ие болып, жаңара бастады, жаңғырды. Өз тіліміздегі өз сөзіміз көңілімізге, көкейімізге томпақ тиіп, оны баяғы замандағы көшпелі ха-



лықтың, көне ата-бабаларымыздың көшіп-қонып жүргендегі сөз қолданысы деген ойда болатынбыз.

Рас, тәуелсіздік ұлттық болмысымызды оятты, сергітті әрі ата-бабаларымыздың, түп тамырымыздың түбіне, өзегіне, тереңіне үңіле түсуге ықпал етті, оң әсерін тигізді. Біздер ешкімнен де кем емес, өз тарихы, өз мәдениеті мен өзіндік рухы бар әрі болмысы биік ұлт екендігімізге сенімімізді күшейтті.

Сөйлеу – жеке өзіңнің қажетің ғана емес, қоғамдық сипаты мол қасиет. Сөйлеу мәдениеті осыдан шығады десек, артық айтқандық болмас. Сөз – қару, сөз – демеу, сөз – бағыт-бағдар, сөз – іс-қимыл болған заманда өмір сүру өте күрделі һәм қиын. Төл тіліміз өз еркіндігін алып, өз тізгінін қолына алды дегенмен, әлі де зәруліктер жеткілікті, бұл, бәлкім, заңдылық та шығар. «Бәріміз бір тілде сөйлесек, жұмақ – қоғам орнатамыз» деген бір кездегі коммунистік идеологияның зардабы да болар. Әйтпесе, ана тілі деп бағаланатын қасиеті мен киесі бар өз тілінен өгей бала ғана өзеуреп, өзегінен жериді емес пе?! Өз тілін білген, өзін құрмет тұтқан перзент өзгені де тап солай сезінері хақ. Өзінен безген өзгені де жарылқары аса күмәнді де. Тіл де солай ендеше. Өткен тарих та осылайша ғибраттайды. Әлемді уысына ұстамақ болған Шыңғыс хан Қытай елін жауламақ болғанда, сол елдің ішіне өз әскерлерімен ендеп енгенінде, сол елдің мемлекет билігі ешбір ойланбастан, олардың басып алуына мүмкіндік берген. Бұл – жеңілістің белгісі еместі, бұнда ұзақ мерзімге созылған пәлсапа жатқан-ды. Күндер өтер, жылдар жылжыр. Ішке енген шыңғысхандық жауынгерлер сол жердің қыздарын жар етіп құшар, ұрпақ та өсірер, бірақ сол ұрпақ монғол тілінде емес, қытай тілімен көзін ашар, ал өзге тілде дүние есігін ашқан ұл мен қыз сол тілде әлемді ұғынар, сол тілде сөйлеп, ұйықтаса да сол тілде түс көрер деген берік байламда болған. Уақыт өте келе, бұндай тәмсілдің баяндылығына әлем тарихшыларының, көзіқарақты оқырмандардың зердесі де, көзі де жеткен.

Сөйлеу, сөйлей білу қазірде мәдениет деңгейіне көтерілуі қажет. Өйткені, су жаңа киімді кюге аңсарың қатты ауғандай немесе киер киімді талғап, таңдап кигендей сөйлеу мәселесіне де дәл солай мән бере кіріскен жөн. Бұл жәйтті тек киіну жағдаятымен салыстыру аздық етер, бәлкім. Олай болса, тамақтану секілді, дос, жар таңдау сияқты тиісті мамандық иесі болу сипатындағы



ой-қиялыңды електен өткізетіндей, сондай пейіл таныта кіріскен абзал.

Тіл мәдениеті – айрықша парықтауды қажет етеді. Анайы сөйлеуге, сөге жамандай сөйлеуге деген дағдыдан бас тарта білсек, қанеки.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Сөйлеу мәдениеті дегенде нені түсінесіңдер?
2. Төл сөздеріміздің сөздік қоры туралы пікір айтыңдар.
3. Тіл мәдениетін қалай түсінесің?
4. «Сөз – қару, сөз – демеу, сөз – бағыт-бағдар, сөз – іс-қимыл» дегендерді қалай ұғынасыңдар?
5. «Ой-қиялыңды електен өткізу» деген тіркестің мәнін ашып беріңдер. Онда сөз қолданыстың қай түрі берілген?
6. Орфоэпиялық заңдылық, қандай заңдылық? Бұл заңдылықтың керегі не?



**4-тапсырма.** Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар, ондағы тәуелдік жалғаулы сөздерді тауып, олардың сөздерге жалғану заңдылықтарын анықтаңдар.

### ҚАЗАҚ ТІЛІ – АЙНАДАЙ ЖАРҚЫРАҒАН, СӘУЛЕ ШАШАР ҚҰНАРЛЫ ДА НӘРЛІ ТІЛ



Біздің ұлттың ең басты қасиеті – тілдің ана сүтімен даруында. Қай елдің қызы болса да, барған жерінің туын көтеретін дара да дана қыздарымыздың аналық қасиеті қашанда жоғалған емес. Ендеше, ана тілі деп аталатын ұғымды қазақ тілі десек, оның көсегесі көгере беретіндігіне бір мысқал да күмән жоқ. Тек ынта-ықылас, талап, ниет берік, баянды болсын.

Сөйлеу мәдениеті дегенге тек сыпайы сөйлеу деген ұғым қалыптаспауы керек. Сыпайылықтың да жөні, жосығы бар. Сыпайылықты бүгінде тым қарабайыр түсіну де қоғамдық пікірде нық орнықты. Ынжықтық, өз ойын кесіп айта алмаушылық, кібіртіктеу, орынсыз ұялу, дер кезінде сөйлей білмеу секілді қасиеттер сыпайылықпен бірге қоныс теппейді. Сыпайылықтың ауылы биік өреде.

Қажет жерінде қайсарлық таныту, сөзді күбілтелемей жайындап, жайнап сөйлеу, жарқырай көріну секілді қасиеттер төл тіліміздің сөйлеу мәдениетімен қабысса, нұр үстіне нұр. Осындайда

халқымыздың «Қолынан да, сөзінен де іс келеді» деген мақтанышқа тола тағылымды даналығы ойға оралады. Сөйлеу мәдениетінің қалауы да сол. Ал қазақ тілі – айнадай жарқыраған, сәуле шашар, керек кезінде айбынданып, айбарланып, қуатты күшке айнала алатын құнарлы да нәрлі тіл.



Сөйлеу мәдениетін дамытуда ауыз әдебиеті, жазба әдебиеті нұсқаларын мейілінше пайдаланса, оның әсері де мол. Ертегі тыңдаған, әдет-ғұрып, жөн-жосық үлгілерін көріп өскен, уызында жарыған ұрпақ төл тілдің қадірі мен қасиетін сезініп өседі. Бұлардан мақұрым қалған пендесі алапат та анайы сезімге тап келеді. Ақылға бастар аялы сөздің орнын ашу-ызаға бөктіретін арзан сөздер басып алады. Төпелеген сел мен даудың астында қалу, мінеки, осыдан бастау алады.

Сөйлеу мәдениеті – қызыл сөзден қуырдақ қуыру емес. Сөйлеу мәдениеті елге, елдік мұраттарға қызмет етеді. Бірлікті, ынтымақ пен жасампаздықты, меже еткен, тағылымды тірлікті толғауы тоқсан өмірдің тоқ етері санаған, ел мен жер осынау биік міндеттің төбесінен көріне алары хақ. Ата-бабалар тағылымы осыны меңзейді. Ата тарих, ана тіл солай деп тәмсіл етеді.

Бүгінде сөйлеу мәдениетіне қойылар талап та өте жоғары. Сол деңгейде көріне алмай жүргенімізге, әрине, көңіл ортаяды, ой тояттамайды. Әйтсе де, тәуелсіз ел болып, еңсе тіктелгендіктен, келер заманға кемел оймен қарау баршамызды қанағаттандырады. Мемлекеті орнында, астанасы Арқа төсінде, тілі төрде болған ел-жұрттың ойы да текті, жоғарыда болуға тиіс әрі төмендемейді де. Керісінше ойлау кері кеткендерден ғана шығарды. Аузы күйсе де, көнбіс халқымыздың ұлы ұлдары мен аяулы қыздары тірі тұрғанда тіл деп соққан жүректері туған халқымен мәңгі жасай беретіндіктеріне ешбір шүбә жоқ. Өзегі үзілмеген, жүйкесі жұқармаған, тектілігі сақталған еліміздің ана тілі сөйлеу мәдениетін одан әрі қарай өрістетуге негіз болып қала беретіндігіне имандай сенетініміз де сондықтан.

Сөйлеу мәдениеті өзінен-өзі қалыптасып, нығаймайды. Бірдіекілі іс-шаралармен сөз мәдениеті, сөйлеу мәдениеті жайлы мәселелерді көтеруге болады да. Бірақ бұл мәселені түбегейлі шешпейді. Сөйлеу мәдениеті ел эканомикасынан, халқының әл-ауқатынан тыс дүние емес, қоса өрілген еншілес дүние. Бірінсіз-бірі ғұмыр кешпейді. Күні кешегі кеңестік жүйедегідей сананы қаншама өзгертемін деп әуре-сарсаңға салғанындай, оның күні қараң. Бір-ақ күнде күйреп қалады. Сол себепті де тәуелсіз еліміз бүгінгі таңда ел эканомикасын тіктеп, оның рухани-мәдени салаларына жіті назар аудара бастағаны мәлім. Сондай-ақ, осы

орайда құқықтық, мәдени, этикалық мәселелердің төбе көрсетіп тұрғаны да шындық.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Сөйлеу мәдениеті мен сыпайы сөйлеуді қалай түсінесіңдер?
2. Қай уақытта уызында жарыған ұрпақ төл тілдің қадірі мен қасиетін сезініп өседі?
3. Не үшін біз атаны тарихқа, ананы тілге теңейміз?
4. Мәтін ішінен бейнелеуіш құралдарды табыңдар.
5. Тәуелдік жалғауы дегеніміз не?
6. Ілік септігі мен тәуелдік жалғаудың байланысын анықтаңдар.



**Қаратпа сөз** – сөйлемде айтылған ойдың кімге арналғанын білдіру, не оған басқаның назарын аудару мақсатында жұмсалатын сөз немесе сөз тіркесі. Қаратпа сөз, сөйлемде басқа сөздермен грамматикалық байланысқа түспей, ерекше әуенмен айтылады, сөйлеушінің көңіл күйін, моральдықты білдіреді.



**5-тапсырма.** Үзіндіні оқып шығып, мәтін ішінен қаратпа сөз бен диалект сөздерді табыңдар. Диалект; жаргон және сленг сөздердің әдеби баламасын анықтаңдар.

## ЖАЛЫНДАП ӨТКЕН ЖАС ҒҰМЫР... (ТӨЛЕГЕН АЙБЕРГЕНОВ ЖАЙЛЫ МӨЛТЕК СЫР)

(үзінді)



...Сол күні Төкең бізді келесі сенбіге, Сарыағашқа үйіне қонаққа шақырып кетті, бірақ біз ол айтқан күнге бара алмадық. Араға бір апта салып, екінші сенбісіне Молдабай екеуіміз бардық.

Барсақ, үйде өзі ғана бар екен. Бізге көк дарбазалы есікті айқара ашқан Төкең күле қарап, жайдары жүзбен:

– Ой, айналайындар-ай, келдіңдер ме? Басқаларың қайда? – құшақ жая қарсы алды. Сөйтсек, жеңгеміз төркіндеп кеткен екен. Үлкен аула

үш бірдей ер азаматқа тиген соң, емін-еркін әңгіменің қызығына түсіп кеттік. Төкеңнің жүзінде қуаныш, бізге бәйек болып жүр.

– Әй, жігіттер, бағымыз жанып-ақ тұр. Жеңгелерің жоқ, төркіндеп кеткен. Мен сендерге өз қолыммен бастаңғы жасаймын. Қазан өзімізде. Ет асайын ба, жоқ, әлде қолбала «аш» қылайын ба? Көне, айтыңдаршы? – деп, тігіле қарады.

Сонда Молдабай басын көтеріп, кеңк-кеңк күліп:

– Ау, Төке, қиналып қаласыз ғой! Ештеңе керек емес, жай, шай-пай ішіп жата саламыз, – деді.

Мен де:

– Әуре боласыз ғой, шай-пай ішсек жеткілікті, – дегенді айттым.

Ол бой бермей:

– Жоқ, олай демендер, сендер сонау Тәшкеннен келсеңдер мен дымнан-дымсыз, дәм татқызбай, аш жатқызам ба? Жеңгелерің қазанды арқалап кеткен жоқ. Жас, сіп-свежи қойдың еті бар. Давайте, қуырдақ жасаймыз. Біз сендерді кешегі аптада күтіп едік. Оған өздерің кінәлісіңдер. Жеңгелерің де түске таяу кеткен еді. Қап!...

– Но, жарайды, сен картошка аршы, сен пияз тура, мен етке кірісем, – деді де, құлшына іске кірісіп кетті. Үшеуіміз де есік алдында – қазан басындамыз. Кәдімгідей-ақ іске кірісіп кеттік.

– Не шара, мен шорқақтық таныттым.

Сонда Төкең:

– Ау, сен тіп-тік өскен екенсің, әлі оңды іс бітірмепсің. Әйел деген қандай құдірет. Осы үшеуіміздің ісімізді бір өзі-ақ істеп тастар еді. Әйтеуір, құдай абырой бергей, тұз-пұзы кем болмай, қатты қуырылып кетпей, дұрыс піссін, – деп жатты.

Мен де маңдайымнан шыққан жылымшы терді сүрткілеп, қолғабыс тигізген болып пияз арши түстім. Оның ащысы сондай екі көзімнен пырт-пырт жас шығарып, берекемді алып барады. Әй, әйтеуір сыр бермеуге тырысып бақсам да, оны байқаған Төкең:

– Ай, айналайын, әйелдер-ай! Қазан-ошақтың, тамақтың пірі ғой. Бабына келтіріп, бәйек боп, үйдің сәнін келтіреді емес пе!? Жеңшенің қадірі нақ қазір өтті. Үшеуіміз күйбеңдеп маңдыта алмай жатырмыз, – деп, көз қиығын қадап қояды.

Амал не, сол күні әйтеуір жабыла жүріп, қуырдақты да пісірдік-ау. Алдымызға әкеліп, біріміз нан турап, біріміз шай құйып дегендей, асып-сасып жатқанда Төкең:

– Қарашы, осының бәрін әйелдің өзі тындырар еді. Біз болсақ – бәріміз әуреміз. Ал олай болса, алыңдар жігіттер! Қандай, тәтті болған-ау деймін, – деп бәйек бола түсті.

– Ау, айтқандай «ақмағамбеттен» де біраз көрейік, деп орнынан тұрды да, серванттың есігін ашып, рюмкалар алды да, орыс арағын ашып, бізге ұсынды. Сонда Төкең ерекше бір күйде:

– Мен де сол Низамидың түлегімін. Сендер үшін, сендердің әдебиет әлемінде өз орындарыңды иемденулерің үшін, – деді де тартып жіберді. Біз де іле тост көтеріп, бір-бірімізді мадақтап, марапаттап жатырмыз. Өлең оқып, домбыра тартып, ән де айттық.

Түн ауа, төсек салып орнымызға жаттық...



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Қалдыбек Сейданов қай елдің азаматы?
2. Қалдыбек Сейдановтың қандай еңбектерін білесіңдер?
3. Қалдыбек аға Төкең дегенде кімді айтып тұр?
4. Диалект сөздер қандай сөздер?
5. Мәтінде қандай диалект сөздер кездеседі?
6. Мәтінде қандай метафоралық мағынадағы сөз не сөз тіркестері кездеседі?



**6-тапсырма.** Мәтінді мұқият оқып шығындар, мазмұнын ұғып алындар. Мәтін ішінен ауыс мағыналы сөздерді табындар және олардың тура мағынасын анықтаңдар. Тыныс белгілердің қойылу себебін анықтаңдар.

### ЖАЗУШЫ БОЛУ ОҢАЙ МА?



Жас болған жақсы, бірақ бұл қиын. Әсіресе жас жазушы болу қиын, себебі өзіңді де, өзгені де тәрбиелеу керек. Жас болу қиын – барлығы сізге кеңес беріп отырғандықтан ғана емес, сонымен қатар сіз жас болғандықтан қиын. Жастардың жұмысы, жауапкершілігі ауыр: сіз оқып, мұғалімдерден үйренуіңіз керек, алдыңғы ұрпақ жасаған барлық

білімдер мен дағдыларды игеруіңіз керек, көпшілігі маңыздысы – шеберлерді қуып қана қоймай, өтіп кету, олар жасаған қазынаға бір нәрсе қосу, әйтпесе алға жылжу болмайды. Кейде оқушы мұғалімнен өткеніне таң қалады, бұл дұрыс емес. Егер сіз мұғалім болмасаңыз, шәкірт болудың мәні неде?! Егер оқушылар мұғалімдерден өтпесе, прогресс тоқтайды емес пе? Ұрпақтан ұрпаққа өту мағынасы жоқ. Егер ақсақал жастарға «Бізден озба, өз орныңды біл!» десе, бұл абсолютті қателік болар еді. Абдулла Қаххор өзінің «Талант – халықтың меншігі» атты мақаласында кейбір ақсақалдарды ғана емес, батылдығын тежеген кейбір жастарды сынға алады.

Бақытымызға орай, біздің қарияларымыздың барлығы дерлік жастардың батыл ұмтылысына қуанады, қарттар жасай алмайтын нәрселерді жасауға тырысады. Біздің мұғалімдер де, Жазушылар одағы да жастардың әдебиетімізге қосқысы келетін барлық шығармашылық сынақтарын, батыл ұмтылыстары мен жаңалықтарын шын жүректен қолдайды.

Әдебиет дегеніміз – қызғана қарайтын даңқ бағы емес немесе жай ғана көптеген дәрежелерде айналысатын мамандық емес.

Әдебиетке адамның өмір бойғы күйігі кіреді. Әр пьесада жалын жанбаса, жазушының болмағаны жақсы. Жазу, менің ойымша, ең қызықты, ең құмар өмір. Бұл жағдайда іс-әрекеттің нәтижесі – бұл жұмыстың өзі ғана емес, сонымен қатар процесс, зерттеу процесі, ізденіс, өмірді өзі іздеу. Әр уақытта сіз өзіңізге және оқырманға жаңа әлем ашуға тура келеді. Жариялау процесі үздіксіз; қанша әдебиетші болса, сонша жазушы. Өмір қиындығының мәнін әркім өздігінен іздейді, әркім өз жүрегінде қайнайды, өзінің шабытын, құмарлығын ұсынады. Аз сөйлеу үшін ол көп білуі, көп нәрсені көруі, оқиғаларды, өмірбаяндарды, фактілерді, сезімдерді, ойларды, психологияны білуі керек. Инженердің немесе академиктің білуі қажет емес салалары бар. Жазушының ондай өрісі жоқ. Автордың өмірлік тәжірибесі, өмірбаяны – алтын қор. Ол оны қазірден бастауы керек.

Жазушы талантты болуы керек – мен талантты қайдан алуға болатындығы туралы кеңес бере алмаймын. Жазушы білімді, жоғары деңгейлі адам болуы керек. Сіз оны қайдан алуға болатынын білесіз, сіз өмір бойы оқуға тура келеді. Мен отыру керек және оқу керек деп алфавит бойынша жұмысты бастағым келмейді.

Жазушы көпті көрген, ащыны татқан, жақсы мен жаманды талдай алатын тәжірибелі адам болуы керек. Менің ойымша, бұл туралы біраз кідірту керек, яғни әңгіме автордың бейнесі туралы болып отыр. Мен кез-келген көркем туындыда бәрін біріктіретін және бүкіл шығармаға бояу қосатын «авторлық образ» болатынына сенімдімін. Белинский «Евгений Онегин» туралы да айтып, романдағы көркемдік орталығы – автордың бейнесі екенін айтты. Шығарманың деңгейі автордың деңгейінен аспайды. Автордың ләззаты, білімі, көзқарасы, жүрегі, тәжірибесі – шығармаға таңбаланған. Кітап бұл жағынан өте субъективті. Демек, жазушы алдымен өзін халықтың өміріндегі белгілі, қажетті жерге қоя білуі керек. Адамдар өмірінің барлық қырларын – қиын да, жақсы да көрінетін жерге қоя білуі керек.

Дарындылықтың інжілдік сипатына тосқауыл болғанымен, таланттың жас кезінде өмірмен байланыстыруы қиын екені даусыз. Шамасы, өмірді білу, мәнді өмір сүру – жеткіліксіз. Олар жұмысқа өздігінен ауыса алмайды. Дүниені көруден басқа, оны жазушының көзімен қабылдай білу, ұғыну, жүрек арқылы қағазға түсіру қажет. Әдебиеттің өмірлік мәнін игеру және шығармашылықты өмірмен байланыстыра білу өте маңызды.

Кез келген шынайы шығарманың өзіндік философиясы болады. Негізгі философиялық ой туындыны жазғанға дейін де, жазғаннан кейін де мазалауы, қинауы керек. Онсыз туынды бірден еленбейді, ал негізгі идеясыз, өмір философиясы болмаса, оқырман өртенбейді.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Жазушылар кімдер?
2. Әдебиет алаңындағы қандай жазушыларды білесіңдер?
3. Жазушы болу оңай ма?
4. Ауыс мағыналы сөздер дегеніміз не?
5. Ауыс мағыналы сөздердің қандай түрлерін білесіңдер?



**Диалект** – аумақтық немесе әлеуметтік жағынан біріктірілген, шоғырланып орналасқан ұжымның тілдік қарым-қатынас жасауының негізгі құралы болып табылатын тіл.

**Жаргон** (ағылш. slang; jargon;) – әлеуметтік диалект. Белгілі бір әлеуметтік немесе қызығушылығы ортақ топтардың басқаларға түсініксіз, құпия мағынада сөйлесуі.

**Сленг** – күнделікті өмірде белгілі бір заттың атауы үшін қолданылатын, қалыпты тілден ауытқыған, мысқылды, мәнерлі сөздер. Сленг әртүрлі әлеуметтік топтардың ерекше қолданыстағы сөздері.



**7-тапсырма.** Мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтіннен туынды сын есімді табыңдар. Нақыл сөздерге мән беріңдер.

### ҚАЗІРГІ ЖАСТАРДЫҢ СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ



Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы – сөйлей білу. Адамзаттың бір-бірімен пікірлесуін, түсінісуін қамтамасыз ете келіп, тілдік қарым-қатынасты іс жүзіне асыратын – тіл. Тілдік қатынас – адамның ойлау, пайымдау, сөйлеу, тыңдау, түсінісу, айту, пікірлесу, айтысу тағы басқа әрекеттеріне тікелей қатысты құбылыс.


Сөйлеу – адам санасының басты белгісі. Тіл, сөйлеу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл атқарады. Сөз ойлы да мәнерлі болуы тиіс, әйтпесе ол көздеген мақсатына жете алмайды.

Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі маржандай екен» деп дәріптейді. Ал Жүсіп Баласағұнның «ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» деп дәл айтқаны бар.

Сөйлеу мәдениеті – үлкен қасиет, мазмұны жағынан терең, ұтымды, әділетті, көркем, ғылыми, бай, халық тілі. Сөз қолдану



мәдениетін арттыратын негізгі шаралардың бірі – тіл тазалығы. Сөйлеу мәдениеті жетілмейінше, ақыл-ой мәдениетіне жетуіміз қиын. Қандай адам болмасын, ой-өрісінің, білімінің, мәдениеті мен рухани дүниесінің қаншалықты екені оның жазған жазуынан, сөйлеген сөзінен байқалады. «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал» деп ұлы Абай тегін айтпаған. Қазіргі жастардың сөйлеу мәдениеті өзгеше дәрежеде, жастардың бір ауыз сөзді кібірткітеп, ойланып барып әрең жеткізетінін көріп жүрміз. Тілді бақылау жүйесінен, нақты тіл саясатынан және қазіргі заманғы көркем әдебиеттен бас тарту, компьютерлік-технологиялық прогресс ең алдымен жастардың тұтас тілдік бейнесін бұзды. Сөйлеу барысында жалпы қолданыстағы сөздерге орысша жалғау жалғап, өз тілімізде баламасы бола тұра кірме сөздерді шектен тыс көп пайдаланып, оның үстіне қазақша қосымша жалғап, тіпті тарихи қалыптасқан сөйлемнің орын тәртібін бұзып қолданып жүргендері бар. Жастар дағдысына қарай бұндай сөздерге өте оңай бейімделеді, әрі оларды кез келген жағдайда қолдана береді. Мысалы; *түк те емес – чепуха; демалыс – халыва; күлкі – угар; арзан – фуфло; мас – бухой; бай адам – олигарх, олигатор; толықадам – пончик; тачка – машина; таргет – мақсат; скилл – дағды; сәнді – гламурный; қуғынбай – артық сөйлеп кеткен, мылжың; сасымашы – босқа сөйлемей; зубрить – жаттап алу; шілі – тым, аса; читалка – оқу залы; типа – сол сияқты, тәрізді, секілді; тренька – тапсырма* сияқты көптеген жастардың сөйлеу мәдениетінде көзге түсетін, құлаққа жағымсыз да естілетін, өзіне тән тілдік ерекшелігі байқалатын тілдік элементтер бар.



Жастардың сөйлеу мәдениетін дамытуға, ана тілін шұбарламауға көңіл бөлу керек. Теледидардағы бағдарламалар мен әлеуметтік желідегі ақпараттардың сапасын, сөздік қорын, тіліміздегі сөздердің дұрыс қолданылғанын саралап қарау, жастардың әдеби кітаптарды оқуға қызығушылықтарын арттыру қажет. Ахмет Байтұрсынұлы атамыз айтқандай: тіл тазалығын сақтау – бейпіл, жаргон сөздерді пайдаланбау – біздің патриоттығымыз бен сауаттылығымызды арттырады.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Тіл мәдениетіне барар жолдың бастауы неде?
2. Абайдың «Кісіге қарап сөз алма, сөзіне қарап кісіні ал» деген сөзіне қалай түсінесің?

3. Жүсіп Баласағұнның «Ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» сөзінің мәнін ашып беріңдер.
4. Тіл тазалығы дегенде нені ұғынасыңдар?
5. Қазірде қандай әдеби кітап оқып жүрсің?
6. Оқыған көркем шығармаң туралы айтып бер.
7. Қайтсек ана тілін шұбарламаймыз?
8. Өздерің пайдаланып жүрген жаргон және сленг сөздерден мысалдар келтіріңдер.



**8-тапсырма.** Төменде берілген жаргон және сленг сөздердің кесте соңында берілген әдеби тілдегі баламасын табыңдар да кестені толтырыңдар.

Сленг және жаргон сөздер	Әдеби тілдегі баламасы
Базар жоқ	
Типаж болу, блатной	
Құлаққа лапша ілу	
Капустаға қарау	
Ауру	
Крышасы бар, танкасы бар	
Миді шіріту	
Общяга	
Потеря болу	
Ё, моё	
Сушняк	
Тілге жатып алыпты	
Қумашы	
Тема екен	
Тачкаң құтты болсын!	
Паника болмашы	
Центр внимание болдық	

**Қажетті сөздер:** күшті зат; өтірік айту; адамға маза бермейтін адам; жатақхана; мазасызданба; бәрінің көзі бізде болды; өзімшіл, өркөкірек; көп сөйлеу; мәссаған, таң қалу; бос әңгіме, болмайтын нәрсе; күшті, керемет екен; сөз жоқ; қаржы; жағдайына қарау; қолдау көрсететін ағасы бар; қобалжу, әбіржу; сусын; шешен, әңгімені жақсы айтады; көлік құтты болсын!



**9-тапсырма.** Төменде берілген сленг және жаргон сөздерді пайдаланып диалогқа құрылған мәтін құрастырындар да, олардың әдеби тілдегі баламасын табындар.

Препод., инет., забей, охота емес, крышаны тайдырмашы, ағаш болып қалыпсың, пати, тусовка, базар бар ма?, братуха, братан, бро., изи (easy), сорян (sorry), жыртылу, кейс, случай, слм., не жаң., не іст. жат., кк., бошы, раха., дсм., калайсын?, не истеватсын?, бари дурыс, жаксы, кеватыр, андақа.



**Протеза** (грек, prothesis – алдында тұру) – сөздің алдынан басы артық дыбыс қосылуы. Бұл кірме сөздің айтылуын жеңілдету үшін қажет.

**Эпентеза** (гр. epenthesis – қыстырылу) – сөз ішінде дауыссыздардың арасына дауыстының кірігуі. Бұл да сөздің айтылуын жеңілдетуге негізделген.

**Метатеза** (гр. metathesis орын ауыстыру) – сөз ішіндегі іргелес дыбыстардың не буындардың өзара орын ауысуы. Бұл – айтуды жеңілдетуден туатын құбылыс.



**10-тапсырма.** Мәтінді оқып шығындар да, оның мазмұнын ұғындар. Мәтін ішінен ерін үндестігі арқылы үндесіп тұрған сөздерді теріп жазып, оның үндесуіне көңіл бөліндер.


## КӨПШІЛІК АЛДЫНДА СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ

Көпшілік алдында сөйлеу – бұл кез келген адамға беріле бермейтін дарын да, қабілет те емес, бұл – дағды. Дағды деген кез келген кітапты оқи салғаннан жетілмейді, оның өзіндік құпиясын, әдіс-тәсілдерін меңгермей жету мүмкін емес. Шешен сөйлеу де сол сияқты. Егер сіз көпшілік алдында мүдірмей, шешен сөйлеуге бел бусаңыз, бұл – сіздің жеңісіңіз.



Сіз мұқият дайындалып, әдіс-тәсілдерді меңгеруге ұмтылсаңыз, жұрт алдына шығып сөйлеуді іс жүзінде игере аласыз. Егер сіздің бойыңызды қорқыныш билесе, бүкіл дайындығыңыз, үйренген дағдыңыз, қолданылатын әдістеріңіздің күл-талқаны шығады. Өйткені қорқыныш – сіздің көпшілік алдында табысты сөйлеуіңізге бірден-бір үлкен кедергі.

Даусында дірілі жоқ, айтатын ойын шатаспай жеткізе білетін, еш мүдірмейтін, өзіне сенімді іскер адамды тыңдаған қандай тамаша. Өйткені сөз сөйлеу шеберлігі оның ойын тыңдаушыларға дәл жеткізіп, сенімділігіне тікелей ықпал етеді. Осындай сенімділікті өзіңізге қалай ұялатасыз? Бұл тек адамдар алдын-



да сөз сөйлей білу тәжірибесімен ғана мүмкін. Осы факторлар өзіне деген сенімсіздіктен және адамның ішкі ой-түйсіктерімен байланысты.

Көпшілік ортада әдеп сақтау, әдеппен сөйлеу, көрегенділік таныту, жан мен тән тазалығы – мұның барлығы мәдениетке жатады. Мәдениет адамдардың мінез-құлқына қойылатын этикалық-эстетикалық, саяси тағы басқа талаптардың орындалуын білдіреді.

Кез келген адамның көпшілік алдына шығып сөйлеуге батылы жете бермейді. Жұрт алдына шығып сөйлеудің өзіндік біршама қиындықтары бар: сөйлеуші мен тыңдаушының арасында көзбе-көз байланыс болғандықтан шешенге тапқырлық, сөзіне елді ұйыта білу қабілеті қажет және сөйлеуші шешеннің өзін еркін ұстай білуі де ерекше маңызды. Еркін болуы үшін көп ізденіс, көп тапсырма қажет.

Әрбір жастың қоғамда өз орнын табуы үшін әсерлі де сенімді сөйлеудің тигізер септігі мол. Әдемі сөзге ие, бұлтарпас дәлел келтіре алатын, оқиғаны дәл суреттеп жеткізе білетін, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін сөзбен түйе алатын шәкірттің болашағы да кемел. Қабілетті адамдар қатарын көбейту үшін олардың сөйлеу тілі мен танымын дамыту керек.

Қазіргі қоғам адамының өз мақсатына қол жеткізуі үшін терең білім алумен бірге, көпшілікпен қарым-қатынас жасау, сөз сөйлеу, ойын жүйелі жеткізе алу қабілетін меңгеруі жоғары мәдениеттіліктің белгісі болып табылады.

Көпшілік алдында сөйлеу мәдениетіне қалай түсінесің?

Көпшілік алдында сөйлеуден алдын сенің бойыңды қорқыныш билесе не істеген болар едің?

«Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» қалай түсінесің?

Ерін үндестігі дегеніміз не?

Протеза, метатеза және эпентезалық құбылыстарға қалай түсінесің және жоғарыдағы мәтін ішінен мысалдар табыңдар?



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Көпшілік алдында сөйлеу мәдениетіне қалай түсінесің?
2. Көпшілік алдында сөйлеуден алдын сенің бойыңды қорқыныш билесе не істеген болар едің?
3. «Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» қалай түсінесің?
4. Ерін үндестігі дегеніміз не?
5. Протеза, метатеза және эпентезалық құбылыстарға қалай түсінесің және жоғарыдағы мәтін ішінен мысалдар табыңдар?



Тілдің лексикасында қаралатын лексикалық бірліктерден (жеке сөздерден) басқа тіл бірліктерінің тұрақты сөз тіркестері деп аталатын неғұрлым күрделі ерекше түрі қалыптасқан. Бұларды тіл білімінің фразеология саласы зерттейді. **Фразеологизм** дегеніміз – формасы жағынан синтаксистік құрылымдармен ұқсас, бірақ олардай жалпы заңдылыққа сай сөйлеу кезінде жасалмай, дайын қалпында қайталап қолданылатын, семантикалық және лексика-грамматикалық құрамы тұрақты сөз тіркестері мен сөйлемшелер.



**11-тапсырма.** Берілген мәтін мазмұнын ұғып алыңдар да, ондағы тұрақты сөз тіркестерін табыңдар. Тұрақты сөз тіркестерінің түрлерін ажыратыңдар. Жалқы есімдердің жазылу емлесіне мән беріңдер.

### ДОСТЫҚ ЖАРШЫСЫ

Қай қиырда жарық дүние есігін ашса да, өзінің түп-негізін ұмытпаған қазақ баласы ұлтының рухани әлемінен көз жазбайды. Сондықтан ата-ананың тәрбиесінен бойға сіңген ізгі қасиет пен білімге деген құмарлық ұштасқанда талапшыл баланың болашаққа құлаш сермеп, биік мақсаттарға ұмтылуы табиғи. Жастайынан қазақ, өзбек әдебиетінің бұлағынан рухани нәр алып, оларды тел еміп, сусындаған Қалдыбек Сейданов екі ел әдебиетін түпнұсқадан оқып, өзі де екі тілде бірдей жазатын, бірдей сөйлей алатын қаламгер ретінде қалыптасты.



Өзбекстан Республикасы Ғылым академиясының А.Пушкин атындағы Тіл және әдебиет институтында түрлі лауазымда он сегіз жыл қызмет атқарған Қалдыбек Сейданов белгілі өзбек ғалымдары академик Иззат Сұлтанов, Юсуф Сұлтанов, филология ғылымдарының докторлары, профессорлар Хамил Яқубов, Матяқуб Қосжанов, Хафиз Абдусаматов, Салақидин Мамажанов, Төре Мырзаев, Бақтияр Назаров сияқты тағы басқа тұлғалармен қызметтес бола жүріп, қазақ-өзбек әдеби-мәдени байланыстары жайлы жүйелі зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Ол әдеби және ғылыми мақалаларын қазақ, өзбек тілдерінде жариялады. Бұл орайда оның «Адабий қардошлик», «Мухтар Аvezов ва қардош халқлар адабиёти», «Адабий хамкорлик», «Дўстлик куйлари», «Ўзбек-қозоқ адабий алақолари тарихидан», «Хамза ва қордаш халқлар адабиёти», «Чингиз Айтматов ва ўзбек адабиёти», «Әуезов және Орта Азия әдебиеті» сияқты тағы басқа еңбектерін атап өткен орынды.

Қалдыбек Сейдановтың кейінгі жылдарда қазақ-өзбек халықтарының достығы, әдеби-мәдени байланыстары жайлы «Туысқандар», «Абай және Орта Азия», «Науаи және қазақ әдебиеті» монографияларын шығаруы ерен еңбектің жемісі деуге болады.

Қарымды қаламгер аудармашы ретінде де қазақ тілінен өзбек тіліне, өзбек тілінен қазақ тіліне аудармалар жасап, екі ел әдебиетінің толымды туындыларын бір-біріне танытуға еңбек сіңірді. Ол өзбек әдебиетінен Айбектің «Гүлнар әпке», Әділ Яқубовтың «Жоғалған жұлдызым», Өткір Хашимовтің «Мен қалай жындандым», Тахир Мәліктің «Еркін», Еркін Мәліктің «Шайтанның шатақтары» атты прозалық туындылары мен орыс қаламгері Виктор Алисмановтың «Әйел құдіреті» атты шығармасын қазақ-шаға аударып, қазақ оқырмандарын өзбек қаламгерлерінің шығармаларымен таныстырды. Ал өзбек тіліне Әбділдә Тәжібаев, Тұманбай Молдағалиев, Қадыр Мырзалиев, Мұхтар Шаханов, Қайрат Жұмағалиев, Батима Батырбекованың өлеңдері мен Тәкен Әлімқұловтың әңгімелерін, «Қазақ мақал-мәделдерін» аударып жариялап, өзбек оқырмандарын қазақ поэзиясымен таныстырды.

Қалдыбек Сейдановқа 1991 жылы «Өзбекстан Республикасына еңбегі сіңген мәдениет қызметкері» атағы берілсе, ал 1996 жылы ол Өзбекстан Республикасы Егемендігінің 5 жылдығына орай «Шухрат» медалімен марапатталды. Сондай-ақ Өзбекстан мен Қазақстан Республикалары Тәуелсіздігінің 10 және 20 жылдығына байланысты екі елдің төсбелгілері берілді. 1999 жылы Астанада өткен Орта Азия мен Қазақстан әдебиет, мәдениет және өнер қайраткерлерінің Құрылтайына қатысып, «Астана» медаліне ие болса, Өзбекстан Республикасы президенті Шавкат Мирзиев қолынан «Достық» орденін алу құрметіне ие болды.

Алпыс жылдай уақыт бойы туысқан екі елдің арасындағы туысқандық пен достық, ынтымақ пен бірлік үшін тер төгіп келе жатқан қарымды қаламгер Қалдыбек Сейдановтың әлі де берері мол. Ел мен елдің арасын жақындатып, достықтың жаршысы болғандар әрдайым құрметке лайық.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Мәтінге не үшін «Достық жаршысы» деп тақырып қойылған?
2. Қалдыбек Сейданов қандай қаламгер?
3. Қалдыбек Сейдановтың қандай аудармалары бар?
4. Тұрақты сөз тіркесі дегеніміз не?
5. Фразеологизмдердің қандай түрлері бар?
6. Жалқы есім дегеніміз не және олардың емлелері қандай?



**12-тапсырма.** Мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар да, мұндағы жазушының сөз қолданысына мән беріңдер. Метафоралық, метонимиялық және синекдохалық мағыналы сөздерді тауып, оған түсінік беріңдер.



### МЕН ОҚЫҒАН БІР КІТАП

Кітап – адам баласының рухани азығы, жан-күйін тыныштандыратын құдірет іспетті. Адам кітап оқу арқылы жетіледі, ой-өрісі кеңейеді. Кітап оқи отырып, сөз саптауы, шеберлігі шыңдала түсіп, жан-жақты тәрбиеленеді. Оқыған кітаптарын өмір қажеттілігіне жарата білген жан пайымы мен тәжірибесін жоғарылата түседі. Әрбір кітаптың өзіндік ерекшеліктері мен мазмұны болады. Әр ұлттың өткен сан ғасырлық тарихы мен келер болашағын баян еткен.

Қазақ халық жазушыларының шығармашылығы қайталанбас туынды екенін айтпаса да түсінікті. Жазушының шеберлігі оқырманды еріксіз баурап алатын, ойынан көркем, мазмұнды шығарма жазу үлкен дарындылық пен қабілет дерсің.

Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» атты повесінен қысқаша үзінді оқысаң, ерекше әсерге бөленесің. Сол үзінді де бас кейіпкер Аян – тағдыр соққысына түскен жетім бала туралы баяндалады. Аян тағдыр сынына берілмей, алға ұмтылады. Оның бойынан ер азаматқа сай намысшылдық пен өжеттілікті көруге болады.

Сол сияқты Сайын Мұратбековтың «Жабайы алма» шығармасын оқуда алғашқы көзқарас қалай қалыптасса, солай әрі қарай қалыптаса береді екен. Кітапта оқиға желісі соғыс кезіндегі жауға аттанған әр отбасының балаларына, отбасының тірегі – күйеуіне деген сағынышын, қайтпас көңілін бейнелейді. Басты кейіпкерлер Қанат, Әжібек, Назира, Тоқтар бейнесі бүгінгі жастар, өскелең ұрпақпен байланысты жағдайлар кездеседі, яғни өмір бойы күреспен келе жатқан мейірімділік пен зұлымдық, адалдық пен қастық, махаббат пен сатқындық... Шығарманы оқи отырып, кейіпкерлермен бірге қуанумен қатар күйінуі жүреді. Бұл повестте сол замандағы сұм соғыстың талай отбасын зар жылатып, балаларын балалық шақтан айырып, ерте есейтіп, сол кезде болып жатқан аласапыран қоғамның ағысымен арпалысқа түсуі бейнеленеді. Шын ғашықтарды екі бөлек айырылғаны және де осы барлық оқиғаны бір шығармаға сыйғыза білгені үлкен талант.



Егер жазушы бұл шығарманың соңын жай ғана бақытты етіп, қиялға ерік беріп, көңілге қонымды оймен аяқтаған болса, бәлкім бұл шығарма өз мазмұнын ашпаған болар ма еді. Сайын Мұратбеков керісінше, сол заманның ащы шындығын жасырмай, қайғы-қасіреті мен тыныс-тіршілігін, қоғамдағы болып жатқан оқиғаға тура қарап, көркем сөзбен суреттейді.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Сайын Мұратбековтың қандай шығармаларын білесіңдер?
2. Сайын Мұратбековтың «Жусан иісі» мен «Жабайы алма» шығармаларының оқиға желісі қандай?
3. Шығарманың басты кейіпкерлері кімдер?
4. Ауыс мағыналы сөз дегеніміз не?
5. Метафора, метонимия және синекдохаларға қалай түсінесің?
6. Ауыс мағыналы сөздерге өмірден мысал келтіріңдер.



**13-тапсырма.** Мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар, ондағы әдеби терминдерді табыңдар да, мәнін айқындаңдар. Сөздік жасаңдар.

### НАУАИДЫҢ «ЛӘЙЛІ – МӘЖНҮНІ»



«Ләйлі – Мәжнүн» – Әлішер Науаидың ең бір сүйікті де сүйекті дастандарының бірі. Көзінен жас, жүрегінен қан сорғалап ағып отырғанда-ақ қағаздың бетіне төгіп салған секілді. Мүлдем – анау, арғы араб аңызы емес, өзбек шайырының өз жүрегін жарып шыққан перзент үніндей естіледі. Сүйіскен екі жастың қайғылы тағдыры – күні кеше болғандай, сені де қозғап кетеді. Алып қаламнан туған асыл қазына, қанша ғасыр өтсе де қадірі бір мысқалға кемімепті. Ләйлі мен Мәжнүннің мектептен ұшқындап, кейін өшпес жалынға айналған махаббаты – екі ғашықтың өлімімен аяқталады, әйтсе де махаббат өлмей, ғасырларға тірі қалады. Науаиға да, бізге де керегі – осы еді. Осынау өрелі дастанның оты – қазақ поэзиясын да шарпып өткен.

Абай оқыған, қадірлеген Науаиды Шәкәрім оқымады деп қалай айта аласыз, Ақан серінің аңқыған лирикасында Науаидың ғажап ғазалдарының, дастандарының әсері жоқ деп айта алар ма едіңіз?! Жоқ, айта алмас едік. Науаи мектебі – қазақ ақындары үшін үлгілі, тәжірибелі, өнегесі өрісті, өрнекті мектеп еді. «Ләйлі –



Мәжнүннің» әрбір бәйітін, ғазалын – Әлішер Науаи жүрек қанымен жазып қалдырғандай көрінеді. «Шөл даладағы Мәжнүн» деген тарауда әкесі мен баласының кездесіп, көрісіп жылағаны, әке зары – қандай керемет суреттер еді, жаныңды суырып алатындай зарлатады ақын. Бейне бір уақиғаның бәрін өз басынан өткізгендей, азап кешкендей жырлайды. Баяғы заман бәйітшілерін үңгілей оқып, данышпандық биіктер өрнегін даналық зердесіне тоқыған Шәкәрім Құдайбердіұлы не деп еді. Айтып еді ғой, алыптардың қадірін қасиетті сөздермен кестелеп. Өзі ұлы ақын бола тұрып, басқаларды мойындау – мәрттің қолынан келетін іс қой. Асылы, Шәкәрім қажының Сөзстанға салып кеткен сәулетті шаһарларын тамашалап, тамсанып аралағанымыз болмаса, әр терезе, есігін, көшелерінің кереметтерін аршып алған жоқпыз. Шәкәрімге шартарапқа салынған таланттың қырымен бару керек болар.



*Бұрынғы бәйітшіні білемісің,  
Мен айтсам, оның кім деп жүремісің.  
Сабырбай, Жанақ, Шөже, Кеншімбаи деп,  
Түк білмей онан өзге жүремісің.  
Науаи, Сағди, Шәмси, Физули бар,  
Сайқали, Қожа Хафиз, Фирдоусилар.  
Бәйітші елден асқан шешен болып,  
Әлемге сөздің нұрын жайған солар.*

Науаи ғазалдарын, дастандарын – Абай мектебінің ақындары, оның аса дарынды шәкірттерінің шыңы саналатын Шәкәрім Құдайбердіұлы қандай қадірлеп, қастерлеп оқыған десеңізші! Уәли ахун қазіреттің медресесінде үш жыл оқыған Шығыс ақындары Фирдоуси, Хафиз, Низами, Науаи шығармаларымен сусындаған араб, парсы, ескі өзбек тілдеріндегі әдеби жәдігерлермен тереңнен оқып табысқан қазақтың және бір жүйрік ақындарының бірі – Ақансері Қорамсаұлының шығармашылығына Науаи әсері тигендігін белгілі абайтанушы ғалым Мұхтар Әуезов өткен ғасырдың орта белінде айтып кеткен еді.

Тарихтың бір көшін екінші көш ауыстырып, ғасырлар ғасырлармен тілдесіп, заманалар мұхиты аударылып, төңкеріліп ауысып жатады, бірі келіп, бірі кетіп жатады. Таулар тозады, теңіздер азаяды, ұрпақтар ауысады. Өлмейтін, өшпейтін бір-ақ нәрсе бар. Ол – ұлы мәртебелі Сөз ғана! Сондай, Сөзстанда жасаушылар ғана – сонау Фирдоусиден Науаиға, одан Абай, Шәкәрім, Мағ-

жанға, одан Насыр Фазылов пен Қалдыбек Сейдановқа дейін ұлы Сөздің Жібек жолын жарқыратып, жалғастырып жатыр.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Әлішер Науаи кім болған?
2. Әлішер Науаидың қазақ әдебиетімен қандай байланысы бар?
3. Науаи мен Абай шығармаларының үндестік сарыны неде көрінеді?
4. Науаи мектебін қалай түсінесің?
5. Науаи мен Абай ізбасарлары кімдер еді?
6. Мәтінде қандай идиом мен фразалар кездеседі?
7. Көркемдеуіш сөздер дегеніміз не?
8. Полисемияға түсінік беріңдер.



**14-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып шығып, мазмұныны ұғып алыңдар. Мәтін құрамынан ауыс мағыналы және көп мағыналы сөздерді табыңдар да, оған талдау жасаңдар.

### ҰЛЫ ТҰЛҒАЛАР ҮНДЕСТІГІ



Халықтарымыз арасындағы әдеби-мәдени байланыстардың ертеректе пайда болған дәстүрлері уақыт озған сайын жаңарып, жаңа арнамен ілгері дамып отырады. Өзбекстан мен Қазақстан мемлекеттерінің арасындағы мәңгілік достық қарым-қатынастарының түп-төркіні тым тереңде жатқанын байқау қиын емес. Сан ғасырлардан бері аралас-құралас жасап келе жатқан екі халықтың әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрінде, тілі мен мәдениетінде бір-біріне жақын ұқсастықтар мен сәйкесітіктерді, сондай-ақ, әдеби-мәдени байланыстарды молынан кездестіреміз. Екі халықтың әдебиетін, әсіресе поэзияның екі ұлы ақындары – Науаи мен Абай әдеби мұрасын бір-бірінен бөліп қарау өте қиын. Себебі, бұл екі ақынның көтерген мәселесі, болашақ ұрпаққа қалдырған әдеби мұралары сарындас және үндестіктері мол. Екі ұлы ақынның әдеби мұрасын терең үйреніп, болашақ ұрпаққа жеткізу бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі.

Міне сөйтіп, қазақ-өзбек әдеби-мәдени байланыстарының тарихи тамыры арыдан бастау алатынының куәсі боламыз. Шығыс шайырлары мен ақындары бір-бірінің шығармаларынан сусындап қана қоймай, олардың туындыларында өзара ұқсастық пен үндестікті, сарындастық пен сабақтастықты молынан кездестіруімізге болады. Сондай шығыс шайырлары мен ақындарының бірі – Науаи мен Абай.

Бұл екі кемеңгердің басып өткен өмір жолдары ғана емес, шығармашылығында да ортақ ой, бірегей лебіз, үздік пікірді байқаймыз. Екеуі де өз халқының қамқоршысы атанып, үстем-тап өкілдерінің озбырлықтарына, зорлық-зомбылықтарына іс жүзінде де, сөз жүзінде де қарсы шығып, қашанда қарапайым халық жағында болған.

Қоғам індеті болған күштілер мен тістілер зорлығы, әкімдердің алауыздығы, молдалардың екіжүзділігі, билеушілердің ынсапсыздығы сияқты талай кеселдіктерді екеуі де тани білген.

Науаи мемлекет ішіндегі өзара тартыс, дүниеқоңыздық, мансапқорлық т.б. осы сияқты індеттер елдің абыройын арттырмайтынын ғибрат етіп айтады.

Науаи айтады:

*Заманымнан пайда таппадым, оған қандай өкпе бар,  
Ағашы жоқ бұл бақта, мін іздеген құрманың.  
Уаи, Науаи, ақылыңды талап алды, бұл дүние,  
Бұл сияқты әлемнің өз басыңнан шырмауын –*

деп, ел билеушілерді ақылға шақырғанымен, халыққа пайдасы жоқ екенін жүрегімен сезіп, қатты күйзеледі.

Абай болса, «Ішім өлген, сыртым сау» деп, қоршаған айнала-сына налып, күңірсінеді.

*Ішім өлген, сыртым сау,  
Көрінгенге деймін-ау:  
Бүгінгі дос – ертең жау,  
Мен не қылдым, япырым-ау?!  
Күркірейді, айтыс дау.*

Екі ақын да халқының жоғын жоқтап, болашағына үлкен сенім артты. Халқының келешегі үшін аянбай күресті. Надандықты, зұлымдықты, жалқаулықты сынап, жақсы жолға үгіттеді. Сондықтан да Науаидың да, Абайдың да әдеби мұрасы – екі халықтың, қалаберсе, бүкіл адамзаттың ортақ қазынасы, өшпес мұрасы болып қала береді.

Еліміз тәуелсіздікке қол жеткізіп, қазіргі жаһандану үдерісіне бой ұсынып отырған кезеңде халқымыздың жалпы рухани өмірінде, әсіресе көркем әдебиет саласында өзге елдердің рухани құндылықтарымен байланыс мәселесінің арта түсетіні анық.





### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Мәтінге не үшін «Достық жаршысы» деп тақырып қойылған?
2. Қалдыбек Сейданов қандай қаламгер?
3. Қалдыбек Сейдановтың қандай аудармалары бар?
4. Тұрақты сөз тіркесі дегеніміз не?
5. Фразеологизмдердің қандай түрлері бар?
6. Жалқы есім дегеніміз не және олардың емлелері қандай?



**15-тапсырма.** Мәтін мазмұнын ұғып, ондағы асырмалы шырайларды табыңдар. Көмектес септікті сөздерді тауып, жалғаудың жалғануына мән беріңдер.

### МҰҚАҒАЛИ МАҚАТАЕВ – ҒАСЫР АҚЫНЫ



Ғажайып ақындардың бірі Мұқағали Мақатаев кішкентай бала кезінен бастап қаншама қиыншылық көрсе де, мойымай өлең-жырға әуес болған. Алғашқы өлеңдерін 10–11 бір жасынан бастап жаза бастаған Мұқағали атамыз көптеген тақырыптарға қалам сермеген ақиық ақындардың біріне айналды. Ақынның ғұмырлы поэзиясы бүгінгі таңда барша жұрттың жүрегінен берік орын алып, қуанышы мен қайғысын бөлісетін айнымас жан серігіне айналды.

Мұқағалидің өлеңдері шын шабыттың, қиын күйзеліс пен шын қуаныштан, шын сағыныштан туған. Ақын ұлы сезімге бас иіп, өз өлеңдерінде махаббат тақырыбын кеңінен суреттеген. Мұқағали атаның әр өлеңі өзінің мағынасымен, шынайылығымен, тазалығымен оқырманын өзіне баурап алады және ой салады.

Ақынның өзі «Егер сіздер шынымен менің өмірбаянымды, шығармашы-лығымды зерттемек болсаңдар, онда мен не жазам, соның бәрін түгел оқып шығуды ұмытпағайсыздар. Мен өз өлеңдерімнен бөліп қарамауларыңызды өтінем» деген екен. Туған жеріне, өз Отанына арнаған өлеңін әдебиеттік оқудан жаттап, жатқа айтқан кезде менің бойымды патриоттық сезім билеп алғандай болды. Міне, ақынның құдіреттілігі осында екен ғой деп ойладым.

Мұқағали атамыздың әсерлі жырлары әр қазақтың жүрегін жаулап алды.

Мұқағали атамыздың жырын тыңдайтын, сүйіп оқитын ұрпағы бар да, аты санамызда мәңгіге қалады. Мұқағали мұрасы, маржан поэзия мәңгілік, болашақ ұрпақтың еншісі, қадірлейтін мұра-

сы. Ақынның сөзі өлмесе, өзі де өлмегені. Мұқағали жалпыхалықтық, ұлттық тұлға. Әрбір өлеңін оқығанда, оның қазақ екенін жазбай танысың, ұлт ақыны екенін айқын аңғарасың.

Мұқағали Мақатаев қай тақырыпқа барса да, не туралы жазса да, шығармаларының астарына адамның ғұмыры мен тағдыры айтылады.

Поэзия! Ақын рухы ұлт рухының ажырамас бөлшегі. Мұқағали Мақатаев ешқашан ортаймайтын, ешқашан сөнбейтін мол қазына қалдырған ақын.

«Ғасыр ақыны» атанған Мұқағалидің барлық еңбегі тұтас-тай алғанда, өткен ғасырдың асыл мұралар қатарына жатады. Өлеңмен де, өмірмен де бүкпесіз қауышып, қалтарыссыз сүйген ақын жүрегі соңғы деміне дейін кіршіксіз сезім өртіңде өтті. Ақынның әр өлеңінде, әр шумағында бүкпесіз, ақжарқын көңілмен сазды сыр төгіп отырғандай. Өлеңнің ырғағынан да, тербелісінен де ақынның қимылын, дауысын, мәнерін естіп, мінез-құлқын танимыз. Өйткені ол өлеңнен, өнерден сыр іріккен емес. Өлеңге өз жан дүниесін ашты, өлеңнің сырлы құпияларын жария етті.

Қалай десек те, ақындарымыздың болғаны, арамызда жайраңдап жүргені, сырлы өлең өрнектегені ғажап нәрсе ғой!



### Пысықтау сұрақтары:

1. Мұқағали Мақатаев қандай ақын?
2. Не үшін Мұқағалиды «Ғасыр ақыны» деп атаған?
3. Мұқағали өлеңдерінің тақырыптары туралы.
4. Асырмалы шырай қалай жасалады?
5. Сингармонизм заңдылығы дегеніміз не?
6. Көмектес септік жалғаулары сөздерге қалай жалғанады?

## VIII бөлім. ТАРИХ ҚАЗЫНАЛАРЫ

### АСПАН АСТЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙЛАР



Екі я одан да көп түбірден бірігіп, тұтас бір ұғымды білдіретін және бір сұраққа жауап беретін күрделі сөздер **біріккен сөз** деп аталады.

Қазақ тілінде біріккен сөз екі түрлі болады: 1) кіріккен сөз, 2) біріккен сөз.

**Кіріккен сөз** – сыңарлары түрлі дыбыстық өзгеріске түсіп, бір-бірімен дыбыстық жағынан үндесіп, ықшамдалып, біртұтас лексикалық мағына беретін сөздер.

**Біріккен сөздер** – құрамындағы сыңарлары дыбыстық құрамын сақтай отырып, бір лексикалық мағына беретін біртұтас сөзге айналған сөздер.



**1-тапсырма.** Берілген мәтін мазмұнымен танысып, мәтіндегі күрделі сөздерді табыңдар. Біріккен сөздердің түрлерін табыңдар.

### ӨТКЕН МЕН БҮГІННІҢ АРАСЫНДАҒЫ РУХАНИ КӨПІР



Мұражай – тарихи-ғылыми дерек ретіндегі ескерткіштерді, өнер туындыларын, мәдени құндылықтарды тағы басқа мұраларды сақтап, жинақтап, ғылыми-танымдық қызмет атқаратын мекеме. Ол заттық және рухани құндылықтарды танытуда, ғылыми тұрғыда зерттеп, оның нәтижелерін насихаттауда, осы негізде

тәлім-тәрбие беруде маңызды рөл атқарады. Мұражай ғылымның, білімнің, мәдениеттің қалыптасуына ықпал ететін ғылыми мекеме ретінде өскелең ұрпақтың тәрбиесіне, тарихи сананың қалыптасуына ықпал етеді.

Мұражайлар – өткен мен бүгіннің арасындағы рухани көпір. Тарихтың тылсым жаратылыстарын бейнелейтін бұл орындар қай саланың өкілі болсын, қай жастағы адамдар болсын, оларды өзін-өзі тануға, өткеннен сабақ алуға шақырады. Халқымыз-

дың рухани-ағартушылық жолында, бай мұрамызды сақтауда, ғылымды зерттеп насихаттауда, ұлттық мақтаныш пен Отанға деген адалдықты қалыптастыруда мұражайлардың қызметі ұшан-теңіз.



Әрбір мемлекет алға ұмтылған сайын тарихқа үңіліп, бар әдет-ғұрып, салт-дәстүр, көне ескерткіштерді зерделеп, сақтауға ұмтылуы заңдылық. Осы орайда мұражайлардың алатын орны ерекше. Олар сонау ертеден мұраға қалған мәдени-ағартушылық, табиғат ескерткіштерінің біртұтас жүйесі болуымен де құнды.

Әрбір мұражай өз бағытымен және экспонаттарымен ерекше. Атап айтсақ, Өзбекстанның Мемлекеттік тарихи мұражайында халқымыздың тәуелсіздік алғанға дейінгі және кейінгі тарихын тамашалағанда, толғанасыз. Өзбекстанның Мемлекеттік өнер мұражайында өзбек халқының баға жетпес, қайталанбас өнер туындыларын тамсана, ықыласпен тамашалағанда, жүрегіміз мақтаныш пен қуанышқа бөленері сөзсіз.

Ең бастысы, жұмыс істеп тұрған мұражайлардың барлығында өз ісінің майталмандары, тарихи және заманауи білімі бар білімді мамандар жұмыс істейді. Бұл халқымыздың өткеніне, тарихы мен мәдени мұрасына деген құрметі мен абыройын одан әрі арттыруға, материалдық және рухани байлығымызды көздің қарашығындай сақтауға шақыратын жаңа жасампаз мүмкіндіктерге жол ашады.

1977 жылы 18-мамырда Халықаралық мұражайлар кеңесі негізін қалаған кәсіби мереке бүгінде әлемнің жүз елуден астам елінде кеңінен аталып өтілуде. Өзбекстан мұражайларының 130 жылдық тарихы бар.

Халықаралық мұражай күніне орай қай елде мереке тойланса, басқа елдерде түрлі шаралар аясында бірнеше күн мереке ретінде тойланады. Бұл әр түрлі жастағы, түрлі мамандықтағы мыңдаған адамдардың мұражайға деген қызығушылығының артып келе жатқанын көрсетеді.

Әр жылы 18-мамырда еліміздегі барлық мұражайлар халыққа тегін қызмет көрсетіп, арнайы көрмелер мен театрландырылған қойылымдар жоғары деңгейде ұйымдастырылып, мерекелік көңіл-күйді көтеріп қана қоймай, үлкен-кішіге қуаныш сыйлайды.

Мұражайлар – ата-бабамыздан қалған байлықты келешек ұрпаққа қалдыратын ғылыми, рухани-ағартушылық қазына. Жыл санап толығып, толысып келе жатқан бұл қазына тек мәдени құндылықтардың көрінісі ғана емес, ұзақ тарих беттерінен сыр шертетін баға жетпес кітап.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Мұражай туралы не білесіңдер?
2. Өзбекстандағы қандай мұражайларды білесіңдер?
3. Қайсы мұражайларға барғасыңдар?
4. Күрделі сөз дегеніміз не?
5. Біріккен сөздер дегеніміз не және олар қандай жолдармен жасалады?



**2-тапсырма.** Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар да, ондағы кірме сөздер мен біріккен сөздерді тауып, түсінік беріңдер.

### ӘМІР ТЕМІР МЕМЛЕКЕТТІК МҰРАЖАЙЫ



Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен-ақ ата-бабаларымыз ғасырлар бойы жасаған орасан зор, баға жетпес рухани және мәдени мұраны қалпына келтіруге үлкен мән берілуде. Өзбекстан халқы өз тарихын қалпына келтіруге, орынсыз ұмтылған есімдерді, әлемдік дамуда маңызды рөл атқарған тарихи тұлғаларды жарыққа шығаруға мүмкіндік алды.

Солардың бірі – шебер қолбасшы әрі саясаткер, реформатор, сауданың, қолөнердің, ғылым мен мәдениеттің меценаты – Әмір Темір.

Әмір Темір бір орталыққа бағынған мемлекет құрып, оның қуатын жан-жақты нығайтып, дамытып, даңқын дүние жүзіне таратып, ұлы империяның билеушісі ретінде ұлттар мен ұлыстарды біріктірді. Оның тұсында мәдениет, ғылым, сәулет өнері, бейнелеу өнері, музыка, поэзия биік белестерге көтерілді. Бір сөзбен айтқанда, Темурилер ренессансының іргетасы қаланды.

Тәуелсіздіктің шарапатымен Өзбекстанда жаңа мұражайлар құрылып, бүгінгі мәдени өміріміздің ажырамас бөлігіне айналды. Солардың ішінде Темурилер тарихының мемлекеттік мұражайының құрылуын әлемдік оқиға деуге болады.

Әмір Темір мен Темір тұсындағы ғылым, білім мен мәдениеттің жоғары дамуын көрсету және насихаттау, өскелең ұрпақты Отансүйгіштік рухта тәрбиелеу мақсатында Ташкентте терең тарихи жетістіктеріміз бен дәстүрлеріміздің негізінде темурилер тарихының мемлекеттік мұражайы құрылды.

Мұражай 1996 жылы 18-қазанда халқымыздың және шетелдік қонақтардың қатысуымен салтанатты түрде ашылды. Ашылу салтанатында сөз сөйлеген Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті И.А. Каримов: «Әмір Темір даңғылы әдемі сақина



болса, бұл мұражай осы сақинаның лағыл көзі деп айтуға болады» – деген болатын. Расында, мұражайға келген әрбір адам ұлттық мақтаныш сезімін сезінеді.

Бүгінгі күні мұражай қорында 5000-ға жуық экспонат бар. Мұражайда қазіргі уақытта көрмеге қойылған және оның қорларында сақтаулы тұрған жәдігерліктер – Темурилер тарихынан сыр шертетін бірегей ескерткіштер бар.

Мұражайда Әмір Темірдің шежіресі, билікке келуі, әскери жорықтары, дипломатиялық қарым-қатынастары, сауда-саттық, қолөнер, көгалдандыру, ғылымның дамуы және атақты Темурилер билеушілері туралы сыр шертетін экспонаттар қойылған.

Сондай-ақ Ақсарой, Ахмад Яссауи кесенесі, Бибіханым мешіті, Ұлықбек медресесі, Ұлықбек обсерваториясы, Гори Амир және Тәж Махал кесенелерінің макеттері де орын алған.

Мұражайды Франциядағы Лувр мұражайы сыйға тартқан Әмір Темір бейнесінің көшірмелері, Иран елшілігінен Әмір Темір мен Темурилердің көрші елдер билеушілерімен хат жазысулары, Үндістан елшілігінен, Пәкістан, Қытай, Малайзия елшіліктерінен бірнеше қолжазбалардың көшірмелері, сол сияқты Қазақстан, Ресей, Грузия, Түркия, сондай-ақ отандастарымыздың сыйлықтары одан әрі байытты.

Өскелең ұрпақты тарихымызға, ұлы тұлғаларымызға, ата-бабалар мұрасына жоғары құрмет пен ілтипатпен қарау рухында тәрбиелеуде мұражайда атқарылып жатқан жұмыстардың да маңызы зор.

Бүгінгі таңда Мемлекеттік Темурилер тарихы мұражайы тәуелсіздігіміздің жасампаздықтың жарқын көрінісі екенін дәлелдеп отыр.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Әмір Темір кім болған және ол туралы не білесіңдер?
2. Мемлекетімізде Әмір Темір мұражайы қашан және не мақсатпен ашылды?
3. Әмір Темір мұражайы қай жерде жайласқан?
4. Кірме сөздер дегеніміз не?
5. Атаулардың жазылу емлесіне көңіл бөліңдер.
6. Біріккен сөздердің қандай түрлері бар?



**3-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып шығып, оның мазмұныны ұғып алыңдар. Мәтін құрамынан көптік жалғаулы сөздерді тауып, көптік жалғаудың грамматикалық қызметіне қарай семантикалық мағынасын анықтаңдар. Көптік жалғауы қай сөз таптарына жалғанып тұрғандығына көңіл бөліңдер.

## ТУРИЗМ



Туризм сөзі (французша «саяхат») деген мағынаны береді. Туризм – белсенді демалыс түрлерінің бірі. Бұл – жеке тұлғаның тұрақты тұрғылықты жерінен бір жыл мерзімге сол жерде (елде) ақы төленетін қызметпен айналыспай, сауықтыру, білім беру, кәсіптік немесе өзге де мақсаттарға шығуы.

Туризм – демалыспен, бос уақытпен, спортпен, сондай-ақ мәдениетпен және табиғатпен тілдесумен тікелей байланысты, жеке және ұжымдық толық жетілудің жолы ретінде жоспарлануы және тәжірибеге енгізілуі тиіс қызмет.

Ел дәулетін ешбір шығынсыз арттырудың ең төте жолы қайсы дегенде, көпшілік алдымен ауызға туризмді алары анық. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғанындай, аршынды адыммен алға кеткен мемлекеттердің көпшілігі өз қоржындарын түрлі инвестициямен толтыру кезінде көбіне көп осы салаға арқа сүйейді.

Расында, экономиканың қарыштап дамуында туризмнің алар орны айрықша, оған ешкім де шәк келтірмейді. Дүниежүзілік туристік ұйымның соңғы кездегі таратқан мәліметтеріне қарағанда, осы саламен айналысатын мемлекеттер қазынасына сырттан түсетін инвестицияның 10 пайызға жуығы тек біз сөз етіп отырған табыс көзінің еншісіне тиесілі екен. Сондықтан да, туризмнен түскен кіріс дүние жүзі бойынша әлі күнге дейін мұнай экспорты мен көлік сатудан кейінгі үшінші орынды иеленіп келеді.

Туризм түсінігіне жай ғана бір сөзбен жауап беру мүмкін емес. Біреулердің түсінігінше, туризм қолдарына қол шатыр алып, түнгі шоқ ошақ басында ән айтып, адам аяғы баспаған жерлермен жүрілген киллометрлер болса, ал енді біреулер үшін тарихи жерлерде саяхаттану, олардың болмысы мен тарихын зерттеу, үшінші біреулер үшін шет елдерге саяхаттанумен түсіндіріледі. Әрине, олардың әрқайсысы да дұрыс пікірде, өйткені туризм саласы санқилы, жан-жақты құбылыс. Бір көзге қарағанда туризм түсінігі кез келген адамға түсінікті термин, себебі біз бәрімізде бөтен жерлерге сапар кештік, туризм туралы бұқаралық ақпарат құралдарынан көріп, мақалалар оқыдық, саяхаттар туралы

әртүрлі телебағдарламаларды тамашаладық, өз еңбек демалысымызды жоспарлай отырып, туристік агенттіктердің кеңестері мен қызметтерін пайдаландық.

Бүгінгі таңда туризм әлемнің көптеген елдерінде танымал. Туризмді әдетте туристік бағыттар бойынша туристік ұйымдар ұйымдастырады. Туризмнің көптеген түрлері мен формалары бар (ішкі, халықаралық, әуесқойлық, ұйымдасқан туризмдері және жақын жерлерге саяхат, алыс жерлерге саяхат, танымдық туризм, альпинизм, су туризмі, автотуризм, жаяу серуендеу, спорттық туризм және тағы басқа туризмдер).

Туризм тек қана экономикалық емес, сонымен бірге әлеуметтік-мәдени маңызға ие. Себебі ол елдер арасындағы мемлекетаралық байланыстардың және мәдени айырбастаудың дамуына ықпалын тигізеді, аймақаралық байланыс көлемін арттырады, халықтың танымдық деңгейін көрсетеді.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Туризм сөзіне қалай түсінесің?
2. Өзің жасап тұрған жерде саяхатқа шығаратын жер бар ма?
3. Өзбекстанда қандай туризм дамып келеді?
4. Көптік жалғауы дегеніміз не?
5. Көптік жалғауының семантикалық, стилистикалық мәні қандай?



**Ономастика** (грек *onomastike* – ат беру өнері) – тіл білімінің жалқы есімдерді зерттейтін саласы. Жалқы есімдерге кісі, жануарлар аттары, халық, ұлт, ру-тайпа атаулары, жер-су, аспан денелері жатады

**Ономастика** атаулардың шығу, қалыптасу жайын тексереді. Ол зерттеу нысанына қарай топонимика, антропонимика, этнонимика, астронимика, зоонимика, теонимика, фитонимика секілді түрлерге бөлінеді. Топонимика географиялық атауларды зерттесе, антропонимика кісінің аты-жөнін, тегін, лақап, бүркеншік есімдерін қарастырады.



**4-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтін ішінен біріккен, қысқарған сөздерді тауып, олардың жасалу жолдарын анықтаңдар. Тырнақшаға алынған сөздердің алды-соңынан неліктен тырнақша белгісі қойылғандығын түсіндіріңдер.

### ҚОЖА АХМЕТ ЯССАУИ КЕСЕНЕСІ



1396 жылы Орта Азияның билеушісі Ақсақ Темір Қожа-Ахмет Яссауидің ескі мазарының орнына жаңа кесене салу жайлы бұйрық береді. Көптеген жазба деректерге қарағанда, болашақ құрылыстың жобасын жасауда Әмір Темір тікелей өзі қатысып, негізгі өлшемдерді анықтаған көрінеді. Кесене – үлкен порталды-күмбезді мемориалдық құрылыс. Архитектуралық жергілікті дәстүрді жете меңгерген парсылық шеберлердің жобасы құрылысқа негіз етіп алынған. Кесене оңтүстік-шығыстан солтүстік-батысқа қарай созылып жатыр.

Орта ғасырларда бой көтерген ең керемет сәулет өнерінің бірі саналатын аталмыш кесенеде қазақтың 21 ханы жерленген деседі. Кесене салынып жатқан кезде қайта-қайта құлап қала берген екен. Сонда Ұлы Билеушінің түсінде бір ақсақал аян беріп, «Қожа-Ахметтің Арыстан атты ұстазы болған. Сондықтан әуелі Арыстанға, сосын ғана шәкіртіне кесене салыңдар» депті. Бұл түсті көрген Әмір Темір көріпкелдерін шақыртып алып, түсін жорытады. «Арыстанның қабірін қалай табамын?» деп олардан ақыл сұрайды. Көріпкелдері «Жұма намаздан соң Қожа Ахмет Яссауидің қабірінің басына екі құс келіп қонақтайды, сол құс ұшып, ұстазы Арыстанбабтың басына барады, осылайша табасың» деп айтқан екен. Арыстанбабтың сүйегі жерленген жер осылайша табылғанға ұқсайды.

Арыстанбабтың жерленген жері жөнінде тағы да бір қызық аңыз бар. Арыстанбаб қайтыс болмай тұрып, тірі кезінде Қожа Ахмет Яссауиге «Менің саған айтар аманатым, жасым келді, қартайдым. Қайтыс болсам жаназамды сен оқисың. Жас та болсаң сен тегін адам емессің. Пайғамбарымыздың (с. ғ. с) аманат жіберген адамысың. Менің жаназамды оқысымен күн батыс жақтан бір ақ түйе келеді. Соған денемді артып, басын бос қоя сал. Түйе қайда барып шөксе, сол жерге сүйегімді жерле» деп айтыпты. Сол аманат бойынша



болсаң сен тегін адам емессің. Пайғамбарымыздың (с. ғ. с) аманат жіберген адамысың. Менің жаназамды оқысымен күн батыс жақтан бір ақ түйе келеді. Соған денемді артып, басын бос қоя сал. Түйе қайда барып шөксе, сол жерге сүйегімді жерле» деп айтыпты. Сол аманат бойынша

Арыстанбабтың жаназасына жиылған адамдар ақ түйенің соңынан ереді де отырады. Түйе Отырар өңірінің батыс жағына келіп шөгеді де, сол жерге Арыстанбабтың сүйегі қойылады. Арыстанбаб Түркістанда қайтыс болғанымен Отырарда жерленген.



Әмір Темір Түркістаннан кірпіштерді тасытып, Арыстанбабтың басына үлкен күмбезді кесене салдырыпты. Содан кейін ғана Қожа Ахметке арнап салынып, жатқан кесене құламапты да, әміршінің тірлігі алға басыпты.

Қожа Ахмет Яссауи кесенесі – ортағасырлық сәулет өнері ескерткіші. Түркістан қаласында орналасқан. Кесене мешіт, медресе қызметін де атқарған. Кесененің үш қабырғасының үстіңгі жағымен өтетін эпиграфтық фризде Құран Кәрім сүрелері мен аяттары жазылған. Жазулар көгілдір қышпен өрнектелген. Жазулардан «Алла», «Мұхаммед», «О, жарылқаушы», «Билік Аллада», «Алла менің әміршім», «хижраның 800 жылы» деген сөздерді оқуға болады. Қоладан соғылып, алтын, күміс жалатылған есік тұтқалары мен алты шырағдан да сәулет өнерінің інжу-маржандарының қатарына жатады.

Бүкіл құрылыстың мағыналық кіндігі – қабірхана ортасында Қожа Ахмет Яссауиге құлпытас қойылған. Қабірхана есігі жұқа темірмен қапталып, оған алтынмен жазулар түсірілген. Кесене мешітінің 16 терезесі, қос қабат күмбезі бар.

Кесененің оңтүстік-батыс жағындағы Аллаға құлшылық етуге арналған жер асты ғибадатханалары Яссауидің тірі кезінде жасалып, кейін қайта жаңғыртылған. XVI ғасырдан кесенеде және оның төңірегінде қазақ халқының атақты адамдары: Жолбарыс хан, Есім хан, Абылай хан, Қаз дауысты Қазыбек би, Жәнібек батыр сияқты тағы басқалар жерлене бастады. XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Қоқан билеушілері кесенеге жөндеу жұмыстарын жүргізіп, оның төңірегіне қамал-бекіністер салуды қолға алды. 1864 жылы Түркістан қаласын жаулап алған Ресей отаршылары зеңбірекпен атып, кесененің он бір тұсына зақым келтірді. XIX ғасырдың соңына қарай Қожа Ахмет Яссауи кесенесі тарихи-мәдени мұра ретінде ғылыми тұрғыдан зерттеле бастады. 1978 жылы қыркүйекте Қожа Ахмет Яссауи республикалық мұражайы ашылды.

2003 жылы маусымда Парижде өткен ЮНЕСКО-ның 27-ші сессиясында Қожа Ахмет Яссауи кесенесі дүниежүзілік мәдени мұралар тізіміне енгізілді.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Қожа Ахмет Яссауи кім болған?
2. Қожа Ахмет Яссауи кесенесі қай жерде орналасқан?
3. Кесенені кім құрдырған?
4. Күрделі сөз дегеніміз не және оның қандай түрлері бар?
5. Қандай сөздер тырнақшаға алынады?



**5-тапсырма.** Берілген мәтіннің мазмұныны ұғып алындар да, біріккен сөздер мен қысқарған сөздерді табындар. Олардың жасалуы мен жазылу емлелеріне көңіл бөліңдер.

### ХИУА – АШЫҚ АСПАН АСТЫНДАҒЫ МҰРАЖАЙ



Хиуа – Өзбекстан Республикасындағы қала. Әмудария өзенінің сол жағалауында, теңіз деңгейінен 91 м. биіктікте, Үргеніш темір жолы станциясынан оңтүстік-батысқа қарай 30 км. жерде орналасқан. Халқы – 95246 (2022 ж.).

Хиуа – Хорезм облысындағы қала. Хиуа тарихы көне Хорезм мәдениетімен тығыз байланысты. Хиуа б.з.б.

1-мыңжылдықта дамыған Топыраққала, Қуатқала, Бүркітқала, Гүлдірсін, Қырыққыз сияқты тағы басқа қалалармен қатар аталады. Зерттеушілердің болжауынша, Хиуаның негізі біздің заманымыздан бұрынғы V ғасырда қаланған. Бастапқыда Ахемен әулеті мемлекеттерінің, кейіннен Сасани әулетінің қарамағында болды. Хиуаны 712 жылы арабтар жаулап алды. IX–X ғасырларда Хорезм мемлекетінің астанасы болып, біршама гүлденді.

Хиуа қаласында өз заманында Мұхаммед әл-Хорезми, Әбу Райхан ибн Бери, Әбу Әли ибн Сина тәрізді ірі энциклопедияшы ғалымдар еңбек етті. Шыңғыс хан мен Әмір Темір заманында Хиуа қиратылып, талауға түсті. Хиуаның қайта гүлденген кезеңі XVI ғасырға сәйкес келеді. Бұл кезде қаланың ірі қорған қабырғалары, салтанатты сарайлар, мешіттер, мұнаралар, кесенелер салынып, архитектуралық ансамбль құрылды. XVII ғасырда Хиуа хандығының астанасы болды. 1842 жылы Хиуа хандығының билеушісі Аллақұл хан Хиуаның бір бөлігін арнайы дуалмен қоршатып, қаланың ол бөлігін Ишан қаласы деп атады.

XIX ғасырда Хиуада көптеген медреселер мен мешіттер салынды. Әйгілі медреселердің қатарына көркем безендірілген ғимараты бар Мұхаммед Аминхан медресесі жатады. 1873 жылы Хиуаны орыс әскерлері басып алып, бүкіл Хиуа хандығымен бірге Ресей империясының протекторатына айналдырды. 1920–1924 жылы Хорезм Халық Кеңес Республикасының астанасы болды.

1967 жылы қаланың ескі бөлігі – Ишан қаласы қорыққа айналдырылды. 1995 жылы Хиуа ЮНЕСКО-ның шешіміне сай әлемдік мәдениеттегі ерекше орны бар қалалардың қатарына қосылды. 1997 жылы Хиуаның 2500 жылдық мерейтойы аталып өтті. Үстіміздегі жылы Хиуаға 2525 жыл толады.



**6-тапсырма.** «Ашық аспан астындағы мұражайларына саяхат» деп аталатын кестені толтырыңдар. Суретпен берілген мұражайлардың аттарын ғаламтордан пайдалана отырып табыңдар да, шағын мәтін құрастырыңдар.

Мұражайлар суреті	Мұражайлар туралы мәлімет
	
	
	
	
	



**7-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғып алыңдар. Ондағы есімдіктің мағыналық түрлерін ажыратыңдар. Есімдіктердің түрленуіне де назар аударыңдар.

### СӨЙЛЕУ ӘДЕБИ – МӘДЕНИЕТТІҢ ӨЛШЕМІ



Сөйлеу – қоғамдық сипаты мол қасиет. Тілдік қатынас арқылы мәдениеті көрінеді десек, артық айтқандық емес. Сөйлеу мәдениеті дегенге тек сыпайы сөйлеу деген ұғым қалыптаспауы керек. Адамның қалай сөйлегеніне қарап, оның рухани және парасат өрісін, ішкі мәдениетінің дәрежесін анықтауға болады. Қазіргі таңда ең басты мәселелердің бірегейі –

қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесін көтеру, барлық қаракөз бауырларымыздың өз ана тілінде сөйлеуіне қол жеткізу. Сол себепті, негізгі міндет – балабақша, үй, мектеп, жоғары оқу орындарында ұл-қыздарды тілдік қоры бай қазақ тілінде сөйлеу мәдениетіне үйрету.

Кей жағдайда үйде де, көшеде де, қоғамдық орындарда да бірқатар жастардың бір-бірімен қарым-қатынас жасағанында, әңгімелескенінде қалай болса солай сөйлейтіні, қазақ тілінің қадір-қасиетін түсінбейтіні байқалады. Жастардың қысқаша «базар жоқ», «лапша ілді», «құлақтан тепті», «картопты жарды» және тағы басқа сөз тіркестерін айтып жатқанын жиі естиміз. Солай сөйлеуді сәнге айналдырып, оны зор мақтаныш көретіні де рас. Оны жиі қолданудың басты себептерінің бірі – интернеттегі кейбір сананы улайтын сайттар, теледидардағы түкке тұрғысыз түрлі бағдарламалар, әлеуметтік желілердегі жеңіл әңгімелер. Алайда барлығын кінәламаймыз, бірақ «бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» демекші, сол бір жағымсыз сөз тіркестерін жою көп күресті қажет етеді.

Тіл ерекшелігі, сөйлей білу ежелден бері жеке адамның, қоғамның ой-санасын дамытып, жетілдіруде аса маңызды рөл



атқарады. Сөз – ойлы да мәнерлі болуы тиіс. Өйтпесе, ол көздеген мақсатына жете алмайды. Халқымыз мәнді сөйлейтіндерді «сөзі мірдің оғындай екен» деп дәріптейді. Қашанда тіршілігіне салмақпен байсалды қарайтын адам сөйлеу мәдениетіне ерекше мән береді. Ал, Ж. Баласағұн «ақыл-ойдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» деген. Ендеше, түкке тұрғысыз сөздерді түбімен жоймасақ та, аз да болса дұрыс сөйлеп үйренейік. Кей жағдайда былапыт, кесапат сөздер бұршақша жауады. Өз тіліміз – сарқылмас, таптырмас байлығымыз емес пе? Кез келген жағдайда көпсөзділік ойдың жинақы еместігін білдіреді. Егер тыңдаушыға қандай да бір ойды жеткізгіңіз келсе, сөйлесер алдында араларыңызда не туралы сөз болатыны жайлы нақты мақсат қойып, қашанда нақты, тура, қысқа сөйлеуге тырысқан абзал. Кез келген адаммен тіл табысу өзімізге байланысты. Бір ауыз сөз айту арқылы өз беделің мен дәрежеңнен айырылуың мүмкін. Нақтырақ айтқанда, сөйлескен адамыңызды мұқият тыңдауға үйреніңіз. Сонда ғана сөз саптауымыз арқылы барлық болмысымызды толығымен көрсете аламыз.



Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, сөйлеу – адам санасының басты белгісі. Қисынсыз сөздермен тілімізді шұбарлағанша, ата-бабаларымыз қалдырған асыл сөздерімізді қолдана білейік.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Не үшін сөйлеудің қоғамдық сипаты мол?
2. Сөздік қор дегенге қалай түсінесің?
3. Қазақ тілінің қадір-қасиетін қалай бағалайсың?
4. «Сөзі мірдің оғындай» идиомасы қандай мәнді аңғартады?
5. «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деген мақалға түсінік бер.
6. Былапыт, қоқырсық, кесапат сөздерге деген ойың қандай?



**8-тапсырма.** Берілген мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар да, ондағы транспортпен байланысты сөздерді тауып, оның мәнін аңғарыңдар.

### ТРАНСПОРТТАН ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕСІ

Әлеуметтік транспорттағы (автобустар мен электробустар) жаңа тәртіп-ережеге сәйкес, жолаушылар автобустар мен электробустардың салонына алдыңғы есіктен кіріп, жол ақысын арнайы валидатор және алдыңғы есіктегі жүргізушінің қасында ор-



натылған құрылғы арқылы төлегеннен кейін ғана кіріп, ортаңғы және артқы есіктен түседі.

Шетел мемлекеттерінің тәжірибесіне сүйене отырып, бұл тәртіп әлеуметтік транспортта жолаушылар қозғалысын реттеу, транспорт мәдениетін одан әрі арттыру және жолаушыларды тасудан түсетін пайданың ашықтығын қамтама-

сыз ету мақсатында енгізілуде.

Сондай-ақ, астана айналасындағы автобус бағыттарында бұл ереже белгіленген жоспар негізінде, яғни қозғалыс кезінде қысқа аралықпен маршруттар саны толық болатын алғашқы автобус бағыттарына кезекпен енгізілуде. Атап айтқанда, қазіргі уақытта ол №51 автобус бағытына (Yutong электр автобусы) енгізілген.

Өзбекстан Президентінің тиісті қаулысымен 2022 жылдың соңына дейін 20 электроавтобус, 190 үлкен сыйымдылық және 200 орташа сыйымдылықтағы автобус сатып алу арқылы «Тошшахартрансхизмат» АК штатын жаңарту жоспарлануда. Бүгінгі таңда 20 электробус және 30 орташа сыйымдылықтағы SAZ LE-60 автобустары сатып алынған және 51, 81, 98, 17Т, 32-санды бағыттарға ажыратылған.

«Жыл соңына дейін тағы 360 үлкен және орта сыйымдылықтағы автобустар сатып алынуы және астанамыздың көшелеріндегі автобус бағыттарында кәдеге жаратылатынын ескере отырып, біз бұл ережені қысқа аралықтағы және толық жоспарланған кестемен жүретін автобус бағыттарына енгіземіз», - делінген хабарламада.

Естеріңізге сала кетейік, 2022 жылдың мамыр айына дейін Ташкент автобустары кондукторсыз онлайн қолма-қол төлемді тіркеу жүйесімен жабдықталған. Қызмет сапасына негізделген қоғамдық көлікті қаржыландырудың жаңа жүйесіне көшу президенттің қаулысымен қарастырылғаны айтылды.



**9-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып шығып, оның мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтін ішінен жатыс және көмектес септіктері жалғанған сөздерді тауып, оның жалғануына назар аударыңдар.

### НЬЮТОН АШҚАН ЖАҢАЛЫҚТАР

Ньютон деген кезде естеріңізге бірден басына алма түсіп, оның тартылыс заңын ашқаны түсетін шығар. Алайда, оның ғылымға әкелген жаңалығы тек мұнымен шектелмейді.


Адамзат тарихындағы ғылымның ең үлкен жаңалығын ашқан XVII ғасырдың ұлы ғалымы Исаак Ньютон 1642 жылы Англия елінде дүниеге келеді. Бала күнінен механика саласында қабі-

леттілігімен көзге түседі. Мұнымен қатар жаңа ақпаратты жылдам қабылдайтын болған. Өзінің ақылды екенін білсе де, мектептегі құрбы-құрдастарынан ерекшеленгісі келмеген. Ал анасы баласын болашақта ауыл шарушылығымен айналысады деп оқудан шығарып алады. Көп ұзамай жасы он сегізге толғанда Кембридж университетіне оқуға түсіп, сол жерде математика, жаратылыстану ғылымдарымен айналысады. Ньютон 21–28 жасында өзінің негізгі теориялық дерегімен ғылым тарихында үлкен төңкеріс жасады. XVII ғасырдың орта кезеңі «Өркендеу дәуірі» болып саналды. Сол дәуірдегі телескоптың ашылуы астрономия ғылымына жаңалық болды. Ағылшын философы Фрэнсис Бэкон мен француз философы Рене Декарт Еуропаны жеке ізденістермен айналысуға шақырды. Ал, Галилейдің телескоппен жасаған зерттеуі мен тәжірибесі Исаак Ньютонды механиканың бірінші заңын ашуға итермеледі. Бұдан өзге тарих ғылымына елеулі өзгеріс алып келгендердің саны артты. Мысалы, Гарвей медицина саласында қан айналымын, Кеплер Күнді айналатын ғаламшар қозғалысы заңын ашты. Осылайша ғалымдар ғылымның әлемді түпкілікті өзгерте алатынына көз жеткізді.



Жоғарыда көп ғалымды атасақ та, Ньютон үнемі қоғамға өзі жасаған тәжірибе қорытындысын жариялап отырды. Ең алғаш құрастырған тұжырымы 1669 жылы шығып, артынша оған өзгертулер енгізді. Құрастырған басты концепциялары 1669 жылы шықты, ал өзге зерттеулері кешірек жарық көрді. Алғашқы жұмысы ретінде табиғат жарығы туралы керемет кітабы өмірге келді. Ньютон көптеген зерттеу сынағын жүргізіп, жай ақ түстің өзі кемпірқосақ түстерінің қосындыларынан құралғанын анықтады. Мұнымен қатар, 1668-жылы рефрактор телескопын жасап шығарды. Оны қазіргі таңда, аспан денелерін зерттейтін обсерваторияда қолданады.

Ұлы ғалым барлық ғылыми жаңалығы мен ашылуларын 29 жасында Британия корольдік ғылыми қоғамында баяндайды. 23-24 жасында математика саласындағы басты еңбегі – дифференциалды және интегралдық есеп. Бұдан кейін, ғалымдардың барлығы дерлік Ньютонның осы зерттеуіне сүйенеді. Бәрін айт та, бірін айт демекші, Ньютон басты жаңалығын механика ғылымына енгізген болатын. Ол классикалық физиканың негіздемесі болып есептелетін механиканың екінші заңын ойлап тапты. Оның үшінші заңы әрекет етуші күшке әрқашан қарсы бағыттағы күш бар және тең болатынын дәлелдеді. Бұдан өзге 1687 жылы жарық



көрген «Табиғи философияның математикалық бастамалары» деген кітабында бүкіләлемдік тартылыс және қозғалыс заңын тұжырымдап, қазіргі инженерлік ғылымның негізі болып табылатын классикалық механиканың негізін қалады.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Исаак Ньютон туралы қандай деректерді білесіңдер?
2. Ньютон өз құрбы-құрдастарынан қалай ерекшеленіп тұратын еді?
3. Физика мен механиканың ұқсастығы мен өзіндік ерекшеліктерін айтыңдар.
4. Рефрактор телескопы туралы не білесіңдер?
5. Жатыс және көмектес септіктерінің сұрақтары мен көрсеткіштерін атаңдар.
6. Мәтіннен қатар қолданылған дауысты және дауыссыз дыбыстарға мән беріңдер.
7. Мәтінде қандай ғылыми терминдер қолданылған?



**Есімдіктер** – заттың атын, сынын, санын, олардың аттарын білдірмейтін, бірақ солардың (зат есім, сын есім, сан есімдердің) орнына жұмсалатын сөз табы. Есімдіктер құрамы жағынан екіге жіктеледі: дара және күрделі. Дара есімдік бір сөзден тұрады, ал күрделі есімдік екі түбірден жасалады: қосарлану және бірігу арқылы.



**10-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтіннен тыныс белгілер мен емлелерге назар аударыңдар.

### АУА ЖАЙЛЫ 15 ҚЫЗЫҚТЫ МӘЛІМЕТ

Әлемдегі ауасы ең таза ел – Швейцария, ал ең ласы – Қытай. Адам бір күнде орташа есеппен алғанда, 22 мың рет дем алады.

Жер бетіндегі ауаның – 78% азоттан, 21% оттегіден тұрады.

Біз дем алатын ауаның 25%, миды нәрлендіруге барады.

Үлкен биіктікте, ауа қысымының төмендеуі себебінен, адам оттегіні аз мөлшерде алады. Сол себептен, таулы жерлерде: бас ауруы, шаршау, ұйқышылдық және тыныс алу қиындықтары туады.

Көптеген адамдар ауаның салмағы жоқ деп ойлайды. Шын мәнінде бір текше метр ауа 1,225 кг-ға тең.

Каирде ауаның ластануы соншалықты, бір күн бойы тыныс алу, бір қорап темекі шеккенмен бірдей.

Суық тиюден болатын аурулардың 90%-дан астамы далада емес, жабық бөлмеде жұғады.

Жерорта теңізінде оттегіні қажет етпейтін микроорганизмдер табылды.

Ауасыз өмір сүру рекордын 2010 жылдың 1 сәуірінде Стик Северинсенмен жаңартты – ол 20 минут 10 секунд бойы тыныс алған жоқ.

Амазондағы өсетін орман – әлемдегі барлық оттегінің 20% өндіреді. Сондықтан ормандар біздің ғаламшардың жасыл өкпесі деп аталады.

Автокөліктердің қозғалтқыштары, адамдарға қарағанда ауаны әлдеқайда көп пайдаланады.

Ересек адам әрбір минут сайын, шамамен 4,5-5 литр оттегімен тыныс алады.

Үлкен қысым арқылы ауаны сұйық қылдыруға болады.

Зерттеулерге сәйкес, ең таза ауа – Австралияның Тасмания аралында.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Ауамен байланысты қандай мәліметтерге иесің?
2. Адамға ауа не үшін қажет?
3. Мәтін қандай мәтін түріне жатады?
4. Мәтіндегі термин сөздерге мән беріңдер.
5. Мәтінде қандай емлелер мен тыныс белгілер кездеседі? Олардың қойылу себептерін анықтаңдар.



**11-тапсырма.** Берілген мәтін мазмұнын ұғып, ондағы кірме, термин сөздерді табыңдар. Мәтін қай стильде жазылғандығын анықтаңдар. Жалпылау есімдігіне назар аударыңдар.

## АУАНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ

Әуелде жер ғаламшарының газ қабығы, яғни газды қауырсыны болмаған. Ауаның пайда болуы – жанартаулардың тынымсыз атқылап, жер кідігінен азот пен көміртектің қос тотығы шығарылуы салдарынан жүрген геологиялық, геохимиялық әрекеттесулер нәтижесі. Жер үстінде өмір іздері пайда болғанға дейінгі кезеңде ауа метан мен аммиактан және су буынан тұрған. Шамамен 1,8 млрд. жыл бұрын бактериялардың тіршілік әрекеттері, онан соң өсімдіктердің өсуі нәтижесінде ауа құрамы өзгеріп, ондағы еркін күйдегі оттегі мөлшері арта бастады. Оттегі қорының артуы әуе құрамының бірте-бірте азотты оттегікке ауысуына алып келді. Сөйтіп тотығу әрекеттері тән екіншілік ауа пайда болды. Жердің ауа қабығының салмағы астрономиялық санмен есептелінеді

және ол 5,2×10,15 т. Әрине жер қабығының аса мол көлемі және оның газдық құраушының табиғи айналым арқасында үнемі теңгеріліп, орны толтырылып отыруы жайына байланысты әуеде ешқашан таусылмайтын болып көрінуі мүмкін. Алайда, мәселеге оның табиғаттағы бастапқы қалпы сақталып, құрамының өзгеруі тез арада сейіліп шыға келеді. Ауа қабаты бес қабаттан тұрады. Олар тропосфера, стратосфера, мезосфера, термосфера және экосфера деп аталады. Ауаның негізгі (90% дейін) бөлігі жермен жанасып тұрған және 8–18 шақырымға дейін биіктікке созылатын тропосфера қабатының аумағында тараған. Ауа химиялық қосылыс емес, өзін құраушы газдардың жай араласып жүрген қоспасы болып табылады және оның теңіз деңгейіндегі орташа құрамы 78,08% азоттан, 20,95% оттектен, 0,03% көмірқышқыл газынан, барлығы бірігіп 0,94% құрайтын енжар газдардан, озоннан, радонна, сутектің асқын тотығынан, аммиактан және йодтан тұрады. Жер әуесінің көбірегі азот пен оттектен тұруы – оның басқа ғаламшарлар әуесінен басты айырмашылығы болып табылады. Ауа үнемі қозғалыс үстінде болады және бұл оның ең маңызды физикалық қасиеті болып табылады. Ол жерге тік және қапталдас бағыттарда қозғалады. Бұл қозғалыстардың бәрі де ауаның әр тұсындағы қызу айналыстан туады. Ауа адамның және бүкіл жер үстіндегі жан-жануарлары мен өсімдіктерінің өмір сүру ортасын құрайды. Олардың ауасыз тіршілік етуі мүмкін болмас еді. Ауаның басым бөлігін құраушы азот – жер үстінде тіршіліктің пайда болып, дамуының негізі болып табылатын басқа да тіршілік туушы қосылыстар құрамындағы басты элемент. Сондықтан азотты қазақша өміртегі немесе тіршіліктегі деп атаса болады. Табиғатта оттек пен азот тоқтаусыз айналымда болады және сол арқылы ауа құрамының тұрақтылығы сақталады. Барлық ағзалар, соның ішінде өсімдіктер де оттек пен дем алады. Әуедегі оттек мөлшерінің өзгерісі аса көп те емес әрі ірі өндіріс орындарының маңында болмаса, ауа құрамының айтарлықтай нашарлай жайы да тіркеле қойған жоқ. Дегенмен, бүгінгі таңда әр түрлі отындардың жануына жұмсалатын оттек шығыны, оның табиғи түрде пайда болуына әлде қайда жоғары екені және ол шығынның орны қандайда басқа жолдармен толтырылып отырмағаны да белгілі жайт.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Адамзатқа ауа не үшін қажет?
2. Ауаның құрамында нелер болады?
3. Термин сөздер дегеніміз не?
4. Мәтін қай стильге тән?
5. Жалпылау есімдігіне түсінік беріңдер.

## IX бөлім. ӨНЕР МЕН МӘДЕНИЕТ



**1-тапсырма.** Төменде берілген мәтінді оқып, мазмұнын ұғып алыңдар, мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

### ЗАХИРИДДИН МҰХАММЕД БАБЫРДЫҢ ҚЫСҚАША ӨМІРБАЯНЫ

Шыққан тегі жағынан ежелгі моңғол тайпасы барластан тарайтын, атақты Әмір Темір көрегеннің (Ақсақ Темірдің) ұрпағы болып келетін Захириддин Мұхаммед Бабыр 1483 жылы 14-ақпанда қазіргі Өзбекстанның Әндіжан қаласында, Ферғана ұлысының әмірі Омар Шейх мырзаның отбасында дүниеге келген.

Бұл кезеңде Орта Азияда Әмір Темір ұрпақтары мен Шыңғыс хан ұрпақтары арасында билікке талас өршіп тұрған еді. Захириддин Бабыр бала кезінен бастап өнерге, әдебиетке, табиғат сұлулығына өте құмарланып өседі. 1494 жылы әкесі қайтыс болған соң 12 жасар Бабыр әкесінің орнына, Ферғана ұлысының тағына отырады. Осы кезеңде Әндіжан тағы үшін өзінің туыстары Жаһангир мырза мен Сұлтан Ахмет мырзамен, сол сияқты Сұлтанмұхаммед ханмен талас туындайды. Осыдан кейін ол Ферғана тағын туыстарына екіге бөліп береді.

Бабыр көршілес Самарқанд билеушілерімен тартысқа түседі. Ақыры Самарқанд билеушісі Шайбани ханнан жеңілген Бабыр Самарқандты тастап шығады. Шайбани хан Бабырды 1504 жылы Әндіжаннан да қуып шығады. Ақыры ол соңына ерген біршама халқымен қазіргі Ауғанстан астанасы Кабулды басып алады. Бірнеше рет Орта Азияға шабуыл жасап, Шайбани ханға қарсы жорық жасағанымен, сәтсіз болады. Ақыры, өмірінің ендігі бөлігін оңтүстікке қарай өлкелерді жаулап алуға бағыттайды. 1519–1525 жылдары ол, қазіргі Пәкістан мен Үндістан аумағын толық жаулап алады да онда күшті



мұсылман мемлекетін құрады. Ол мемлекеттің аты – Моғолстан болатын. Бабыр мен оның ұрпақтары Ұлы Моғолдар деген династия құрып, 300 жыл бойы Үндістанды билейді.

Бабыр 1530 жылы Агра қаласында қайтыс болған. Сүйегін Кабул қаласына алып келіп жерлейді. Бабыр және оның ұрпақтары билеген жылдары Үндістан мемлекеті күшейіп, қалалар мен сауда жолдары дамиды. Сәулет өнері Орта Азиялық стильде ерекше дамиды. Соның бір көрінісі – Бабыр ұрпақтарының бірі салдырған Тәж-Махал кесенесі болып табылады.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Ақсақ Темір туралы не білесіңдер?
2. Захириддин Бабыр кімнің ұрпағы?
3. Не үшін 12 жасар бала әкесінің орнына таққа отырады?
4. Бабыр не үшін Шайбани ханнан жеңілді?
5. Бабырдың сүйегі қазірде қай жерде?
6. Үндістандағы Тәж Махал туралы ғаламтордан мәлімет іздеңдер.



**Топонимика** – ономастиканың жер-су, елді мекен атауларының шығуы мен пайда болуын (этимологиясын), мағынасын, құрылымының дамуын, таралу аймағын, қазіргі жағдайын, грамматикалық, фонетикалық пішінін, жазылуы мен екінші бір тілде берілуін зерттейтін құрамдас бөлігі. Бұл гректің «топос» – орын, жер, «онома» – атау деген екі сөзінен тұрады, яғни жер-су атаулары деген сөз.

**Антропонимика** (гр. anthropos – адам, опута ат) – адамдардың өзіне меншікті есімдерін, аты-жөнін, жалған, бүркеншік, жасырын аттарын, ру аттарын – антропонимді зерттейтін ономастиканың тармағы. Антропонимика сонымен бірге әдеби шығармалардағы антропонимдер мен ауыз әдебиетіндегі кейіпкерлердің аттарын зерттейді.



**2-тапсырма.** Мәтін ішінен жер-су аттары мен адам аттарын ажыратып төмендегі кестеге жайластырыңдар.

Әмір Темір; Ақсақ Темір; Захириддин Мұхаммед Бабыр; Өзбекстан; Әндіжан; Ферғана; Омар Шейх; Орта Азия; Шыңғыс хан; Жаһангир мырза; Сұлтан Ахмет; Сұлтанмұхаммед хан; Самарқант; Шайбани хан; Ауғанстан; Кабул; Пәкістан; Моғолстан; Ұлы Моғолдар; Агра; Тәж Махал.	
Адам аттары	
Жер аттары	





## Өзіндік жұмыс

«Бабырнама» шығармасы неше бөлімнен тұратындығын ғаламтордан іздеп тауып, олардың әрбір бөліміне қысқаша түсінік беріңдер. Ондағы жер-су аттарын, жалқы есім мен жалпы есімдерді тауып, оның жазылу емлесіне назар аударыңдар.



**3-тапсырма.** Берілген мәтін мазмұнын ұғып алыңдар да, мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

### БАБЫРНАМА

«Бабырнама» – тарихи шығарма, «Бабырнамада» мәліметтердің молдығы, тілінің байлығы жағынан ерекше туынды. Шығарма Темір әулетінің билік құрған ұрпақтарына тарихи мінездеме бере отырып, XV–XVI ғасырлардағы Ферғана, Үндістан аймағындағы (бүгінгі Орта Азия мемлекеттері, Ауғанстан, Пәкістан, Үндістан) елдерінің, халықтарының тарихы, Темір әулеті мен Мұхаммед Шайбани арасындағы, Моғолстандағы тақ таласы, билік және жер үшін жүргізілген соғыстар жайлы егжей-тегжейлі сөз етеді. Үлкенді-кішілі қалалардың (Ақсикент, Кабул, Шаш, Бұхара) салынуы, архитектурасы, қирауы және Сырдария, Жетісу бойындағы елді мекендер туралы жазады. Орта ғасырлардағы Алмалық (Жаркент түбінде), Алматы (Алматы), Янги (Таразкент) қалаларына тоқталып, бұлардың моңғолдар мен Шайбани әулеті билеушілерінің кесірінен қирағаны айтылады. Бұл қалалар маңында бау-бақшалар, түрлі жабайы жемістер, Орта Азия мен Үндістан тауында жан-жануарлардың ондаған түрлері болғандығы баяндалады. Бабыр дүние салысымен шығарма парсы тіліне (ауданы Абдул-Рахым), одан ағылшын тіліне тәржімаланған. Шығарманың қолжазбасын Н.И. Ильминский орыс тіліне аударып, 1857 жылы Қазан қаласында, ал А.С. Беверидже 1905 жылы Лондонда бастырып шығарды. «Бабырнама» ағылшын (1826, 1921), француз (1871), орыс (1943, 1958), өзбек (1960), қазақ тілдерінде (1990, 1993) жарық көрді. 1980 жылы француз тіліндегі жаңа аудармасына және оның басылуына ынталы елдердің (КСРО, Ауғанстан, Үндістан) ғалымдарының қатысуымен ЮНЕСКО тарапынан арнаулы комиссия құрылды. «Бабырнаманың» осы аудармасы француз (1985, 2-рет), түрік (1987), жапон (1995, 1996) тілдерінде басылды.

Ташкент қаласында 1990 жылы 22–26 қазан күндері «Бабырнаманың» 460 жылдығы халықаралық деңгейде тойланып, «Ба-



бырнама және Шығыс Ренессансы» деген тақырыпта ғылыми-теориялық конференция өтті.



**Пысықтау үшін сұрақтар:**

1. Неліктен «Бабырнама» тарихи шығарма саналады?
2. «Бабырнамада» қандай уақиғалар баяндалған?
3. «Бабырнама» шығармасында қандай жер-су және адам аттары кездеседі?
4. «Бабырнама» қайсы тілдерге аударылған?
5. Не үшін адамға байланысты атаулар бірде бас әріппен, бірде кіші әріппен жазылған?



**4-тапсырма.** Мәтін ішінен төмендегі тест сұрақтарының дұрысын анықтаңдар.

<b>«Бабырнама және Шығыс Ренессансы» деген тақырыпта ғылыми-теориялық конференция қашан және қай жерде өтті?</b>	
<b>A</b>	Ауғанстанда 2002-жылы 15–25 қыркүйек күндері.
<b>B</b>	Үндістандағы Дехли қаласында 1997 жылы 12–14 мамыр күндері.
<b>C</b>	Ташкент қаласында 1990 жылы 22–26 қазан күндері.
<b>D</b>	Лондон қаласында 1905 жылы 19–23 желтоқсан күндері.

<b>Неге мәтін құрамындағы «қазақ», «өзбек», «орыс», «ағылшын», «түрік», «француз», «жапон» сияқты сөздер кіші әріппен жазылған?</b>	
<b>A</b>	Бұл атаулар мәтін құрамында бас әріптермен жазылу керек еді.
<b>B</b>	Бұл атаулар жалпы есім болғандықтан.
<b>C</b>	Бұл атаулар әрбір ұлттың тілі болғандығынан.
<b>D</b>	Мәтінде емлелік қателер жіберілгендігінен.



**5-тапсырма.** Берілген мәтін мазмұнын ұғып алыңдар да, мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

### «БАБЫРНАМАНЫҢ» КӨРКЕМДІК ЕРЕКШЕЛІГІ


«Бабырнамада» қазіргі прозаға тән көркем пейзаждар мен қанық портреттер, суреттеулер молынан кездеседі. «Мұнда құс жыртылып айрылады. Қырғауылдың семіздігіне адам нанғысыз, тіпті тұшпалап пісірілген бір қырғауылдың етін төрт адам тауыса алмайды екен» деген аңыз бар.

Түркі, соның ішінде қазақ фольклорының мазмұнды әрі бай саласының бірі – мақал-мәтелдер. «Бабырнамада» кездесетін төмендегі мақал-мәтелдер мен фразеологиялық тіркестер күні бүгінге дейін тілдік қорымыздан өз орнын алып келеді. Мысалы: «Үйде иесі барды, түзде ит қаппайды», «Жаманның ақылы түстен кейін кіреді», «Әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа», «Құланның қасуына, мылтықтың басуы», «Ер мойнында қыл арқан шірімейді», «Жау не демейді, түске не кірмейді», «Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды», «Бет көрсе, жүз ұялады» т.б.

Бабырдың қазақ жалпы, түркі халықтары әдебиеті үшін үлкен еңбегі – түркі поэзиясын теориялық тұрғыда зерттей келе, өзі өмір сүргенге дейін қалыптасқан «нағыз поэзиялық көркем шығармаларды тек араб яки парсы тілінде ғана жазуға болады, ал түркі тілі көркемдік дәрежесі биік өлең жазуға жарамайды», – деген қасаң пікірді біржола теріске шығаруы.

Бабырдың түркі руханиятына жасаған келесі еңбегі «Бабыр жазуы» яғни, «Хати Бабыр». Бабыр көне түркі ескерткіштері жазуына ұқсас жазуды негіздеді. Бұл жазу алғашында Сырдария бойындағы Сығанақ, яғни Сунақ қаласында өмірге келген болатын. Алайда, бұл кезеңде, Орта Азияда біржола үстемдікке ие болған араб жазуын қолдаушылар «Бабыр жазуына» барынша қарсы шығып, оны жойып жіберді. Бұл туралы ел арасында «Түріктерге өз әрпі де бұйырмады-ау, киелі, Бабыр хаты бөтен емес, Сығанақтың сыйы еді, – деген өлең жолдары қалған екен.

«Бабырнама» – тарихи, ғылыми еңбек қана емес, сонымен бірге түркі (шағатай) тілінің мол мүміндіктерін зор шеберлікпен пайдалана отырып жазылған көркем туынды.



#### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. «Бабырнамада» қандай көркем пейзаждар кездеседі?
2. Мәтін ішінде қандай мақал-мәтелдер кездеседі?

3. Не үшін кейбір сөздер тырнақшаға алынып жазылған?
4. Фразеология нені қарастырады?
5. Мақал-мәтелдердің мән-мағынасын ұғып алыңдар.
6. «Бабыр жазуына» қалай түсінесің?



**6-тапсырма.** Мәтін ішіндегі мақал-мәтелдердің мән-мағынасын түсіндіріңдер.

Үйде иесі барды, ит қаппайды.	
Жаманның ақылы түстен кейін кіреді.	
Құланның қасуына, мылтықтың басуы.	
Ер мойнында қыл арқан да шірімейді.	
Жау не демейді, түске не кірмейді.	
Екі қошқардың бас бір қазанға сыймайды.	
Бет көрсе, жүз ұялады.	



**Белгісіздік есімдігі** – затты, сындық белгіні, сан-мөлшерді белгісіз етіп жорамалдап, тұспалдап көрсетіп, мәнін білдіретін есімдіктің түрі. Белгісіздік есімдігіне: *біреу, кейбіреу, бірдеме, әркім, әрне, әлдекім, кімде-кім, бір, қайсыбір, кейбір, қайсыбіреу, әр, әрбір, қайбір, бірнеше, әлденеше, біраз, әрқашан, әрқалай, әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқашан, әрқашан* деген сияқты сөздер жатады.



**7-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып, мазмұнын ұғып алыңдар да, төмендегі сұрақтарға жауап беріңдер.

### «БАБЫРНАМА» ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Қазақ хандығы тұсындағы жазба шежірелерге зерттеу еңбектерін арнап, Бабыр шығармашылығын тілге тиек еткен алғашқы ғалымдардың бірі әрі бірегейі Ш.Уәлиханов болса, Бабыр мұрасына қызығушылық танытқан қазақтың ұлы ақыны – Абай болды. Ал кемеңгер жазушы М.Әуезовтің: «Ірі мемуаршы, шебер ақын Захириддин Бабыр өзінің атақты «Бабурнама» деген кітабында Әлішердің ақындық, өнерпаздық, мемлекеттік

қайраткер, ұстаз есебіндегі әрекеттерін, мол бейнесін зор құрметпен баян етеді. Қазақтың атақты классигі Абайдың Науаи қасиетін кеңінен тануына себепкер, бір жағынан Науаидың өз шығармалары болса, екінші жағынан – осы Бабурдың берген бағалары болған», –деп жазуы да «Бабырнама» сынды шежірелік мұралардың қайсыбір кезеңде де құнын жоғалтпағанын айғақтайды. Науаи өмірден өткеннен бірнеше ғасырдан соң өмірге келген қазақтың ұлы ақыны Абай ұстаз тұтса, Бабыр да өзі өмір сүрген заманның ғажайып ақыны Науаиге кезінде өлеңмен хат жазып, оны өзіне ұстаз санағаны бекер болмаса керек.



Бабыр өзі болған, соғысқан жерлердегі таулар мен кең жазира далаларды, санқилы өсімдіктер мен хайуанаттарды, әртүрлі халықтардың әдет-ғұрпы, тілі, әдебиеті мен өнері, кейбір сөздердің этимологиясы жайлы нағыз ғалымға тән дәлдікпен әрі ұшқыр қиялды жазушыға ғана тән шеберлікпен бейнелеп жазады.

«Бабырнамадан» қазақ халқына қатысты деректер бар. Мұнда Алматы, Отырар, Түркістан, Сайрам секілді қалалар мен Арыс, Сырдария сияқты өзен аттары аталады. Бұл еңбекте қазақ халқының құрамына енген дулат, жалайыр, арғын, қыпшақ тайпаларынан шыққан ғалымдар мен уәлі ауыз шешендер, батырлар мен бектер, баһадүрлер мен сарбаз аттарын кездестіреміз. Мысалы, мынадай дерекке назар аударайық: «Қазақ халқының тарихына қатысты мына бір дерек те оқушылар назарын аударса керек. «Әдік сұлтаннан кейін Сұлтан Нигар ханымды қазақ ұлысының ханы Қасым алды. Жұрттың айтуына қарағанда қазақ хандары мен сұлтандарының бірде-бірі бұл халықты дәл осы Қасым сияқты бағындыра алмаса керек». Бабырдың бұл дерегінен біз қазақ халқының тарихта қазақ атымен XV ғасырға дейін-ақ белгілі болғанын пайымдаймыз.

Бір замандарда қазақ даласында өмір сүріп, тағдыр жолымен жырақ кетіп, жат елде өз билігін орнатқан даңқты көсем, дарынды қолбасшы, кемел білім иесімен қазақ халқы да мақтануға тиіс. Алыс түбекте жатқан үнді әлемін дәрегейіне келтіріп, осынау көне өркениетті қайта түлетіп, тұтастай бір династияның іргесін қалаған Захириддин Бабырдың қазақ жұртына қатысты бай тарихи жолын бүгінгі ұрпақ біле жүргені дұрыс.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Бабыр кезінде кімді өзіне ұстаз тұтып, хат жазысып тұрған?
2. Бабыр шығармашылығын алғаш қазақтардан кім зерттеген?

3. Бабырнаманың қазақтарға қандай қатысы бар?
4. «Бабырнамада» қазақ халқына байланысты қандай деректер кездеседі?
5. Есімдік дегеніміз не және оның қандай мағыналық түрлері бар?
6. Белгісіздік есімдігі дегеніміз не және оның жасалу жолдары қандай?



**8-тапсырма.** Мәтін ішінен есімдіктерді теріп жазыңдар да, ондағы белгісіздік есімдігіне мән беріңдер. Белгісіздік есімдігінің құрамына назар аударыңдар.

Жіктеу есімдігі:  
 Сілтеу есімдігі:  
 Сұрау есімдігі:  
 Белгісіздік есімдігі:  
 Өздік есімдігі:  
 Жалпылау есімдігі:  
 Болымсыздық есімдігі:



### Өзіндік жұмыс

Мәтін ішіндегі Қазақстандағы жер аттарын қатыстырып шағын мәтін құрастырыңдар да, онда төменде берілген белгісіздік есімдіктерін қатыстырыңдар.

Біреу, кейбіреу, бірдеме, әркім, әрине, әлдекім, кімде-кім, бір, қайсыбір, кейбір, қайсыбіреу, әр, әрбір, қайбір, бірнеше, әлденеше, біраз, әрқашан, әрқалай, әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқашан, әрқашан.



**9-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып шығып, мазмұнын ұғып алыңдар. Мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

### АУЫЗ ӘДЕБИЕТІ – ТАЛАЙ ҒАСЫРЛАР ЖЕМІСІ

Ауыз әдебиеті – халық шығармашылығының айрықша саласы, ауызша шығарылып, ауызша тараған көркем-әдеби туындылардың жиынтық атауы.

Қазақ халқының мұндай сөз өнерін ғалымдар ауыз әдебиеті деп атаған. Сонымен бірге ғылым мен мәдениетте «халық шығармашылығы», «халық поэзиясы», «халықтың ауызша сөз өнері» дейтін атаулар да осыған жақын мағынада қолданылады.

Ауыз әдебиеті – талай ғасырлар жемісі. Халық жыраулары, жыршылары, ертекшілері осы сонау ықылым заманнан руха-

ни асыл қазына ретінде сақтап, ұрпақтан-ұрпаққа мұра етіп, бүгінгі біздің дәуірімізге жеткізген.

Адамзат өзінің сонау балаң кезінде, табиғаттың жұмбақ, тұңғыық сырына ойы жете алмаған кезінде сол табиғаттың сиқырлы алуан жұмбағын шешсем, оны өз игілігіме жаратсам, бағындырсам деген арманын өзінің ауыз әдебиетімен бейнелеген. Адамның табиғаттың дүлей, мылқау күшімен арпалысы да солауыз әдебиетінде өрнектелген. Қоғамдық, әлеуметтік, экономикалық өмірдің ілгерілеуіне, адамның ой-санасының өсуіне, өзін қоршаған табиғаттың сырына терең болуына байланысты ауыз әдебиеті де мазмұны, формасы жағынан байып, дамып отырған.



Қазақ халқының ауыз әдебиетінің сонау көне дәуірден келе жатқан рухани мұра екені «Құламерген», «Ер Төстік» ертегілерінен айқын танылады.

Әлеуметтік жікке бөлінген қоғамдық өмірдегі қайшылықтар, байлар мен соған тәуелділер, кедей-кепшіктер арасындағы күрес, тартыс ауыз әдебиетінің мұнан былайғы даму өрісінде кең қамтылған. Халық ауыз әдебиетінің өлең-жыр, ертегі, мақал-мәтелдері, лиро-эпостық жырларында қарапайым адамдардың, еңбек адамдарының жасампаз күшіне, ақыл-парасатпен сенген, соларды мадақтаған. Сондықтан, ауыз әдебиетіндегі бұқара өкілдері тек жақсы жағынан ғана суреттеледі, олар тамаша қасиеттері арқылы оқушыны өзіне еліктіре біледі.

Халық ауыз әдебиеті әр салада, әр түрлі жанрларда дамыған. Тұрмыс-салт жырларынан бастап, эпостық жырларға дейінгі бай мұра халық ауыз әдебиетінің жанрлық өрісін танытады.

Тұрмыс-салт әдебиетінің негізгі түрлері: тұрмыс-салт жырлары; мақал-мәтелдер мен жұмбақтар; лиро-эпостық жырлар; айттыс өлеңдері; тарихи жырлар, шешендік сөздер.

Халық ең асыл өнері – бай ауыз әдебиеті арқылы өзінің тарихын, халықтық рухын бейнелеген.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Сол заманның рухани асыл қазыналары қайсылар?
2. Халықтың ең асыл өнері не?
3. «Халық шығармашылығы», «халық поэзиясы», «халықтың ауызша сөз өнері» деген атаулар қай салаға жатады?
4. Кезінде табиғаттың жұмбақ, тұңғыық сырын не арқылы бейнелеген?
5. Тұрмыс-салт әдебиетінің қандай негізгі түрлері бар?

6. Мәтінде тұрмыс-салтқа байланысты қандай атаулар кездеседі?
7. Кімдерді шешен деуімізге болады?
8. Қазіргі айтыскер ақындардан кімдерді білесіңдер?



**10-тапсырма.** Мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар, мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

«Ер Төстік» – түркі халықтарының фольклорында ертегі әрі эпос түрінде кездесетін көне мұра. Бас қаһарманның тағдыры, ерлік істері, адам мен табиғат, басқа да тіршілік иелерімен арадағы қарым-қатынас бұл фольклорлық мұраның өте көне дәуірлерде дүниеге келгенін айғақтайды. «ЕрТөстік» эпосында негізгі мотив – бас қаһарманның жер астына сапар шегуі. Жер асты – жыландар патшалығы үстемдік құрған мекен. Бұл қазақ нұсқасында Жылан Бапы хан, татар нұсқасында аждаһа-жылан бейнесінде көрінеді. Ер Төстіктің қайда бара жатқанын болжап білетін – Кенжекей. Эпостағы пері қызымен (Бекторы немесе Айсалқын) қақтығыс, Кежекейдің көрегендігі, Жалмауыз кемпірдің әрекеті, аждаһа жыланның қоятын талабы – эпос оқиғасының бірнеше күрделі мотивтерден тұратын құрылымын көрсетеді. Бұл құрылым оның көнелік табиғатының көрінісін танытады.

«Ер Төстік» – қазақ батырлық ертегілерінің ең көне үлгісі. «Ер Төстікте» ерте дәуірдегі халықтың мифтік танымы, ырымдары мен әдет-ғұрыптарының бәрі бар. Ер төстік қиял-ғажайып жағдайда дүниеге келіп өседі. Жылан Бапы ханның жұмсауымен Төстіктің Темір хан еліне барып, онда қалыңдықты алу үшін сайысқа түсуі, осы сайыста кейіпкердің өз күшімен емес, керемет достарының арқасында жеңуі – қиял-ғажайып ертегінің заңдылығы. Мысалы, Шалқұйрық – тек жүйрік ат қана емес, алдағыны болжай алатын қабілеті бар, неше түрлі сиқырды білетін, адамша сөйлеп, адамша іс-әрекет қылатын қасиетті жануар. Ал, жер астында Төстікке дос болатын Желаяқ, Тау-соғар, Көлтауысар сияқты кейіпкерлер – мифтік танымның сипаты. Ертедегі адамдардың мифтік түсінігі бойынша, желдің, таудың, судың «иелері» болған. Кейінгі замандарда олар көркемдік сипат алып, «достар осындай болса екен» деген адам арманын жүзеге асырушы бейнелер ретінде қабылданған.



#### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. «Ер Төстік» қандай ертегі?
2. Қайсы оқиға «Ер Төстік» эпосында негізгі мотив саналады?
3. «Ер Төстік» ертегісінде қандай қаһармандар кездеседі?
4. Ер Төстіктің сүйген жары кім еді?



5. Ер Тәстіктің достары кімдер?
6. Мәтінде қандай күрделі зат есімдер кездеседі?
7. Мәтіндегі көнерген сөздерді анықтаңдар.



**11-тапсырма.** Төменде берілген кестені дұрыс толтырыңдар.

 ЕРНАЗАР	 қасиетті жануар, ер серігі әрі қанаты
 ТӨСТІК	 тау қопаратын күші бар алып күш-қуат иесі
 КЕНЖЕКЕЙ	 Ерназардың баласы
 ШАЛҚҰЙРЫҚ	 адам құлағы жетпейтін жерден дыбысты ести алады
 ТАУСОҒАР	 жылан патшасы
 ЖЕЛАЯҚ	 көл суын бір сәтте жұтып қоя алатын адам
 КӨЛТАУЫСАР	 Тәстіктің әкесі
 САҚҚҰЛАҚ	 алыс жерлерді бір сәтте басып өтетін жылдамдық иесі
 МЫСТАН	 Тәстіктің жары
 БАПЫ ХАН	 қастандық ойлаушы, жауыз, шашы жалбыраған кемпір



**12-тапсырма.** «Ер Тәстік» ертегісіндегі күрделі зат есімдерді тауып, олардың жасалу жолдарын анықтаңдар.

Үлгі: Саққұлақ – екі сөздің бірігуінен жасалған. Біріккен екі сөз де өз түбірін толық сақтаған.

**Сақ** – сын есім;  
**Құлақ** – зат есім.



**Мінездеме дегеніміз** – белгілі бір адамды өмірбаяндық, біліктілік, кәсіптік, адамшылық тұрғыда мінез-құлқын сипаттай отырып жазылатын іс қағазының бір түрі.



**13-тапсырма.** Төменде берілген ресми іс қағаздары түрін меңгеріп алындар, мәтін соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

### МИНЕЗДЕМЕ

**1. Құжат атауы.** Құжат атауы парақтың жоғарғы жағын ала, орта тұсына үлкен қоюлатылған әріптермен жазылады.

**2. Мінездеме берілетін адам туралы қысқаша мәлімет.** Мінездеме берілетін адам туралы қысқаша мәліметке мыналар кіреді: аты-жөні, туған жері, туған күні, айы, жылы, ұлты, азаматтығы, білімі, бітірген оқу орындары, қызмет істеген жылдары, орны, қазіргі атқаратын қызметі.

**3. Негізгі мәтіні.** Негізгі мәтінде атқарып жүрген қызметін, өз мамандығын қаншалықты меңгергендігі, кәсіптік білім деңгейі, біліктілігі, қызмет бабында жеткен жетістігі мен кемшілігі жазылады. Қысқаша әлеуметтік-психологиялық портреті беріледі. Әріптестерімен қарым-қатынас жағдайы, отбасы жағдайы, ұжымдағы орны, абыройы, кәсіби біліктілігі (өз міндетіне, қоғамдық тапсырмаларға қатысы), жеке басының адамгершілік қасиеттері, сын көтеру қабілеті жазылады. Қажет деп табылған жағдайда негізгі мәтінге шетел сапарлары, зерттеу жұмыстары, өз бетімен жүргізген жұмыстары, жетекшілік, ұйымдастырушылық қабілеті де кіргізіледі. Мәтін көбіне жай сөйлемдермен, қалыптасқан сөз орамдары мен сөз тіркестерін, стандарт тілдік бірліктерді қолдана отырып, басы артық қысқартуларсыз жазылады.

**4. Қорытынды.** Қорытынды негізгі мәтіннің түйінделген, жиынтықталған бөлігі болып табылады. Мінездеменің қорытынды бөлігінде негізгі мәтінде айтылғандар бір немесе екі-үш сөйлеммен түйінделіп беріледі.

**5. Мінездемені талап етуші ұйымның атауы.** Бұл бөлімде мінездеменің не мақсатпен берілгендігі немесе қай ұйымға берілгендігі жазылады.

**6. Мінездеме беруші туралы мәлімет.** Бұл бөлімде мінездеме беруші мекеме басшысының ресми қызметі, аты-жөні, тегі жазылып, қолы қойылады. Қол қоятын адам бірнешеу болса, олар иерархиялық тәртіпте, ал олардың қызмет дәрежесі бірдей болса, әліпби ретімен беріледі.

**7. Мінездеме берілген күн, ай, жыл.** Бұл бөлімде мінездеме берілген күн, ай, жыл көрсетіледі.

**8. Қосымша.** Егер мінездемеде қосымша болатын болса, ол жайында парақтың соңында жазылады.

Ал қосымша бірнешеу болатын болса, жолдама хат дайындалып, сонда көрсетіледі. Қосымша ретінде қажет деп табылған жағдайда:

- белгілі үлгідегі бірнеше фотосурет;

- білімі туралы құжат көшірмесі;
- бұрынғы мінездемелер көшірмесі немесе одан алынған үзінді;
- анықтамалар жіберіледі.

### Ескерту!

1) Кейбір жағдайларда мінездеменің жоғарғы жағында мекеменің фирмалық белгісі (логотипі) көрсетілген арнайы бланкілерде де жазылады. Мұндай бланкінің әр данасы есепте тұрады. Мекеме басшысының қолымен расталады;

2) Кейбір жағдайларда құжат атауынан бұрын мінездеме берілуші туралы қысқаша мәлімет жазылып барып, мінездеме берілетін түрі де болады.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Мінездеме қандай құжат?
2. Мінездеменің неше түрі бар?
3. Мінездеме қандай жағдайда беріледі?
4. Мінездеменің құрылымы қандай?
5. Мінездеменің ерекшеліктерін ата.
6. Мінездеменің мақсаты не?



**14-тапсырма.** Берілген ресми іс қағазын біліп алыңдар, өздерің де мінездеме жазуға әрекет жасаңдар.

### Мінездеме

Сайфуллаев Бауыржан Нұрымбетұлы 1996 жылы 16-сәуірде Ташкент облысы, Жоғары Шыршық ауданы, Қаратұқым ауылында дүниеге келген. Ұлты – қазақ. Білімі – жоғары. Өзбекстан Республикасының азаматы.

2012 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін, 2012–2015 жылдары Жоғары Шыршық мектепке дейінгі өнеркәсіптік коллежінде оқиды. 2015 жылы оқуды бітіріп Гүлістан қаласындағы, Гүлістан мемлекеттік университетіне түсіп, оны 2019 жылы үздік дипломмен бітірген. Сол жылы Низами атындағы Ташкент мемлекеттік педагогика университетіне магистратураға кіреді. 2021 жылы бітіріп, сол университеттің «Қазақ тілі мен әдебиеті» кафедрасының оқытушысы болып қабылданды.

Б.Н. Сайфуллаев – оқу әдістемесін жақсы игерген, білікті маман. Сабақтарын жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде өткізеді. Қазіргі сабақ жүргізудің әр түрлі әдіс-тәсілдерін практика жүзінде белсене қолданады. Ол кафедраның тәрбиелік іс-шараларына

үнемі қатысады, сонымен қатар студенттермен жеке оқу-тәрбиелік жұмыстарын жүйелі түрде өткізіп тұрады. Халықаралық және Республикалық ғылыми-теориялық конференцияларына белсене қатысып келеді. Ғылыми мақалалары бар.

Б.Н.Сайфуллаев – өз ісін жетік білетін, тәжірибелі маман. Берілген тапсырмаларды жауапкершілікпен орындайды. Мінезі ашық. Студенттер мен әріптестерінің арасында беделді. Сынды дұрыс түсінеді. Ол қазақ, өзбек, орыс, ағылшын тілдерін жетік біледі. Компьютермен жұмыс істеуде тәжірибесі мол.

Мінездеме оқытушылықтан аға оқытушылыққа өту үшін беріліп отыр.

*Мінездеме беруші:  
Қазақ тілі мен әдебиеті  
кафедрасының меңгерушісі,  
п.ғ.д.(DcS), профессор Е.Б. Абдувалитов.  
13 маусым, 2022 жыл \_\_\_\_\_  
(қолы)*



#### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Мінездеме кімнің атынан жазылады?
2. Мінездеме нешінші жақта жазылады?
3. Мінездеме қандай стильде жазылады?
4. Мінездеме неге екі нұсқада жазылу керек?
5. Мінездеменің көлемі қандай болуы қажет?

## X бөлім. БІЗДІҢ ХАҚ-ҚҰҚЫҚЫМЫЗ

Олий Мәжіліс – Өзбекстан парламенті. Ол 1995 жылы Жоғарғы Кеңестің орнына келді және 2005 жылдың қаңтарында жүзеге асырылған реформа екінші палатаны құрғанға дейін бір палаталы болды. Заң шығару палатасында аумақтық сайлау округтерінен сайланатын 150 депутат бар.

Өзбекстан Республикасы президенттік конституциялық республика болып табылады, оған сәйкес Өзбекстан Президенті мемлекет және үкімет басшысы болып табылады. Атқарушы билікті үкімет жүзеге асырады. Заң шығару билігі Жоғарғы Мәжілістің екі палатасына – Сенат пен Заң шығару палатасына берілген.



**1-тапсырма.** Жоғарыда берілген шағын мәтін негізінде тақырыпқа тән термин сөздерді тауып, олардың мағыналарын анықтаңдар. Сызықшаның қойылу себебін түсіндіріңдер.



### Өзіндік жұмыс

Сайлаумен байланысты термин сөздерді пайдаланып, «2021 жыл 24-қазан – Өзбекстан Республикасы Президентін сайлау күні» тақырыбында шағын эссе жазыңдар. Эссе жазуда тырнақша, жақша және нүктелі үтір сияқты тыныс белгілерін пайдаланыңдар.



**2-тапсырма.** Төменде берілген ғылыми стильдегі мәтінге назар аударыңдар, оны біліп алыңдар. Сызықша, жақша, үтір және нүктелердің қойылу себептерін түсіндіріңдер.



**Тыныс белгілері (пунктуация)** – тіл білімінде жазуға тән шартты белгілер жүйесі.

Тыныс белгілері айтайын деген ойды нақтылы, дәл түсінікті етіп жеткізу үшін, сондай-ақ баяндалмақшы пікірді ала-құла етпей, айқын білдіру үшін қолданылады. Бұл – тыныс белгілерінің басты қасиеті.

Тыныс белгілері сөздер тіркесі мен сөйлемдерді айтқанда, немесе оқығанда тілде байқалатын кідірісті де, дауыста аңғарылатын әркелкі құбылысты да білдіреді. Бұл – тыныс белгілерінің қосымша қасиеті.

Жазба тілде болсын, сондай-ақ ауызекі тілде болсын тыныс белгілерін дұрыс қолдана білудің үлкен мәні бар. Тыныс белгілері мүлде қойылмаған, немесе дұрыс қойыл-

маған мәтінді сөйлемді түсінікті етіп оқу да, мағынасын түсіне білу де қиын. Тыныс белгілері дұрыс қойылмайтын сөйлемдерде ой күңгірттеніп, екі ұшты болып, тіпті сөйлем құрамындағы сөздер синтаксистік қызметі жағынан (бастауыш, баяндауыш, анықтауыш т. б.) өзгеріске түсуі мүмкін.

### Сызықшаның қойылатын орындары



1. Бірыңғай мүшелерге ортақ жалпылауыш сөздің алдынан сызықша қойылады;
2. Сызықша оңашаланған айқындауыштың екі жағынан қойылады;
3. Жалғаулықсыз қарсылықты, түсіндірмелі салалас құрмалас құрамындағы жай сөйлемдердің арасына қойылады;
4. Төл сөз, автор сөзі, диалогта сызықша қойылады;
5. Сан, уақыт кеңістік мөлшерінің аралық шегін көрсету үшін қолданылады.



**3-тапсырма.** Берілген мәтін мазмұнымен танысып, мәтін соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер. Мәтінмен байланысты терминдерге назар аударыңдар.

### ПАРЛАМЕНТ ТАРИХЫ

Парламент – мемлекеттік биліктің ең жоғарғы өкілдік органы, өкілдік сайлау заң органы. Қазіргі заманғы демократиялық Парламент палаталарының бірі, тікелей халықпен сайлануын талап етеді. Парламентке сайлау түрлі бағыттағы саяси партияларда көрініс тбатын қоғамдағы көңіл-күйдің индикаторы болып табылады.

Әдетте, көпшілік дауыс жинаған партия немесе коалиция үкіметті құрады. Сайлау үнемі, әдетте, 5 жылда бір рет өткізіледі.

Парламент мүшелері Парламенттің төменгі палатасы үшін депутаттар және жоғарғы палата үшін сенаторлар деп аталады.

Парламент – елдің барлық тұрғындары мен өңірлерін сайланған өкілдер ұсынатын өкілді орган. Әдетте парламент немесе парламенттің төменгі палатасы жалпы сайлау арқылы құрылады.

Қазіргі мемлекеттерде парламенттер – заң шығарушы органдар, яғни оларға заңдар қабылдау, сондай-ақ белгілі бір дәрежеде атқарушы билікті қалыптастыру және бақылау өкілеттігі берілген.

Парламенттің тарихы талай ғасырлар тарихымен өлшенеді. Заман өзгерген сайын парламенттердің рөлі де өзгеріп, оның мәні жаңа идеялармен, қағидалармен, қалыптасу және қызмет ету тәжірибесімен байыды. Парламентаризм идеясы бірінші

мыңжылдықтың табалдырығында Римде, Англияда, Испанияда халық ассамблеялары түрінде пайда болды, содан кейін ол мемлекеттік ассамблея деңгейіне көтерілгенше дамудың тағы бірнеше сатысынан өтті.



Өзбекстанның Жоғарғы Заң шығарушы органы қабылдаған шешімнің өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл, ең алдымен, тарихи өткенге байланысты. Ұлттық бірегейлік мемлекет құрылысының әртүрлі формалары мен әдістерін білдіреді. Мұндай құрылыс үшін таңдалған нақты әдіс ұлттық-тарихи ерекшелігі бар жалпыадамзаттық принциптердің синтезі болып табылады. Өйткені, кез келген әлеуметтік болмысты түсіну үшін ең алдымен оның белгілі бір тарихи кезеңнің нақты жағдайында қалай пайда болғанын, оның дамуында қандай шешуші кезеңдерден өткенін, даму процесінде қаншалықты өзгергенін, қандай өзгерістерге ұшырағанын, қандай да бір тарихи кезеңнің нақты жағдайында қалай пайда болғанын түсіну маңызды. Бұл ережелер кез келген әлеуметтік шындықты, оның ішінде парламент сияқты маңызды институт мәселесін қарастыруда ерекше маңызға ие. Сонымен қатар, парламентаризмнің шешім қабылдау процесі өте күрделі және кейде ауыр процесс.

Ол тарихи кезеңнің ерекшеліктерін, әрбір жеке елдің әлеуметтік-мемлекеттік өмірін, ұлттық салт-дәстүрлерін, халықтың құқықтық және саяси мәдениетін көрсетеді. Әрине, қоғамдық тәжірибенің дамуы, тарихы елдің заң шығарушы органының теориялық түсінігін де өзгертеді.

Заң шығарушы билік мемлекеттік биліктің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады және оны жетілдіру мемлекеттік биліктің бүкіл жүйесінің тарихи эволюциясымен байланысты. Демек, жоғары заң шығарушы органның шешімдер қабылдау және дамыту мәселелерін жан-жақты талдаудың мемлекеттік құрылыс теориясы мен тәжірибесі үшін, Өзбекстандағы парламентаризмнің болашағы үшін үлкен маңызы бар. Сонымен бірге болашақты айқындау үшін өткенді терең, объективті зерттеу қажет. Өзбекстан Республикасының Бірінші Президенті И.А.Каримов айтқандай: «Ұлтты сақтау керек, ал ұлтты сақтау үшін оның шынайы тарихын зерделеу, мұқият қорғау керек». Сонымен, тарихи көзқарас саяси-құқықтық талдаудың құрамдас бөлігі болып табылады, онсыз саяси шындықты шынайы бағалау мүмкін емес.

Өзбекстан 1991 жылдың 1-қыркүйегінде тәуелсіздік алғаннан кейін мемлекеттік биліктің маңызды институттарының бірі ретінде ұлттық парламенттің дамуында сапалы жаңа кезең басталды. Ұлттық парламентаризмнің ең жаңа тарихы жалпыға ортақ танудың үш негізгі кезеңіне бөлінеді:

Бірінші кезең: 1991–1994 жылдары;  
 Екінші кезең: 1995–2004 жылдары;  
 Үшінші кезең: 2005 жылдан қазіргі уақытқа дейін.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Парламент түсінігі қандай түсінік?
2. Құқықтық мемлекеттің қалыптасуын қалай түсінесің?
3. Парламентаризм идеясы бірінші қайда пайда болған?
4. Депутаттар мен сенаторлар – олар кімдер?
5. Өзбекстанның Жоғарғы Заң шығарушы органы қай орган саналады?
6. Қандай билік мемлекеттік биліктің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады?
7. Өзбекстан Республикасы қашан өз тәуелсіздігін алған?
8. Ұлттық парламентаризмнің кезеңдерін атап беріңдер.
9. Мәтін ішіндегі сызықшаның қойылу себебін түсіндіріңдер.



**4-тапсырма.** Жоғарыда берілген мәтін ішінде тырнақша, нүктелі үтір тыныс белгілерінің қойылу себептерін түсіндіріңдер.



**5-тапсырма.** Жоғарыда берілген мәтін ішінен оқшау сөздерді тауып, оларды түр-түрлеріне ажыратыңдар да, тыныс белгісімен таныс болыңдар.



Бастауыш пен баяндауыш атау тұлғадағы сөзден болғанда бастауыштан кейін қойылатын сызықша орындары

1. Бастауыш зат есім – баяндауыш зат есім;
2. Бастауыш сілтеу есімдігі – баяндауыш зат есім;
3. Бастауыш 3-жақ жіктеу есімдігі – баяндауыш зат есім;
4. Бастауыш заттанған сын есім, сан есім, есімше – баяндауыш зат есім;
5. Бастауыш тұйық етістік – баяндауыш зат есім;
6. Бастауыш зат есім – баяндауыш тұйық етістік;
7. Бастауыш сан есім – баяндауыш сан есім.



**6-тапсырма.** Берілген мәтін мазмұнымен танысып, мәтін соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер. Мәтінмен байланысты терминдерге назар аударыңдар.

### ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОЛИЙ МӘЖІЛІСІ

Өзбекстан Республикасының Олий Мәжілісі ең жоғары мемлекеттік өкілді орган болып табылады және заң шығарушы билікті жүзеге асырады.



Өзбекстан Республикасының Олий Мәжілісі екі палатадан – Заң шығару палатасынан (төменгі палата) және Сенаттан (жоғарғы палата) тұрады.

Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Заң шығару палатасы мен Сенатының өкілеттік мерзімі – бес жыл. Заң шығару палатасы – Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің төменгі палатасы.



Заң шығару палатасы сайлау округтері бойынша көппартиялық негізде сайланатын жүз елу депутаттан тұрады.

Заң шығару палатасының жұмысы палатаның барлық депутаттарының кәсіби, тұрақты қызметіне негізделеді.

Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің Сенаты (жоғарғы палатасы) аумақтық өкілді палатасы болып саналады.

Сенат мүшелері (сенаторлар) Қарақалпақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесі, облыстар, аудандар және қалалардың мемлекеттік әкімшіліктің өкілді органдарының тиісті бірлескен мәжілістерінде сол депутаттар арасынан жасырын дауыс беру арқылы Қарақалпақстан Республикасынан, облыстардан және Ташкент қаласындағы тең дәрежеде алты кісіден сайланады.

Сенаттың он алты мүшесін Өзбекстан Республикасының Президенті ғылым, өнер, әдебиет, өндіріс саласында және мемлекеттік және қоғамдық қызметтің басқа да салаларында тәжірибелі және айрықша қызмет еткен абыройлы азаматтар арасынан тағайындайды.

Сенаттың жұмысы жалпы мәжілістерге (бұдан әрі – сессиялар) және оның комитеттерінің мәжілістеріне жиналатын сенаторлардың қызметіне негізделеді. Сенатта аумақтық тиесілігі бойынша және саяси немесе өзге де негіздерден топ құруға жол берілмейді.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Олий Мәжіліс қандай қызмет атқарады?
2. Олий Мәжілісі неше және қандай палаталардан тұрады?
3. Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің төменгі палатасының міндеті не?
4. Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісінің жоғары палатасының міндеті не?
5. Сенат мүшелері қалай аталады?
6. Сенаттың он алты мүшесін Өзбекстан Республикасының Президенті қалай тағайындайды?
7. Сессия қандай атау және онда не жұмыс атқарылады?
8. Мәтінде сызықша мен жақшаның қойылу себептерін түсіндіріңдер.



**Көнерген сөздер** – тарихи шығармаларда ғана кездесетін, қолданыстан шығып қалған, мағынасы көмескі сөздер. Көнерген сөздер екіге бөлінеді: 1) тарихи сөздер; 2) архаизмдер.

**Тарихи сөздер** – ескі заманда қолданылған, дәуірі өткен тарихи сөздер атауы. Тарихи сөздер бірнеше салаға бөлінеді: ел басқаруға байланысты атаулар; пайдаланудан шығып қалған қару-жарақ атаулары және кеңес дәуірі тұсында қолданылған әкімшілік сөздер.

**Архаизмдер** – халықтың тұрмыс-тіршілігіне, салт-санасына, әдет-ғұрпына байланысты қолданылатын, әр дәуірде өзгеріп, басқа сөздермен ауысып отыратын ескірген сөздер. Архаизмдерге мынандай сөздер жатады: мата атаулары; әдет-ғұрып атаулары және үй тұрмысына қатысты атаулар.



**7-тапсырма.** Берілген мәтінді оқып, мазмұнын ұғындар. Соңында берілген сұрақтарға жауап беріңдер.

### «ТӘУКЕ ХАННЫҢ ЖЕТІ ЖАРҒЫСЫ»



Жеті жарғы – Тәуке хан (1678–1718) тұсында қабылданған қазақ халқының дәстүрлі әдет-ғұрып заңдарының жинағы. XVII ғасырда қазақ хандығының ыдырау қаупінің тууына байланысты Тәуке хан елдің ауызбірлігін арттыратын шаралар қарастырып, хандық билікті нығайтуға күш салды. Қазақ қоғамының дамуы мықты билік пен бірлікті қамтамасыз ете алатын жаңа заңдар жүйесін қажет етті. Осы ретте Тәуке хан бұрыннан қалыптасқан дәстүрлі әдет-ғұрып заңдары мен өзінен бұрынғы хандардың тұсында қабылданған «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолын» одан әрі жетілдіру арқылы жаңа заң жүйесін жасауға тырысты. Үш жүздің игі жақсылары мен билерін жинап, оның ішінде атақты Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билер бар, Күлтөбенің басында «Тәуке ханның Жеті жарғысы» деген атауға ие болған заңдар жиынтығын қабылдады. Жеті жарғыға сүйенген қазақ билері ел ішіндегі дау-жанжалдар мен саяси маңызы бар мәселелерді тиімді шеше алды. Жаңа заң жүйесі, қазақ халқының өмірлік мәселелерін барлық жағынан қамтыды, соның нәтижесінде, Тәуке ханның билік еткен тұсы Қазақ хандығының барынша күшейіп, дәуірлеген кезі болды. Жеті жарғыдан кейін арнайы атаулы заң жүйесі жасалмағандықтан және Жеті жарғының өзі талап, тілекті қанағаттандыратын деңгейде болғандықтан, оның көптеген жол-жобалары мен қағидалары XX

ғасырдың басына дейін қолданылып келді. (Мысалы, бұл қағидаларға Абай да үлкен мән бергені және кезінде өзі жасаған заң жобасында ескергені белгілі.) Жеті жарғы, қазақтың ұлттық шешендік өнеріне сай, негізінен, афоризмдерден, мақал-мәтелдерден, қанатты сөздерден құралған. Бұл жүйені мазмұндық-кезеңдік жағынан «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолына» негізделген және Тәуке ханның өз дәуіріне, саясатына сай енгізілген өзгерістер деп үшке бөлуге болады. Жеті жарғының толық нұсқасы сақталмаған. Шежіреші Ә. Қайнарбайұлынан алынған нұсқада Жеті жарғының аталуы Тәуке хан енгізген жеті өзгеріске байланысты деген тұжырым жасалынған. Бұл өзгерістерде төрелер мен қожаларға ерекше құқық беру арқылы билікті нығайту мақсаты көзделгені айқын байқалады.



Онда жер дауы, отбасы және неке заңы, қылмыс пен құн дауына, ұрлық-қорлық, тонаушылыққа және куәлік ету мен ант беру рәсімдеріне орай қалыптасып, тұжырымдалған қазақтың ұлттық әдет-ғұрып заңдары көрініс тапқан. «Жарғы» сөзі қазақша әділдік, шешім деген ұғымды білдірген. Түпкі мәні жарудан, нәрсенің салмағын бір жағына аудармай, дәл де әділ айырудан шыққан. Дауды әділ, тура шешкен билерді халық: «Қара қылды қақ жарған» деп мадақтайды. Ол заманда бас кетсе де әділ сөйлеген.

Бізге белгілі, «Қасым ханның қасқа жолы», «Есім ханның ескі жолы» және «Тәуке ханның Жеті жарғысы» осы хан кеңесінің шешімі арқылы жарыққа шығып, елге таралған. Жәңгір ханның ұлы Тәуке «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын» өз дәуіріне сай етіп, сондағы ережелердің жеті түріне күрделі өзгеріс енгізгендіктен, ол өзгерістер «Тәуке ханның Жеті жарғысы» («Жеті жарлығы») аталып кеткен делінеді.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Тәуке хан қай дәуірде өмір сүрген?
2. Қазақ қоғамының дамуы мықты билік пен бірлікті қамтамасыз ете алатын жаңа заңдар жүйесі не үшін қажет еді?
3. «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолы» – қандай жол?
4. «Жарғы» сөзінің мағынасы не?
5. «Жеті жарғыда» қазақтың ұлттық әдет-ғұрыптарының қандай заңдары көрініс тапқан?
6. Тәуке хан кімнің ұлы еді?
7. «Жарғы» не үшін жеті санымен байланысты аталған?



**8-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтіннен көнерген сөздерді тауып, олардың не үшін қолданыстан шығып қалғандығын анықтаңдар.



**9-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтіннен тырнақша мен жақшаға алынған сөздерді теріп жазыңдар да, не үшін мұндай тыныс белгі қойылғандығын түсіндіріңдер.



**10-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтіннен дара есімдіктерді тауып, оларды мағыналық жақтан ажыратыңдар.



### Өзіндік жұмыс

Төменде сілтемеленген сылқалы адресті пайдаланып Youtube арқылы видеоматериалды көріп, өздерің шағын көркем мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда көнерген сөздерді пайдаланыңдар. Сөйлемнің тыныс белгілеріне де назар салыңдар.

<https://www.youtube.com/watch?v=212EdYyrWns>

[https://alashainasy.kz/kazak\\_tarihy/kyiragyi-kasyim-han-73033/](https://alashainasy.kz/kazak_tarihy/kyiragyi-kasyim-han-73033/)

<https://aitube.kz/video?id=b2166d43-892c-4932-bf1b-734976640401>



### ЖАҚШАНЫҢ ҚОЙЫЛАТЫН ОРЫНДАРЫ

1. Жақша сөйлем ішіндегі белгілі бір сөздің мағынасын немесе ойға қатысты басқа бір ойды жол-жөнекей түсіндірген жағдайда қолданылады;
2. Белгілі бір цитатаның кімнен алынғанын білдіру үшін, соңында тұрған оның аты жақшаға алынып жазылады;
3. Драмалық шығармалардағы автор түсіндірмелері жақшаға алынып жазылады.
4. Кейде сөйлемдегі белгілі бір сөздің мәні оқушыға түсініксіз, талас, күдікті болса, сол сөзден не сөйлемнен кейін қойылатын сұрау белгісі, леп белгісі жақшаға алынады.



**11-тапсырма.** Берілген мәтін мазмұнымен танысып, мәтін соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

### ӨЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОЛИЙ МӘЖІЛІСІНІҢ СЕНАТЫ

Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенаты өз мүшелерінен Сенат Төрағасын және оның орынбасарларын сайлайды. Сенат

төрағасы Өзбекстан Республикасы Президентінің ұсынуымен сайланады.

Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенаты Төрағасының орынбасарларының бірі – Қарақалпақстан Республикасының өкілі болып табылады.

Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы және оның орынбасарлары жасырын дауыс беру арқылы сенаторлардың жалпы санының көпшілік даусымен Сенаттың өкілеттік мерзіміне сайланады.

Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы, сенаторлардың жалпы санының үштен екісінен астамы қабылдаған Сенат шешімдеріне сәйкес жасырын дауыс беру арқылы мерзімінен бұрын шақырып алынуы мүмкін.

Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы:

1. Сенат мәжілістерін шақырады және оларға төрағалық жасайды;
2. Сенаттың қарауына жататын мәселелерді әзірлейді әрі жалпы басшылықты жүзеге асырады;
3. Сенат комитеттері мен комиссияларының қызметін үйлестіреді;
4. Өзбекстан Республикасы заңдарының және Сенат қаулыларының орындалуын бақылауды ұйымдастырады;
5. Парламентаралық байланыстарды жүзеге асыруға және халықаралық парламенттік ұйымдардың жұмысына байланысты Сенат топтарының қызметіне басшылық жасайды;
6. Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Заң шығару палатасымен, басқа да мемлекеттік органдармен, шет мемлекеттермен, халықаралық және өзге де ұйымдармен қарым-қатынаста Сенат атынан әрекет етеді;
7. Сенат қаулыларына қол қояды;
8. Конституцияда және заңнамада көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы жарлықтар шығарады.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Сенат Төрағасының міндеті не және ол қалай сайланады?
2. Сенат Төрағасы орынбасарлары қалай сайланады?
3. Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы және оның орынбасарлары қандай дауыс беру жолымен сайланады?

4. Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Сенатының Төрағасы қандай міндеттерді амалға асырады?
5. Сөйлем соңындағы нүктелі үтірдің қойылу себебі неде?
6. Қос нүкте қай уақытта қойылады?
7. Мәтін ішіндегі сөйлемнен кейін қойылған нүктелі үтірдің қойылу себебін түсіндіріңдер.



**12-тапсырма.** Берілген мәтіндегі бас әріппен жазылған сөздерді теріп жазып, олардың не үшін бас әріппен жазылғандығына түсінік беріңдер.



### Өзіндік жұмыс

Жоғарыдағы мәтінмен таныса отырып, «Егер мен депутат болсам...» деген тақырыпта шағын мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда қос нүкте мен нүктелі үтір тыныс белгілерін пайдаланыңдар.



### НҮКТЕЛІ ҮТІРДІҢ ҚОЙЫЛАТЫН ОРЫНДАРЫ

1. Нүктелі үтір санамаланып айтылған, мағынасы ыңғайлас сөйлемдердің арасына қойылады;
2. Бір күрделі ойдың, шумақтың, сөйлемнің ішінде мағынасы, құрылысы жағынан ұқсас келетін сөйлемдер арасына қойылады.



**13-тапсырма.** Берілген мәтін мазмұнымен танысып, соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

### ҒАЛАМТОР ЖӘНЕ КІТАП



Соңғы жылдары Ғаламтор (Интернет) өмірімізге мықтап енгені сонша, қазір онсыз өмірімізді елестету мүмкін емес. Коммуналдық қызметтердің ақысын төлеу, балабақша ақысын төлеу, білім беру қызметтері, пойыз /ұшақ/ автобус билеттерін сатып алу, концерт, көрме, бізден мыңдаған шақырым

жерде орналасқан көрікті жерлерге виртуалды экскурсиялар ... Бұл тізімді ұзақ жалғастыра беруге болады. Ғаламтор өміріміздің барлық саласына еніп, бізді өзіне тәуелді етті десек те болады. Ғаламтор арқылы кәсіпорындар тауарларын жарнамалайды,

дәрігерлер әріптестерімен, оқытушылар мұғалімдермен онлайн-консультациялар ұйымдастырып, вебинарлар өткізеді. Тіпті БАҚ (Бұқаралық ақпарат құралдары) өз сайттарын құрып, сол жерде жаңалықтар жариялайды. Әрине, ғаламтордың арқасында сіз тек қоңырау шалып қана қоймай, сонымен бірге ғаламшардың басқа жағындағы туыстарыңыз бен достарыңызды көре аласыз, оларға жеделхат немесе бейне құттықтаулар жібере аласыз, қашықтан оқып, білім аласыз ...

Дана халқымыз «Кітап – алтын қазына» десе, ал кітапхананы іші қазынаға толы алтын сандыққа теңесе болады. Бізді білім нәрімен сусындататын ғалым, тілсіз мұғалім – осы кітап. Тағылымы мол тәрбие ошағына айналып отырған кітапхананың қоғамда алар орны орасан зор.

Кітап адам өмірінде, әсіресе өскелең ұрпақтың өмірінде ерекше орын алады. Кітапсыз, еш білімсіз күніміз қараң болатын еді. Кітап оқу арқылы біз білімімізді шыңдап, сөздік қорымыз бен ой-өрісімізді кеңейтеміз. Сонымен қатар түрлі жанрдағы кітап оқу елді, жерді сүйеге, талапты, кішіпейіл болуға, мейірімді, әрі төзімді болуға баулиды. Кітап біздің рухани жан азығымыз.

Әрине, қазіргі заман ағымына қарай, техниканың дамығанына орай кітап оқу мүлдем қалып барады. Дегенмен, менің ойымша, осы мәселені барынша қолға алып, мектеп кітапханасының қорын кеңейтіп, қазіргі жастарға қызықты жазылған кітаптармен толықтырса, сонымен қатар түрлі әдеби кештер мен іс-шаралар ұйымдастырылып, жастарды кітап оқуға үгіттеу жұмыстары жүргізілсе, бұл мәселе оң шешімін табады деп ойлаймын. Сонда мектеп кітапханасының қоры көбейіп қана қоймай, оқырмандар саны да артар еді деп есептеймін. Сонда өскелең ұрпақтың кітапқа оқуға деген қызығушылығы арта түсер деп ойлаймын.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Ғаламтордың халыққа тигізер пайдасы неде?
2. Бұқаралық ақпарат құралдары дегеніміз не?
3. Не үшін кітапты алтын қазынаға теңейміз?
4. Неліктен кітапты рухани жан азығымызға жатқызамыз?
5. Сенің ойыңша неліктен жастар кітап оқуға қызықпай қойған?
6. Ғаламтордың саған тигізер пайдасын түсіндіріп беріңдер.
7. Мәтінде сызықша мен жақшаның қойылу себептерін түсіндіріңдер.



**14-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтіннен дерексіз зат есімдерді тауып, оған талдау жасаңдар.



**15-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтіннен сілтеу және жіктеу есімдіктерін тауып, құрамына қарай талдаңдар да, олардың түрленуіне назар аударыңдар.



## Өзіндік жұмыс

«Ғаламтордың пайдасы мен зияны» тақырыбында шағын көркем мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда сызықша, тырнақша және жақша сияқты тыныс белгілерін пайдаланыңдар.



**16-тапсырма.** Төменде берілген мәтін мазмұнымен танысып, соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

### КІТАП – БІЛІМНІҢ БАС ҚҰРАЛЫ



Кітап дегеніміз – білімнің бас құралы. Кітап адамның дүниетанымын кеңейтіп, рухани жан дүниені оятып, ақылшы серік болып табылатын құрал. Кітап дегеніміз – тілсіз тәрбиешіміз, адамға бала кезінен бастап, өмірінің соңына дейін жан азығы, сырласушы досы бола алады. Кітап – ең керемет ғажайып зат. Сендер қолдарыңа кітап

алсаңдар, әппақ қағазға жазылған түрлі белгілерді көресіңдер, сендер ол құпияны ашуға асығасыңдар. Кітапты оқыған сайын керемет ғажайып құбылыстарға тап боласыңдар, көз алдарыңа әртүрлі оқиғалар елестейді. Сендер білмейтін адамдар өзі туралы айтып, кітап тілімен сөйлеседі. Ал енді, ғаламторға келетін болсақ, ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамыған уақытында біз қаласақ та, қаламасақ та баланы компьютерсіз, ұялы телефонсыз елестесу қиын болса, бүгінгі тіршілікті ғаламторсыз елестету тіптен де мүмкін емес.

XXI ғасыр – компьютер заманы, сондықтан өскелең ұрпақты виртуалды әлемді жан-жақты меңгергеніне қуанамыз. Ғаламтордың арқасында қазіргі ел орталығы мен шет аймақтар арасына алшақтық жойыла түсуде. «Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын» да, ғылыми-танымдық ізденістеріңізге көмекші болатын да – осылар. Алайда, таяқтың екі ұшы болады дегендей, ғаламтордың да пайдасы мен қатар зияны да жетерлік. Алайда, ғаламторды жақсы немесе жаман болуы оны қалай қолдануымызға байланысты екенін ұмытпайық.

«Кітап – ақылына ақы сұрамайтын ең құнды қазына» деген екен түркі жұртының ұлы ақыны, ойшыл Әлішер Науаи. Осы сынды кітап туралы бірнеше құнды пікірлерді сіз де жақсы білесіз. Расында да қай ғасырда да кітаптың алатын орны бөлек. Кітап кемелденуге көмектеседі. Қаншама технологиялар шығып жатыр, бірақ бұлардың бәрі кітапты алмастыра алмасы анық. Оқыған адамның күні қашанда жарық. Біз бүгін сіздерге кітап оқудың 7 пайдасы жөнінде айтып көрейік:



Кітап оқу – қоршаған ортаны, дүниені және өзін тануға көмектеседі;

Кітап оқу – жадыны және ойлауды дамытады, яғни көп оқыған адамның жады мықты, тез ойлап, тез қорыта алады;

Кітап оқу – талдауға, сараптауға, өзіндік жүйелі пікір қалыптастыруға үйретеді;

Кітап оқу – көптеген табыс пен жетістіктің ең басты негізі;

Кітап оқу – адамдармен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйретіп, әдемі сөйлеу дағдыларын қалыптастырады;

Кітап оқу – сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады;

Кітап оқу – адам бойында бұғып жататын шығармашылық қабілеттерді дамытады;

Кітап – адамзат баласына ағарту һәм білім сыйлай береді және беттерінде адамзат тіршілігінің сан құпия сырлары сақталған;

Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі. Ең сабырлы ұстаз – кітап. Тек кітап қана қайырымдылық пен қатыгездіктің, ақиқат пен жалғанның ара жігін айнытпай танып білуге үйретеді.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Кітап – қандай құрал?
2. «Тілсіз тәрбиеші», «Жан азығы», «Сырласушы дос» перифразаларға түсінік беріңдер.
3. Тіршілікті ғаламторсыз қалай елестете аласың?
4. Не үшін таяқтың екі ұшы болады? Мәтін арқылы түсіндіріңдер.
5. Түркі жұртының ұлы ақыны, ойшылы Әлішер Науаи кітап туралы қандай пікірлер айтқан?
6. Кітап оқудың қандай пайдасы бар?
7. Ең сабырлы ұстаз дегенді қалай түсінеміз?



**17-тапсырма.** Төменде берілген тест сұрақтарына дұрыс жауап беріңдер.

#### 1. Жоғарыдағы мәтін ішінен бірыңғай мүшелерге ортақ жалпылауыш сөздің алдынан сызықша қойылуына мысал келтіріңдер.

<b>A</b>	«Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын» да, ғылыми-танымдық ізденістеріңізге көмекші болатын да – осылар.
<b>B</b>	Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі.
<b>C</b>	Ең сабырлы ұстаз – кітап.
<b>D</b>	Кітап дегеніміз – білімнің бас құралы.

**2. Жоғарыдағы мәтін ішінен бастауыш тұйық етістік, ал баяндауыш зат есім болғандағы сызықшаның қойылуына мысал келтіріңдер.**

<b>A</b>	Ең сабырлы ұстаз – кітап.
<b>B</b>	Кітап оқу – көптеген табыс пен жетістіктің ең басты негізі;
<b>C</b>	Кітап дегеніміз – білімнің бас құралы.
<b>D</b>	Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі.

**3. Жоғарыдағы мәтін ішінен жіктеу есімдігі қатысқан сөйлемді дұрыс табыңдар.**

<b>A</b>	Сендер қолдарыңа кітап алсаңдар, әппақ қағазға жазылған түрлі белгілерді көресіңдер, сендер ол құпияны ашуға асығасыңдар.
<b>B</b>	«Айшылық алыс жерлерден жылдам хабар алғызатын» да, ғылыми-танымдық ізденістеріңізге көмекші болатын да – осылар.
<b>C</b>	Расында да қай ғасырда да кітаптың алатын орны бөлек.
<b>D</b>	Оқыған адамның күні қашанда жарық.

**4. Жоғарыдағы мәтін ішінен сілтеу есімдігі қатысқан сөйлемді дұрыс табыңдар.**

<b>A</b>	Біз бүгін сіздерге кітап оқудың жеті пайдасы жөнінде айтып көрейік.
<b>B</b>	Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі.
<b>C</b>	Кітап оқу – сөздік қорды байытады және жалпы сауаттылық деңгейін арттырады.
<b>D</b>	Қаншама технологиялар шығып жатыр, бірақ бұлардың бәрі кітапты алмастыра алмасы анық.

Сұрақтар тәртібі	1	2	3	4
Дұрыс жауаптары				



**18-тапсырма.** Берілген мәтін мазмұнымен танысып, соңындағы сұрақтарға жауап беріңдер.

### ҒАЛАМТОР МА, ӘЛДЕ ОР МА?

Қазіргі таңды ғаламтор жүйесісіз елестету мүмкін емес, себебі компьютеріңізді қосып, ғаламтор жүйесіне қосылсаңыз болғаны, барлық жаңалықты оқып, өзіңізге керекті мәліметті ала аласыз.

Интернет бүкіл ғаламдық тор, ол бүкіл әлемдегі миллиондаған компьютерлік желілерді бір-бірімен байланыстыратын орасан зор компьютерлік желі. Қазіргі уақытта, кез келген информациялық технологияның жаппай техникалық компоненті, компьютер болып табылатыны белгілі. Компьютерлік телекоммуникацияны пайдалану – алыстағы компьютермен диалогтық режимде немесе электрондық почта режимде жұмыс істеуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, электрондық почта өте қолайлы және аса қымбат емес. Интернет ұғымы ХХ ғасырдың аяғында пайда болса да, жүрдек пойыздың жылдам-дығын еске салатындай жедел қарқынмен кең қанат жайып келеді.

Қазіргі кезде, ғаламтормен тек қана компьютерлік желілер арқылы емес, сонымен қатар байланыс спутниктері, радиосигналдар, кабельдік теледидар, телефон, ұялы байланыс, арнайы оптикалық-талшықтық желілер және электр желілері арқылы да байланысуға болады. Бүгінде ғаламторды тұрақты пайдаланушылар саны бүкіл әлем бойынша 1,5 млрд. адамнан асыпты. Бұл – жер шарын мекендейтін халықтың төрттен бір бөлігі ғаламтор игілігін өз кәдесіне жаратуда деген сөз, дегенмен ғаламтордың жақсылықтарымен бірге келеңсіз жақтары да барын естен шығармағанымыз жөн. Ғаламторға қосылу үшін, әрине, бізге компьютер қажет. Ал, әр күнін компьютер алдында өткізу денсаулыққа зиян екенін білесіз. Ол адам ағзасына қауіп төндірумен қатар, сананы улаумен шектесетіні белгілі. Компьютер алдында ұзақ отырса, адамның көзі, омыртқа жотасы ауырады және қимыл-қозғалысына, адам психологиясына да әсер етеді. Сезімдік жүйке жүйесі ауруларына шалдығады. Ғаламторға жүгініп, үйреніп кеткен бала, яғни ғаламтор арқылы хат алысып, сөйлесу – баланың айналасындағы адамдармен бетпе-бет сөйлесуіне де әсер етеді, сөйлеу мәдениетінен айырылады. Компьютерден бөлінетін ультра-күлгін сәулесі көзге кері әсер етеді, ал одан сорақысы – ұлттық, адами қасиеттерге нұқсан келтіретін материалдардың ғаламтор бетінен орын алуы. Қазірде шығарма, эссе жаза алмайтын оқушылар да баршылық.



Бұның бәрі көп уақытын кітап оқумен емес, ғаламторға кіріп, түрлі ойындар ойнап, уақытын бекер өткізгеннің зардабы. Күн сайын теледидар қарап отырып әртүрлі жағдайларды көреміз. Отбасымен ажырасу, жаман әрекеттерге бару, зорлық-зомбылық, қорлық бұның бәрі қайдан шықты дейсіз? Әрине, қазір заман талабы әр үйде компьютер, ғаламтор желісі бар. Жоғарыда атап көрсеткендей компьютерге қол жеткізбесе де, ұялы телефон арқылы ғаламторға да шығуға болады. Міне, сол арқылы небір ұятсыз көріністер көреді, ғаламтор арқылы танысады. Мектеп жасындағы баланың сабаққа дайындалғаннан гөрі көп уақытын ұялы телефонына үңілумен өткізеді. Ол неге үңіле береді десеңіз, әрине, ол ішіне сабағын жазып алған жоқ. Небір түрлі қырғын атыс-шабыс ойынын, өзгелермен танысу, ұятты көріністер қарайды. Міне, содан барып, ол баланың өмірге көзқарасы, психологиясы өзгереді, ұрлық-зорлық көбейеді. Жас бала еліктегіш келеді. Әр жаман затты көрген сайын, естіген сайын оның бір ұшқыны адам бойында ұялап қалады. Сондықтан, ғаламторды меңгеруіміз керек деп, оны білмеген заман көшінен қалды деп, таңертеңнен қара кешке дейін заман техникасымен шұғылдана бергеніміздің адамзат өміріне тигізетін өзіндік пайдасы мен зияны баршылық екеніне көзіміз жетті. Әрқашан әр нәрсенің жақсысын үйреніп, жаманнан жиреніп, пайдасын көріп біліп, ал зиянынан сақтанайық.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Компьютерлік желі дегеніміз не?
2. Не үшін Интернет бүкіл ғаламдық тор саналады және неге «тор» сөзімен байланысты?
3. Электрондық почтаны түсіндіріңдер.
4. Компьютерлік желілер арқылы қандай жұмыстарды атқаруға болады?
5. Компьютер не үшін қажет және оны қалай пайдаланасың?
6. Ғаламтордың пайдасы мен зияны туралы түсінік беріңдер.



**19-тапсырма.** Екі топқа жіктеліп, бірің – «Ғаламтор» тобы, екіншілерің – «Кітап» тобы болып, «Кітап және ғаламтор – қайсысы пайдалы?» тақырыбында пікірталас өткізіңдер. Сайыс сабағын ұйымдастырыңдар.



**20-тапсырма.** Жоғарыдағы мәтінге тиісті термин сөздерді табыңдар да, оларға түсінік беріңдер. Сол терминдердің жасалу жолына назар аударыңдар.



**Публицистика** – (латынша: көпшілік, әлеумет) қоғам өмірі үшін маңызды мәселелерді талқылау деген ұғымда жұмсалады.

Публицистикалық стиль қоғамдық талапқа сай жазылған шығармалардың негізінде қалыптасады. Белгілі бір тілде публицистиканың өз алдына бөлек стиль болып қалыптасуы қоғамдық сананың өскенін, артқанын көрсетеді. Тілдің басқа стильдері сияқты публицистикалық стиль де бірыңғай болып келмейді. Бірқатар лингвистер публицистикалық стильдің жазбаша түріне саяси тақырыпқа жазылған газет, журналдардағы мақалалар, памфлет, очерк тағы басқа шығармаларды, шешендік сөздер публицистикалық стильдің ауызша түріне жатады.



**21-тапсырма.** Төменде берілген тест сұрағына жауап қайырыңдар.

**Жоғарыдағы мәтін ішінен бастауышы сілтеу есімдігі, ал баяндауышы зат есім болғандағы сызықшаның қойылуына қайсы қатардағы мысал дұрыс бола алады?**

<b>A</b>	Кітап – уақыт пен кеңістіктің тынысына толы адамзат ойының жемісі.
<b>B</b>	Компьютерлік телекоммуникацияны пайдалану – алыстағы компьютермен диалогтық режимде немесе электрондық почта режимде жұмыс істеуді ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.
<b>C</b>	Ғаламторға жүгініп, үйреніп кеткен бала, яғни ғаламтор арқылы хат алысып, сөйлесу – баланың айналасындағы адамдармен бетпе-бет сөйлесуіне де әсер етеді
<b>D</b>	Олардың қаһармандығы сол – бүкіл кітап бұларға зұлымдық жасаса, ал бұлар соларды құтқарып мәңгілік жұмаққа жетелемек.



**22-тапсырма.** Төменде берілген суреттерге қарап «Арайлы таң» деп аталатын публицистикалық шағын көркем мәтін құрастырыңдар. Мәтін құрастыруда сілтеу және жалпылау есімдіктерін пайдаланыңдар.



**23-тапсырма.** Төменде берілген мәтін тіл бірліктеріне тиісті тыныс белгілерін қойып, мәтіннің стилистикалық талабын орындаңдар.

Қазақтың дәстүрлі әдеп жүйесінде достыққа үлкен көңіл бөлінеді Халық арасында достық туралы мақал-мәтелдер жеткілікті Дос жылатып дұшпан күлдіріп айтады Досы жақсының өзі де жақсы Дүниеде адамның жалғыз қалғаны өлгені қайғының бәрі соның басында.

Достыққа қарама-қарсы ұғым қастық пен күншілдік Мұндай сезімге ерік алдырғандар басқаның қуаныш-қызығын ырыс-бағын көтере алмайды дос дегеннің не екендігін білмейді Дұрыс дос таңдай білу өмірлік мақсаттардың бірі

Ақиық ақын Мұқағали Мақатаев Достыққа жүрмін достыққа жүрмін құмартып өлгелі жүрмін өзіме-өзім мін артып дейді.

Қарап отырсақ достыққа шөлдеген достықты аңсаған ақын өзгеден мін іздеп өзгеге кінә артпайды Өзгеге талап қоймастан бұрын өз жанына үңіліп өзінің қандай дос бола аларын ойлаған ақын өлеңіндегі дәл осы жолдар жоғарыдағы ойымызды қуаттай түседі

Қазір бізге достық бұрынғыдан бетер қажет Достық бұл өмірдегі ешнәрсемен бағаланбайтын құндылық.



### Пысықтау үшін сұрақтар:

1. Өзбекстан Республикасының Олий Мәжілісінің атқаратын қызметі не?
2. Олий Мәжіліс Сенаты қандай міндеттерді атқарады?
3. «Жеті жарғы» туралы не білесің?
4. Ғаламтор қашан пайда болған?
5. Ғаламтор не үшін қажет?
6. Ғаламтордың пайдасы мен зияны туралы сөйлеп беріңдер.
7. Кітапты не үшін білім бұлағына теңейміз?
8. Қазақ тілінің тыныс белгілері туралы айтып беріңдер?
9. Қай уақытта сызықша қойылады?
10. Қай уақытта жақша қойылады?
11. Қай уақытта нүктелі үтір қойылады?
12. Қай уақытта тырнақша қойылады?

## XI бөлім. ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ СОҢЫНДА ҚАЙТАЛАУ



**1-тапсырма.** Берілген мәтіннен телефонмен сөйлесу әдебін үйреніңдер. Мәтін құрамынан туынды сөздерді табыңдар, оларға талдау жасаңдар.

### ТЕЛЕФОНМЕН СӨЙЛЕСУ ӘДЕБІН БІЛЕМІЗ БЕ?

Ұялы телефон – сымсыз байланыстың ең озық әрі қолжетімді түрі. Қазіргі кезде қалта телефоны зор маңызға ие. Адамдар телефонмен тек сөйлесіп қана қоймайды, ондағы күнтізбесін, оятқышын, еске салғышын, сағатын және тағы басқаларды пайдаланады. Айта берсең алақандай ғана телефонның мүмкіндіктері көп. Телефон арқылы қарым-қатынас жасау мәдениетінің басты талабы – тек ойлауға ғана емес, ойды баяндауда да мейлінше қысқалық, жинақылық, нақтылық әрі айқындылықты сақтау. Телефонмен сөйлесу ұзақ кідірістерсіз, басы артық сөз, оралымдарсыз, сондай-ақ артық эмоцияның қатысынсыз өткені жөн.



Телефон арқылы байланысты жұмыс барысында жиі қолданушыларға өзге де бірқатар талаптарды ескеруге тура келеді. Адамның телефон тұтқасын тез көтеруінің де көп мәні бар. Бұл қарсы жақ сөйлеушіңіздің қаншалықты дәрежеде уақытының қат екендігін, қаншалықты дәрежеде өзгенің хабарласуына қызуғышылық танытатындығын аңғартады.

Тәжірибеге сүйенсек, телефонмен сөйлесе білу этикасының бірден-бір маңызды қағидалары бар: Олар мынадай:

- егерде қоңырау шалған адамыңыз сізді бұрын білмейтін болса, алдымен өзіңізді таныстыруды және не мәселе төңірегінде білгіңіз келетінін айту орынды;

- сіздің телефон соғуыңызды күтіп отырған жағдайда хабарласпай қалу өрескел қателік болып есептеледі. Мүмкіндік туған мезетте-ақ қоңырау шалу керек;

- егер әңгіме ұзаққа созылатын болса, онда дидарласушыларыңыздың асықпай сөйлесе алар уақыт мезгіліне орай өзара хабарласуға келіскен дұрыс;

– аузыңызды тағамға толтырып алып ешқашан сөйлеспеңіз. Өңгіме барысында бір нәрсені сораптау не шайнаңдап тұру орынсыз;

– егер сіз бір телефонмен сөйлесіп жатқан тұста екінші телефон соғып жатса, ең дұрысы алғашқы өңгімені мүмкіндігінше аяғына жеткізіп, содан кейін ғана екінші қоңырау шалушыңызбен хабарласқан дұрыс.

(Ғалия Абулбакиева)



**2-тапсырма.** Берілген мәтіннен жалпы есімдерге мән беріп, септік жалғаулары жалғанған сөздерді теріп жазып, оған талдау жасаңдар.

## ҚЫРҒЫЗ АСХАНАСЫ



Әр халық өзінің ата-бабасынан қалған бар жақсыны сақтап, оны ары қарай дамытуға тырысады. Оның ішіне мәдениеті мен әдебиеті, музыка, түрлі қолөнер құпиялары және салт-дәстүрлері, сонымен бірге ұлттық тағамдарының дайындалу тәсілдері де кіреді.

Жалпы қырғыз халқы ұзақ тарихқа және шұғылалы мәдениетке ие ежелгі халық, ер жүрек те қайсар, қажырлы да парасатты, бостандыққа құмар ұлт.

Қырғыз асханасы – Орта Азия мәдениетінің бар жақсысын таңдап алған, ұлттық ерекшелігімен айқындалатын асхана.

Қырғыздардың тыныс-тіршілігі мен дәстүрі қазақтарға қатты ұқсас. Бечбармақ, шұжық, қуырдақ, қымыз сияқты тағамдар қырғыздар үшін де ұлттық тағам болып саналады. Ет, сүт тағамдары және ұннан жасалатын тағамдар қырғыздарда кеңінен қолданылады. Алайда әр ұлт өкілінің өз дәстүрі, ырымдары және өткізетін түрлі шараларына қарай ерекшеліктері болатыны орынды. Қырғыз халқының да өздерінің мерекелері мен салт-дәстүрлеріне, ырымдарына байланысты дайындалатын тағамдары бар. Бұл шерне, жоро, сәбидің өмірге келуі, егін жинау және сол сияқты мейрамдар. Ертеректе әр мерекеге орай арнайы тағамдар дайындалатын болған.

Мысалы, **ууз-аш** (уыздан дайындалады) және **нооруз-аш** – жаңа жылдық тағам, мұны мұсылман күнтізбесі бойынша Жаңа жылда дайындайтын болған. Ал **сүмөлөк** деген тағамды, Баба Диканның құрметіне беретін болған. Ерекше тағамдар күзгі мал сою кезінде, жазғы жайлауға шығарда, сонымен қатар, егін жинау науқаны уақытында арнайы дайындалатын.

Салт-дәстүрлерге байланысты жасалатын мұндай тағамның кейбір түрлері қолданыстан шығып қалған. Алайда олардың



ішінде жаңа мәнге ие болып, қазіргі кезге дейін дайындалып жүргендері бар.

**Чоң көже** – көне замандардан бері келе жатқан тағам түрі. Халық арасында оны «жаңа жылдық көже», «көктемгі көже», «үлкен көже» деп те атайды екен. Бұл көжені «нооруз» айының бірінші күні (қазіргі күнтізбе бойынша 22-23 наурызда), мұсылман күнтізбесі бойынша Жаңа жылдың құрметіне дайындаған.



**3-тапсырма.** Берілген мәтіннен септік жалғауы бар сөздерді тауып, оған морфологиялық талдау жасаңдар.

### ТАБИҒАТ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

Табиғатты қорғау – біздің парызымыз. **Табиғаттың** ғажайып әсемдігін көз алдына елестете отырып, өзің бір керемет сезімге бөленесің. **Табиғаттың** бар әсемдігін, бар кереметін, оның әрбір әсерін тілмен де, сөзбен де жеткізу оңай емес. Оның керемет көрінісі жаныңды тербетеді. Бұлттары аппақ мақтадай, шөптері жасыл кілемдей төселген.



**Табиғат** – тіршілік көзі, оның әрбір әсері адам өмірінде үлкен рөл атқарады. Аяулы **табиғатсыз** осы ғаламда өмір сүру, тіршілік ету мүмкін емес еді. Жыл мезгілдерінің өзгеруі де, **табиғатты** одан әрі әсерлейді. Әр жыл мезгілі әр қилы. Төрт жыл мезгілі бізге төрт түрлі ғажайып күйін сыйлайды. Таудан сарқырап аққан өзеннің айналасында өксіген оттай жанған жануарларды көрудің өзі керемет көрініс емес пе?! Бау-бақшада өскен жеміс-жидектердің иісі мұрын жарады. Жайқалып өскен түрлі гүлдер көзге өз кереметтігін сыйға тартады. Аспаннан күннің көзі түскенде, жердің жүзі қуана қыбырлайды. Көлдер қойнын ашса, қаңқылдап оған құстар қонар. **Табиғат** жайлы өнегелі сөздер, мақалдар мен өлең-жырлар да аз емес.

Біздің әрбір басқан қадамымыз, әрбір істеген ісіміз **табиғатқа** байланысты болғандықтан, оның біздің өмірімізде ерекше орын алуы сөзсіз. Бірақ, адамзаттың кейбір істері **табиғатқа** кері әсер етуде. Оның кері әсері біздің денсаулығымызға да зиян келтіреді.

**Табиғатты** қорғау – **табиғатты** аялау әр адамның міндеті. Үлкен-кіші әрдайым оны таза ұстап, құрмет тұту қажет. Оның бізге қаншалықты қажет екені баршамызға мәлім.



**4-тапсырма.** Мәтіннің мазмұнын ұғып алыңдар да, ондағы табыс және ілік септік жалғаулы сөздердің, сөйлемдегі қызметтерін анықтаңдар.

### ҚЫЗҒАЛДАҚ – ИЛЛАҢИ ГҮЛ



Қызғалдақты ең алғаш Еуропаға апарған – Осман түріктері. Кіші Азияға ауғанға дейін, бұл жұрт Сырдария мен Ташкент арасын жайлап Оғыз деген атпен танылып еді. Бұлар жаугер, өршіл бір жұрт еді. Алайда XI ғасырда Ұлы Даланың теріскейінен Қыпшақтар бері жылжып, Оғыздар Иран, қазіргі Түркияға шегініп кетуге мәжбүр болды. Атамекенін тастап бара жатқанда

туған топырақтың ұлылығы ретінде осы қызғалдақты ала кетті дейді. Қазақ даласында бәйшешек, гүлхайыр, баршын, қалампыр, қырмызы, еңлік дейтін атауы да, түрі-сұлбасы да сұлу мыңнан астам гүлдің түрі бар. Осы көптің ішінен неге барып-барып қызғалдақты ала кетті? Неге осы қызғалдақ?

Былай ғой: Оғыздар мұсылмандыққа берік жұрт еді. Сол Оғыздың, қазіргі Түріктің тілінде қызғалдақ – Лале деп аталады. Дыбысталуы – Алла дегенге қатты ұқсайды. Айтылуы ғана емес, жазылуы да келіңкірейді. Арабша жаза білсеңіз, «Алла» сосын «Лале» деп, қағазға түсіріп көріңіз, айырмашылығы жоқ. Әрине, ешқандай Оғыз-Түрік қызғалдақты Құдай көрген жоқ, табынған да жоқ. Тура, ай таңбасы сияқты ғой. Айды мұсылман жұрты мешітке, кітабына қашайды, бірақ бұл дегенің айға құлшылық ету емес қой.

Жаңа мекен Осман өлкесінде қызғалдақ ою біткенді ығыстырып шығарды. Сұлтандардың тұсында салынған мешіт, сарайлардың қабырғаларына, шатырларына бажайлап қарасаңыз, барлық жерден жайқалған жауқазынды ғана көресіз. Ол заманда қандай да бір ғимараттан қызғалдақтың таңбасын көрсеңіз – ол мұсылманшылық рәсім жасалатын орын дегенді білдіруші еді. Сонда қызғалдақ ішінара ай белгісінде ысыра жаздаған ғой.

Қызғалдақты осынша сүюдің тағы бір себебі, жауқазынның сүйрік, үшкір күлте-гүлдері, ұзын-майысқақ сабақтары алыстан қарағанға, Құранның жазуларына ұқсап кетеді. Міне, осы қасиеті бар, басқасы бар, түріктер қызғалдақты сүйіп қалды.

Қызғалдақтың бір кереметі, ол адамға ұқсайды. Иә, адам секілді 60 жыл өмір сүреді. Даладағы таза, табиғи жауқазын тек 13 жылдан соң барып қана бүршік жарып, гүлдейді. «Он үште отау иесі» дегенге келіңкіремей ме? Сол 13 жасынан тұп-тура 60 жылға дейін гүлдейді. Сосын қарт кісі сияқты, семіп, сола бастай-

ды. Осындай адам сияқты гүлді адам сияқты қастерлеу керек болып тұр!



**5-тапсырма.** Берілген мәтіннің мазмұнына мән беріңдер. Мұқият ұғып алыңдар. Мәтіннен септік жалғаулы сөздерді тауып, қай септікте тұрғандығын анықтаңдар.

### ЖЕТІ ҚАЗЫНА – ЖЕТІ БАЙЛЫҚ, ЖЕТІ ЫРЫС

Қазақта философиялық ойлар ежелден қалыптасқан. Солардың ішінде жеті қазына туралы пайым да халқымыздың дәстүрлі дүниетанымындағы философиялық түсінік. Сонымен жеті қазына нені білдіреді? Жеті қазына – жеті байлық, жеті ырыс. Ол ертеректе ата-бабамыздың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне байланысты қалыптасқан дүние. Бүгінгі шуағы шашырап тұрған күн мен тыныштықта жарқыраған ай оңайлықпен тумаған.



Халқымыздың басынан небір астан-кестенге толы қилы замандар өтті. Қаншама батырларымыз сұрапыл соғысқа куә болып, бізге қан майданның ізін де қалдырмай, бейбіт өмірді сыйлап кетті. Сондай ауыртпашылық кезеңдерінде қазақ «жеті қазына» атауын өмір қажеттілігіне негіз етіп таратқан, яғни оларды аса бағалы қазына деп дәріптеп, қастерлеген. Жеті қазынаға: жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, қанды ауыз қақпан, майланғыш ау, өткір кездік кіреді. Қарап отырсаңыз, барлығы да өткен дәуірде халықтың күнделікті өмірінен қолданыс тапқан бұйымдар. Жеті қазынаның бір емес, бірнеше нұсқасы бар. Өзге халықтарда бұл ұғым қалыптасқан ба? Қазақ халқы үшін жеті қазынаның маңызы қандай, бұл туралы ислам не айтады? «Жеті қазына» тізіміне бірі жоғарыдағыларды, яғни жүйрік ат, қыран бүркіт, құмай тазы, берен мылтық, қанды ауыз қақпан, майланғыш ау, өткір кездік кіреді дейді. Ондағы жүйрік ат – ер жігіттің қанаты, қыран бүркіт деп отырғаны – қуаты, құмай тазысы – абыройын асырар сенімді серігі, мылтығы – қаһарлы оты, қақпаны – серті, ауы – әдіс-айласы, кездігі – сұсы. Аталған нұсқаны халық ер азаматтың қазынасы деп атаған. Бірінші нұсқаға ұқсас келетін бір тізбек бар. Ішінде айырмашылық тек біреуінде ғана. Бұны Бауыржан Момышұлы өзі жүйелеп, түсіндіреді. Батыр атамыз былай дейді: «Мұны «ер жігіттің жеті қазынасы» деп анықтап айту керек. Бұл ер-азаматтың жеке басына, тұрмыс-тіршілігіне қажетті бағалы дүниелеріне байланысты айтылған: 1. Жүйрік ат – жігіттің қанаты. «Ат – ер қанаты» дегендей, атсыз жігіттің күні



қараң болған; 2. Қыран бүркіт – жігіттің алғырлығы, бүріп түсер күш-қуаты; 3. Құмай тазы – сенімі, досқа адал беріктігі; 4. Берен мылтық – оты, қаһары; 5. Қақпан – серті, бір сөзді мәрттігі; 6. Алмас кездігі – сұсы, айбыны; 7. Сұлу әйел – елдің бәріне сұлу қайдан табыла берсін, бірақ сұлу болсын-болмасын, ол – ер-азаматтың артындағы қамалы, отының берекесі. Сұлу әйел дегенде тек бет көркі емес, оның жан тазалығы, ақыл-парасатын айтқаны болуы керек. Сөздің қысқасы, «Ер жігіттің басындағы осы жетеуі түгел болса, таршылық көрмейді» депті бұрынғылар.



**6-тапсырма.** Берілген мәтін мазмұнымен танысып шығындар да, мәтіннен есімдіктің мағыналық түрлерін табындар, оның түрленуіне назар аударындар.

### КҮРЕСТІҢ ҰЛТТЫҚ ТҮРІ – ҚАЗАҚ КҮРЕСІ



Күрестің ұлттық түрі – қазақ күресі. Қазақ күресінің даму тарихы тереңде жатыр. Қазақ халқының өмір сүру салты көшпенді тұрмысқа бейімделгендіктен, күнделікті іс-әрекетінің өзі күрес. Тарихқа көз жүгіртсек көшпенді тайпалардың түп атасы сақ, ғұн, түркілер дәуірінде садақ атудан, ат үстінде найзаласудан тағы басқа

дәстүрлі сайыстар өтетіні жайлы нақты деректер бар. Мысалы, Қытайдың осы заманғы археологтары біздің жыл санауымыздан бұрын Хан патшалығы дәуірінде тұрғызылған, Шинан қаласы маңындағы ежелгі түркілердің қонысын қазып, қабырды ашқанда зираттың ішінен екі мыс табақша табылыпты. Табақшалардың бетінде екі адам бір-бірімен қоян-қолтық ұстасып, күресіп жатқан сипаты ашық бейнеленген екен. Қытай ғалымдары бұл балуандарды түріктердің арғы тегі саналатын ғұндар деп ұйғарған. Демек, бұл заттар – күрес шежіресінің айғағы. Оның бер жағында халықтық эпостарда сайыс өнері жайлы көркем тілмен керемет баяндалса, ерте замандағы таңбалы тастардағы күресіп жатқан адам бейнелі таңбалар жайдан-жай салынбаған.

Ата-бабаларымыздан қалған жекпе-жек сайыс өнерінің бірінде қазақ күресінің өзіндік орны бар. XX ғасырдың басына дейін ел ішінде күрестің бірізді жүйеленген тәртібі болған жоқ. Сондықтан да әрбір өңірде күрес ішкі ерекшеліктерін сақтай отырып, қалыптасқан.

Қазақ күресінің ғылыми жүйеленуі 1920 жылдан басталған. 1936 жылы Семей қаласында қазақша күрестен Қазақстан чемпионаты өткен. «Қазақ күресі» бойынша бірінші ірі жарыс 1938 жылы ауыл шаруашылығы аймақтары арасындағы спартакиада аясында өткен. Сол сәттен бастап, жарыс дәстүрлі түрде республика қалаларында тұрақты өткізіліп отырған.



Қазақ күресінде шалу, жата тастау, арқалай тастау, қол байлап күресу, салмақпен басу, тіресу, ашадан алу, аяқтың басымен іліп тастау, жамбасқа алып иіре лақтыру, белінен қысып, тірсектен шалу сияқты әдістердің бәрінде қолдануға болады. Ойынның ережесі бойынша жатып күрсуге болмайды. Қимыл үстінде адамға зақым келтіре күш жұмсауға, дөрекілік жасауға болмайды. Күрес бір жақтың талассыз жығылуымен және жауырыны жерге тигізілуімен аяқталады. Адамның ептілігі мен жылдамдығы, шымырлығы мен ой жүйріктігі басым палуандар жеңіске жетеді. Бұл күні палуандар тек алпауыт алпамсадай азаматтар ғана емес, орта салмақты, арықша келген азаматтарда бола алады. Себебі, мұнда ең бастысы сенің жігерің мен ұмтылысың.

Қазақ тарихында жауырыны жерге тимеген батыр аталарымыз да жоқ емес. Аттың құлағында ойнап, ерлігімен, батырлығымен, батылдығымен, палуандылығымен көзге түскен. Махамбеттей ер тұлғалы батырлар, Балуан Шолақ сынды ат үсті ойынының түрлі тәсілдерін меңгерген, күш өнерін көрсеткен спортшы, жауырыны жерге тимеген палуан, қазақ елін әлемге танытқан Қажымұқандай аталарымызды айтпау мүмкін емес.



**7-тапсырма.** Мәтін мазмұнын ұғып алыңдар да, ондағы күрделі сөздерге мән беріңдер. Домбырамен байланысты тірек-кілт сөздерді табыңдар да, оның қай сөз табына жататындығын анықтаңдар.

### ҚАЗАҚ ПЕН ДОМБЫРА ЕГІЗ ҰҒЫМ

Домбыра – қазақ халқының ең кең тараған екі ішекті, көп пернелі музыкалық аспабы. Ол – қазақтар өмірінде маңызды орын алатын, өзіндік музыкалық сипаты бар аспап. Алғаш эпикалық дәстүр шеңберінде жыр, толғау, термелерді сүйемелдеуге қолданылған домбыра кейін аспаптық шығарма – күй жанрының қалыптасуына ықпал еткен. Қазіргі кезде, домбыра жеке әнді сүйемелдеуге, күй тартуға, халықтық-фольклорлық музыкада, классикалық шығармаларды орындауға қолданылатын, мүмкіндігі кең



музыкалық аспап болып табылады. **Домбыра** – қазақтың халық аспабы. **Домбыра** – қазақ халқының әрбір үйінде болуы міндетті және қажетті аспап болып есептелген.

Бұл музыкалық аспаптың пайда болу тарихы ғасырлар қойнауына кетеді. Ежелгі Хорезм қаласының қазбаларынан археологтар екі шекті құралдарда ойнап тұрған музыканттардың терракотты бейнелерін тапқан. Ғалымдар бұның Хорезмдік аспаптардың бұдан екі мың жыл бұрын өмір сүрген көшпелі сақ тайпаларының музыкалық аспабы екенін белгіленген. Бұл ежелгі екі шекті аспаптардың қазақ домбырасымен ұқсастығы көп және оның прототипі болып табылады. Осылайша, археология арқылы домбыраның ерте кезде пайда болғандығы анықталды. **Домбыраның** екі түрі бар – батыстық және шығыстық. Бұл орындалу дәстүрінің екі түрлілігімен ерекшеленеді. Орындалуы тез, виртуозды төкпе күйлерді орындау үшін сол қол домбыра жалымен еркін жылжуы керек. Сондықтан, батыстық домбыра жалы жіңішке және ұзынша болып келеді. Шығыстық жуан және қысқа жалды домбыраларда мұндай техникалық әдіс қолданылмайды.



Аспаптар көлемімен қалыбының түрі дыбысталу күшіне әсер етеді: көлемі үлкен болса, дыбысталуы да сондай болады. Дыбысталу сипатына оң қол техникасының әсері бар: төкпе күйлерде дыбыс қол білезігін күшті сілку арқылы екі ішекті қағумен алынса, шертпе күйлерде дыбыс жекелеген қол саусақтарымен шектерді шерту арқылы берілген. Осылайша домбыра мен күйші, олардың орындалуы арасында тығыз байланыс бар.

A 32

**Қазақ тілі, 7** [Мәтін]: 7-сыныбына арналған оқулық / Д. Айтбаев [және басқ.]. – Ташкент: Республикалық білім орталығы, 2022. – 224 б.

ISBN 978-9943-8372-4-9

УЎК 811.512.122(075.3)

КБК 81.2(5Қоз)я72

*O'quv nashri*

## ONA TILI 7

Umumiy o'rta ta'lim maktablarining  
7-sinf o'quvchilari uchun darslik

(Qozoq tilida)

Редактор *Д. Байдиллаева*  
Көркем редактор *И. Юлдашев, Ф. Матёқубов*  
Техникалық редактор *Л. Хинова*  
Корректор *А. Тәжібаева*  
Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Басуға 2022 жылы рұқсат етілді. Пішімі 60x84<sup>1</sup>/<sub>8</sub>.  
Офсеттік қағаз. «Agiаl» гарнитурасы. Офсеттік әдіспен басылды.  
Шартты баспа табағы 26,04. Баспа табағы 22,96.  
Таралымы . Тапсырыс № 22-42.

### Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықтың тапсырылғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулық оқу жылы аяқталғанда қайта тапсырылады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау өлшемдері негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықтың алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдайы.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажырамаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, беттері шимайланбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап шимайланған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы қанағаттанарлық жөндеген.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, әбден шимайланған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.